Инженерлік-техникалық мамандықтардағы білім алушының кәсіби-қолданбалы дене дайындығы – тек оның болашақтағы еңбек үдерісі ғана емес, сонымен бірге, оның қол астында жұмыс істейтін жұмысшылардың да еңбегінің сипатымен анықталады. Сонымен, инженерлік-техникалық мамандықтардағы білім алушының кәсіби-қолданбалы дене дайындығы – адамды белгілі бір кәсіби іс-қызметке даярлау үшін дене шынықтыру мен спорттың арнайы бағытталған және таңдалып алынған амал-тәсілдері, - деп сипаттама беруге болады. Бұл тұрғыда, дене шынықтыру және спорт саласында қызмет етіп жүрген көптеген мамандардың пікірлері дәлелдеме бола алады [3].

Инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша даярлайтын жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың өндірістік еңбек шарттарын одан әрі жоғарылату мақсатында, кәсіби-қолданбалы дене дайындығының келесі негізгі бағыттары бойынша іске асырылады:

- жеке спорт түрлерінің элементтері болып табылатын қолданбалы дағды-машықтарды меңгеру. Ол үшін дене шынықтыру сабақтарында білім алушы жастардың жан-жақты дайындықтарына зер салу;

- белгілі бір мамандыққа қажетті жеке дене және арнайы (теориялық, психологиялық, техникалық және тактикалық дайындық түрлері) қасиеттерін тәрбиелеу;

- дене шынықтыру және спорт саласында қажетті қолданбалы білім беру дағды-машықтарын тәрбиелеу (бұл тарапта, еңбек және демалыс

тәртібіндегі дене шынықтыру және спорт амал-тәсілдерін оқу-тәрбие үдерісінде қолдана алу дағды-машықтарына назар аударған жөн) [4, 121-154 б.б.].

Спорттың жекпе-жек түрлерімен айналысу, жалпы алғанда, адамды күшті, кез келген қиыншылықтарды жеңе алатын, рухы мықты, психикалық тұрғыда тұрақты, адамгершілігі мол, күшті жеке тұлғаларды тәрбиелеуге көп күш салатын спорттың түрлері екені бұрыннан белгілі.

Урбандалған өркениеттің дамуы заманында спорттық іс-қызметтің бір түрі ретінде, спорттың жекпе-жек түрлері алдындағы мақсат-міндеттер де басқа спорт түрлері секілді, адамдарды өмірдің әртүрлі қиын жағдайларына даярлау, өзекті мәселелерді салиқалы жолдармен шешу, әлеуметтік түйткілдерге әділ көзқараста болып, зиялы жолдармен шешуге атсалысады.

Спорттың жекпе-жек түрлері адам денесі мен рухын жаттықтыратын ең жақсы амал-тәсілдерінің бірі екенін дене шынықтыру және спорт саласында қызмет ететін кез келген маман оқу-әдістемелік, ғылыми, практикалық тұрғыда дәлелдеп бере алады. Жекпе-жек түрлерін оқып-үйрету барысында бапкер-оқытушы білім алушы жастарға өз денесін саналы түрде жаттықтыруға, берілген ішкі түйсіктік тапсырмалар мен психологиялық, дене жаттығуларын орындаулар барысында саналы түрде бақылауға, алдын-ала қойылған мақсат-міндеттерді орындауға күш сала отырып, белгілеген жолды жүріп өтуіне әдістемелік тұрғыда көмектеседі [5].

Жоғары оқу орындарында оқу іс-қызметі үдерісі барысында білім алушы жастар әртүрлі деңгейдегі көп қиыншылықтарға тап болады, алайда, олардың басым көпшілігі аталмыш өзекті түйткілдерден шыға алу жолдарын білмейді немесе жолын таппайды, оның түйсігін шеше алмайды. Бұл жағдайларда, білікті бапкер-оқытушының жетекшілігімен спорттың жекпе-жек түрлерімен айналысу аталмыш түйсіктерді шешуге көмектеседі. Себебі, жекпе-жек түрлері тек қимыл-қозғалыс дағды-машықтарын үйретуге ғана арналмаған. Сонымен бірге, ол ішкі түйсікпен өзіндік жұмыс істеу арқылы психологиялық тұрғыда өзін-өзі шындауға бағытталған.

Білім алушылардың рухани, күш-еріктік қасиеттерін қалыптастырудың әсерлі тиімділігі оқыту мен тәрбиенің жалпыпедагогикалық қағидаларын іске асырумен, спорттық жаттықтырудың қағидаларымен, әр айналысушы өзі таңдап алған жекпе-жек түрлерінің салт-дәстүрлері туралы білімінің қалыптастырылуымен, бапкер-оқытушы – өзі таңдап алған жекпе-жек түрімен айналысушы арасындағы белгілі бір өзара қарым-қатынастарды тәрбиелеумен қамтамасыз етіледі. Себебі, қазіргі жастардың бәріне белгілі, жекпе-жек

түрлерімен айналысу барысында соққы алу, құлау, соққылардан ауырсыну сезімдерін жеңу және т.б. секілді өзіндік қиыншылықтары кездеседі [6, 78-91].

Әрбір жекпе-жек түрлеріне байланысты (мысалы, таэквондо, каратэ және т.б.), жаттығу немесе жарыс барысында дұрыс және қауіпсіз құлай білу техникасын жетік меңгерген спортшы өміріне қауіпті жарақаттар алмайды, ол жекпе-жек түрлерімен айналысушының дайындығының бір бөлігі болып табылады. Жекпе-жек түрлерінің әртүрлі мамандарының айтуы бойынша, өзін-өзі сақтандыру, жұмсақ төсеніштер болмаған жағдайларда қатты жерге құлау техникасына біртіндеп және сауатты түрде үйрену, айналысу барысында жарақат алу қауіптілігін әжептәуір деңгейде төмендетеді, денсаулыққа онша теріс ықпал жасамайды, тұрмыстық жағдайда кездейсоқ құлап қалып (әсіресе, қысқы көктайғақ кездерінде), жарақат алу жағдайларын едәуір азайтады [7].

Спорттың жекпе-жек түрлерін меңгеру үдерісінде таңдап алынған жекпе-жек түрлеріне байланысты, әртүрлі қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дағды-машықтарын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Аталмыш шарттар, көп жағдайларда, өзін-өзі сақтандыру техникасы пайдаланылатын қолданбалы акробатиканың көмегі арқылы орындалады. Сонымен бірге, акробатикалық жаттығулар дененің жалпы дамуына, кеңістікте өзін-өзі бағдарлауды, ептілік пен икемділікті жақсы дамытуға, қимыл-қозғалыстардың координаттығын жасақтауға мүмкіндік береді; қорқыныш сезімін басуға септігін тигізеді, күш-ерік пен алға ұмтылушылықты, өзі-өзіне деген сенімділікті дамытады; әртүрлі кездейсоқ жағдайларда кез келген жерге және кез келген жаққа денені дұрыс жинақтай құлау дағды-машықтарын жетілдіреді.

Жекпе-жек түрлерінің қимыл-қозғалыс әрекеттерінің техникасын игеру барысында, бірінші этапта *спорттық шеберліктің іргетасын қалайтын жалпы дамыту, жақындастыратын және арнайы жаттығуларын дұрыс, әрі пайдалы қолдануға* бағытталған оқу үдерісін ауқымды жасақтау қажет.

Қимыл-қозғалыс әрекеттерін игерместен бұрын, айналысушыларда аталмыш қимыл-әрекетті орындауға қажетті белгілі бір дене қасиеттерін дамыту қажет. Қимыл-қозғалыс міндеттерінің күрделілігі айналысушылардың дене дайындығының деңгейіне сәйкес болуы керек. Себебі, дене жүктемесі өте жоғары деңгейден тұратын жекпе-жек түрлерінің жаттықтыру үдерісі кез келген адам үшін арналмаған. Оны дайындық деңгейі мықты, күш-еркі мол, адамгершілік қасиеті зор, жан-жақты дамыған тұлға ғана орындай алады.

Келесі этапқа *амал-тәсілдерді, қорғаныс және шабуыл айла-әрекеттерін, қарсы айла-тәсіл жасау мен амал-тәсіл өрнектерін құруды үйрену; оқу және оқу-жаттықтыру спаррингтерін өткізу* жатады.

Жекпе-жек түрлерінде қимыл-қозғалыс әрекеттеріне үйренудің көпшілік мамандарға танымал екі бағыты бар [8]:

- қимыл-қозғалыс дағды-машықтарын меңгеру және одан әрі бекіту. Мысалы, төсенішке арқамен құлап бара жатқанда, кеудемен төсенішке бұрыла құлай білу; қарсыластың шабуыл жасауы кезінде қорғаныс тұрысын және амал-тәсілдерін қолдана білу.

Келесі этапқа *қозғалмалы* қимыл-қозғалыс дағды-машықтарын үйрете жасақтауды жатқызуға болады. Мысалы, дзюдода әртүрлі қалыптардан, бір орында және қозғалыс кезінде, оң және сол жақтарға қарай әртүрлі амал-тәсілдер жасауды үйрету.

Жоғарыда көрсетілген деректерге сілтеме ете отырып, яғни, болашақ инженер, техник, механик және т.с.с. техникалық мамандардың Дене шынықтыру пәні бойынша оқу үдерісінде жекпе-жек түрлерін қолдану кезінде, келесідегідей қорытынды жасауға болады:

- қандай да болмасын, орындалуы қиын, күрделі (әсіресе, кешенді) жаттығуларды орындау барысында техника қауіпсіздігін сақтау қажеттілігі;

- жекпе-жек түрлерінің қимыл-қозғалыс әрекеттерінің техникасына үйрету кезінде «қарапайымнан күрделіге» қағидасын міндетті түрде ұстану қажеттілігі;

- оқу-жаттықтыру үдерісін материалдық-техникалық (ринг, қорғаныс құралдарын, қолғаптарды, төсеніштерді, т.б. қажетті құрал-жабдықтарды пайдалану), жекпе-жек түрлеріне тән спорттық жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттілігі.

Оқу үдерісінде жекпе-жек түрлерін пайдалану дене шынықтырумен айналысуға деген қызығушылықты арттырумен қатар, аталмыш пәннің әсерлі тиімділігін мейлінше жоғарылатады. Өз кезегінде, бұл өскелең ұрпақтың дені сау, алға қойған мақсаттарына жете береді деген сенім ұялатады. Өйткені, дене шынықтыру сабақтарында спорттың жекпе-жек түрлерін оқыту мен үйрету арқылы олардың дене қасиеттерін дамытумен қатар, жастардың көпшілігінде бола бермейтін адамшылық, кішіпейілдік басқа да абзал қасиеттерді бойына сіңіреді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Аралбаев А.С. Начальное обучение борцов с учетом смысловой структуры противоборства: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.04 / А.С. Аралбаев; Моск. обл. гос. ин-т физ. культуры. – Малаховка, 1991. - 22 с.

2 Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Астана. Нұрлы әлем, 2013. – 331 б.

3 Дементьев В.Л. Защитные технико-тактические действия в спортивной борьбе / В.Л. Дементьев, А.А. Колесов, С.Н. Курников // Сборник научных трудов кафедры борьбы РГАФК за 1994-1996 гг. / Рос. гос. акад. физ. культуры. - М., 1997. - С. 23-27.

4 Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі, Оқулық. – Астана. ЕҰУ баспасы. 2011. – 431 б.

5 Егоров Д.Е., Олейник Е.Г., Куликова И.В. Единоборства в системе профессионально-прикладной подготовки специалистов инженерного профиля // Материалы VIII международной научной конференции. Белгород-Харьков-Красноярск. 2012. – С. 43-46

6 Физическая культура студента: Учебник / Под ред. В.И. Ильинича. – М.:Гардарики, 2000. – 448 с.

7 Сейсенбеков Е.К. және авторлар... Студенттердің дене тәрбиесінде шабуылдық жекпе-жек әдістерін жаттықтыру барысында қолдану // Педагогика және психология / ҚазҰПУ, Алматы. №4. 2016. – Б. 138-142

8 Керимов Ф.А. Психофизиологические особенности формирования технико-тактических действий борцов / Ф.А. Керимов // Спортивная борьба: ежегодник. - М., 1984. - С. 35-36.

Резюме

В статье освещаются методы и проблемы проведения видов единоборств в учебном процессе по предмету «Физическая культура» для высших учебных заведений, в том числе, готовящих специалистов технических специальностей.

Resume

The article highlights the methods and problems of conducting martial arts in the educational process on the subject "Physical Culture" for higher educational institutions, training specialists in technical specialties.

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Б.Т. ОРТАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

А. САИПОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессоры

Б.С. ОМАРОВ

PhD докторы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті

С.Ш. ӘЛІМБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті

Аннотация

Мақалада болашақ мұғалімдердің даярлығы, оның ішінде психологиялық-дидактикалық және әдістемелік білімдері атап көрсетіледі. Болашақ мұғалімнің даярлығын қамтамасыз етудегі педагогикалық тапсырмалардың түрлері сипатталады және олардың даярлықты жүзеге асырудағы мәні мен маңызы, қолданылу ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: болашақ мұғалімдерді даярлау, педагогикалық тапсырмалар, психологиялық-дидактикалық білімдер, пәндік білімдер, инновациялық оқыту модельдері, жаттығу, коммуникация.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында болашақ мамандар даярлау міндеті қай кезде де негізгі мәселе болып қала береді. Оны Елбасының халыққа жолдаған әрбір жолдауынан, білім беруді дамытудың кезеңдерге арналған білім беру бағдарламаларынан көруге болады. Білім беру жүйесіндегі әрбір құрылымдық деңгейге педагогтарды даярлау талаптары қоғамның өркендеуіне сай көбеймесе, азая қоймағаны белгілі. Осы жауапты істі жүзеге асыру мақсатында педагог ғалымдардың, әдіскерлердің, психологтардың, т.б. сала мамандарының өзіндік орны бар.

В.А. Слостениннің ойынша, бүгінгі күндегі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығы бірқатар қасиеттермен және сипаттамалармен анықталады. Бұлар: психологиялық даярлық –

мектептегі жұмысты мақсат еткен педагогикалық іс-әрекетке әртүрлі деңгеймен қалыптасқан бағыттылық; ғылыми-педагогикалық даярлық – педагогикалық іс-әрекетке қажетті көлемдегі қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдер; практикалық даярлық – талап етілген деңгейдегі қалыптастырылған кәсіби-педагогикалық іскерліктер мен дағдылардың болуы; психофизиологиялық даярлық – белгілі мұғалім мамандығын игеруге және педагогикалық іс-әрекет үшін сәйкес алғышарттың болуы, кәсіби құнды жеке тұлғалық сапаның қалыптасқандығы; дене бітімі даярлығы – денсаулық жағдайының педагогикалық іс-әрекет талабымен дене бітімінің дамуы және кәсіби жұмыс жасау қабілеттілігі [1]. Педагог ғалым өткен ғасырдың соңғы ширегінде осындай даярлық құраушыларын ажыратып көрсетумен қатар, мұғалім құзыреттілігі жөніндегі ойларын да тұжырымдағаны белгілі.

Мұғалім үшін психологиялық-дидактикалық білімдер: оқушылардың білімдерді игеру жөніндегі тұжырымдамасы: ақыл-ой қызметін кезеңдеп қалыптастыру; іскерлік пен дағдыны қалыптастыру теориясы; оқушылардың технологиялық ойлауын дамыту; білімдерді меңгерудегі жүйелілік және оқытуды ізгілендіру принципі, тұлғаға бағдарланған оқытуды ұйымдастыру, оқыту нәтижесін критериалды бағалау мәселелерін қамтиды. Ал, әдістемелік білімдер оқыту үдерісінде оқушыларды пәндік білімдермен қаруландырудың әдістемелік тәсілдерін қарастырады, оның ішінде:

- оқыту және оқу (ғылыми тану) әдістерінің мазмұнын ашу, олардың өзара арақатынасын айқындау;

- оқыту үдерісі үшін пәндік білімдерді түзетін оқу материалдарын ажырату және құрылымдау;

- пәндік білімдер кешенін сыныптар және пәндер бойынша бөлу;

- пәндік білімдер кешенінің жеке тұлғаның ерекшеліктеріне, оқыту мақсатына, оқытудың дидактикалық принциптеріне, нақтылы мазмұнына, жалпы әдістері мен ұйымдастырылу формасына байланыстылығын жүзеге асыру;

- пәндік білімдерді оқу үдерісіне енгізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, т.б.

Атап көрсетілген мұғалім даярлығы және оның құраушылары жоғары оқу орындарында міндетті түрде маман даярлауда қамтылады.

Жоғары оқу орындарында мұғалімдерді даярлауда жақынға дейін ортақ бір стандарт басшылыққа алынды және соған сәйкес педагогикалық үдеріс жүзеге асырылды. Оның жақсы тұстарының барын жоққа шығаруға болмас. Десек те, қазіргі уақытта әрбір жоғары оқу орны маман даярлауда басшылыққа алатын, өздері әзірлеген білім беру

бағдарламасының артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де жоқ емес. Білім стандартында болашақ маманға қойылатын талаптар мен білім мазмұны, ұйымдастыру шарттары, т.б. толық жазылатын. Ал қазіргі білім беру бағдарламасында басшылыққа алатын құзыреттер, оқыту нәтижелері айқын көрініс тапқанымен де, оқыту үдерісін ұйымдастырудағы талаптар, база мәліметтері, т.б. көрсетілмеген. Бұл барлығына ортақ болмағанымен де басым көпшілігінде орын алған.

Білім беру бағдарламасы – оқыту үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алатын құжат болуымен қатар, үдерістің жүзеге асырылуын бақылауда басшылыққа алынатын құжаттың негізгісі. Білім беру бағдарламасы мазмұнына енетін оқу жұмыс бағдарламасы қазіргі кезде жоғары оқу орындарында пәннің оқу-әдістемелік кешені құрамына енетін міндетті құжат емес екені белгілі. Ал аталған құжатта оқытушының оқыту үдерісін жүзеге асыру технологиясы, яғни, оқытын лекция түрлері, қолданатын әдіс-тәсілдері айқын көрініс табатын.

Мұғалім даярлауда педагогикалық жүйенің әрбір құраушысының (мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері, ұйымдастыру формалары, құрал, нәтиже, технология, басқару) өзіндік орны бар. Мамандықтың және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің толымдылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру технологиясын көрсетіп береді. Дегенмен даярлықтың соған сәйкес болуына кепіл бола алмайтыны белгілі.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді даярлауда мектеп практикасы бағдар болуымен қатар, келешектегі іс-әрекет объектісі де болып табылады. Сол үшін де, болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық тапсырмалар маңызы жоғары. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық оқыту модельдерін жүзеге асыруда педагогикалық тапсырмалар назардан тыс қалмайды.

Тапсырма – бұл танымдық міндеттерді жүзеге асыру формасы болуымен қатар ұғымдар жүйесін қалыптастыру кезіндегі оқытушы мен білім алушының іс-әрекетіндегі байланыстырушы буын. Педагогикалық тапсырма – оқу үдерісінің тиімділігін және сапасын арттыруға, оқытуды белсендіруге қабілетті ететін, дайындықтың деңгейін бақылау және оқыту құралы. Белсендіру мұғалімнің оқытуын және оқушының оқу іс-әрекетін күшейтуді, жетілдіруді қарастырады [2].

Педагогикалық тапсырмаларға есептер, жаттығулар, сұрақтар, тесттік және тесттік емес формадағы тапсырмалар жиынтығы жатады. Олар оқу үдерісінде өзіндік жұмысты және педагогикалық бақылауды ұйымдастыруда пайдаланылады.

Барлық тапсырмаларды екі шартты топқа: оқыту (немесе оқу) және бақылау үшін тапсырмалар деп бөлуге де болады. Басым көпшілік тапсырмалар оқушыларды оқыту үшін және олардың білімдерін бақылау

үшін қолданылады. Объективті бақылауға тесттік тапсырмалар ыңғайлы келеді, оларды пайдалану мұғалімнің көмегінсіз де баға қоюға мүмкіндік береді.

Оқыту үдерісінде педагогтің әртүрлі тапсырмаларды пайдалануы, педагогтің және білім алушының өз бетінше оқуының психологиялық және педагогикалық мақсатынан, білімді бекітуден туындайтыны даусыз. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды белсенді етудің факторы – білім алушылардың өзіндік жұмыстары және оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы. Өзіндік жұмыста басшылыққа алу үшін (оның ішінде саралау мақсатында) тапсырмалар жүйесі құрылады.

Сұрақ – ол білмеуден білуге өтуді туындататын тапсырма түрі; ол туындаған, аяқталмаған білім формасы; ол берілген сұрақты шешудегі бастапқы әрекет. Педагогтің (оқытушының, мұғалімнің) сұрақтары (басым көпшілігінде бағыт беруші) – ол білім алушылардың, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және белсенді ету құралы. Білім алушылардың сұрақтары – олардың ойлауының және сөйлеу мәдениетінің даму құралы. Олар білім алушының ойының қалыптасуын көрсетеді, олардың білімдегі қажеттілігін, оқуға қатынасын білдіреді. Сұрақтар ақыл-ой дамуының көрсеткіші және студенттің оқу іс-әрекетінің қозғаушы күші болып табылады.

Тапсырмалар жүйесіне жаттығу да енеді. Жаттығу – меңгеру мақсатында іс-әрекет пен қимылды қайталап орындау. Оқытып-үйретудің әртүрлі жағдайларында жаттығу үйрену үдерісінің барлық құраушылары – қимылдың мазмұнын анықтау, оны пысықтау, қорытындылау және автоматтандыру - соның шеңберінде жүзеге асырылатын бірден-бір амал болып табылады. Келесі бір жағдайда ол түсіндірумен және үйренумен бірегей амалдардың бірі ретінде қарастырылады. Жаттығу алдын ала үйренусіз-ақ, түсіндіргеннен кейін бірден жүзеге асырылуы мүмкін; бұл орайда пысықтау түгелдей жаттығу үдерісінде болады.

Жаттығу – бұл білімді меңгеруге, алғашқы іскерлік пен дағдыны өндіруге, репродуктивті және жекелей-продуктивті іс-әрекет барысында оларды бекіту мен жетілдіруге бағытталған құрамы мен сипаты бойынша қарапайым тапсырманы орындау. Жаттығу – білім алушылардың басым көпшілігінде психомоторлы дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруде кеңінен қолданылатын құрал.

Зерттеулерге сәйкес педагогикалық тапсырмалардың төмендегідей түрлерін бөліп көрсетуге болады [3]:

1. Интеллектуальдық іскерлік түрлері бойынша.
2. Күрделілігі бойынша (бір іскерлікпен орындалатын – қарапайым; екі және одан да көп іскерлікпен орындайтын – күрделі).

3. Оқу материалының күрделілігі бойынша: бір пәннің материалында (бір пәндік); бірқатар пән материалында (көппәнді);

4. Оқу материалының мазмұны бойынша: жаратылыстану – ғылыми мазмұнда; психологиялық-педагогикалық мазмұнда; әдістемелік мазмұнда; техника-технологиялық (түрлендіруші) мазмұнда.

5. Тапсырмаға жауап беруге қатысушылар саны бойынша: жеке, дара; ұжымдық.

6. Тапсырманың орындалуы бойынша: ұсынылған мәтіндегі интеллектуальдық іскерлікті іздеу; мысалдар мен тапсырмалар құруға; қойылған сұраққа жауап беруді талап ету.

Болашақ мұғалімдер үшін негізгі мәселе – мектепте сабақ беруді жүзеге асыру. Осы мақсаттағы даярлығын жүзеге асыру үшін төмендегідей педагогикалық тапсырманы ұсынуға болады.

Педагогикалық тапсырма: Сабаққа дайындалу және оны өткізу.

Сабақтың кеңінен ашылып жазылған жоспар-конспектісін құрыңыз (Тапсырманы орындауда басшылыққа алынатын схема төменде берілген). Жоспарды құрастыру үшін:

- бағдарламаны, күнтізбелік жоспарды пайдаланумен бөлім (тарау) бойынша сабақтар жүйесіндегі сабақтың орнын анықтау;

- жаңа терминдерді, жаттығулар мен әдіс-тәсілдерді бөліп көрсетумен сабақтың тақырыбы бойынша оқу материалдарын зерделеу;

- берілген сабақта қалыптастырылатын ұғымдарды, білім мен іскерліктерді, дағдыларды белгілеу;

- сабақтың тәрбиелеуші, дидактикалық және дамытушы мақсаттарын анықтау;

- оқу-жаттығу (еңбек) объектісін таңдау, мөлшерін белгілеу;

- оқу-жаттығу (еңбек) құралдарын іріктеу;

- көрнекі құралдарды, оқу-жаттығу құжаттарын таңдау;

- сабақтың құрылымын, оқу жұмыстарының ұйымдастыру формаларын анықтау;

- барлық құрылымдық элементтерде тәрбиелік міндеттерді шешуді және ұйымдастыруды ойластыру;

- барлық құрылымдық элементтерде дамытушы міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін қарастыру;

- оқушылардың білімін және психомоторлы дағдысын тексеруді ұйымдастыруды жоспарлау (ойластыру);

- бағдарламалық бақылау құралдарын мақсатты түрде пайдалану мүмкіндіктерін шешу;

- оқу-жаттығу тапсырмалары талап ететіндей білім мен іскерлігін тексеру үшін тапсырма әзірлеу;

- оқуға және жаттығу жасауға оқушылардың қызығушылығын тудыратындай және ықпал ететіндей тәсілдерді әзірлеу;

- оқушыларды оқу-жаттығу мағлұматтарымен таныстыру, техникалық және көрнекі құралдарды, проблемалық ситуацияларды, оқу-жаттығу міндеттерді және оқушылардың жаңа оқу материалдарын игеруге жол ашу (дидактикалық құралдарды пайдалану әдістемесін ойластыру);

- оқушылардың жаңа оқу материалдарын меңгеру және танымдық іс-әрекеттерін белсендіру тәсілдерін әзірлеу;

- жабдықтарды оқу-жаттығу жұмыстарын өткізу үшін дайындау және сабақты өткізу әдістемесін ойластыру;

- оқушылардың психомоторлы дағдыларын (іскерліктерін) қалыптастыру, экрандық құралдарды, тренажерларды пайдалану әдістемесін ойластыру;

- кіріспе, ағымдық және қорытынды нұсқау берудің формасы мен мазмұнын әзірлеу;

- оқушылардың өзіндік жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруды ойластыру;

- бағалау критерийлерін белгілеу және дайындау;

- спорт (еңбек) түрлерін таныстыру әдістемесін ойластыру қажет.

Кеңінен ашылып жазылған жоспар-конспектіні құрастыру кезінде білім алушы арнайы әдебиеттерді пайдаланады. Тапсырманы орындау бір оқу жұмысы (тек семинарда ғана емес) мерзімінде орындалып үлгермеуі мүмкін. Тапсырманы орындау студенттің өзіндік жұмысы және оқытушының басшылығымен орындайтын жұмысы барысында да жалғасатынын практикадан көруге болады.

Жоғарыдағы тапсырманы жоғары оқу орнында білім алушы әдістемелік пәнді зерделеу кезінде орындайды. Бұл жерде оның психологиялық, педагогикалық пәндерден алған білімі көкейкесті болады. Білім алушының пәнаралық байланыс оқу материалдары мен іскерліктерін қандай деңгейде меңгергені көрінеді. Енді біз осының ішінен, тапсырманы орындаудағы ұсынылған схемадағы бір тармаққа тоқталайық. Мәселен ол «Бағалау критерийлерін белгілеу және дайындау» болсын делік.

Білім алушы критерийлерді белгілеу үшін рубрикатор, критерий және дескрипторды білумен қатар, оларды практикалық тұрғыдан жүзеге асыруы тиіс. Көп жағдайда критерий ретінде білім алушы нені алуы керектігін дұрыс анықтай алмай жатады. Сол себепті де, білім алушылардың критериалды бағалау үдерісін жүзеге асыруға даярлығына көп көңіл бөлінуде. Себебі, оқыту нәтижесін бағалану үшін критерийлер белгіленеді. Оқыту нәтижесі мен оқыту мақсаты сәйкестілікте болуы

міндетті. Оқушылардың білімі мен іскерлігін бағалауда бағалаудың дәлелдеу объектісі анықталады.

Біз оқыту нәтижесінің критерийін анықтауда төмендегідей құраушыларды алуды ұсынамыз, олар:

- білу және түсіну;
- талдау және жинақтау;
- қолдану;
- коммуникация.

Білу және түсіну, қолдану, талдау және жинақтау бұл Б. Блум таксономиясындағы білім меңгеру деңгейлеріне сәйкес сипаттаулармен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қолдану еңбек іс-әрекетіне, қимыл-қозғалысқа байланысты практикалық тұрғыдан психомоторлы дағдылардың қалыптастырылу деңгейін белгілеу мен бағалау үшін де қолданылады [4].

Коммуникацияға келетін болсақ, білім алушының алған білімін теориялық тұрғыдан айқын, анық жеткізумен қатар, терминологияларды (ұғымдарды) дұрыс қолданудағы дайындығын көрсетеді. Жоғарыдағы тапсырмалардың әрбір тармағы білім алушының терең білімі мен жан-жақты дайындығын көрсетуді қажет етеді. Себебі, тапсырма: «сабаққа дайындалу мен оны өткізу» болып тұр. Сабақ өткізу педагогикалық үдерісті модельдеу әдісімен жүзеге асырылады.

Сонымен, қорыта айтқанда жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық тапсырмалар (әсіресе, арнайы тапсырмалар) білім алушылардың құзыреттерін (білімін, іскерлігін және эмоционалды-құндылық қатынастарын кәсіби іс-әрекетте қолданатын) қалыптастырудағы негізгі буын болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Слостенин В.А. Комплексная программа «Учитель советской школы» //Советская педагогика, 1986. - № 10.

2 Ортаев Б.Т. Педагогикалық тапсырмалар: 050120 – Кәсіптік білім мамандығына арналған. Оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан: Қ.А.Ясауи ат. ХҚТУ, 2008. – 92 б.

3 Торыбаева Ж.З., Абдуллуна Г.Т. Проектирование системы педагогических заданий в ракурсе формирования интеллектуальных умений будущего учителя // Халықаралық теориялық-практикалық конференция. – Прага, Чехия. 2012.

4 Саипов А. Узахова А.С. Дайырбекова Г. Әділхан С. Заманауи оқыту технологияларының болашақ мұғалімдердің оқу жетістіктерін бағалауда алатын орны// Қазақ білім академиясының баяндамалары 3-4/2014. - Б. 55-64

Резюме

В статье указываются психологическо-дидактические и методические знания подготовки будущих учителей. Характеризируются виды педагогических задач, которые обеспечивают подготовку будущих учителей, их значимость и важность в осуществлении подготовки их применения.

Resume

Psychological, didactic and methodical knowledge of training of future teachers is specified in the article. Types of pedagogical tasks which provide training of future teachers, their importance and importance in implementation of preparation of their application are characterized.

ВНЕДРЕНИЕ И ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА С ПОМОЩЬЮ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ

М.Ж. ТУСУПБЕКОВА

кандидат педагогических наук,
ассоциированный профессор,
Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы внедрения нового казахского алфавита в учебный процесс, представлены некоторые виды заданий по казахскому языку для создания мобильных приложений. Основной целью использования мобильных приложений для закрепления нового казахского алфавита является овладение графическими навыками, совершенствование языковой компетентности, формирование навыков письма на английском и казахском языках для расширения словарного запаса и правильного написания казахских слов при помощи английского алфавита, который имеет огромные сходства с латиницей.

Ключевые слова: новый казахский алфавит, латиница, мобильные приложения, задания, английский язык

Одним из достоянием Независимости Республики Казахстан является культура и язык (<http://www.kp.kz/politics/3217-nursultan-nazarbaev-nazval-sem-dostoyanij-nezavisimosti-kazakhstan>). Именно язык отражает историю и культуру народа и страны в целом. Посредством языка из поколения в поколение передаются древние корни обычаев, традиции, культурные памятники. Язык отражает действительность и создает реальность времени. Язык является ключом к культуре народа и всего человечества.

Вопрос о развитии и функционирования казахского языка затронуты во многих официальных нормативных документах Республики Казахстан. В Законе РК «О языках в Республике Казахстан» (гл.1, ст.4) отмечено, что Государственным языком Республики Казахстан является казахский язык, который действует во всех сферах общественной жизни. Каждый гражданин Республики Казахстан должен знать и овладеть государственным языком, который является важнейшим фактором консолидации народа Казахстана [1]. В Стратегии «Казахстан – 2050» Президент РК определил основные задачи развития казахского языка:

«Наша задача — развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш заметный след. Это задача, которую должен самостоятельно решать каждый уважающий себя человек» [2].

Казахский язык имеет тюркоязычную основу и тесно связан с персидским, арабским, монгольским и русским языками. Для передачи письменности казахского языка использовались алфавиты разнообразных систем, начиная с рунической письменности, в последующем использование арабской и латинской графики, и наконец, кириллицы. Но, сегодня казахский алфавит, построенный на кириллице, вновь пересматривается и находится на пути перехода на латинскую графику. В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент Казахстана Н.А. Назарбаев определил основные приоритеты развития страны и представил методы их достижения. Президент отметил: «..... начатые нами масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания. Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию - она выступит их сердцевинной» [3]. По мнению Н.А. Назарбаева, главным условием модернизации является сохранение культуры казахского народа, возрождение обычаев и традиций, восстановление письменности предков, глубокое знание истории нации. Сохранение и знание нашей культуры предвещают предпосылки тесной связи настоящего, прошлого и будущего.


«Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011- 2020 годы» является основным эталоном сохранения казахского языка [4]. Благодаря программе, во всех учебных заведениях внедрены дополнительные занятия по изучению казахского языка, открыты обучающие курсы, функционируют центры по совершенствованию казахского языка, появились учебные издания, демонстрируются новые телевизионные программы, переименованы названия многих улиц и перекрестков, появились мобильные приложения и т.д.

Электронные устройства, мобильные телефоны, компьютеры, планшеты заняли самое топовое место во всех сферах человечества. У каждого из нас появилась возможность получить свободный и бесплатный доступ к чтению зарубежной литературы, виртуальному знакомству, сетевому участию в конференциях и семинарах, создавать свои фильмы и ролики, демонстрировать свои умения и навыки миллионной аудитории, учиться на дистанции и получать образование.

Всесторонняя компьютеризация служит фундаментом внедрения нового казахского алфавита в практику.

В настоящий момент необходимо разработка мобильных приложений для закрепления нового казахского алфавита, повышения уровня письма и орфографической грамотности. Существует огромное количество мобильных приложений, нацеленные на повышение эффективности самообразование человека (Рисунок 1).

Рост количества приложений



	total publishers	new publishers per day
Apple AppStore	167 156	90
Google Play	117 445	75
WindowsPhone Marketplace	37 679	34

Сейчас в Google Play 1.5 миллиона приложений + 1.5 миллиона в Apple App Store

Рисунок 1 – Количество мобильных приложений

Преимуществом разработки и использования мобильных приложений на казахском языке является актуальность проблемы внедрения нового казахского алфавита. Дж. Берстон отмечает, что главным достоинством мобильных приложений является непривязанность к специальным обучающим программам и образовательному процессу [5].

Внедрение и разработка мобильных приложений имеют большие преимущества в изучении казахского языка в соответствии с индивидуальными потребностями, интересами и уровнем языковой подготовки граждан любого возраста. Мобильные приложения для изучения языков предполагают различные виды заданий:

- 1) перевести слова с английского на казахский язык;
- 2) прослушать слово на казахском языке и написать его;
- 3) выбрать правильный вариант ответа на вопросы;
- 4) ответить на вопросы;
- 5) написать 50 слов на казахском языке на время;
- 6) прослушать музыку и написать ключевые слова;

- 7) выбрать соответствующие слова к представленным картинкам;
- 8) собрать размешанные буквы и построить слово;
- 9) написать казахский алфавит за 2 минуты;
- 10) найти ошибки в предложениях на казахском языке и т.д.

Все эти задания можно предоставить в игровой форме в мобильном приложении, типа so'zdertap, qazaqso'z, qazja'neag'yl, qazaula, qaza'rip т.д. Кроме того, можно запустить приложения с различными тематическими заданиями для обогащения словарного запаса, грамматическое мобильное приложение с заданиями для закрепления временных форм, фонетическое приложение с упражнениями для отработки произношения звуков и букв казахского алфавита.

Изучение и применение казахского языка развивается во всем мире. Во всем мире (Россия, Германия, Франция, Англия, Америка) проживают этнические казахи и создают свои объединения, культурные центры для сохранения казахского языка и приобщения к культуре (обычаям, традициям) казахского народа. Мобильные приложения имеют большой потенциал в повышении эффективности процесса изучения иностранных языков. Преимущества использования мобильных приложений заключаются в усовершенствовании процесса иноязычной подготовки широкого круга обучающихся, интенсификации самостоятельной работы и повышении мотивации изучить иностранные языки, а также закрепить и внедрить новый казахский алфавит в практику.

Основной целью использования мобильных приложений является обучение письму, овладение графическими навыками, совершенствование языковой компетентности, формирование навыков письма на английском и казахском языках для расширения словарного запаса и правильного написания казахских слов при помощи английского алфавита, который имеют огромные сходства с латиницей. В данном случае, мобильные приложения служат главным инструментом общения, познания и творчества. Таким образом, представляем некоторые задания для мобильного приложения «Мобильный казахский» (МБ) по внедрению и изучению казахского алфавита. Мобильный казахский поможет всем желающим обучиться быстро писать на казахском языке и тренировать скорость написания писем, письменных работ, используя буквы нового казахского алфавита.

1) Задания для обучения орфографии казахского и английского языков

- расположить буквы в алфавитном порядке;
- соотнести печатные буквы с письменным вариантом букв;
- соотнести транскрипцию с представленными словами;
- сгруппировать слова по алфавиту (английские и казахские слова);

- вставить пропущенные буквы в английских и казахских словах;
- найти ошибки в английских и казахских словах;
- сформировать английские и казахские слова из представленных отдельных букв;

- записать казахские и английские слова по памяти.

2) Задания для обучения написанию официального письма на казахском и английском языках

- выписать из текста слова, выражающие благодарность, просьбу, признательность и т.д.

- сгруппировать речевые формулы, выражающие подтверждение получения письма, надежды на скорый ответ, окончание письма;

- определить характер письма (личное, деловое, проблемное, поздравление, приглашение и т.д.);

- сравнить структуру официального письма на казахском и английском языках (описание, сообщение, уведомление);

- проанализировать образцы оформления официальных писем на казахском и английском языках и заполнить ряд конвертов и листов бумаги для письма;

- составить письмо по образцу или плану.

3) Задания для работы с печатным текстом

- выписать из текста ключевые слова;

- озаглавить тексты;

- составить тезисы к каждому абзацу текста;

- составить план текста;

- составить письменное высказывание по тексту;

- извлеките из текста информацию в соответствии с планом;

- подготовить сообщение на английском или казахском языке в письменном виде (50 слов).

4) Задания для развития навыков аудирования

- написать прослушанный текст (отдельные предложения на память);

- дополнить предложения после аудирования;

- прослушать текст и поставить предложения по порядку.

5) Задания для развития навыков перевода

- перевести несколько предложений;

- сделать последовательный перевод устного общения;- сделать письменный пересказ английского текста на казахском языке;

- перевести фрагменты английского текста на казахский язык.

Использование мобильных приложений дает возможность для эффективного построения процесса обучения независимо от времени и места, что, главным образом, отвечает формам непрерывного

образования. Кроме того, мобильные приложения могут использоваться на всех этапах процесса обучения, как при объяснении нового материала, так и при закреплении, повторении, контроле.

Список литературы

1 Закон Республики Казахстан от 11 июля 1997 г. № 151-І // О языках в Республике Казахстан (с изм. и доп. по сост. на 10.07. 2012) //URL: <http://online.zakon.kz/Document>.

2 Назарбаев Н. А. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства //Казахстанская правда. – 2012. – Т. 15. – №. 437-438.

3 Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания //Казахстанская правда. – 2017. – Т. 13. – №. 71. – С. 1.

4 Государственная программа развития образования на 2011-2020 годы (от 07 декабря 2011 года № 118) <http://control.edu.gov.kz/ru/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-na-2011-2020-gody>

5 Burston J. Realising the Potential of Mobile Phone Technology for Language Learning // The IALLT Journal. – Vol. 41 (2). – 2011. – pp. 56–71

Түйін

Бұл мақалада оқу процесінде жаңа қазақ әліпбиін жүзеге асыру мәселелері талқыланып, ұялы қосымшалар құру үшін қазақ тілі бойынша жұмыс орындарының кейбір түрлері қарастырылған. Жаңа қазақ әліпбиін қамтамасыз ету үшін мобильді қосымшаларды пайдаланудың негізгі мақсаты, сөздік қоры мен латын алфавитінің үлкен ұқсастықтар бар ағылшын әліпбиін пайдаланып қазақ сөздер, дұрыс емлесін кеңейту үшін ағылшын және қазақ тілдерінде жазу дағдыларын қалыптастыру, графикалық дағдыларын меңгеру тілді еркін меңгергендігі көрсетілген.

Resume

This article presents the introduction of the new Kazakh alphabet into the teaching process, describes some types of assignments in the Kazakh language for creating mobile applications. The main purpose of using mobile applications is to consolidate the new Kazakh alphabet, master graphic skills, improve language competence, form writing skills in English and Kazakh, to expand vocabulary and correct spelling of Kazakh words with the help of the English alphabet, which have huge similarities with Latin.

Keywords: new Kazakh alphabet, Latin, mobile applications, assignments, English

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ғ.Р. АҚМАНОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,

Қазақ инновациялық
гуманитарлық-заң университеті

Қ.Қ. МҰҚАНОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

Аннотация

Мақалада жалпы орта білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың әдістемесі баяндалады. Мектепте оқытылатын поэзиялық шығармаларға талдау жасалады.

Түйін сөздер: лирика, поэзия, әдістеме, оқу бағдарламасы, дидактика.

Мектепте берілетін білім оқу үрдісінің мән-мазмұнынан, оқыту принциптерінен, оқуды ұйымдастырудың формасынан, оқыту әдістерінен, оқушылардың білімін тексеру мен бағалаудан, сабақ жүргізетін мұғалімнің дайындығы дәрежесінен құралса, дидактика – оқыту мен білім берудің теориясы, оның принциптері гноселогиялық, логикалық, психологиялық негіздерден құралатыны белгілі. Әдебиетте не болмаса жалпы оқытуда кез келген тақырыпты түсіндіру үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Көркем шығармаларды оның ішінде прозалық шығармаларды оқыту әдістемесі бөлек те, лирикалық шығармаларды оқыту бөлек болып табылады [1,9 б.].

Жалпы лирика дегеніміздің өзі оқушының өмір, болмысқа эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастырушы құрал. Ол психологиямен, дидактикамен астасып, оқыту-тәрбиелеу мәселелерінің міндеттерін орындауға белсенді атсалысатыны да белгілі. Лириканы оқытуда дидактиканың жүйелік пен бірізділік принциптері сабақ құндылығының екінші бір қырын, әдеби материалдардың берілуі мен орналасу ретін, жаңаны түсіндіру барысында бұрын оқығандары мен игергендеріне сүйенуді қамтамасыз етудің тәртібін анықтайды. Лирика сабағы – оқушыны өнерді эмоциялық-эстетикалық тұрғыдан түйсіне білуге үйрете отырып, адамгершілік биік мұраттарға тәрбиелеуші ретінде оқушылардың білуге құштарлығын арттырып, ойлау жүйесін дамытады.

Лириканы оқытудағы көрнекілік принципіне тоқталсақ, әдебиетті оқытуда қолданылатын көрнекіліктердің барлығы бірдей қолданылады деп айта алмаймыз. Өйткені лирика өзіндегі ой нақтылығымен, ақындық тіл, табиғи бояу, суреткерлік қуатымен сабақ көрнекілігін қамтамасыз ете алады. Осыған қарап лирикалық шығармаларды өткенде көрнекілік атаулыны мүлдем қолданбау керек деген ой тұмау керек. Жалпы оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыруда көрнекіліктердің өзіндік маңызы, орны бар. Сондай-ақ сабақта көрнекілік пайдаланудың тиімділігін педагог ғалымдар, әдіскерлер де, педагог-практиктер де өз тәжірибелерінде дәлелдеп келеді.

Лириканы оқытудағы басты көрнекілік – сыныпта бастапқы күйінде қайталанатын ақынның үні. Лирикадағы мұндай табиғи көрнекілік – оқулықта шығарманың белгілі бір ерекшеліктерін көрсететін мәтін берумен шектелмеуі керек. Ақынның сезімге толы сөзі мәнермен оқу кезінде эмоциямен қайта жаңғырады, тыңдаушыны көркем шығарманың сыры өзіне тартып еліктіретіні белгілі. Осыған байланысты оқулықта оқушылардың төменгі сыныптарда мәнерлеп оқудан алған білімдерін, дағдыларын жинақтайтын арнайы материал беріліп, жүйелі түрде мәнерлеп оқуға, мәтіннен жаттауға тапсырмалар ұсынылып отырады.

Лириканы оқыту әдебиет пәнін оқытудың талабынан туындайтыны да жалған емес. Әдебиетті оқыту дегеніміз – көркем шығарманың өзін оқу. Алайда күні бүгінге дейін оқушылар арасында оқулықты бас құрал етумен шектелушілер аз емес. Әдеби білім беру ең алдымен шығарманың өзі арқылы іске асады. Ал, оқулық мәтінді оқудан түйгендерін баянды етуге, алған әсерді тереңдетуге, шығарманың қыры мен сырын оң көзімен қабылдауға қажет. Қандай жақсы оқулық болса да, ақынның шығармасы беретін эстетикалық ләззатты бере алмайтыны рас.

Поэзияны оқытуда оқытушының мақсаты – ақынға рухани жақындау, оны сезіну, ақынның сезім мен ой тереңдігіне бойлау, сол арқылы оқушының оқырмандық сапасын арттырып, көркем сөздің құдіретін түсіне білуге тәрбиелеу. Сонда сабақты қалай құруға болады?

Тәжірибе бойынша, бірінші рет өленді мұғалімнің оқығаны жақсы. Өленді оқып бола салып оқушыларға сұрақ қоюға асықпау керек. Себебі, өленді тындағандағы тұтас қабылдауды, өлең туғызған әсер мен сезімді мезгілсіз үзіп алмас үшін, дәл осы сәтте мұғалім баланың қасына барып, басынан сипап, еркелетуге болады.

Өленді оқығанда, оқушыларға кітапты жапқызып қою жөн. Себебі олар еш нәрсеге алаңдамай, өленді ғана тындап, дыбыстарды, бояуларды андап естіп, көруі керек. Өленді оқу кезінде ол оқушылардың кейбіреулеріне түсініксіз болса да, бала жанына хабар беріп, қозғау салады [2,118 б.].

Өлең мен талдаудың арасында кішкене болса да кідіріс болғаны жөн. Сіз осы кезде өлеңнің балаға қаншалықты есер еткенін байқап үлгересіз. Осыдан кейінгі маңызды нәрсе – мұғалімнің бірінші сөйлемі не сұрағы. Өлеңнің үндестілігінен шығып кеткен дөрекі сөз оқушы басынан өткізіп отырған эмоционалдық көңіл күйге әсер етеді. Мысалы, «Балалар, сендерге өлең ұнады ма?» деген сұрақтың өзі дұрыс емес. Балалар бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді де, бағанағы үлкен әсер, сезім толқыны бәсеңдейді. Керісінше, сұрақтың не тапсырманың оқушы сезімін, әсерін одан әрі тереңдету мақсатында қойылғаны жөн. Мәселен, «Өлеңді тыңдап отырып, не елестеттіңдер, не көрдіңдер? Осы өлеңге сурет салу керек болса, сендер қандай бояуды пайдаланар едіңдер?» Талдау осылай басталады. Өлеңді талдау кезінде «Өлең қалай, қандай жағдайда туды?» деген жауапты Абайдың өлеңдерінен табамыз. Ақын рухани тап-таза болғанда, дүние кірінен жуынып, айнала сылдырап, келісімге келген уақытта ғана нағыз өлең дүниеге келеді екен. Сөз өрнегімен жасалған жыр кестені оқушыға көрсете білу керек. Рас, ол әр оқыған сайын әртүрлі әсер алады, сырына үңіледі, тереңіне бойлайды. Бірақ, әсер жоғалып, із-түссіз кетпейді. Балаға рухани азық болып, ізгілік, сұлулық нұрына бөлейді.

Поэзиялық шығармалар келістіріліп, мәнерлеп оқытуды талап етеді. Оқытушы оқушылардан тек дауыс интонациясын ғана талап етпей, өлең мазмұнына сәйкес эмоциялық жанды қимылды да, ақынның жүректен шыққан отты сезімін білуді де үйреткен жөн [1,10 б.]. Ол үшін оқушының поэзияға деген қызығушылығын арттыра білу керек. Сонымен бірге оқушының сыныптан тыс кезде көркем шығарманы, өлең дастандарды көп оқуын қадағалап, күнделікті өмірмен байланыстырып, кейінгі кездегі үкімет пен қоғам ден қойып жүрген айтыс өнері жайлы да түсінік беріп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Поэзияны өткен кезде, әдебиеттен теориялық элементтерді де меңгертіп отыру керек. Өлең шумақтары бойынша шалыс ұйқас, кезекті ұйқас, аралас ұйқас, шұбыртпалы ұйкастарды және өлеңнің шумақтары мен түрлері, буын сандары жайлы түсінік берілуге тиіс.

Лирикалық шығармаларды оқыту барысында қалыптастырылатын алғашқы әдеби-теориялық түсінік – лирикалық қаһарман ұғымы. Осыған дейін оқыған шығармаларда оқушы көбіне көркем шығарма мазмұнын автор өмірінің нақпа-нақ көшірмесі ретінде түсініп, шығармадағы оқиға желісін немесе айтылатын ойды реалды болмыспен тікелей қатыстыра бағаласа, ендігі жерде оқушы білімі авторлық таным, идея, авторлық ұстаным, лирикалық қаһарман ұғымдарымен толығып, көркем шығарма идеялардың көркем әлемі екеніндігіне көз жеткізеді.

Лирикалық қаһарман – шығарма субъектісі. Оның арман, мүдделері мен ой-қиялдары, сезім-күйлері автор болмысының жамылғысы ретінде танылатын тұстары болғанымен, оның үнемі жанды көшірмесі ретінде көрініс таба бермейтінін ұғынады [3,87 б.].

Лирикалық шығармаларды оқытудағы ең басты әдіс-тәсіл – шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру. Лирикалық шығарманы оқытуда көркем қабылдау аса маңызды. Лирикалық шығарманың көлемі жағынан шағын болуы да оны мәнерлеп оқу арқылы қабылдауға мүмкіндік туғызады. Лирикалық шығарманың өзіндік ерекшелігі де оның шумақпен, бунақпен, ырғақпен өрілуінде болса, сабақтың алғашқы сәтінен бастап оқушы тыңдау арқылы осы ерекшелігіне сәйкес көркем қабылдауы қажет етіледі. Дауыс қарқыны, үн үйлесімі, сөздерге түсірілетін екпін, логикалық, психологиялық кідірістер – барлығы да көркем мәтінді тыңдаушысына мағыналы жеткізудің жәрдемшілері болып табылады. Өлең мәтіні тыңдалғаннан кейін оқушы зерделей отырып қайталап оқуы да маңызды. Тыңдау арқылы қабылдау мен көру арқылы қабылдау сияқты қабылдаудың қос арнасын қатар пайдалану оқушы ерекшелігін ескеріп, қабылдау мүмкіндігін арттыру міндетінен туындайды.

Мектеп бағдарламасындағы поэзиялық шығармалар алуан тақырыпта. Шығарма тақырыбын айқындау аса күрделі болмағанымен, кейбір поэзиялық мәтіндер тақырыптық ерекшелігі жете ескерілмей мектеп бағдарламасына енгізілгені байқалады. Тақырыпты айқындауда көркем шығарманың көп тақырыптылығы да назардан тыс қалмауы керек. Ал шығарма идеясын айқындау – бірнеше кезенді қамтитын үдеріс. Талдауда күрделі сөздер мен қолданыстардың басын ашып айқындау мағынаны танудың алғашқы баспалдақтары болып есептеледі.

Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңі 5-сыныпта оқытылады. Атауы айтып тұрғандай, жылдың бір мезгіліндегі таң пейзажы берілетін бұл өлең өзінің көркемдігі, жанды суретімен, танымдық сипатымен ерекшеленеді. Өлеңнің бірінші шумақтарынан бастап кездесетін «түскенде әуе жерге», «қырық күн шілде», «қысқа түн қымқырылды», «бәйек болып», «жасық шық», «мелдегінен нұрға қалқып», «көлбеңдеп...жердің буы», «өлеусіреп түсі қашқан», «ыңыранып қой қотанда», «әптиек» сияқты мағынасын анықтап, өлең мәтініндегі жұмсалу мақсатын айқындайтын сөз қолданыстары бар.

Әдістеме ғылымында көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқу, талдау оқу сияқты әдіс-тәсілдер бұрыннан белгілі. Көркем мәтіндегі түсініксіз сөздер мен ұғымдарды саралаудың да көптеген жолдары бар. Әдіс-тәсілді таңдау оқушының, сыныптың жағдайына

байланысты анықталатыны да белгілі. Әрине, үнемі мұғалімнің белсенділігі ақпараттың қабылдануы мен оқушы зейінінде берік орнауына тиімді әсер ете бермейді. Кез келген ақпаратқа оқушы ынтамен, қажеттілікпен келгенде ғана ол есте берік бекиді. Сол себепті де күрделі ұғымдарды тауып, оларға түсініктеме беруде оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын ойын түрінде жүргізген тиімді болар еді [4,69 б.].

«Қырық күн шілде» деген ұғым нені білдіреді? Неліктен 40 күн деген сөз қолданысы берілген?» деген сұрақ арқылы сөз тіркесінің мағынасын ашу немесе «Мелдегінен келу» деген сөз мағынасы нені білдіреді? «Шық» деген не? Неліктен шық жасық эпитетімен берілген? Тағы қандай шық түрі болуы мүмкін? Ол қолданыстардың жыл мезгілінде қатысы қандай?» деген сұрақтар да өлеңнің идеясын түсінуге көмектеседі. Шілде айының таңы қаншалықты жылы болса, күн сәулесі білінер-білінбесте буға айналатын шық та – жып-жылы жасық. «Жасық шық» шілденің таңының ерекшелігін айқындайтын деталь ретінде де талдауға қажетті тілдік құрал болып табылады [5,102 б.].

Казахская история немало рассказывает о наших предках, известных исторических личностях: вождях племен, биях, сказителях, общественных и государственных деятелях, внесших огромный вклад в развитие казахского народа и повлиявших на исход будущей истории. Бии составляли чрезвычайно влиятельную группу казахского общества, от которой во многом зависела прочность положения степных ханов [1, с.166].

Известно, что у каждого рода, в каждом ауле были свои, особо почитаемые и уважаемые народом, наделенные даром красноречия бии и судьи. Так постепенно в казахском обществе формировалась традиция с особым трепетом и почтительностью прислушиваться к решению биев. Это, в свою очередь, повлияло на развитие ораторского искусства, ведь, чтобы успешно решать конфликтные ситуации, бий должен был в совершенстве овладеть искусством красноречия, быть остроумным, знатоком фольклора, держать в памяти меткие и мудрые афоризмы. Как видим, ораторское мастерство выявлялось не только на веселых праздниках и ярмарках или во время поэтических состязаний – айтысах.

Исключительная роль личностей биев в казахской истории, а также характеристика их жизнедеятельности дана в художественных произведениях, рассматривалась в научных исследованиях Ш. Кудайбердиева, М.Ж. Копеева, А. Байтурсынова, Х. Досмухамедова, А. Букейханова, М. Ауэзова, А. Кекильбаева, А. Нысаналы, С. Сматаева, Б. Адамбаева, Н. Турекулова, С. Даутова, С. Негимова и др.

Основная часть. Многими учеными и путешественниками особо отмечалось богатство и выразительность выступлений биев, акынов. Так, известный польский ученый А. Янушкевич в книге «Записки о путешествии в казахскую степь» отмечает: «Аягуз... я аплодировал степным златоустам, которые слыхом не слыхивали о Цицероне и Демосфене! акыны, не умеющие ни читать, ни писать, раскрыли передо мной все свои таланты. Их сказания в стихах близко подошли к моей душе, тронули струны сердца, расположили к себе. Что, и они являются дикарями? Разве есть народ, которому суждено быть лишь пастухами? Нет-нет! Сокровенная истина! Народ, которого Всевышний одарил таким талантом, не должен оставаться вне цивилизации, его дух со временем взберется ввысь над казахской степью и будет светить вовсю!...» [2, с.247]

Территории современных Жарминского, Аягузского, Таскескенского районов Восточно – Казахстанской области известны

тем, что на этих землях издавна проживали представители ветви сыбан большого рода найманов. Именно из колена племени Жангобек этого рода вышел ряд знаменитых биев, мастеров красноречия: Актайлак Байгараулы, - один из знаменитейших людей XVIII — начала XIX веков, последователь легендарных Толе би, Айтеке би, Казыбека би, его отец Байгара би Куттыбайулы (1699 -1775) - би, акын и оратор, его дед - би Куттыбай, направленный в 1760 году в качестве первого казахского посла в Пекин с почетной дипломатической миссией ханом Абылаем и другие.

Актайлак бий остался в памяти современников не только как справедливый, беспристрастный судья, но и как неизменный победитель айтысов – состязаний биев и акынов, автор целого ряда исполненных философских размышлений жыров, поражающих новизной интерпретаций и сочностью красок гаклий (назиданий), а также многочисленных толгау (размышлений), удивительных по своей глубине и характеру суждений. Актайлак бий приобрел популярность в народе тем, что создал своеобразный поэтический кодекс ведения судебных разбирательств, который был представлен следующим образом: *Ответственное дело - решай с народом, трудное - решай умением; Хорошо обдумав запутанное дело, окончательное решение прими назавтра; Любой спор решай честно и правдиво; Решай так, чтобы у сородичей не возникало вопросов; и другие.* Не случайно бытовало утверждение: «Если не можешь принять верное решение, обратись к Актайлаку» [3, с.174]. Байгара бий, отец Актайлака, воспитывался в образованной среде и, следуя традициям предков, рано начал участвовать в управлении. С ранних лет он прослыл человеком большого ума, святости, защитником обездоленных и был широко известен как справедливый, беспристрастный судья. Судил и учил изустно, проводя свои процессы исключительно в форме стихотворной импровизации - толгау. В своем творчестве затрагивал сложные проблемы бытия, воспитания нового поколения, общественных и социальных взаимоотношений. В народе стал широко известен как неизменный победитель айтысов - состязаний биев и акынов, как автор целого ряда философских размышлений - жыров. Был воспет в стихах акынов Д. Бабатайулы и А. Найманбайулы как защитник вдов и сирот. Кроме того, имя Байгары бия упомянуто в айтысе Биржана и Сары, где подчеркивается его огромная популярность в народе.

Дед Актайлака – Куттыбай би - оратор и дипломат, прозванный в народе «Кудауысты» или «Лебединоголосый» (Златоуст). Его отцом был Нарынбай би – также известный в казахской степи государственный деятель, оратор, бек (правитель) Ташкента. Народ любовно называл его Нар дауысты Нарынбай (имеющий голос одногорбого верблюда - нара),

подчеркивая тем самым мужественность, силу, ораторские способности этого человека. Отцом Нар дауысты Нарынбая, в свою очередь, был знаменитый акын Тобек. Тобек, как и его отец – известный оратор Байкошкар, отличались даром красноречия, стремлением отстаивать интересы народа, умением примирять межродовые скандалы и конфликты [4, с.142]. И таких людей в казахской степи было немало.

Деятельность биев как нельзя лучше отражают дошедшие до нас устойчивые выражения, ставшие афоризмами, фразеологизмами. Со временем они стали приобретать новое звучание, наполняться новым смыслом. Предание сохранило речь Казыбека бия, обращенную к джунгарскому правителю: *«Мы - казахи, в степи пасем скот. Никому не угрожаем, мы - мирный народ. Чтобы счастье и удача не покинули нас, чтобы враг невзначай не ринулся на нас, мы держим копьё наготове и знаем цену доброго слова. Мы - народ, верный в дружбе, мы гостеприимны и щедры, а в грозный час, когда это нужно, ханские юрты обрушим мы! Сын, рожденный от достойного отца, никогда рабом не станет. Дочь, рожденная честной матерью, рабыней не станет. Мы вольные люди, дети степи, сыновей и дочерей своих в неволе содержать не станем. Вы, калмыки, отчаянный народ, но в честном бою мы вам не уступим. Если вы железо, мы расплавим вас. Мы за мир, не за вражду, коль надо - схлестнемся в открытом бою. И клинком, и мечом отстоим свою честь. И храбрых джигитов в степях не счесть. Ты - леопард, я - лев. Ты - скакун, я - горный сокол. И спуску вам не дадим. С добром пришли - добром ответь! Не хочешь мира - получишь войну!»* [5, с.231].

По своему содержанию выступления степных ораторов, биев или мудрых старейшин касались, как отмечает Б. Адамбаев, земельной, имущественной, скотоводческой, сиротской и моральной сторон человеческой жизни [6, с. 154.]. Многие из выражений стали фразеологизмами. Рассмотрим их подробнее:

–Фразеологизмы, связанные с земельно – территориальными вопросами:- *О чем еще можно мечтать, если дома есть Шон, а в степи – Шорман?- Место, где бии принимают решение сообща и т.д.*

–Фразеологизмы, связанные с скотоводческими вопросами: *В горах – Сасан, в низине – Коса;Все блага у Шаянбая; Кенгирбай вместо барана дает ягненка, вместо скакуна - обычную лошадь* и т.д.

Что касается выражения: *«Кенгирбай вместо барана дает ягненка, вместо скакуна - обычную лошадь»*, необходимо обратиться к истории. Между родами керей и тобыкты участились случаи барымта (угон скота). На предложения представителей рода керей прекратить воровство скота, Кенгирбай отвечает: *«Сначала верните мне земли, а я же верну ваш скот»*. Когда керей и люди племени Жобай дали согласие вернуть земли,

Кенгирбай вновь стал упрекать посланцев – кереев в том, что они первыми начали захватывать его земли, и что вследствие барымта скот стал терять свое качество, терять свой вес. Отсюда и родилось выражение: «Кенгирбай вместо барана дает ягненка, вместо скакуна – обычную лошадь», подчеркивающее находчивость Кенгирбая.

– Фразеологизмы, связанные с понятием – «кұн» - «выкуп за убийство»: *У Тойке родился сын, для народа солнце взошло;*

Сын Тойке – кажи Акшайык проявил себя рассудительным и справедливым человеком в решении спорных вопросов, возникавших вследствие межродовых распрей. Даже известный оратор Иргайбай был вынужден признать свое поражение: *Хоть и считаюсь я среди своих сородичей мастером слова, но перед тобой, сын мой, склоняю седую голову, словно старый верблюд, и ростом, и умом сразу мал стал... Властвуй, будь хозяином этих земель, Стань вождем найманов – таково мое благословение* [7, с.177]. С этих пор и бытует выражение: «У Тойке родился сын, для народа солнце взошло», подтверждая широко известный афоризм «Конь показывает себя в состязании, а оратор – в споре».

На тот факт, что жители ВКО сохранили в людской памяти имена биев, указывают отдельные выражения, до сих пор бытующие в народе: *Карамеде би – достояние среднего жуза; словно лев, готов вцепиться зубами, не боясь крови, готов защитить своих сородичей Кенгирбай би; Если за правое дело борешься – иди к Ускенбаю, если же сам не прав – обратись к Ералы; Устами Тана говорит мудрость, слушай ее; айтыс говорит не спеша, но словом единым решает трудный спор и другие.*

Таким образом, бии оказывали личное воздействие на окружающих своим поведением, образом жизни. Рожденные в процессе деятельности, образцы творчества биев, их решения приобретали силу закона и выполняли регулирующую функцию. В итоге самобытная степная цивилизация, отмеченная неповторимыми особенностями, породила систему только ей присущих ценностей, сохранение и приумножение которых – долг каждого из нас.

Список литературы

- 1 Шешендік сөздер. – Алматы: Отау, 1990. – 166 б.
- 2 Янушкевич А. Дневники и письма. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.
- 3 Ақтайлак: [Электронды ресурс]. Ref: www.tarih.spring.kz/ru/history/medieval/figures/aktaylak//.
- 4 Садуақасұлы Ә. Тарихыңды танып біл. Алматы: Шартарап, 1996. – 295 б.
- 5 Қазыбек би: [Электронды ресурс]. [http://ru.wikipedia.org/wiki/казыбек би](http://ru.wikipedia.org/wiki/казыбек_би)
- 6 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алма-Ата: Мектеп, 1976. – 160 б.
- 7 Жемчужины веков (Казахские фольклорные образцы в собрании В.В. Радлова). Алматы: Наука, 1994. – 480 б.

Түйін

Бұл мақалада фольклордың мысалына айналып, қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін афористік өрнектердің шығу тарихы мен көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Мақаланың авторлары Шығыс Қазақстан облысының қазіргі Жарма, Аягөз және Таскескен аудандарында кеңінен таралған афористік өрнектердің ролі, орны мен көркемдік ерекшеліктері туралы толығырақ тоқталады.

Resume

This article is about the history of origin and artistic peculiarities of aphoristic expressions, which have become examples of folklore and reflect the spiritual and moral values of the Kazakh people. The authors of the article dwell in more detail on the role, place and artistic peculiarities of aphoristic expressions, which were used at various times by the famous biys and widely spread in the territory of the modern Zharma, Ayaguz, and Taskesken districts of the East Kazakhstan region.

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ КӨРІНІСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Ж. СҮЙІНЖАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің доценті

С. ЖҰМАТАЕВА

филология магистрі, Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аннотация

Мақала тіл мен дүниетанымның тұтастығы жайлы сөз қозғайды. Ұлттық дүниетаным – бірегей құбылыс. Ол сол ұлттың тілімен тығыз байланысты дамып отырады. Себебі, тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамның таным-түсінігі, өзіндік ойлау табиғаты, сана-сезімі арқылы қалыптасатын ұлттық дүниетанымын, мәдениетін бейнелеуші құрал. Мақалада қазақ тілі мен қазақ дүниетанымының бірегейлігі ақын Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы талқыланып, зерделенеді.

Түйін сөздер: ұлттық дүниетаным, тіл, тілдік тұлға, мәдениеттаным, таным, сана, бітім-болмыс, ойлау, рухани қазына, пәлсапалық пайым, көзқарас.

Дүниетаным – көп қырлы танылмаған заңдылықтары мол ерекше түзілім. Оның тұтас болмысын танып білу де, сипаттауда мүмкін емес. Ал дүниетанымның тілдегі көрінісін, біз сол тілді игерген тілдік тұлға арқылы тани аламыз. Тілдік тұлғаның дүниетаным картинасы – (картина мира) лингвистика, мәдениеттану, философия, психолінгвистиканың қарастырып отырған зерттеу нысаны. Ана тілін меңгере бастаған балада дүниетаным картинасы қалыптаса бастағанда сыртқы әлем белгілі бір категориялар негізінде ғана санасында қалыптаса бастайды. Уорф: «Бізге табиғатты қай бағытта танып-білу керектігімізді ана тіліміз айтады. Біз дүниедегі түрлі құбылыстар мен түрлі нәрселерді дәл солай болғандықтан емес, санамызда сақталған тілдік жүйеміз ұйымдастырған калейдоскоппен қабылдаймыз», - дейді. Ал, Ж. Пиаже былай дейді: «Мы осознаем отношения, которые наша деятельность устанавливает между вещами в той мере, в какой прекращается автоматическое пользование ими, и когда становится необходимым новое приравнивание». Сонда

бала өмір жағдаяттарына еріксіз қатысу дағдыларына ие бола бастайды да, жағдаяттарды санасында шығармашылықпен өңдеу жолдарын өз бойынан аша бастайды. Осындай үдеріс арқылы әрбір жеке адамның дүниетаным картинасы қалыптасады.

Тіл – адамның дүниені санасында түзу құралы, тәсілі. Дүние, болмыс жөніндегі халықтың пәлсапалық пайымдаулары, ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибелері, уақыттар мен ғасырлар ағымында қалыптасқан таным – түсінігінің негізі халықтың тілінде көрініс тауып, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Демек, дүниені тану ой үлесінде, адамзаттың ойлау үлесінде жатқан құбылыс болғанымен, оның өмірде ұғым, пікір, ой елегінің жиынтығы ретінде көрініс беруі, сөйтіп сол ұлттың күнделікті тіршілігі мен тұрмысындағы іс-әрекеттерден көрініс табуы, пікір алысып, өзара қарым-қатынас жасайтын ұлттың тілімен тікелей байланысты. Тіл – дүниетаныммен, дүниетаным – тілмен тығыз байланысты ұғымдар. Кез келген ұлт өзінің басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысын, дүние-әлемге, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасын қалыптастырады. Философтар мұны «бұл – дүниеге көзқарас, яғни адамның дүниені рухани игеруі» деп түсіндіреді [1,18]. Осы дүниеге көзқарастың бейнеленуінің, оны рухани игерудің әмбебап құралы – тіл. В.фон Гумбольдтің сөзімен айтар болсақ: «Тіл – сөйлеу арқылы ойды жеткізу үшін тұрақты қайталанып отыратын рухтың күші», демек әрбір ұлт өз тілінің шеңберімен қоршалған. Соның ішінде қазақ сияқты ауыз әдебиеті жоғары дәрежеде дамыған халықта дүниетанымның вербальді түрі басқалардың бәрінің орнын алмастырады.

Тіл – ұлт дүниетанымның, тарихының, барлық бітім-болмысының көрінісі екендігі айқын. Сондықтан ұлттық үрдіс пен ұлт тілінде жазылған кез келген шығарманың негізінде аталған дүниетаным, тарихи бітім-болмыс ұғымдарымен қатар, сол ұлттың өмірі, өмір сүру сипаты, ұлт қоғамында болған оқиғалардың ізі, ерекшеліктері жатады. Сол өмір сүру сипатына, басынан кешкен оқиғаларына байланысты ұлт тілінде көптеген ұғымдардың да қалыптасатындығы негізді. Бұл ұлт тілінің сол ұлттың дүниетанымнан хабардар ететіндігін дәлелдей алады. Демек, ұлт дүниетанымның негізгі көрінісі – тіл. «Халық өзін толық, әрі жан-жақты тілі арқылы көрсете алады. ... Халықтың тұрмысы мен түсінігінде бар барлық нәрсені, сондай-ақ, халық өз жадында нені сақтағысы келсе, соның бәрін тілінде сақтайды және тілінде көрсетеді», - деген орыс тіл біліміндегі тілді этнос болмысымен тығыз байланыста қараушы этнолингвист-ғалым Н.И. Толстойдың пікірінің де арқауы осы [2,62].

Тіл мен ойлау сабақтастығына байланысты қағидаға орай тілді дүниетанымның шеңберінде қарастырып, дүниетанымның халықтың салт-санасының үлесіндегі дүниелерін, тілін тани отырып зерттеу,

анықтау мәселесі қазіргі таңда тіл біліміндегі маңызды бағыттардың бірі. Бұл салада тек дүниетанымдық зерттеулер ғана жүзеге асып қоймай, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы мен саясатының, көзқарастары мен пәлсапалық пайымдауларының, психологиясы мен педагогика саласындағы ерекшеліктерінің т.б. ғылым салаларына қатысты ойлары мен түсініктерінің жиынтығын берудегі тілдің көркем мәтіндегі қызметі айқын көрініс табады. Нақтырақ айтқанда, тілдің ұлт тілі ретінде қызмет ету мүмкіндіктері, тілдік ерекшеліктері де жан-жақты танылуда. Ұлт тілінің табиғаты «ұлт пен тілдің біртұтастығы» шеңберінде кешенді түрде қарастырылады. Тілдің бұл қызметі белгілі ғалымдардың еңбектерінде тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі және экспрессивті-эмиционалдық мағына берудегі ең негізгі қызметтеріне қоса *кумулятивтік қызметі* деп аталады. Бұл ұлттың тарихында қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. ұлттың тіршілігіне сай қалыптасқан сан-салалы ұғымдары, рухани мұралары тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратындығының дәлелі болып табылады. Яғни, тілдің рухани қазынаны сақтап, мұра ретінде, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші қызметінің мәні де тіл білімінде ерекше атап көрсетіледі.

Тіл – адамның ойлау және бағалау қызметі процесінде барлық жасағандарын бейнелеудің және сақтаудың әмбебеп құралы болып табылатыны белгілі. Осы тұрғыдан қазақ тіл білімінде тілді танымдық қырынан анықтайтын тілтаным ұғымы мен дүниетаным ұғымы тығыз байланысты. Тілдің ойлаумен байланыстылығы жөнінде тіл біліміндегі теориялық тұжырымдардың негізіне тілдің тіл ретіндегі өмір сүруінің бір ерекшелігі жатады. Бұл тұжырымдар сонымен қатар тілдің қоғамға қызмет етуші, анықтап айтсақ, адам санасындағы ойды жеткізуші негізгі қызметін де айқындап береді. Ой тіл арқылы жарық көріп, халық арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастарды реттеп отырады. Керісінше, тілде адам санасында бар ойдың негізінде ғана сөздер, сөйлем құрылымдары, фразеологизм және т.б. сөз түрінде тілдік формаларға айналып, сыртқа шыға алады. Тіл білімі тұрғысынан ғылымдағы екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, бірі екіншісін толықтырып тұратын, ажырамас категориялар. Бұл – тіл білімінде жалпы тілдерге тән құбылыс ретінде белгілі, мықтап орныққан қағида. Алайда, тіл білімінде нық орын алған бұл бағыттағы зерттеу еңбектерінде келтірілген пікірлер мен түйіндерге зер салсақ, соңғы кездері тек жалпы тіл мен ойлаудың ғана байланысын, олардың өзара тұтастығын қарастырумен шектелмеуде. Тіл білімінде қазір кейбір тілдік ерекшеліктер мен құбылыстар тек жалпыадамзаттық деңгейде ғана қарастырылмайтын дәрежеге жетіп отыр. Бұл ерекшелікті тек жалпы тілдердің барлығына ортақ ерекшелік ретінде атап өтумен шектелмей, оны әрбір жеке ұлт тілдерінің аясында талдап,

дәлелді түрде ашып көрсету қажеттілігі туындап отыр. Ондай жұмыстар кейбір тілдік құбылыстарды жалпы ұлт тілдеріне тән ортақ жалпытілдік ерекшелік деп қарастыру шеңберінен шығып, әр ұлт тілінің арнасында жеке қарастырылып, әр ұлт тілінің тілдік ерекшеліктерін зерттеп, олардың өзіндік қыр-сырын айқындау бағытына бет алды. Тіл саласындағы бұл зерттеулердің мақсаты – тіл мен ұлттың бірлігін дәлелдеу. Әрі мұндай зерттеулер ғылымдағы қағидаларды әр ұлт тіліндегі көрінісі мен тілдік тәжірибеде қолданыс табу сипаты тұрғысынан нақтылай түседі. Екінші жағынан негізге алынған тілдік құбылыс зерттеліп, тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктері ашылады. Себебі, атап көрсетілген тіл мен ойлау мәселесі – ұлт тілінің шеңберінде қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі.

Жоғарыда жалпы тіл біліміндегі қағидаға сүйене отырып тұжырым жасасақ, әр ұлт тілі сол ұлттың өкілдеріне тән ойлау жүйесін бере алады. Әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық ерекшеліктері сол ұлттың тілінде өзіндік тарихи, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік т.б. даму, қалыптасу, деңгейінде беріле алады. Мұндай тұжырымды аударма жұмыстары нәтижесінде де дәйектеуге болады. Әсіресе, ұлттық ойлаудың, ұлттық дүниетанымның өзіне ғана тән ерекшелігін, нақтырақ айтатын болсақ, әр ұлттың өз дәстүрі мен салты, әдет-ғұрпы, ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері және т.б. осы сияқты қалыптасқан ұғымдары ұлт тілінің қалыптастырушы жүйесі ретінде көрініс табады. Ойымызды дәлелдей түссек, «Белгілі бір ұлттық қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени салты, оны өзге ұлттық салттардан айыратын өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшеліктер лексикада бейнеленеді, ол рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық формалары, түрлері, көріністері туралы хабар беретін фондық ақпаратты құрайды». Мысал ретінде мынадай жағдайды атап өтуге болады. Белгілі бір ұлттың болмысына, табиғатына тән ойлар тізбегін басқа тілге аударып беріп жүрміз. Алайда, біз өз ойымыздың ерекшелігін аудармашылар арқылы қаншалықты сол тілдің табиғатына, ерекшелігіне сай аударып бергенімізбен, басқа тілдің сөзі арқылы бәрібір ұлттық деңгейдегі ой, ұлт болмысы сол қалпында, ойлаған дәрежеде басқа қабылдаушы ұлттардың санасында жеткізілуі қиын. Бұл туралы ғалым А.Алдашева өз еңбегінде: «Көркем әдебиеттердің аудармаларында өзге тілдегі элементтердің сөзбе-сөз баламасының «бөгде» келбеті сезіліп тұрады, ал бұл ойлаудың образдылық типімен сыйыспайды», - дейді [3, 42]. Себебі, олар сөз табиғатын өз санасына сай түсінуге тырысқанымен, аударылған сөздер мен ойлар жиынтығын табиғи түрде қабылдай алмайды. Табиғи түрде аудармашы өзге тілде барынша жеткізуге тырысты, қабылдаушы мүмкіндігінше ойдың, ұғымның, табиғатын толық, түсінікті етіп қабылдауға тырысты деген күннің өзінде ойлар мен

ұғымдар қандай да бір белгілі мөлшерде өз сапасында өзге тілге жеткізілмейді де, қабылданбайды да.

Бұл жағдайда сөз табиғатының, ой табиғатының сапасына қатысты әйтеуір бір кемшіліктің, жетіспеушіліктің болатыны анық. Демек, ұлт тілі мен ұлт ойы да өзара біртұтас, бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, осы уақытқа дейін жалпы тіл мен ойлау деп қарастырылып келген бұл мәселе ұлт тілі мен ұлттың ойы шеңберінде қарастырылуы керек. Ал ұлттың ойлау жүйесінің өзі олардың өмір сүру үрдісінің негізінде қалыптасады. Оны ғылымда бір сөзбен *дүниетаным* деп атап жүр. Ұлттың дүниетанымына ұлттың бүкіл болмыс-бітімі толығымен жатады. Ұлт дүниетанымының табиғатын жоғарыда атап өткендей, сол ұлттың тілінде ғана толық түрде танып білуге болады. Дүниені тану – тіл арқылы жүзеге асатын күрделі үрдіс. Ал, *тілтаным* ұғымының ойдың тілдегі нақты көрінісін әр ұлт тілінің шеңберінде қарастырып, өз нәтижесін қалай бере алатынын лингвомәдениеттану саласы дәлелдеп отыр. Оның нақты көрінісін біз А. Вежбицкая, В.А.Маслова, Верещагин, Костомаров, В. Воровьев т.б. сол сияқты қазақ тіл біліміндегі Г.Смағұлова, Р.Иманалиева, А. Сейілхан т.б. еңбектерінен көреміз. Осы тұрғыдан алғанда *тілтаным* мен *дүниетанымның* бірлігі әр ұлт тілдерінде, жеке-жеке тілдік тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Бұл ұлт тілінің өзіне ғана тән дүниетанымдық сипаттарын беру мүмкіндігін көрсетіп, ең маңыздысы – тілдің ұлт тілі ретіндегі тілдік табиғаты мен ондағы тілдік қолданыстардың ерекшеліктерін ашып береді. Осы маңызы жағынан тілдің қасиетін, тілдік ерекшеліктерін, оның ұлттық дүниетанымдық ерекшелігімен байланыста зерттеу тиімді болып табылады.

Тіл – тек ойды білдірудің құралы, оның тікелей көрінісі ғана емес, тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан этнопсихологиялық, дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал. Демек, тілдің табиғатына тұтастай бір ұлттың болмысының жататындығын ескерсек, тілдің сол ұлттың өміріндегі маңызын байқау қиын емес.

Қазақ халқының дүниетанымдық ерекшеліктерін Абай шығармалары арқылы зерделеп көрсек. Кез келген үлкен ізденіс, ой толғаныс адам және әлем мәселесінен басталады. Бұл философиялық пайымдаулар - ешкім қарсы шыға алмайтын негізгі ақиқат. Өйткені, адамның адам болуының өзі дүниенің сырын түсініп, оны пайдалана білуінде, оның сұлулығын түсініп, ләззат ала білуінде.

Адам әр нәрсенің себебін іздейді. Сондықтан да оны жас кезінен-ақ «ол немене?», «ол неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» - деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді [4,7] (7-ші қарасөз). Дәл осындай сұрақтар, оны шешу жолындағы ізденістер адамды адам

етті, оны табиғаттың қалың ортасынан бөліп алып шығып, өзіне тән тіршілік машығын, мінез-құлқын, ұғым түсінігін дамытуына жағдай жасады. Абай ізденістерінде қазіргі уақыттағы таным теориясына кіретін көптеген ұғымдар орын алған, осы уақытқа дейін өзінің теориялық мазмұнын жоғалтпаған пайымдаулар өте көп. Таным процесі сезім мүшелері арқылы алынатын хабардан басталады; адамның сезім мүшелері білу, танудың көзі болып есептеледі. Көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен танып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамның орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай хайуан жаны болады» [4,7]. Ақынның түсінігінше, адамдықтың сыры дүниенің сырын білуге ұмтылу. Өйткені, білуге, көруге, үйренуге құштарлық – тек адам жанының құмарлығы. Генетикалық, биологиялық бірлік пен ұқсастық болғанмен жануарлар мен адамның сезім мүшелерінің арасындағы сапалық өзгешеліктер осыдан басталады. Тек адамның көзі ғана дүниенің әсемділігінен ләззат алуға мүмкіндік туғызады. Әрине, бұл ойды адамның басқа да сезім мүшелеріне де қаратып айта аламыз. Адамның сезім мүшелері – тарихи-практикалық іс-әрекеттің қалыптасып дамуының нәтижесі. Бес сезім мүшесі арқылы қабылданған сыртқы дүниенің құбылыстары із-түзсіз жоғалып кетпейді қайта керісінше, сол құбылыстардың немесе заттың суреті, бейнесі түрінде адам санасында жаңғырып сәулеленеді. Бұл жас балада әуелі өте аз мөлшерде ұшырасатын, жетілмеген, қалыптаспаған, бірақ тәрбиелеу арқылы күшейтілетін, дамытылатын «жанның» еріксіз күші. Егер жанның осындай қабілетінің дамуына көңіл аударылмаса, онда ол мүлдем жоғалып кетеді.

Рационалдық танымның формасы болып табылатын ойлау процесіне Абай көп көңіл бөлген. Ол туралы көптеген қызықты пікірлер қорытқан. Әртүрлі құбылыстардың сан алуан көріністердің себептерін мәнісін түсіну үшін ақыл керек. Ақыл адамға тән жоғары қасиет, «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз», «Сөз мәнісін білсеңіз, Ақыл – мидан өлшеу қыл» деп үйретті ақын. Абайдың ілімі бойынша, ақылды адам көргенін, білгенін сынап, орындысын, орынсызын үнемі тауып, өзінен-өзі есеп алып отырады, өзіне-өзі ылғи баға беріп отырады. Ақыл-ойға сабырлық, анықтылық және өткірлік қасиеттері жатады. Сезімге психикалық көңіл-күйінің жылылығы, қуаныш пен кек, құмарлық пен махаббат жатады. Төзімділік, талаптанушылық, нәпсі құмарлағын тыя білушілік ерік процестері болып табылады.

Абай логикасы бойынша, ақыл, сезім және ерік өзара тығыз байланыста, бірлестікте, толық тұтастықта және жарастықта болып отыруы адамның мүмкіншіліктерін молайтады, Ал, бұл қасиеттердің

жеке-жеке ажырап кетуі, тығыз байланыста, бірлестікте болмауы адамдарды қолайсыз жағдайларға душар етуі мүмкін. Табиғатпен қоян қолтық етене араласып, өмір сүрген қазақ халқының рухани мәдениетіндегі, философиясындағы шоқтығы биік, негізгі мәселе – Адам. Адамды, оны жеке тұлға, индивид, тірі жан ретінде саралау, оны әрбір қырына сәйкес анықтама беру қазақ философиясында Абай творчествосынан бастау алады. Адамтану ілімінде Абай өте қомақты фигура болып табылады. Батыс және Шығыс философиясынан қатар сусындап, рухани нәр алған Абай, адам мәселесінің небір терең ілімдеріне ой сүзіп, соны қорытындылар жасайды.

Қазақ философиясындағы адам мәселесінің жеке адамның бітім болмысын танудағы және ол туралы білімдерді қалыптастырудағы негізгі бетбұрыс Абай ізденістерінен рухани бастау алады. Абай адамды түзулікке, дұрыстыққа жетелейтін, адам бойындағы асыл қасиеттерге де ерекше мән берген. Ақын адам бойындағы махаббат, адамгершілік, достық сезімдеріне ерекше тоқталған. Адам табиғатына тән жан құбылыстарының ең асылы – сүйіспеншілік, махаббат сезімі. Француздың ұлы ойшылы Вольтер махаббатты адам бойындағы құмарлық сезімдердің ішіндегі ең күштісі деп тұжырымдап, оның себебін адам ақыл-ойының, жүрегі мен бүкіл тұла бойын билеп алатын махаббаттың ерекше әсерімен дәлелдесе, сол француз халқының екінші ұлы суреткері Бальзак махаббат күшінің тегеурінін жүрек пернелерін қаншалықты түгел тебіренге алатын қабілетімен өлшейді. Яғни, сол сүйіспеншілік мәселесіндегі шешуші рөлді жүрекке береді. Шығыстың жарық жұлдыздарының бірі Хафиз ақын ізгі де таза жүректерге нәр беретін күш тек қана махаббат екенін мойындаса, сол Шығыс аспанының екінші бір жұлдызы Сағди шынайы махаббаттың ешуақытта із-түссіз кетпейтін, адам өмірінің өне бойында бірге жасайтын баяндылығына ден қояды.

Махаббат лирикасы Абайдың ақындық мұрасында көлемі жағынан да, көркемдік мәні жағынан да көрнекті орын алады. Бұл өзі белгілі бір тақырыпты игеру жолындағы тәжірибе мектебі болғандықтан, оның алғашқы тәй-тәй қадамдарынан бастап, сезім дүниесінің биік шыңына шыққанға дейінгі ұзақ жолдың нешеме бел-белестері құз-қиялары, асу-асқарлары біріне бірі із жалғастырып, өзіндік бір әсем тіршілігі, әсерлі дем-тынысы бар, қуаныш пен шаттыққа толы, әрине, күрсінісі мен күңіренісі де баршылық тұтас бір дүниедей елес береді [5,27]. Соның белгілі бір кезеңіндей, әрбір туындының өз оқушысына өзінше ләззат, өзінше таным әкелетін татымды тағылымы бар.

Абай өз шығармаларында жастарға тек сауық-сауран қумай, ақыл-парасат жиып, мінез-құлық жарастығын, тұлға тұтастығын қалыптастыруды да насихаттайды. Адамгершілік, парасаттылық атты

ұғымдардың бір кетігін бойындағы басқа бір жақсылығыңмен жамап не бүтіндей алмайсың. Ақынның «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кеміді күнге...» деген өлеңдері, жастарды: «Жастық шак, бозбалалық уақыт қаншама қызық болғанымен, өтпелі. Сондықтан, уақытты текке өткізіп, опық жеп жүрмеуге» шақырады. Ұлы ойшылдың сүйіспеншілік, адамгершілік, парасаттылық жөнінде жастарға арнаған тағылымды жырларының ой қорытып, нүкте қояр түйіні деп «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңін айтар едік.

Өскелең жас, шын мәнінде шынайы сүйіспеншілік пен адамгершілік, ақыл-парасат асқарының биігіне көтеріліп, терең білім мен өнердің кәусарынан сусындай алсаң, онда арзанға әуестеніп, босқа уақыт жұмсама, өмірден өзіңе лайықты орныңды ал. Ақынның өз сөзімен айтсақ:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан.

Қорыта айтқанда, кемеңгер ақын, ұлы ұстаз Абайдың шығармаларындағы ақыл-кенес, насихат, ұлағат сөздерін парасат жайындағы біртұтас трактат, жүйелі ғылым, қазақ халқының моральдық кодексі секілді салалы еңбек деп бағалаймыз. Абай шығармаларын талдау арқылы біз қазақ халқының ұлттық таным-түсінігін, философиясын, бай рухани, ұлттық сана-сезіміне бағдар жасап, ұлттық дүниетаным көрінісінің негізгі құралы тіл екендігіне көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ғабитов Т, А.Мүтәліпов, Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: Паритет, 2002. – 40 б.
- 2 Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Ойлау тарихының белестері. – Алматы, 1994. -176 б.
- 3 А. Алдашева. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 320 б.
- 4 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 162 б.
- 5 Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 227 б.
- 6 Ахметов З. Абайдың ақындықәлемі. – Алматы, Ана тілі, 1995. – 281 б.
- 7 Қамарова Н. Абай өлеңдеріндегі психологизм. – // Абай, 2004.- №3. – Б.23
- 8 Нұрышова Г. Адам өмірі мен мәселесініңқазақ философиясындағы көрінісі. – Алматы: Домино, 2002. – 285 б.
- 9 Есім Ғ. Сана болмысы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 272 б.
- 10 Орынбеков Н. Ежелгі қазақ дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 168 б.
- 11 Ерғали И.Е. Философия как духовная деятельность. – Астана, 2003. – 283 с.

Резюме

Статья посвящена целостности языка и мировоззрения. Национальное мировоззрение - это уникальное явление. Оно тесно связано с языком, поскольку язык -

это не только средство коммуникации, но и отражение человеческой природы, культуры и картины мира. В статье уникальность и целостность казахского языка и казахского мировоззрения рассматривается и изучается на основе произведений известного казахского поэта и писателя Абая Кунанбаева. Фундаментальный прорыв в казахской философии о человеческой личности, признание идентичности личности и формирование ее познания - берет свое духовное начало от поисков Абая.

Resume

The article is about the integrity of language and worldview. The National worldview is a unique phenomenon. It is closely related with the language. Since language is not only a means of communication, as well as a reflection of human nature and culture. In the article the uniqueness and integrity of the Kazakh language and Kazakh worldview are discussed and studied by the works of the famous Kazakh poet and writer Abai Kunanbayev. A fundamental breakthrough in Kazakh philosophy about the human personality, recognition of the personality identity and the formation of its cognition takes its spiritual origin from the searches of Abai.

**«ІЛКІ ЖЕБЕУШІ» НЕМЕСЕ «ТӘЛІМГЕР» ҚАҒАРМАННЫҢ
МИФ ДҮНИЕСІНЕН КӨРКЕМДІК ӘЛЕМГЕ САПАРЫ**

Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ

филология ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

Қ.М. БАЙТАНАСОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

Г. САҒЫНАДИН

PhD,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ аға оқытушысы

Аннотация

Мақалада мифологиялық-фольклорлық сюжеттерден тұрақты орын алған бас қаһарман мен тәлімгер байланысы қарастырылады. Ғайыптан жебеуші, кеңесші, тәлімгер түрінде оқиғаға араласатын мұндай кейіпкерлердің негізгі қызметі мифтік баяндар мен ертегілерді талдау барысында көрсетіледі. Қаһармандар мен олардың жебеушілері жайлы ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, әлем және қазақ сөз өнері үлгілері осы аспектіде салыстырылады. Миф дүниесінен бастау алатын аталмыш кейіпкерлердің көркем әдебиеттегі бейнелері де сарапталып, тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: ілкі жебеуші, бас қаһарман, тәлімгер, сыйлық беруші, сиқырлы құрал, миф, ертегі.

Бізге тылсымнан яки ғайыптан жебеуші («ілкі жебеуші» деп анықтауға да болады), ақылшы, тәлімгер, ұстаз деген ұғымдағы тұлғалар барынша таныс. Кристофер Воглер айтқандай, «Ақылшы тұлғасы түсте, мифте, сондай-ақ кітаптар мен фильмдерде үнемі көрінетінін, әдетте, бұл бас қаһарманға немесе оны үйретушіге көмектесетін ұнамды кейіпкер» [1, 81] екенін де жақсы білеміз. Қаһарман мен ақылшының қарым-қатынасы – мифологияда барынша кең тараған және тұспалды мәні бар мотивтердің бірі. Мифтік баяндардан, ертегілер мен эпсаналардан бастап, көркем әдебиет үлгілеріне дейін ата-ана мен бала, ұстаз бен шәкірт, қария мен жас жігіт, мейірімді әже мен жасөспірім қыз, т.б. қарым-қатынастары ақылшы, яки тәлімгер және қаһарман байланыстары түрінде өрбиді.

Мифтегі оқиға қаһарманның сапар-саяхатынан басталады. «Олардың қабыл алмауға болмайтын шақыруға байланысты аттанатын

ерлік сапарында алғашқы болып жолығатын және сапарлаушыға жолында қалайда кез болатын айдаһардың мызғымас күшіне қарсы қолданатын құрал ұсынатын қорғаушы-кейіпкер (бәрінен бұрын бұл көп жасаған кемпір немесе шал)» екенін Джозеф Кэмпбелл өз еңбегінде атап өткен [2, 60]. Түркілік дүниетанымдағы бөрі-ана, Мысыр мифологиясындағы Горға көмектесетін Тот, т.б. құдайлар, Кельт мифологиясындағы Артур корольдің ақылшы-жебеушісі Мерлин, Грек мифтеріндегі Гераклді тәрбиелеген ақылды кентавр Хирон, Горгонаны жеңген Персейге жебеуші болған Афина мен Гермес, т.б. бас қаһарманның мақсатқа жетуінде маңызды орын алатын тұлғалар.

Жебеуші, қорғаушы, көмектесуші кейіпкерді В.Пропп өзінің «Морфология сказки» атты әйгілі еңбегінде «сыйлық беруші» (даритель) деп атайды. «Ертегіге енді сыйлық беруші, нақтырақ қамтамасыз етуші деп атауға болатын жаңа тұлға кіріседі. Ол, әдетте, орман ішінде немесе жол бойында кездейсоқ ұшырасады. Қаһарман одан іздеуші, сондай-ақ жапа шегуші ретінде, нәтижесінде бар бақытсыздықты жоятын (негізінен сиқырлы) бірсыпыра құралды сыйға алады» [3, 49].

Сиқырлы құрал қаһарманның қолына оңай беріле салмайды, көп жағдайда қаһарман оны алу үшін сынақтан өтеді. Сиқырлы тас, ғажайып қылыш, өмір тостағаны, алып қарақұстың бір тал қауырсыны, ерекше қасиеті бар көз, т.б. сыйлыққа берілетін құралдар бас қаһарманның жолындағы кедергілерді жеңуіне, мақсатына жетуіне бірден-бір себепкер бола алады. Жебеуші кейіпкер үнемі сыйлық бере бермейді, кейбір мотивтерде ол ақыл-кеңес беріп, жол көрсетуші, жөн сілтеуші ретінде ғана көрінеді.

Тәлімгер кейіпкердің немесе ілкі жебеушінің сыйлық берушілік қызметі мифтік баяндарда маңызды орынға ие. Жебеуші яки ақылшы кейіпкерден сый ретінде бір құрал алған қаһарман жолында кездесетін кедергілерден өте алады. Берілетін сый тек сиқырлы құрал ғана емес, ерекше қасиет болуы да мүмкін. Түркілердің Алпамысы да өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше қасиетке ие болады (суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді). Мысырлық Гор жебеушілерінен осындай ерекше сый алады.

Гор әкесі Осиристі өлтірген туысы Сетпен ұзақ уақыт шайқасады. Гор Сетті жеңіп, оны байлап-матап, әкесінің өлі денесіне әкеледі. Өзі бір көзін әкесі Осиристің аузына салғанда, ол тіріледі. Алайда, бұ дүниеге оралудан бас тартып, марқұмдар патшалығын билеуге қалады. Мысыр мифологиясында «Ұлы Тоғыздық» саналатын құдайлар шешімімен Гор әке тағына отырады [4].

Өз көзінен әділетсіз айырылған Горды жебеушілерінің бірі Тот барынша қолдап, осылай қасиетті көзді сыйға тартады. Осы көз Гордың ең басты мақсаты – әкесі Осиристі тірілтуге көмектеседі.

Ақылшы кейіпкер дана сиқыршы, сондай-ақ ақ сақалды қарт (шал), ақ шашты әже (кемпір), жалбыр киімді қаусаған бақташы, жер жыртқығын жамаған кемпір, жапан түзде жүрген белгісіз адам, т.б. бейнесінде көрінеді. Сонымен бірге, зооантропоморфты бейнелер туралы да естен шығармағанымыз жөн. Мифтік баяндарда ілкі жебеуші ретінде бөрі, қаз, аққу, киік, марал, т.б. тіршілік иелері де, бұлақ, тау, ағаш сияқты табиғат нысандары да әрекет етеді. Оған кельт мифтік баяндарынан және қазақ фольклорынан мысал келтірейік.

«Вортигерн король тағын Утер Пендрагон ханзадаға береді. Өзі Мерлинді бостандыққа жібереді. Утер король тағына отырған соң Мерлинді сарай барды етіп ұстамақ ниетпен, оған іздеу салады. Бір күні корольдің адамдары Броселианд орманындағы тоған жағасында демалып жатқанда, оларға жалба-жұлба киінген, сабалақ шашты, сақалы жалбыраған отыншы келеді де: «Сендер тапсырманы орындауда жауапсыз екенсіңдер. Егер мен Мерлинді іздер болсам, әлдеқашан табар едім. Менің сендерге айтарым, егер Утер оны іздеп өзі келмесе, ешкім де әкеле алмайды», – дейді. Мұны естіген Утер дереу тоған жағасына келеді. Сол жерде бір отар қой бағып жүрген, әбден қартайған, бүкір әрі ақсақ бақташыға кез болып, жалбыр киімді отыншы шалды көрген-көрмегенін сұрайды. «Бұл жерде менен басқа ешкім жоқ, – дейді кәрі бақташы, – ал, мына отар бүгін король іздеп келуге тиісті адамның иелігінде». «Мен корольмін», – дейді Утер. «Мен Мерлинмін», – дейді бақташы. Король Мерлинді сарайына алып келеді. Алайда Мерлин кейде сарайды тастап, қалың орманның ішіне кетіп, сумен, ағаштармен, бұғы, қасқырлармен тілдеседі. Мерлин кез келген аңға айнала алады. Таңертең бұғы, түсте қабан, кешке емен болады [5, 72].

Міне, бұл үзіндіден көргеніміздей, жебеуші, ақылшы қызметіндегі Мерлин тылсым күшке ие. Оған берілген ерекше қасиет бар. Сол қасиетінің арқасында елдің келешегін болжап, дүниеге келетін даңқты король туралы біледі және оған ақылшы болады. Үнемі қорғап жүреді. Король сарайындағы бітпейтін істерінен сытылып шығып, табиғатпен де сырласуды ұмытпайды.

Мерлин – друидке тән қасиеттерді иеленген кейіпкер. Друидтер кімдер, олардың қызметтері қандай, бақсылар мен друидтердің ұқсастықтары неде деген сауалдарға «Түркі мифологиясы: типологиялық сипаты, ортақ мотивтер және кейіпкерлер» атты зерттеуімізді ғалымдар тұжырымдарын негізге ала отырып жауап бергенбіз [6, 40].

Бас қаһарманның дүниеге келуі жебеушілердің болжамымен белгілі болатыны қазақ ұлттық фольклоры үлгілерінде де тіптен көп. Артурдың дүниеге келетінін болжаған Мерлин болса, Алпамыстың, Қобыландының, т.б. батырлардың дүниеге келетінін әулие қарт, яғни Баба түкті Шашты Өзіз түсте аян беру арқылы жеткізеді.

Қаһармандық эпостың ішіндегі ең көнесі – «Алпамыс батыр» жырында әулиеден әулиеге түнеп, дала кезген Байбөрі мен Аналық бір күні адыр ішінен бұлақ көреді. Байбөрі екеуі сол жерге түнейді. Түсінде асаменен түртіп оятқан диуана сүйіншілі жайтты аян етеді.

Жаратушы иенің бір ұл, бір қыз бергенін, ұлының аты – Алпамыс, қызының аты – Қарлығаш екенін жеткізеді. Ерекше жағдайда дүниеге келген Алпамысты қиын-қыстау жағдайларда Файып-ерен қырық шілтен, аруақтар үнемі демеп, қолдап жүреді [7, 64-185].

«Күн астындағы Күнікей қыз» атты қазақ ертегісінде бала алтын мүйізді шұбар киікті ханға сыйлаймын деп, басы пәлеге қалады. Себебі, ханның уәзірі киіктің астына қоятын, бір қанаты алтын, бір қанаты күміс тақты, одан соң жер астында өсетін алтын ағашты әкелуін сұратады.

Бала екінші сапарына бармас бұрын шешесі жолға шығып, киіктің астына қоятын тақтың дерегін білмек болады. Бір жерлерге келгенде, жайылып жүрген топ киіктің ар жағында жердің жыртығын жамап отырған кемпір кездесіп, жөн сілтейді [8, 279]. Жер жыртығын жамаған кемпір – жай адам емес, тылсым қасиетке ие дана кемпір. Жөн сілтеп, жол көрсету қызметін атқарып отырған бұл кейіпкердің архетиптік негізі мифологиядағы «Жер-Ана» ұғымын еске түсіреді. Бала үшінші сапарына, яғни жер астындағы алтын ағашты іздеп бара жатқанда алдынан ақ сақалды шал шығады. Баланың сапарының мәнісін білгеннен кейін, оған кеңес береді және сикырлы күші бар күміс сапты кездікті қолына ұстатады [8, 280]. Бала қырық ұрыға ет пісіріп жүргенде түсіне кіріп, сапарының мақсатын есіне салады [8, 281]. Ақ сақалды шалдың балаға кез болуы жайдан жай емес. Өйткені алтын мүйізді шұбар киік, бір қанаты алтын, бір қанаты күміс тақ, жер астында өсетін алтын ағаш – мұның бәрін хан иемденгенмен, тауып әкелген бала. Яғни, аталған нәрсенің барлығы да баланың өзіне тиесілі болуы керек. Мифтердегі вертикаль үш әлемді байланыстыратын Әлем ағашы немесе Бәйтерек – қаһарманның бар мақсатына жетуінің кепілі. Әрине, бала ағашты жер астынан шығарып, ханның есік алдына әкелгеннен кейін де баланың сапары аяқталмайды. «Ер Төстік» ертегісінде де Төстік бәйтеректің басындағы самұрықтың балапандарын айдаһардың аузынан аман алып қалған соң да біраз оқиғаларды басынан өткереді. Қалай болғанда да, бұл ағашқа кез болу – қаһарманның бақытты болашағының тұспалы. Жер асты – өткен шақ, яғни марқұмдар патшалығы. Ағаш тамыры сол әлемге

тиесілі. Бала ол ағашты өз орнына – жер үстіне шығарады. Бұл сапарда бас қаһарманға ақылшы, көмекшілер Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Саққұлақ серік болады. Осы серіктерінің (бұлар рух-иелік мифология кейіпкерлері) және өзі жолда жәрдем берген құмырсқаның көмегімен бала барлық шартты орындап, Күнікей қызды алып қайтады. Күнікей қыздың көмегімен хан мен уәзірден құтылып, бар мақсатына жетеді. Балаға қатысты *шұбар киік – алтын тақ – алтын ағаш – Күн астындағы Күнікей қыз желісінде шеше – жер жыртығын жасаған кемпір – ақ сақалды шал – Таусоғар – Саққұлақ – Көлтауысар – Желаяқ – құмырсқа* сияқты ақылшы, жөн сілтеуші, көмек беруші кейіпкерлер бас қаһарманның мақсатына жетуде өзіндік роль атқарады. Бұл ертегіде **ақылшы/ қаһарман** желісі тек бала мен шал ғана емес, хан мен уәзір байланысында да көрінеді. Ертегі құрылымында ақылшы – қаһарман желісі бинарлық-оппозициялық сипатымен көрінеді. Баланың қасында шал үнемі бола бермейді. Алайда, ол түске кіреді. Ал, ханның қасында уәзірі үнемі болады. «*Ақ сақалды шал мен бала*» ↔ «*уәзір мен хан*» оппозициялық жұбы туынды құрылымындағы *ақылшы/қаһарман* қарым-қатынасының тартысқа құрылған күрделі құрылымында маңызды қызмет атқарады.

Мифологиядағы негізгі мотивтер мен сюжеттердің көбі бас қаһарманның өздеріне магиялық құралдарды сыйға тартып және сапарларына сәттілік тілейтін құдіретті қорғаушыларымен кездесулерін сипаттаумен байланысты. Гомердің «Иллиада» және «Одиссея» поэмаларында әрбір қаһарман Олимп тауын мекендеген «құдайлардың» желеп-жебеуіне ие. Тіпті кейбір кейіпкерлерді жартылай құдай, жартылай адам табиғатты ғажайып тіршілік иелері тәрбиелеп өсіреді. Бұл жерде әлемдік әдеби үлгілердегі барлық тәлімгерлердің бастауында тұрған кентавр Хиронды айтсақ болады. Хиронды К.Боглер «тәлімгерлердің прототипі» деп атайды [1,177].

Қазіргі романдар мен повестерде, әңгімелерде қаһарманның тәлімгердің көмегіне жүгінуі түрлі пішінде кездеседі.

Бразилиялық жазушы әрі ақын Пауло Коэльоның оқырмандары өте көп «Алхимик» романы – авторына әлемдік даңқ әкелген туынды. Романның мұншалықты танымал болуының бірден-бір себебі – оған тән мифтік мотив пен мифопоэтикалық суреттеулер болса керек. Бас кейіпкер Сантьяго деген жас жігіт екі рет бір түсті көреді. Осы түсін жорыту үшін ол Тариф қаласында тұратын кемпірге келеді. Мифтік баяндардағы көріпкелдер сияқты, кемпір де жасөспірімнің неге келгенін айтпай-ақ біледі.

« – Я не за тем пришел, чтобы ты мне гадала по руке, – сказал он, жалея, что вообще переступил порог этого дома: не лучше ли будет

заплатить, сколько скажут, да идти восвоюси. Слишком большое значение придал он своему сну.

– Знаю. Ты пришел, чтобы я растолковала тебе твой сон, – ответила цыганка. – Сны – это язык, на котором говорит с нами Господь. Когда это один из языков мира, я могу перевести с него. Но если Господь обращается к тебе на языке твоей души, он будет внятен тебе одному» [9, 7].

Әуелде қалай да ақы аламын деген түс жорушы кемпір Сантьягоның қандай түс көргенін тыңдағаннан кейін басқа талап қояды:

«Сейчас я с тебя ничего не возьму, – молвила она наконец. – Но если найдешь сокровище, десятая часть – моя. Этот сон на Всеобщем Языке, – сказала она. Слушай же: ты должен идти к египетским пирамидам. Отправляйся туда: там ты найдешь клад и разбогатеешь» [9, 8].

Бас қаһарманның қандай қазынаға ие болғалы тұрғанын өзіне берілген ерекше түйсік арқылы сезген кемпір осылай дейді. Ол, тіпті Мысыр пирамидалары туралы да білмейді. Білетіні – түсте берілген аяанның тегін еместігі. Сантьягоның келесі кездестіретіні – бейтаныс шал. Өзін «Салимнің патшасымын» дейді. Өз қызметі үшін бақташы жасөспірімнен отар қойының оннан бірін сұраған ол құр қол емес. Сантьягоға екі қымбат тас береді:

«– Вот возьми, – и он, сняв два камня – белый и черный, – украшавшие его нагрудник, протянул их Сантьяго. – Они называются Урим и Тумим. Белый означает „да“, черный – „нет“. Когда не сумеешь разобраться в знаках, они тебе пригодятся. Спросишь – дадут ответ. Юноша спрятал камни в сумку. Отныне и впредь принимать решения ему придется на свой страх и риск» [9, 13].

Бейтаныс шалдың (бас қаһарманға екі түрлі тасты беруі – В.Пропп айтқан оқиғаға жол ортадан араласып, «сыйлық беруші» ретінде көрінетін тәлімгер, кеңесші бейнесін еске түсіреді.

Сантьягоның Алхимикпен кездесуі – романның шарықтау шегі. Қаламгер мифтік сюжеттерге тән бұл кездесуге дейін бас қаһарманын психологиялық тұрғыда әбден шыңдайды. Көріпкел кемпір, Мелхеседек патша, Хрусталь сатушы – бұлардың әрқайсысынан алған тәлім Сантьягоны рухани жетілдіре түскен. Сөйтіп ол Алхимикпен кездескенде Әлем тілін түсінетін, Әлемнің жанын сезінетін санатқа көтерілген, бұл кездесуге әбден дайын адам болып шығады [9,36].

Ілкі жебеушінің, тәлімгердің, кеңес берушінің назарында болған Сантьяго іздеген қазына өз ауылында, өзі мал бағып жүрген жерден табылады. Көркем әдебиет үлгілерінде «ғайыптан жебеуші» ретінде көрініс беретін детальдар да маңызды роль атқарады. Әлемге әйгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты»

повесінде Шыңғыс ханды Көк Тәңірінің жебейтіндігінің белгісі аспандағы бір шөкім ақ бұлт арқылы білдіріледі.

«Төбеңде бір шоқ бұлт үйіріліп жүреді. Және қайда барсаң да артыңнан қалмайды ... – Ол сенің жер бетінде әмір жүргізуіңді Көк Тәңірі де қолдайтынының белгісі болмақ. Бірақ, сен ол бұлтты көзіңнің қарашығындай сақтауға тиіссің, егер одан айрылар болсаң, онда өзіңнің барлық айбар-қуатыңды да жоғалтқаның» [10, 266].

Бір шөкім бұлт – көркем деталь, символ. Оның негізі де мифтік танымнан бастау алады.

Ш.Айтматов шығармаларындағы жебеуші, қолдаушы, қамқоршы ретінде оқиғаға араласатын кейіпкерлер туралы ғалым Ж. Аймұхамбеттің «Ш. Айтматов шығармаларының мифопоэтикалық құрылымы» атты зерттеу мақаласында талданып, тиісті тұжырымдар жасалған болатын [11, 7-15].

Жебеуші-кейіпкердің мифтік таным кеңістігінен көркемдік танымға «сапары» адамзат санасының «көнелігі» мен «жаңашылдығын», жалпыадамзаттық, гуманистік мұраттардың қай кезде де өз маңызын жоймайтындығын, үздіксіз күрес тынысын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Воглер К. Путешествие писателя. Мифологические структуры в литературе и кино. Пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Альпина нон-фикшн, 2017. – 476 с.
- 2 Кэмпбел Д. Тысячеликий герой. СПб: Питер, 2018. – 352 с.
- 3 Пропп В. Морфология сказки. Серия «Вопросы поэтики». Выпуск XII. Ленинград: «ACADEMIA», 1928. – 172 с.
- 4 Қараңыз: Гор и Сет: http://licey.net/free/3-mify narodov mira/7-mify narodov vos- toka/stages/355-gor_i_set.html).
- 5 Широкова Н.С. Мифы кельтских народов. М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2005. – 172 с.
- 6 Аймұхамбет Ж. Түркі мифологиясы: Типологиялық сипаты. Ортақ мотивтер және кейіпкерлер//TÜRK DÜNYASI, Dil ve Edebiyat Dergisi/ (Bahar-Spring 2017). Ankara, TURKEY/tdk.2017.2. - 25-43 бб.
- 7 Алпамыс батыр қиссасы (С.Аққожаев нұсқасы). Кітапта: Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 384 бет.
- 8 Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.
- 9 Коэльо П. Алхимик. М.: София, 2005. – 52 с.
- 10 *Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. Роман, повесть. – Алматы: Атамұра, 2005. – 312 б.*
- 11 Аймұхамбет Ж. Ш.Айтматов шығармаларының мифопоэтикалық құрылымы // Хабаршы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. № 5 (108) 2015. – 524 б.

Резюме

В статье рассматривается связь главного героя и наставника, которую так часто можно наблюдать в фольклорно-мифологических сюжетах. В результате анализа сказок и мифических повествований демонстрируется основная функция таких героев, которые

становятся участниками сюжетов в качестве сверхъестественных покровителей, советников, наставников и т.д. На основе теоретических концепций научных трудов, посвященных рассмотрению связи героев и их покровителей, сравниваются образцы мирового и казахского словесного искусства. Проведенный анализ образов таких героев в художественной литературе позволил достичь конкретных выводов.

Resume

The article deals with the relation between the protagonist and the mentor, which is so often seen in folklore and mythological plots. As a result of the analysis of fairy tales and mythical narratives, we demonstrate the main function of such heroes who then become participants in plots as supernatural protectors, advisers, mentors, etc. On the basis of theoretical concepts of scientific works that deal with the consideration of the relation of heroes and their patrons, the samples of world and Kazakh verbal art are compared. The analysis of the images of such heroes in the literature has made it possible to reach certain conclusions.

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТАҒДЫР»
КОНЦЕПТИСІНІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІСІ**

М.Б. БАЙМУХАНБЕТОВА

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Ғ.Қ. РЕЗУАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

А.Ш. ТЛЕУЛЕСОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Аннотация

Аталмыш мақалада Абай шығармаларындағы тағдыр концептісі тілдік-танымдық жағынан қарастырылған. Тағдыр – концептісі Абай шығармаларында үлкен орын алатындықтан, ақын шығармаларындағы тағдыр шешімінің көрінісі поэмалары сюжетінде жүйеленіп көрсетілді. Абайдың тағдыр туралы танымы бір жағынан, дәстүрлі ой ұғым түсінікке негізделсе, екінші жағынан, ақын дүниетанымындағы тағдыр, адамның өнбеген іс-әрекетін мойындауы болып табылады.

Түйін сөздер: Абай шығармашылығы, тағдыр концептісі, таным, түсінік, концептілер жүйесі, тілдік көрініс, когнитивтік модель, когнитивтік лингвистика

Абай шығармаларында ортақ таным, мұрат пен мақсат, моральдық толғаныстар ең алдымен, адам өмірінің қат-қабат қыры мен ішкі сыры, жарық дүние сәулесімен қатар өрілген қайғы мен қуанышы, үміті мен мұңы, арман тілегі арқылы білдіріледі.

«Тағдыр» концептісі тілдік таным қырынан Абай шығармаларындағы негізгі концептілердің бірі ретінде қарастыру қажеттілігі дәлелдеуді қажет етпейді. Ақындық ішкі қуат пен сезіп түйсіну дағдысы және дүниені танып қабылдау – ақын шығармашылығындағы үзілмес арқау болып табылады.

Тағдыр концептісі Абай шығармаларында үлкен орын алады. Ақынның шығармашылығындағы тағдыр туралы ұғым түсінігін талдаудың танымдық лингвистика үшін мәні зор.

Зерттеушілер ғаламның тілдік моделін тануда ең алдымен әр тілдегі ұлттың өмір және тағдыр туралы танымына тоқталады. Тағдыр және талай танымы – әрбір ұлттық тілдің ішкі құндылықтарын құрайтын негізгі концептілердің бірі. Ғалым Қ. Жаманбаеваның қазақ тіл білімінде тіл қолданысының когнитивтік негіздерін анықтаған еңбегінде былай дейді: «Қарап отырса, дара тұлға, эстетикалық форма, тіл үшеуінің бірлігі бір, ішкі тұтастығы бір екендігі аңғарылады. Сонда құндылық дегеніміз ішкі бірлігі, ішкі тұтастығы бір дүниелерден, терең негізді семиотикалық жасалымдардан құралып, сол арқылы жеке адамның сана бітімін айқындайтын жүйе» [1,104].

Демек, жеке адамның шығармашылық санасы арқылы танылған эстетикалық форманың тілдік көрінісі күрделі біртұтас құрылым болып табылады. Дүниенің тілдік моделін бейнелейтін тілдік ақпарат жүйесінде дара тұлғаның ақиқат дүниеге қарым-қатынасы танылады. Ол концептілер жүйесін құрайды. Сондықтан да дара тұлғаның танымын айқындау – когнитивтік лингвистиканың негізгі нысаны болып табылады.

Бұл жөнінде В.И. Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау», - деп, негізгі тірек концепт аясында танылатын болмысты тануды когнитивтік лингвистиканың міндеті негізінде қарастырады.

Осы орайда қазақтың рухани және адами болмысын шебер бейнелеген дара тұлғалардың бірі – Абай шығармашылығындағы тағдыр танымы жалпыхалықтың дүниетану шеңберін айқындауға негіз болып табылады.

Абай шығармаларындағы тағдыр концептісі де кейінгі ақындар шығармашылығындағы сабақтастықтың үлгісі бола алады.

Тағдыр ақын шығармаларында «жазмыш», «жалған», «дүние» ұғымдарымен бірлікте және қазақ танымындағы түсінік аясында қолданылғанмен, әр ақынның тілдік танымындағы сөз мағынасының өрісі әр қалай деуге боларлық.

XIV ғасырда Рабғузи «Әр кісінің маңдайына анасының қарнында жазылады. Одан асып жаман да, жақсы да болмайды», - делінетіндігі айтылады. Жазмыш дегеніміз – жеке адам тағдырының маңдайдағы құпия жазуы. Ана құрсағында жатқанда-ақ алдын ала пенденің басынан кешіретін басты кезеңдері тұспалданып, пешенесіне хатталады... [2,296]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де «жазмыш» сөзінің мағынасы осымен ыңғайлас берілген: «Жазмыш – Алла маңдайға жазған тағдыр, бұйрық, жазу» [3,191]. Жазмыш мифологиялық танымдық негіздері де осыны меңзейді. «Жазмыш», «жазмыштан озмыш жоқ», «не жаздым», «е-е, жазған-ай, маңдайыма жазылған», «жазығым не» сияқты абстрактылы

ұғымдардың реалды әрекеті, жазу әрекеті екендігін көреміз. Біреу біздің тағдырымызды алдын ала жазып қояды немесе біздің тағдырымыз бір нәрсеге (кітапқа) алдын ала жазылып қойылады...»

Абайдың да тағдыр туралы түсініктеріне осы ұғым негіз болып қаланған. Бұл дүниетанымын түсініктерінің тек бір жақ қыры ғана деп санауға болады. Ақынға тән «тағдыр» концептісінің екінші қырын – діни танымдық негізінде қарастыратын болсақ, Абайдың шығармасында кездесетін «жүрекке сызық түсті» психологиялық жай-күйді білдіретін сөз тіркестері ақынның танымдық түсініктің екеуіне де қатысты болғандықтан **«тағдыр сызығы»**, **«жүрекке түскен сызық»** сөз тіркестері «тағдыр» сөзінің концептуалдық өрісін құрайтын бірліктерге айналып тұр.

Ақын шығармаларындағы **«тағдыр» концептісінің құрылымын екі когнитивтік модельде көрсетуге болады:**

1. Тағдыр, жазмыш – Алланың жазғаны, бұйрығы.

«Жарлығына Алланың,

Ерте ойлаған көнбек-ті.

Олар да тірі қалған жоқ,

Тірлік арты өлмек-ті».

«Ойламаған өлімнен

Жасқанамын демек-ті.

Тағдырға тәбділ бола ма,

Сабырлық қылсақ керек-ті».

«Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек», -

Берілген өлең жолдары Абайдың тағдыр жөніндегі таным шеңбері діни және ұлттық ұғым – түсініктерімен астасып жатқанын көрсетеді. Мұнда да-мақ есімше тұлғасының стильдік қызметі айрықша танылады. Бұл жерде ті формасының да ерекше когнитивтік стильдік қызметі көрінеді. «Көнбек-ті», «демек-ті», «өлмек-ті» сөздерінде шебер қолданылған қосымша «көнбек абзал, демек абзал, өлмек абзал, сабыр қылу абзал» деген әрі лексикалық мағынаны алмастырып, семантикалық мүмкіншілігі эстетикалық мақсатта барынша пайдаланылған, әрі 7 буынды өлеңнің буын санын тепе-теңдікте, сол арқылы сөйлеуші адамның көңіл күйіндегі тепе-теңдікті, ырғақты да дәл бейнелеп тұр. 2,4-өлең жолдарында қайталанып келуі арқылы өлеңнің сабырлы қалпын асырып, жазмышқа мойынсұну қажеттілігіне еріксіз «көндіріп» тұр. Мұндағы «ті» қосымшасының когнитивтік қызметі – ішті өртеген қайғыны, шықпай қалған эмоциядан арылуға, қайғыны жеңілдетуге

қызмет етуінде. Және өлең жолын оқығанда да акынның қайғыдан қайысқан күрсінісі әсіресе соңғы буында айрықша сезіледі, ол айтылмаса сыртқа шығып келе жатқан қайғы мен мұң ішке қайта жұтылып кететіндей.

Тағдырға қарсы тұру – Аллаға қарсы келу. Қалыптасқан түсінікке байланысты **«тағдырға мойынсұну, көну»** ұғымы да бірлікте жұмсалады. Ол *Абайдың* Әбдірахманның өліміне шығарған өлеңдерінде былайша көрініс тапқан:

Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә? [4,103].

Бұл өлең жолдарында, яғни тағдыр – Алланың бұйрығы, соған көну, оны тағдыр деп қабылдау адам баласының ісі екендігі айтылған. Адам туғанда өзінің тағдыры жазылады, ал тағдырды өзгерту, жақсы жаққа бұру, яғни қоғамына сай өмір сүру, білім алу, ол – адамның күнделікті амал-әрекеттері мен ісіне байланысты. Абай қазақтың танымындағы тағдыр түсінігін өз өмірінің елегінен өткізіп, оған терең мән-мағына жүктейді.

Тағдыр көбінесе діни негізде түсіндіріледі. Абай өлеңдерінде **«тағдыр озбақ, о бастан арналмаған, бұйыртпаған»** деген тіркес кездеседі. Қазақтың **«жазмыштан озмыш жоқ»** деген танымына орай Абай Әбдірахман өліміне арнаған өлеңдерінде тағдырға көну, мойынсұнудан басқа қолдан келер дәрмен, іс-шараның жоқтығын айтқан:

Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен,
Жасқанамын демепті.

Тағдырға тәбіл бола ма

Сабырлық қылсақ керек-ті [5,163].

Адам дүние есігін ашысымен-ақ тағдыр жетегінде болады, өйткені адамның өмір сүргені, өмірде істеген амалдары, қуанышы мен қайғысы, барлығы да – оның тағдыры. Тағдыр өзгертілмейді. Оны Абай жиырмасыншы сөзінде былай деген: Тағдыр өзгертілмейді, пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол тағдырды адаммен бірге жаратылған нәрсе, - дейді. Демек, адам тағдыры дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, бірге жаратылады. Адамның күнделікті өмірі – оның тағдыры. Ол – өз қолында, оны қабылдауға, өзгертуге адамның ақылы мен ой-санасының,

дүниетанымы жоғары болуы керектігі Абайдың Әбдірахман бұл дүниеден озғанда айтқан басу сөздерінен көрініс тапқан:

Сақта дейміз қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдия жоқ,
Тәубә қылса керек- ті [5,167 б.].

Абай өз өмірінде сүйікті ұлының өліміне дейінгі өлеңдерінде тағдырға кез болу қай күні екені белгісіз, бірақ бұл өмірдің өтпелілік заңы бар екендігін төмендегідей жыр жолдарында:

Амалсыз **тағдыр** бір күн **кез болмай ма?**
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? [5,134 б.]. – танытады.

Абайдың тағдыр туралы бірінші танымы – осындай дәстүрлі ой ұғым – түсінікке негізделсе, екінші – ақын дүниетанымындағы тағдыр, адамның өнбегені іс-әрекетін мойындауы болып табылады. Бұл мазмұндағы сентенцияның табиғатына лайықты тілдік форма **риторикалық сұрау** арқылы ұтымды шыққан. Риторикалық сұраулы сөйлемдердің жауапсыз, сұрағының өзінде жауабы берілетін сөйлемдер болып келуі тағдыр тақырыбын ашуда ең оңтайлы айшықтау тәсіліне айналған. Берілген сұраққа жауаптың берілмеуі тағдырдың баршаға мәлім абсолютті ақиқатын жауапты күтпей-ақ қабылдауға мәжбүрлейді.

Бұл Абайдың қоғамынан, айналасынан жеңіліс тапқан көңіл күйін бейнелейтіні өлеңдерінде айқын байқалады. Абай заманын түзетпек болған әрекетінің нәтижесіздігіне налып, шарасыздықты тағдырым деп қабылдауға мәжбүр:

Әуелде тәңірім **сорлы** етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күңіреңтті,
Тағдырға білдік көңгенді [5,118.].
Сорлы асық сағынса да, сарғайса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да...

Мұндағы тағдырға қарсы шарасыз авторлардың лирикалық бейнелерін «сорлы», «шірік өкпе» сөздері арқылы бейнеленуі лирикалық сюжеттің бояуын қалыңдатып, субъективтік мазмұнын нақтылай түседі.

Абай шығармаларындағы тағдыр шешімінің көрінісі поэмалар сюжетінен мол көрініс табады. «Әзімнің әңгімесі» поэмасында Мұстапа мен Сапа деген ағайынды жігіттердің екіге бөлініп кетуі – тағдыр ісі дейді. Ал одан кейінгі Әзімнің өсуі, еңбек етуі, өмірі өзіне байланысты. Оның шалдың сөзіне сеніп, тау басында қалып қиындық көруі – мұның бәрі де Әзімнің тағдыры. Ал сол тағдырды жасаушы – Әзімнің ақыл-ойы, іс-әрекеті, яғни өзі. Таудың басында қалғаннан кейін Әзім қанша ойланса да өз тағдырын басқаша өзгерте алмайды, өткенге өкіне алмайды, тек амал-айла, жол іздейді. Абайдың мұндағы айтар ойы – адам баласы өз өмірінің иесі, оның сәнді болуы өз қолында.

Татьяна мен Онегин арасындағы қарым-қатынастан Абай **тағдыр қоспаған, қосылуға тағдыр жазбаған, тағдыр ісі, тағдыры араз** сияқты таным-түсінікті танытады.

Айтылғандарды жинақтай келе, ақын шығармасының өзекті екінші жағын ашып көрсетуге болады.

2. Ақын шығармашылығындағы тағдыр, жазмыш адаммен және ол өмір сүріп отырған ортамен тұтастықта, тығыз бірлікте түсіндіріледі. Өмірдегі сәтсіздіктерге, реніш пен қайғыға тағы басқа өмірдегі қиындықтарға тағдырдың жазғаны деп қарау адамға еш нәрсе бермейді. Адам бұл өмірде өзінің өмірін жасаушы белсенді әрі саналы тұлға, сондықтан да «тағдыр» концептісінің келесі когнитивтік моделі – «адамның тағдыры өзінің қолында» екендігі. «Бүкіл ғалам, адамзат, жан-жануарлар, мақұлқат – бәрі-бәрі жазмыш бойынша жүреді деу – қате. Жазмыш – бар болғаны іс-әрекеттің, оқиғаның, болмыстың, тағы басқалардың алдын ала болжамдалуы. Болашақты, ғайыпты қатесіз жорамалдау – Алла тағаланың шексіз ғылымының бір көрінісі. Жаратушының барлық болжамы айна-қатесіз орындалады. Бар ғажап осында. Осыдан келеді де айыпсыз Аллаға айып тағылады. Бәрін істеп отырған өзі дейді. Шын мәнінде адам тағдырын шешу (негізінен) өзімізді қоршаған табиғи ортаға, қоғамға, ата-ана, туысқандарға, тағы басқаларға, қала берді өзімізге жүктелген [2, 296].

Ақын шығармаларында тағдырдың салған ісіне налу, түңілу, күйіну сарыны басым байқалады. Сондықтан Абай шығармаларында тағдырдың ісіне мойынсұнумен бірге оған *өкініш білдіру, ішкі наласы мен назын білдіру, түңілу, өмірдің қызығынан бас тарту, үмітсіздікке берілу* сарыны байқалады:

«Өтті өмірім,
Қайтты көңілім
Бұл дүниенің ісіне»...
«Қапамын мен, қапамын,

Қуаныш жоқ көңілде,
Қайғырамын жатамын,
Нені іздеймін өмірде?»
«Қайтты ма көңіл бетімнен,
Яки бір қапыл қалдым ба?
Өткен күнге өкінбен,
Әм үміт жоқ алдымда».

Тағдырды Алланың ісі деп мойынсұна қабылдау идеясы мынадай екі түсініктің қарама-қарсылығы арқылы ашылады: Тағдырды талақ ету – Алла ісіне көну, яғни тағдырға көну – бұл Алланың ісіне көну болып табылады. Тағдыр адамның айтқанымен жүрмейді, жаратқанның бұйрығымен болады, онда тиянақ жоқ.

Айтылғандарды қорыта келе, ақынның тағдыр туралы ұғым түсініктері екі үлкен арнаға топтастырылып, тағдыр концептісінің дүниетанымдық көрінісі екі шешімге ие болғанын көреміз:

1) тағдыр алла әмірі болса – еш шара жоқ, ол – сабырлық пен шыдамдылыққа ұласады.

2) өмірдегі амалың іс-әрекет арқылы тағдырды адам ақыл-оймен түзетуге болады, тағдырды өзгерту – өз қолыңда. Осы классикалық танымның тілдік және ұлттық көріністері әр тілде арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі екендігін көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- 2 Мағауин М. Абайдың ақын інісі // Жұлдыз. – 1988. – № 2. – Б.52
- 3 Қожахметова Ф.Б. Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Филол. ғыл. канд. авторефераты. – Алматы, 2004. – 24 б.
- 4 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 301 б.
- 5 Нұрғалиев Р. Шәкәрім Құдайбердиев – ақын, тарихшы, философ, композитор // Арай. – 1988. – № 8. – Б.27
- 6 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. // Тілтаным. – 2001. № 4. – 39-43-бб.
- 7 Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 174 б.

Резюме

В данной статье рассмотрен концепт судьба в творчестве Абая с точки зрения языкового познания. Так как концепт судьба занимает особое место в произведениях Абая, были системно изысканы сюжеты его поэм, произведен языковой, познавательный анализ стихотворений. Познания Абая о судьбе, с одной стороны, построен на традиционном понятийном обосновании, с другой стороны, судьба является признанием

результатов безуспешных деяний человека. Данные темы были охвачены и рассмотрены на соответствие природе сентенции.

Resume

In this article the concept of “destiny” in the works of Abai is considered from the point of view of the language cognition. As for the concept “destiny” occupies a peculiar place in Abai’s works, there were given his poems’ plots and there was given the linguistic and cognitive analysis of his poems. Abai’s knowledge about the destiny, on the one hand, is built on the traditional cognitive ground; on the other hand, the destiny is the acknowledgement of the results of vain human actions. These themes were examined according to the nature of centenary.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ МАҢЫЗЫ

Ж.Е. БЕКЖАНОВА

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
шетел филологиясы кафедрасының
доцент м.а, (PhD)

Аннотация

Мақалада «академиялық дискурс» ұғымы оған жақын «ғылыми дискурс» және «педагогикалық дискурс» ұғымдарымен салғастыра негізделген. Үш ұғымның арасындағы ара-жігі ажыратылып, академиялық дискурста анықтама және сипаттама берілген.

Түйін сөздер: академиялық дискурс, педагогикалық дискурс, ғылыми дискурс, жіктеу, перспективалар, студенттік коммуникация.

Бүгінгі таңда лингвистикада және басқа да гуманитарлы ғылымдар да дискурстың сан түрлі типтері анықталады. Көптеген ғалымдар дискурс түрлерін жанрларға ұқсастырып жіктейді (көркем әдеби, журналистік, ресми-істерлік және т.б.). Оны тақырыптық критериймен жіктейтін де нұсқа өте кең таралған (тағамдық дискурс, заң дискурсы, медициналық, сәндік, т.б.). Жас ерекшеліктері және әлеуметтік топқа қарай да бөлініс жиі кездеседі (жастар дискурсы, ересектер дискурсы, интернет қолданушылар дискурсы, геймерлер дискурсы). Кейбір дискурс түрлері тіпті ешбір жіктеудің нұсқасына жатпайды (қарым-қатынас дискурсы, гендерлік дискурс, қарама-қайшылық дискурсы). Жіктеудегі мұндай әркелкілік және көпнұсқалылық Э. Лакло мен Ш. Муффтың дискурстың «белгісіз бір аймақта мәндердің уақытша және жартылай бекітілуі» екендігін дәлелдейді. Бұл идеялар Л. Филлипс және М.В. Йоргенсеннің теориясына да басшылық болды. Олардың айтуынша, дискурс «мәндерді ерекше түрде бекітеді, бірақ тап осы мәнді қабылдауға міндеттемейді», «уақытша ғана шектеу болады» [1]. Осылайша, бір жағынан, тағамдық дискурс – тақырыптық дискурс. Екінші жағынан, егер тағамдарды дайындау туралы теледидарлық бағдарлама түсірілсе, мақсаты бойынша, бұл ойын-сауық дискурсы да бола алады. Үшінші жағынан, егер бұл бағдарлама жастар арнасында болып, тек жастарға қызықты тағамдармен шектеліп, жас аудиторияға бағытталса, бұл жастар дискурсы болып та сипатталады. Оны қалайша атауы зерттеушінің көзқарасына

және зерттеу мақсаттарына, қай жағынан қарау тиімді екендігіне байланысты.

В.И. Карасиктің жіктеуіне сүйенсек, дискурс институционалды және институционалды емес болып бөлінеді. Институционалды дискурс қарым-қатынасқа түсушілердің статусын басшылыққа алады. Ал институционалды емес дискурс, керісінше, мұндай әлеуметтік ара-қашықтыққа мән бермейді [2]. Институционалды дискурс түрлері арасында бөлек тұратын – академиялық дискурс. Бұл құбылыс – соңғы жылдары біраз қызығушылық туғызып жүрген тақырыптардың бірі. Оның себебі оқу үдерісінің әрқашан өзекті мәселе болуында десек, екінші жағынан, материалдың, яғни студенттер мен оқытушылардың, қарым-қатынасы қолжетімді болуымен де түсіндіріледі. Алайда академиялық дискурсты анықтауда біраз қарама-қайшы пікірлер мен ғылыми полемика туындап жүргені де рас. Басқа ұғымдармен де жиі шатастырылып жүреді. Бұл мақалада осы түсініктердің ара-жігі ажыратылып, академиялық дискурстың қолданбалы зерттеулердегі қызық мүмкіндіктері ашылады.

Академиялық дискурс және ғылыми дискурс

Академиялық дискурс деп негізінен академиялық ортада іске асырылатын қарым-қатынас түрін айтамыз, яғни академиялық дискурс кәсіби коммуникацияның өнімі болып табылады [3.93 б.]. Бірақ осы анықтамаға ұқсас лингвистикада «педагогикалық дискурс» және «ғылыми дискурс» деген ұғымдар да кездеседі.

Ендеше, ғылыми дискурстың шектерін анықтау да қажет. Ғылыми дискурсты зерттеушілер институционалды дискурс деп, белгілі бір қасиеттерін атап көрсетеді: мақсаты (нақты мәселелер), нақты қатысушылары (ғалымдар, оқытушылар, студенттер, т.с.с.), дискурсты жүзеге асыратын белгілі бір тілдік қалыптасқан формалардың болуы [4]. Бұл жағынан, академиялық дискурстың да қасиеттері сәйкес келеді. Академиялық қарым-қатынаста да қатысушылар – ғалымдар, оқытушылар, студенттер немесе ғылыми жұмыспен айналысуға үміткерлер, негізгі жұмыстары белгілі бір дәрежеде ғылыми зерттеулермен байланысты адамдар. Академиялық дискурстың да нақты тілдік көрінісі де бар, әдейі «академиялық тіл» деген бөлек лексикалық топ та қалыптасқан. Шынымен де, «академиялық» және «ғылыми» деген сын есімдерде шетелдік ғалымдар теңдік белгісін қойып, синонимдес қылып қолдана береді (academic degree – ғылыми дәреже, academic paper – ғылыми жұмыс, academics – ғалымдар). Соған қарамастан, ресейлік және қазақстандық лингвистикада ғылыми дискурсты зерттеулер дегенде, көбіне ғылыми мәтіндер, жұмыстар,

түрлі ғылыми шаралардағы баяндамаларды зерттеу мақсат болып табылады.

Әрбір ғылыми мәтінде басқа ғалымдардың жұмыстары, ой-пікірлері мен көзқарастары туралы мағлұмат бар. Яғни, ол басқа да мәтіндермен тығыз байланысты, оларға сілтеме беріп, интертекстуальды және интердискурсивті табиғатын көрсетеді. Ғылыми мәтіннің өзгешелігі – ол адам санасының жоғарғы деңгейімен байланысты, логика мен прагматиканың қатаң ережелеріне бағынады. Бұл дайын мәтіндерден бөлек, әрине, ғылыми дискурсқа суырып салма ұйымдастырылған конференциялардағы пікірталастар, қосымша қойылған сұрақтар, басқа ғалымдардың және дискурсқа қатысушылардың мәтінге деген пікірлері де кіреді.

Ал академиялық дискурс аясында зерттелетін мәселелер – сабақтағы студенттер мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, сол конференциялар мен семинарлар сияқты шаралар барысындағы баяндамашы мен тыңдармандардың арасындағы пікірталас мәселелері қарастырылады. Сонда академиялық дискурс тек қана ресми жақты емес, шаралардан сабақтан тыс уақытта да қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын да қарастырады, талқыланған мәселеге бейресми қосымша кофе-брейк немесе қоңырау кезінде айтылған пікірлерді де, тіптен оқытушы жайында айтылған ойларды да қамтиды. Сонда академиялық дискурс көлем тұрғысынан қарағанда, әлдеқайда ауқымды, ал ғылыми дискурс шектелген. Академиялық дискурс – кең, жалпы, ал ғылыми – тар, нақтыланған. Ресейлік лингвистикада ғылыми-академиялық дискурс деген жаңа ұғым қалыптаса бастады. Бұны батыстық терминологияға жақындау талпыныс деп бағалауға болады.

Академиялық дискурс және педагогикалық дискурс

Академиялық дискурс оқу үдерісіндегі қарым-қатынасты зерттесе, оның «педагогикалық дискурс» ұғымымен ұштаса келетінін байқамыз. Шетелдік лингвистикада, айта кетерліктей, «pedagogical discourse» деген тіркес кездеспейді деуге болады. Өткен ғасырдың ортасында қалыптасқан «Educational Linguistics» (білім беру лингвистикасы) деген бағытты ғана атауға болады. Бұл бағыттың мақсаты кез келген пән мұғалімінің тіл және сөйлеу жөнінде білімін жүйелеу және оқушыларымен қарым-қатынаста сол білімдерді өзіне тиімді пайдалануға үйрету болды. Мұғалім дұрыс нәрселерді жасап, өз әрекеттерін дәлелдеп, оны неліктен және қалай жасайтындығын басқаларға түсіндіре алу керек деген ой басшылыққа алынды. Мысалы, педагогтардың сөзінде оқушылармен бірге жүргізген қарым-қатынасты басқарудағы түрлі сигналдар ажыратылды: 1) назар

аудару (Now, look at the cards, listen and repeat, don't write), 2) сөйлеу көлемін қадағалау (Who can add any information?), 3) түсінуді бақылау (Is everything clear for you, Ann?), 4) түйіндеу (Thus, I want to conclude that...), 5) анықтау (let's try to guess where the word comes from...), 6) оқушының жауабын бағыттау (You are very close to the right answer), 7) қателерді түзету (Teacher: Mark, what's the meaning of "omniscient narrator"? Pupil: knowing narrator. Teacher: Yes, more than that, all-seeing and all-knowing narrator). 8) тақырыптарды бөлек көрсету (That's another subject) [5]. Педагогтарға арналған тілдік модельдер ұсынылды, олар мұғалімдердің кәсіби жұмысында пайдалы деп есептелді. «Білім беру лингвистикасы» бағыты бойынша, негізгі назар түсінуге, мағлұмат алмасудың нәтижелілігіне аударылды. Кейін бұл бағытта сөйлеу мен оқудың ара-қатынасы, балалар сөйлеуінің ерекшеліктері, балалар сөйлеуінің дамуы зерттелді. Әсіресе, оқушылардың тыңдау, ауызша сөйлеу мәселелері көп қарастырылды.

Қазіргі біздің «педагогикалық дискурс» деп қарастыратын ұғым шетелдік лингвистикада 1970 жылдары ғана қалыптаса бастады. Sinclair және Couldhard жалпы дискурсты талдау жүйесінде Classroom discourse (сынып дискурсы) деген тіркесті ұсынды [6]. Ол жағдаятқа байланысты, әлеуметтік аспектілерге тәуелді сөйлеу іс-әрекеті болып сипатталды. Оқушылар мен оқытушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын зерделеп, Дж. Синклер и М. Култхард сөйлеу ағымындағы репликалар қалай бір-бірімен байланысатынын, қарым-қатынасты қалай басқаруға болатынын, сөйлеуші мен тыңдаушының рөлдері қалайша алмасатынын, жаңа тақырыптар қалай енгізілетінін атап көрсеткен.

Негізгі мақсаты оқушы мен мұғалімнің сыныптағы қарым-қатынасының лингвистикалық тұстарын зерттеу еді. Қазіргі уақытта педагогикалық дискурс шеңберінде қарым-қатынастың тиімді модельдерін жобалау [7], нақты пәндерге қатысты ерекше тілдің қарым-қатынасты ұстану мәселелері [8], тағы да басқа бағыттар дамып жатыр.

Қалай да болса, педагогикалық дискурс тікелей ресми оқу үдерісінің ғана материалдарында зерттеледі. Ал академиялық дискурс тек оқу үдерісімен шектелмейді. Жоғарыда айтылғандай, ол сабақтан тыс оқушылар және студенттердің бір-бірімен араласу тұстарын да қамтиды.

Академиялық дискурс педагогикалық дискурсқа қарағанда, ғылыми дискурспен де жанасады. Сондықтан мектеп оқушылары мен мұғалімдерінен гөрі, әрине, жоғары оқу орындарының студенттері

мен оқытушылары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар мен ғалым оқытушылардың коммуникациясына, қаншалықты дәрістер түсінікті, қаншалықты оқытушы мен аудитория арасындағы қарым-қатынас жемісті екеніне назар салады [9].

Академиялық дискурсты зерттеу перспективалары

Сонымен, академиялық дискурс ғылыми дискурс пен педагогикалық дискурс тұстарында қалыптасқан тілдік құбылыс екеніне көзіміз жетті. Ал мұны бөліп, ерекше лингвистикалық бағыт қылып қарастырудың мәні неде және қолданбалы маңыздылығы қандай деген сұрақ туындайды. Мұның перспективалары шексіз.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филолог ғалымдар қауымдастығы академиялық дискурс шеңберінде студенттердің коммуникативті іс-әрекеттерін, сөйлеу ерекшеліктерін зерделеуді мақсат қылып қойып отыр. Аталған зерттеулермен салыстырғанда, бұл жоба негізі оқытушылардың емес, жастардың, білім алушылардың сөйлеу мәнерін сипаттауды міндет қылып отыр. Бұл жұмысты іске асыру идеясы Ж.Е. Бекжанованың жастар дискурсын академиялық емес ортада зерттеу нәтижесінде пайда болған [10]. Бұл зерттеуде жастардың қаншалықты тілдік инновацияға және нормаға сәйкессіз сөйлейтіні көрсетілді. Ендеше, академиялық ортада да осы нормаға сәйкессіздіктер кіріп кете ме деген сұрақ туындап, осы мәселені зерделеу керектігі анық болды.

Тіл иесінің тіл жарамдылығы, яғни оның коммуникация стиліне тиісінше тіл құралдарын игеруі – маманның кәсіби жарамдылық көрсеткіші, ал академиялық ортада тіл стилін игерудің төмендігі, ЖОО түлегінің жеткіліксіз дайындығын көрсетеді. Бұл проблема студенттің тілдік жарамдылығына ғылыми тұрғыдан қарауға итермелейді: лингводидактикалық (студентті оқыту дәрежесі, сөйлеу мәдениеті және ғылыми дискурс нормалары мен ережелеріне сәйкес тілді қолдану), дискурсивті (түрлі коммуникативтік жағдайлар нормаларына сәйкес және өзгеріске дағдылау және сәйкесінше қатынас тіркелімін қолдауға байланысты тілді қолдану) және прагмалингвистикалық (интенция коммуникациясына сәйкес тілді пайдалану). Академиялық дискурста барлық тіл деңгейлерінде белгілі бір канондар мен қатаң ережелер бар: фонетикалық және фонологиялық деңгей (танылған сөздіктерде сөздерді ресми транскрипциясынан бұрмалауға жол бермеу), лексикалық (сленгтерді, жаргонизм, инвектив пен басқа лексикаға жол бермеу) грамматикалық (тілдің грамматикалық нормаларынан ауытқуға жол бермеу), мәтін деңгейі (когеренттілік және мәтін фрагменттерінің байланыстылығы) және т. б. Сөйлеу мәдениеті саласында белгілі тәсілдер болғанына қарамастан, бұл әдістемелер

тиімділігінің төмендігі байқалады. Осы зерттеу тақырыбының өзектілігі, жаңа форматтағы жас маманға деген Қазақстан Республикасы мемлекетінің заманауи талаптарына байланысты күшеюде – үш тілді білетін маман, полилингвалдық тұлға болу. Бұл жас буынға қойылған мемлекеттің деңгейі – әлемдік қауымдастығымен мультимәдениетті мемлекет үшін де өте биік деп бағаланған. Сондықтан осы мақсатқа қол жеткізу үшін инновациялық білім технологияларын құру қажеттілігі айқын. Мәлімделген жобаның шығысы – оқу-әдістемелік әзірлемелер аясында қорытынды тестер және арнайы диагностикалық көмегімен бағалауға және қадағалауға болатын - қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі заманауи жарамдылық талаптарына сәйкес маманның қалыптасуына ұсынымдар әзірлеу.

Студенттердің академиялық дискурсы тақырыбы отандық, шетелдік лингвистикада жаңа болып табылмайды. Бұл мәселе жастар дискурсы немесе субмәдениет шеңберінде зерттелген [11,13]. Қалай болғанда да, барлық зерттеулер жастар коммуникациясының бейресми жағына қатысты, көбіне лексико-фразеологиялық пластты қамтиды - қарапайым сөз, сленг, жаргон, инвективтер [14,15], грамматикалық-синтаксистік бұрмалау [16,17], дискурсивті және социолингвистикалық аспектілері. Әйтсе де, барлық жастар сөйлеуі алғашқыдан бейресми деңгейде, нормадан ауытқу бұл тілдік табиғи құбылыс болып табылатын, тұлғалық-бағыттау ретінде қаралған. Академиялық сөйлеуге келсек, бірқатар авторлар, бұл мәселені зерттеудің бір бөлігі ретінде қарастырған [11,13], бірақ академиялық мәтін өздігінен студент сөйлеуінің зерттеуі үшін материал болып табылмайды. Студенттердің академиялық дискурсы жоспарланып отырған жобада коммуникацияны институционалдық және институционалды емес деңгейлерде қарайды.

Қорыта айтқанда, біз академиялық дискурстың нақты шектері бар екендігін дәлелдедік. Ғылыми дискурспен салыстырғанда, академиялық дискурс ресми сөйлеу уақытымен шектелмейді. Ал педагогикалық дискурспен салыстырғанда, тек оқу үдерісі кезін ғана қамтымайды, сипатталып отырған жобаға қатысты жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылардың тілдік материалдарына негізделген. Оны зерттеудің қолданбалы мәні жоғары. Ең біріншіден, ол оқу үдерісіндегі және ғылыми шаралардағы қарым-қатынастардың тиімділігін және нәтижелілігін арттыруда пайдалы. Екіншіден, жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі ұрпақтың (студент және педагог) бір-бірін түсіну мәселелерін қадағалайды. Үшіншіден, студенттердің академиялық ортаға сәйкес тілдің тазалығына талпынып, болашақ мамандығы бойынша біліктілігін көтеру, бәсекеге қабілетті болу мәселесін шешеді. Лингвоэкологияның сауалдарын көтеруді ұсынады, қазіргі

заманғы тіл, риторика, коммуникативті іс-әрекет бойынша оқу құралдарына жаңа талаптарды қоюды, үштілдікке байланысты жаңа заман талабын алға қойып, оқу бағдарламаларын қарастыруды ұсынады. Біздің жоба ауқымында да студенттердің академиялық тілінің тазалығын сақтау және талап етерлік дәрежеге жеткізу үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде – өткізу жоспарланып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Fillips L.J., Jorgensen M. W. Discourse analysis as theory and methods. – London: SAGE Publications, 2002. – 230 p.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. - 2-е изд. - М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
- 3 Хутыз И.П. Мультимодальность академического дискурса как условие его коммуникативной успешности // Вестник Адыгейского государственного университета. - №1 (172). – 2016. – С. 90-95.
- 4 Ахтаева Л.А. Научный дискурс как специфическая разновидность дискурсивной деятельности Текст. / Л.А. Ахтаева // Молодой ученый. 2010. №7. С. 144-150.
- 5 Stubbs M. Educational linguistics. – 1988. – 288 p.
- 6 Sinclair J., Coulthard R.M. Towards an analysis of discourse. – Oxford university press, 1975. – 163 p.
- 7 Олешков М.Ю. Моделирование коммуникативного процесса. – Нижний Тагил, 2006. – 336 с.
- 8 Нурахметов Е.Н., Нурахметова Ж.А., Алниязов Б.Т. О взаимодействии обучающихся на занятиях иностранного языка // Доклады казахской академии образования. - №3. – Астана, 2017. – С. 98-103
- 9 Bourdieu P., Passeron J.C., Martin M.S. Academic discourse: linguistic misunderstanding and professorial power. – Stanford, 1996. – 136 p.
- 10 Бекжанова Ж.Е. Молодежный дискурс: сущность, функции, форматы. – М.: Флинта: НАУКА. – 277 с.
- 11 Eckert P. Language and adolescent peer groups // Journal of language and social psychology. – 2003. – Vol.22, №1. – P. 112-118
- 12 Bucholtz M. Youth and Cultural Practice // Annual review of Anthropology. – 2013. – №31. – P. 525-552
- 13 Rampton B. Crossing: language and ethnicity among adolescents. –Manchester: Jerome Publishing, 1995. – 143 p.
- 14 Stenström A.B., Andersen G., Hasund I.K. Trends in Teenage Talk. Corpus compilation, analysis and findings. – Amsterdam; Philadelphia University of Bergen, 1996. – 229 p.
- 15 Channell J. Vague language // Applied linguistics. – Oxford: Oxford University Press, 1995. – Vol.16, №1. – P. 127-131.
- 16 Kay P. Pragmatic aspects of grammatical constructions // The handbook of pragmatics. - Blackwell, 2005. – P. 675-696.
- 17 Tagliamonte S. A. Variationist sociolinguistics: change, observation, interpretation. - Malden; Mass: Wiley-Blackwell, 2012. – 393 p.

Резюме

В статье обосновывается понятие «академический дискурс» на контрасте с родственными понятиями «научный дискурс» и «педагогический дискурс». Предложены новые направления исследований в перспективе, актуальные для современного Казахстана.

Resume

The article explains the notion of “academic discourse” in contrast with the relative notions such as “scientific discourse” and “pedagogical discourse”. There have been suggested new directions of research in prospect which are topical for modern Kazakhstan.

Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ: ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ

А.Б. ШОРМАКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Еуразия гуманитарлық институты,
қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценті

Аннотация

Мақалада тілші-ғалым Қошке Кемеңгерұлының қазақ тілін оқытуда басшылыққа алған ұстанымдары, тиімді әдіс-тәсілдері бүгінгі әдістеме ілімінің жаңа бағыттарымен сабақтастырыла ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәйектеледі.

Түйін сөздер: технология, оза оқыту технологиясы, дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы, «жат тілді оқыту әдісі», қатысымдық әдіс

XX ғасырда педагогикада жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үдерісінде іске асуы үшін оны технологияландыру қажеттігі жөнінде бірнеше ірі-ірі бағыттар туындады. Дамыта оқыту мен танымдық қызығушылығын арттыру бағытындағы педагогикалық технология В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Г.И. Щукина, проблемалап оқыту М. Махмутов, А. Матюшкин, В. Оконь, «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» П.М. Эрдниев еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа педагогикалық технологияларды әдіскер-ғалымдар оқытуда қолданып жүр [1]. Әдіскерлердің жаңа технологиялардың элементтері негізінде оқу материалын түрлендіріп, жаңартып, жақсы нәтижелерге жетіп жүргені байқалады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы тілші-ғалым Қ. Кемеңгерұлының еңбектерінде жаңа оқыту технологиялардың үлгілері көрініс тапқан. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарының еншісіне жататын Қ.Кемеңгерұлының редакторлық еткен «Қазақша-орысша сөздікте» (1925) әдіс, әдістеме, технология сөздеріне: «Әдіс – 1) тактика, 2) метод, 3) техника. Әдістеме – методика, әдіс ғылымы – технология», – деп [2, 75] анықтама берілген. «Бұл терминнің мән-мағынасының ашылуы, терминдік ұғымды беруі, қызмет атқаруы, ғылыми айналымға түсуі алаш азаматы Қошке есімімен байланысты және XX ғасырдың 20-шы жылдарының үлесіне жатады» [3, 143]. Бұдан «технология» сөзінің XX ғасырдың басында қолданыста болғаны айқын аңғарылады. Кейінгі

кездегі педагогикалық әдебиеттерге талдау жасап көрсек, педагогикалық технологияны ғалымдар әрқалай түсіндіреді: М.А.Чошанов: «технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі»[4, 5] десе, В.А. Белеева мен Л.К. Гребенкина: «педагогикалық технология дегеніміз оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсатында жетуге бағытталған педагогикалық іс-әрекеттер компонентінің жүйесі мен тізбегі» [5, 9]. Ал В.П. Беспалько: «Педагогикалық технология – оқу үдерісін жүзеге асыратын техника», – дейді [6, 7]. «Технология» – techne – өнер, шеберлік және logos – ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым екені анықталды. Байқап отырғанымыздай, «технология» сөзіне берілген барлық дәлелдемелер Қ.Кемеңгерұлы сөздігіндегі анықтаманы толықтыра түскен.

Қ. Кемеңгерұлы «Оқытудың озық технологиясы» деп танылып жүрген оза оқыту технологиясы мен дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясының элементтерін өзге ұлт өкілдеріне тіл үйрету барысында қолданып, жабропалықтарға (орыстарға) тілдің қиын, күрделі тақырыптарын кесте арқылы тез түсінуіне жағдай жасаған. Кестені пайдалану жаңа теориялық білімді аз уақыт ішінде өнімді игертіп, көбірек біліктілік пен дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді, яғни теорияны оқытудан үнемделген уақыт берілген білімді бекіту, нығайту мақсатында жұмсалады. Тілді үйренуші теориялық материалды тереңірек меңгерумен қатар, сан алуан жаттығулар орындайды, өздік жұмыстармен, еркін аудармамен көптеп айналысады.

Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралында» фонетикаға, грамматикаға қатысты теориялық мәлімет кесте арқылы берілген:

1. Тіл дыбыстарының табиғаты, өзінен кейінгі дыбыстармен өзгеру қабілеті ескеріліп, жүйелі түрде топ-тобымен түсіндірілген.

2. Қазақ тіліндегі жұрнақтардың қолдану аясына мән беріліп, туынды сөз жасайтын ең өнімді жұрнақтарды «есімдерден есім тудырушы жұрнақтар», «есімдерден етістік тудырушы жұрнақтар», «етістіктен есім тудырушы жұрнақтар», «етістіктен етістік тудырушы жұрнақтарды» деп топтап, жаңа сөздің қай сөз табына ауысатыны мысалдарымен дәйектелген [7, 297-302].

3. Ілік, барыс табыс, жатыс, шығыс септік жалғауларының қай кезде түсірілмейтінін, қай жағдайда жасырын келуін, жай септеу мен тәуелді септеу үлгісін, есімдіктердің септелу үлгісін, жіктеу есімдіктерінің жатыс септігінен басқа септіктерде дыбыстық өзгеріске ұшырайтынын (маған), сілтеу есімдіктері септелгенде соңғы дыбыс түсіп қалатынын (оның, бұдан) нақтылап мысалдармен кестеде көрсетеді.

4. Етістіктің рай категориясының әрқайсысын (ашық рай, бұйрық рай, «қайрау рай») (қазіргі тілдегі қалау рай), «болжау рай» (қазіргі тілдегі

шартты рай), «теріс рай» жеке-жеке іріленген кестеде мысалдармен береді [7, 305].

«Тірек белгі», «тірек хабарлары», «тірек конспект», «тірек кесте» деп аталатын оқу құралдары көлемді тараулар мен тақырыптарды іріленген бөліктерге біріктіріп оқытуға орай жасалады. Қ.Кемеңгерұлының әдістемелік ерекшелігі – тіл үйренушілерге дидактикалық материалдар кесте ретімен пайдалана отырып жаңа тақырыптың берік негізін қалау.

Қ. Кемеңгерұлының өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша айтқан ой-тұжырымдары, әдіс-тәсілдері өзінің маңыздылығын жойған жоқ деп айтуға әбден болады. Ғалым «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласында үйлестіру (синтез), талдау (анализ), аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін түрлерін сөз етеді [8, 174-178]. Сол кезде, XX ғасыр басында ең жақсы әдіс туралы мәселенің дұрыс шешілмегендігін айтады. Ол оқыту әдісін қарастырушыларды екіге бөледі: «Бірінші ағымдағылар тіл үйретуді әріптен, (дыбыстан) бастап көшу; одан сөзге, сөзден сөйлемге көшу. Оқытудың негізі тіл құралы болуы керек, тіл құралындағы ережелерге жаттықтыру үшін жат тілден де, ана тілінен де сөйлемдер келтіру керек». Бұлай оқыту үйлестіру (синтез) әдісі болады», – дейді [8, 174]. Қ. Кемеңгерұлы Мәскеудегі Центральный Гуманитарный Педагогический Институт жанындағы комиссия үйлестіру (синтез) әдісін молырақ қолдануды дұрыс деп тауып төмендегі жобаларды ұсынғанын айтады:

1. Мектепте жат тілді толық, мүлтіксіз үйрену мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың жаттығу жағын қарастыру керек.

2. Оқушылар ең кемі жат тілдегі кітапты оқи, түсіне білуі керек. Ауызекісөзге түсіне білу керек.

3. Жат елдің мәдениеті, әдебиетімен біраз танысу керек.

4. Оқушыларды жаттықтыру жолы – жат тілден үйретілген сөздердің мәнісін түсіндіріп, тіл құрамының ережелерін ұғындыру.

5. Оқыту реттері: оқу, аудару, жаттығу және сөзді көбірек жаттату.

6. Ана тілдің тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікін салыстырып оқыту.

Екінші ағымдағылар тіл үйретуді байланысты сөйлеуден (связная речь) бастау керек, содан сөйлемдерді жіктеу, сөйлемнен сөзді жіктеу, сөзден буынды жіктеу, буыннан әріпті жіктеу керек. Тіл құралын керек жерінде қолғабыс ретінде керек жерінде ғана қолданып отыру керек дейді. Бұлай оқыту талдау (анализ) әдісі болады» [8, 174]. Талдау әдісінің сол кезде жақтаушылары көптігін айтады. «Бірақ әдістің кемшілік жері тіл құрамына үстірт қарағандықтан, жат тілді терең тексерте алмайды, және жат тілмен ана тілді салыстыра алмайды. Әлі де болса тексерілетін жері бар», – деп [8, 174] өз пікірін білдіреді.

А. Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылаулы-жалпылаулы әдісі», «Жалқылау әдісі» мақалаларында әр әдістің шығу төркінін түсіндіріп, баяндап, оқытушыларға бағыт-бағдар берсе, Қ. Кемеңгерұлы «Жат тілді оқыту» мақаласында өзіне дейінгі және өз тұсындағы шетел әдіскерлерінің (Ганчинаның «Сөз байыту жолы», Ганчина мен Кестеренің «Кітап оқу жобасы», Фриденбергтің «Еңбек мектебіндегі әдісі», «Жазу жолы», Мамунаның «Алғашқы жылдарда оқыту әдісі және программ») әдіс-тәсілдерінің тілді оқытуда дұрыс жағын, тиімділігін айтумен бірге кемшілігін көрсетіп талдайды. Жоғарыда аталған әдіскерлердің (Ганчина, Кестере, Фриденберг, Мамуналардың) жат тілді оқытуда қолданған әдіс-тәсілдерін саралап, тиімдісін өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда, сөз жоқ, өзі де қолданған. Мәселен, өзінің «Жат тілді оқыту әдісі» деп аталатын мақаласында талдау әдісінің үш түріне тоқталып, соның үшінші әдісі – жаратылыс әдісі туралы былай деген: «Мұнда шама келгенше ана тілі қолданылмайды. Бала жаратылысында ана тілін қалай үйренсе, мұнда да жат тілге солай үйрену қажет. Бұл әдіс Америкада кең қолданылады» [8, 175]. Әдіскердің бұл пікірінен ғалым шетел әдіскерлерінің әдіс-тәсілдерімен жақсы таныс болғандығын байқауға болады. Қ. Кемеңгерұлы материалды ана тілінде, яғни аударма арқылы түсіндірмей, ол «дерексізді деректімен түсіндіру», мысалдар келтіру, «дауыс екпінімен», «ыммен», «бет-пішінді құбылту» әдістерімен түсіндірудің пайдасы бар екенін де айтады. Қазақ тілін оқытуда тіл үйренушінің ауызекі сөзге түсіне білуін, ең кемі жат тілдегі кітапты оқып жат тілден үйретілген сөздердің мәнісін түсінуін, тіл құрамының ережелерін ұғынуын, оқу, аудару, ана тілдің тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікі салыстыруын мақсат еткен.

Қазіргі таңда әдістемеде **қатысымдық әдіс** кеңінен қолданыста. «Қатысымдық әдіс жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес қарым-қатынас ұстанымдарымен негізделеді, реттеледі» [10, 36]. Ол қазақ тілін сабақ үстінде айтылым ретінде, қарым-қатынас құралы ретінде жүйеленген, реттелген оқыту тәсілін жүзеге асыру амалдарымен танылады.

Ғалым Ф.Оразбаева: «Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету», – деп айтады [11, 147]. Қазақ тілін қатысымдық тәсілмен үйрету әрекеттік, қызметтік сипатқа ие, себебі, сөйлеу қатынасы «айтылым» арқылы жүзеге асады. Қ.Кемеңгерұлының ұстанымы бойынша, оқыту әрекеті мүлде басқаша құрылуы тиіс, яғни оқыту әрекетінде барлық оқушы толық қатыса алатындай, оқи алатындай болып құрылуы керек. Оны әдіскер «сөйлеу жолы» деп атаған. Осындай әдіспен үйрету барысында әдіскер төмендегі жобаларды ұсынады:

- жат тілді оқытқанда, аса қиын жерлерді ғана ана тілімен түсіндіру керек;

- жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмауы керек;
- сыртқы тұлғасы қиын орындарда жат тілден ғана тілге аудару керек;
- тіл құралының ережелерін сабақта түсіндіріп отыру керек;
- сыныпта кітап оқыту сабақтың негізі болу керек;
- жат тілдің әдебиет тарихын толық оқытудың керегі жоқ;
- жат тілде өлең-тақпақ айтуға үйрету керек;
- кейінгі жылдарда жазуға жаттықтыру керек.

Қ. Кеменгерұлының ұсынған жобалары қазір де өзінің өзектілігін жойған жоқ және оқыту әдістемесінде жиі көрініс табатыны байқалады.

Қ. Кеменгерұлының жоғарыдағы ұстанған жобаларының ішіндегі аударма тілін сирек қолдану әдісі де бүгінгі оқытудың ең басты әдістерінің бірі болып табылады. «Жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмау керек» деген жобасы, «жат тілдің әдебиет тарихын толық оқытудың керегі жоқ» деген пікірінен тілді үйретуде теориялық жақтан гөрі, практикалық жақтан үйрету әдісін маңызды санап, соны басшылыққа алғандығының дәлелі ретінде түсінеміз.

Соңғы жылдары қазақ тілін оқыту әдістемесінде қатысымдық тәсілмен қоса сан қырлы әдіс жолдарымен оқыту дәстүріне ауысу үрдісі кеңінен көрініс таба бастады. Оқу үдерісін ұйымдастырудың бір варианты – оқыту қызметінде интерактивті тәсілді қолдануы. «Интерактивтік әдістің» нақты өзіне тән жеке терминдік түсініктемесі толықтай анықталмай жатқаны да белгілі. Ғалымдар интерактивті әдісті бірнеше өзге әдістерді қатар біріктіре алып жүретін модификацияланған (түрленген) тура әдіс деп таниды [12]. Қатынас жасау арқылы ғана адамдар өзара бір-біріне ықпал жасай алады, себебі керісінше болуы мүмкін емес.

Интерактивті оқыту әдісінің стратегиясы – педагогтың білім беру үдерісіндегі түрлі тәсілдер мен әдістердің, оқыту жолдарының біріккен жүйесі арқылы:

- жан-жақты қарым-қатынасты;
- оқушылардың білімін жүйелеп қабылдауын;
- өзіне-өзі баға беруін, кері байланысты қолдануын оқушылардың белсенділігін қалыптастыруын ұйымдастыру болса, дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдері алдына мынадай мақсатты қояды: оқушыларға мейлінше көп көлемде білім беру және оны меңгерту.

Педагог өзінің қабылдаған, меңгерген ақпаратын оқушыға жеткізеді. Оқушыға меңгеруге тиіс мәліметтер беріледі. Оқушы бойына лайықты іскерлік пен дағды шындалады. Білім алушылардың міндеті – көздеген, алған, қабылдаған білімді толық әрі нақты жеткізу, қайталау, жарыққа шығару. Осындай оқыту үдерісі кезінде алынған, қабылданған білім энциклопедиялық сипатта болады, яғни әртүрлі оқу пәндері бойынша

белгілі бір көлемде ақпарат жинаумен сипатталады [12, 13]. Интерактивті оқыту деңгейінде бір жағынан, оларға айнала қоршаған орта туралы белгілі бір ақпараттарды танытуды негіздейді. Бұл ақпараттардың ерекшелігі мынада: студенттер сол ақпараттарды оқытушының дайын жүйесі арқылы емес, өзінің жеке тану белсенділігі әрекеті арқылы қабылдайды. Екінші жағынан, олар өзара бір-бірімен қатынас жасай отырып, білім іздеудің түрлі тетіктерін меңгере бастайды. Себебі, өзі ізденіп меңгерген білімі өз бетінше білім қорын толтыру құралы болып саналады. Демек, белсенді оқыту дегеніміз – тұлға өз бетінше білім алатын, өз бетінше білімнің кілтін ашатын, өз бетінше оның мазмұнын меңгеретін жолдары мен жағдайларын қалыптастыратын педагогтың әрекеті. Осы ерекшелік дәстүрлі білім беру жүйесін белсенді білім беру жүйесінен айырып көрсететін айырмашылық болып саналады.

Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесінде жоғарыда айтылған белсенді оқыту әдісін тура осылайша атамаса да, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеулеріне ерекше көңіл бөлген. Мысалы, ол мақаланы (мәтін) үйлерінен дайындап әкелуге, тілмаштарға (сөздік) қарап өз беттерімен түсінуге мүмкіндік туғызатын тапсырмалар береді. Әрі қарай мақалалық тілмашта кездескен сөздерден әліппелі тілмаш жасатып отырады. Содан соң оқыған мақалаға желі жасату, меңзес (синонимдер) сөздерді, түрлі мағынада келетін сөздерді (омонимдер) жинатқызу, сөйлем құрастыру [7, 138] сияқты оқушылардың белсенділігін арттыратын, өз беттерінше белгілі бір білім жүйесімен танысатын шығармашылық тапсырмаларды орындатқызған.

Белгілі бір тілдің оқыту әдістемесін сипаттағанда, оның жаңа қырларын, иірімдерін айтып қана қоймай, бұл әдістеменің басқа әдістемелік жүйелерімен ұқсастығын, сабақтастығын да айқындау қажеттігі туады. Өйткені әдіскерлерінің түйінделген пікірлеріне сәйкес айтсақ, әдістемелік жүйенің негізі өзгермейді, тек әдіс-тәсілдер ғана өзгеріске ұшырайды. Бұған қоғам өміріндегі әлеуметтік, мәдениеттік өзгерістердің және саясаттың ықпалы әсер ететінін білуге тиіспіз.

Қ. Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралын» зерделей отырып, оның қазақ тілін оқытуда әдіс-тәсілдерді өз заманына лайықтап қолданғанын көруге болады. Ғалымның қазақ тілін оқытуда қолданған әдіс-тәсілдері бүгінгі қазақ тілін оқыту әдістемесінде жалғасымын тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Құрман Н.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі қазақ тілінен сабақ үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 172 б.

- 2 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқулық, сөздік.– Алматы: Алаш, 2006. 3 т. – 240 б.
- 3 Қасым Б. Қ. Кеменгерұлы рухы биік алаштың азаматы // Қ.Кеменгерұлы тағылымы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2006. – 364 б.
- 4 Чошанов М.А. Гибкая технология. Проблемно-модульного обучения. – М: Народное образования, 1996. – 160 с.
- 5 Педагогические технологии в высшей школы // Тезисы докладов межвузовской конференции. – Рязань: РГПУ, 1995. – 160 с.
- 6 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М.:Педагогика, 1989. – 192 с.
- 7 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы.
- 8 – Алматы: Алаш, 2005. 2т. – 336 б.
- 9 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. 1т. – 320 б.
- 10 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1991. 2-е издание. – 222 с.
- 11 ОразбаеваФ.Тілдікқатынас. Оқулық – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.
- 12 Григальчик Е.К., Губаревич Д.И. Обучаем иначе. Стратегия активного обучения. Мн., – 2003, – С.13-14

Резюме

В данной статье рассматриваются труды ученого-лингвиста Кошке Кеменгерұлы, связанные с методикой обучения казахского языка.

Resume

In the article the works of a scientist linguist Koshke Kemengheruly are examined from the point of view of the methods of teaching the Kazakh language.

ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІҢ СӨЗЖАСАМ ПРОЦЕСІНДЕГІ РӨЛІ

С.С. ШОҚАБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті

Аннотация

Мақалада қазіргі қазақ тілі сөзжасамындағы лексика-семантикалық тәсіл мәселесіне қатысты тілші ғалымдар Н. Оралбай, А. Салқынбай, Ж. Сарбалаев, Б. Сағындықұлы, А.Омарованың еңбектеріндегі ғылыми пікірлер негізге алынып, лексика-семантикалық тәсілдің сөзжасам процесіндегі рөлі, ерекшелігі қарастырылады.

Түйін сөздер: лексика-семантикалық тәсіл, ерекшелігі, қызметі, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа туынды сөздер мен атаулар.

Жаңа атаулардың, туынды сөздердің пайда болуы қай тілдің болмасын ішкі мүмкіндігі мен сөзжасам заңдылықтарына тікелей байланысты болады. Жаңа сөз туғызу – әрі тарихи, әрі табиғи процесс.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында (1989) сөзжасам тәсілдерінің үш түрі көрсетілген. Сөзжасамның дәстүрлі үш тәсілдерінің бірі – лексика-семантикалық тәсіл. Бұл тәсілдің синтетикалық та, аналитикалық тәсілден де ерекшелігі бар. Өнімді тәсіл деп есептелмесе де көне тәсілдің бірі деп есептеледі. Ондай пікірді көптеген ғалымдар айтады. Алайда, сөз мағынасының дамуы арқылы жаңа туынды лексикалық мағынаның жасалу тұрғысынан бұл тәсілдің зерделену, сипатталу жайы ғалымдар назарына көп алына бермеген. Бұл мәселе бірнеше түйінді сұрақтарды біріктіреді. Мысалы, ол көп мағыналық, синкретизм, омонимия мәселелеріне қатысты. Қазақ тіл білімінде кейде семантикалық, конверсиялық тәсіл деп те аталады. Демек, сөздің ешбір тұлғалық өзгеріске түспей-ақ мағыналық даму нәтижесінде екінші туынды мағына беруін конверсия ұғымымен байланыстырады. О.С. Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» атты сөздігінде: «Конверсия ағылшынның «Conversion» сөзі «Образования нового слова путем перевода данной основы в другую парадигму словоизменения» деген анықтама берілген [1, 202]. Конверсия қандай да

бір сөзден жасалатын жаңа туынды сөздердің мағыналық байланысын сақтай отырып өзге сөз табына ауысқан екіншілік аталымдарды қамтиды. Ал зерделеп қарасақ, лексика-семантикалық тәсілдің өрісі конверсиядан әлдеқайда кеңірек деуге болады.

Сөзжасамдық тәсілдің сөзжасамдық мағынаға әсер ететіні даусыз. Тілімізде түрлі сөзжасамдық тәсілдердің болуы – сөзжасамдық мағынаны түрлендіретіні ақиқат. Сөзжасамдық мағынаның түрлілігіне сөзжасамдық тәсілдердің түрлілігі әсер етеді.

Профессор Н. Оралбай, К. Құрманәлиевтің «Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері» атты еңбегінде көнеру арқылы бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы нәтижесінде жүзеге асатыны айтылады: «Бір, біреу сөздерінің есімдікке көшуі, бірге, басқа, өзге, кетеген, қашаған сөздерінің сын есімге көшуі, бірден, етпетінен, басқа, текке, зорға, бекерге, әреңге, алға, артқа, әзірге, қазірге, күніге, кейде, артта, алда, баяғыда, қапыда, қапелімде, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, төтеден, шынымен, жайымен, түйдегімен т.б. осы сияқты сөздер үстеуге көшуі көнеру арқылы жүзеге асқан. Бұл сөздер тілде осы тұлғада, осы қосымшалармен қолданылып жүріп, бірте-бірте басқа мағынаға ие болып, жаңа мағынасына қарай сөз табын өзгерткен, бұл үрдісте сөйлем (контекст) үлкен қызмет атқарған» [2, 102].

Сөзжасамға қатысы бар мағыналар синонимдік, антонимдік, көпмағыналық. Омоним дегеніміз – мағыналары бір-біріне генетикалық жағынан сәйкес келмейтін, бір-бірімен шектеспейтін, тұлғаларының ортақтығы кездейсоқ сөздер. Мәселен, көрші (зат есім) – көрші (етістік), ер (жігіт), ер (соңымнан ер) сөздердің мағыналық сабақтастығының болмауы осыны дәлелдейді. Бек, бай, бей, би дене бітімінің ырғылысы, би-дау шешуші түркітануда көптеген жұп түбірлер аз /аз+бас/, /бау/, /соқ/, бояу т.б. синкретті түбірлерін зат есім, етістік мағынасында екенін ғалымдар Г.И. Рамстедт, Н.К. Дмитриев, А.М. Щербак т.б. дәлелдегені белгілі. Яғни омоним түбірлер деп таныған (синкретизм-ағылшынның (функциональное объединение разных форм выражения) қазақ тіл білімінде М. Томанов, Ә.Т. Қайдаров, Ә. Ибатов, Е.З. Қажыбеков зат есім-етістік жұптарының гомогенділігін (один и тот же) айтқан. Алайда ол тілдің қосымшалы кезеңіне дейінгі жай деп танылды.

А.Салқынбай омонимнің сөзжасамға ешбір қатысы жоқ. Омонимдік құбылыс арқылы жаңа сөз жасалмайды. Омонимдік қатынаста сөзжасам негізділігі принципі сақталмайды деп қарайды [3, 188].

Ал сөздердең номинативтік мағына беріп, бірдей тұлғалануының бәрі түбір синкретизмі бола алмайды.

Семантикалық сөзжасамның өзгешелігі ішкі мағыналық құрылымда болады. Сондықтан көпмағыналық пен омоним арасына шек қою тек лексикада емес, алдымен сөзжасамға қатысты.

«Жаз» сөзінің мынадай номинативті мағыналары бар:

Жаз – маусым (з.е.); жазық – тегіс жер (з.е); жаз – жаймалған тегістеу.

Жаз – хат жазу (ойды тегістікке, объектіге түсір), жаз – аурудан жаз, Алланың жазуы (тағдыр), дәм жазу. Жаз – жаңылу, адасу (жаздым-жаңылдым).

Контекстік ауыспалы мағына көңілі жаз, бой жазу, бауырын жазу, қабақ жазу, құшақ жазу, құлаш жазу, бас жазу, жаза басу, дәм жазу, құдайдың жазуы, көз жазып қалу.

Қай-қайсысы да туынды мағыналар негізгі өзек мағына – белгілі құбылыстың, не заттың объект жайылуы, төселуі, жазылуы. Яғни, жазықтық қалыпқа түсу деп түсініледі.

Конверсия жайын сөз таптарына, сөз таптарының толығы жолына қатысты сөз еткен. Мысалы, грамматикада тілде кейбір сөздердің өз тобында болмай, басқа бір грамматикалық топтарға ауысуы да орын алады. Олар заттану (субстантивтену), адъективтену (сын есімге көшу), нумералдану (сан есімге көшу), есімдікке ауысу (прономиналдану), үстеуге көшу (адвербиалдану), вербалдану (етістікке айналу). Конверсия қатарына конъюктивтену-шылаулану процестерін де қосады. Бұлар біркелкі бола бермейді, кейде түпкілікті тұрақты (узуалды), кейде уақытша тұрақсыз (оккозионалды) ауысады. Бұл жолды «Қазақ грамматикасында» морфологиялық-синтаксистік деген терминмен атаған [4, 16]. Алайда бұл термин ғылыми айналымға енбеген.

Көріп отырғанымыздай, конверсия терминінің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі ретінде танылу жайы біздің грамматикаларымызда араласып жүр. Сондай-ақ ол Ж.Сарбалаев еңбегінде сөз мағынасының ауысуы ретінде лексика (конверсиялық жұрнақ) тұрғысында сөз етіледі [5].

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі осы арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады. Ғалым Н. Оралбай лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейтіндігін, сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмашылығын былайша атап көрсетеді:

- сөздің жаңа мағынаға ие болуына байланысты басқа сөз табына көшуі;
- сөз жаңа мағынаға ие болса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы [2, 101].

Семантикалық тәсілде сөзжасам элементтері ретінде тек жеке сөздер катысады, сөз тұлғаларында еш өзгеріс болмайды. Тұлға, сөздің дыбыстық құрамы өзгермейді, мағынаның ұлғаюы, кенеюі орын алады.

Бір сөз бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін. Бір сөз мағынасын, яғни бұрынғы мағынасын сақтай отыра, екінші мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, құн – төлем түрі, құн – экономика саласының термині. Сондай-ақ желі сөзін алайық. Желі сөзінің қазіргі мағынасы тор, жүйе, тармақ, интернет желісі, электр желісі, торап ұғымымен сабақтастықта қолданылады. Сонымен қатар толқын, қысым, жарық, тербеліс, қуат, сәуле, жылу, күш, шама, жылдамдық т.б. көптеген сөздер жалпыхалықтық тілде де, физика ғылымының термині ретінде де қолданылып жүр.

Б.Сағындықұлы «ақ» сөзінің мағынасын алғашқыда етістік, кейін конверсиялық жолмен бірте-бірте сын-есімге, кейін зат есімге айналған деп, ақ сөзінің жасалу жолын семантикалық сөзжасамға жатқызады [6].

Сөзжасамдық тұлғалардың жаңа мағына жасауы – күрделі үрдіс. Ол тек қана адамның танымы қабылдаған ұғымдарды ғана негіздеп, негізделген, уәжделген мән арқылы мағына туғызады.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің басқа жаңа мағынаға ауысуы конверсиялық жолмен де іске асатыны белгілі. Оған енетін объектінің әрқайсысының өзіндік аясы, лексика-семантикалық тәсіл нәтижесі ретіндегі аясы бар.

Сөз мағынасының қызметі контексте транспозиция негізінде өзгереді. Яғни тілдік белгіге синтаксистік қызмет жүктеу арқылы өзгереді. Синтаксистік деривация нәтижесінде танылған контекстік мағына келе-келе лексикалық деривациядан орын алады. Ол мағыналар толық, жартылай, тұрақты, уақытша болып бөлінеді. Мысалы, оқыған бала, бала оқыған, бала дұрыс оқыған, оқыған біледі.

Заттану тілдің дамуына қызмет етеді, бірақ өте баяу жүреді. Кез келген тұлғадағы сөздер заттана бермейді. Мысалы, қамау, тіреу, айтыс, күрес, тартыс, көш, қорған, жеңіс, бөлме, тартпа т.б. Ғалым М. Томанов пікірінше, олардың синкретикалық түбірден (заттық және етістіктік қызметті қоса атқаруынан) жіктеліп шыққандығында атаулық мағынаның көне сөз семантикасында өмір сүруі себеп болған [7, 223].

Сонымен қатар лексика-семантикалық тәсіл арқылы ұлттық спорт ойын атаулары да жасалған. Олар мыналар:

Күрес – әр спортшы түрлі әдістерді қолданып қарсыласының жауырынын кілемге тигізу арқылы немесе ұпай санымен жеңіске жетуге тырысатын әр түрінің өзінше бөлек ережесі бар спорттық жекпе-жек.

Киме (гимнастикада) – тіктемірде жаттығулар жасаған кезде алақан терісінің сыдырылып түсуінен сақтауы үшін алақанға киетін жабдық.

Жүктеме – спортпен айналысушылардың денесіне түсетін дене жаттығулары әсерінің өлшемі.

Салма – судың ортасына қойылатын шағын спорт қайықтары үшін жасалған жүзіп жүрген жабдық немесе көпір.

Серпілме – түйетайлы келген, серпілмелі, оңай көтерілетін жабдық.

Бұған қоса ақсүйек, жекпе-жек, жарыс, қылыштасу, аударыспақ деген сөздер де жасалған.

Жоғарыда көрсетілгендей, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен хабар беретін, қазақ халқының ұлттық спорт ойындарына байланысты қолданылатын терминдер өте көп. Кейбіреуінің орыс тіліндегі баламасы жоқ, олар орыс тілінің заңдылығына сәйкестендіріп қана айтылады.

Ш. Құрманбайұлы «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» атты еңбегінде: «Сала мамандарының тілді білу деңгейі әрқелкі болатындықтан олардың қаламынан туындайтын арнаулы атаулардың да сапасы біркелкі бола бермейді. Сондай-ақ термин жасап, терминологиялық сөздік түзіп жүрген түрлі сала мамандарының көбінесе арнаулы лингвистикалық білімі бола бермейтіндіктен термин шығармашылығында сөз тудырушы жұрнақтарды пайдалану барысында қателіктерге ұрынып жататын жағдайлар да аз ұшыраспайды. Термин жасау барысында жұрнақтардың қандай грамматикалық мағына үстейтінін, жалғану ерекшеліктерін білмей болмайды» - деп терминнің жайдан-жай жасалмайтындығын, сөзжасамдық жұрнақтардың кез келген сөзге жалғана бермейтіндігін атап көрсетеді [8,113].

Адъективтену – сындану арқылы басқа сөз таптарындағы сөздер сындық-сапалық сипатты білдіретін сөздер қатарына ауысады. Мысалы, ақ, қызыл, көк, қарасын есімдері: ақ–ақ қар – (ақ түспен ақ көңіл, ақ бата, ақ жүрек, көк (түс атауы, көк (аспан), қыз, қызу етістігі–оттың қызуы, қызыл жалын болуы арқылы аталып дамыған).

Үстеулену процесінің нәтижесінде қазіргі ілгері, бірге, жоғары, алға, ішкері, сыртқары, тысқары, соңыра, әрі-бері барыс септік жалғаулары формаларының өз қызметінде жұмсалмай, үстеулік сипатта орнығуынан дамыған. Мәселен көне түркі тілінде ілгеру, білгеру түрінде қолданылған. Демек, кей жағдайда басқа тәсілдер арқылы үстеулену де бар.

Үстеулену барысында сөз тұлғасының ешбір қосымшасыз қолданылуы арқылы, қосымшалы түрде қолданылуы арқылы, тіпті сөз тұлғасының қосарлануы арқылы да үстеуге өту құбылысы орын алған. Мысалы, соң, кейін, түбір алды, арты, зорға, басқа, бекерге, текке, амалсыздан, етпетінен, шалқасынан т.б. қимылды білдіріп, бірақ түрленбейтін көсемше тұлғалы етістіктердің кие-жара, бөле-жара, ішпей-жемей, кекете-мұқата, асықпай-саспай т.б.

Демек, көсемшелердің лексикалануы, үстеуге айналу жолы бар.

Ғалым А. Омарова нөлдік жұрнақтың бүкіл дүниежүзінің сөзжасамында танылуы лексика-семантикалық тәсілге басқаша қарауды талап ететінін айтады. Осыған байланысты лексика-семантикалық тәсілдің сөзжасамдық бірліктері уәждеме сөз және сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп танылу керектігіне зер салады. Сонда жоғарыда сөз болған лексика-семантикалық тәсіл бойынша жасалған туынды сөздер ғалымның көрсетуі бойынша, мына үлгі бойынша жасалған деп танылуы керек: уәждеме сөз+нөлдік жұрнақ. Оны мынадай мысалдар арқылы дәлелдейді: «жатын (етістік)+нөлдік жұрнақ–жатын (сын есім) бөлме; бөкпе (етістік)+нөлдік жұрнақ–бөкпе (зат есім, тарының бөкпесі), басқа (барыс септігіндегі зат есім) + нөлдік жұрнақ – басқа (сын есім адам), т.с.с.

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды.

Жалпы сөздің түпкі мағыналық құрылымын зерттеудің теориялық та, практикалық та маңызы зор. Сөз мағынасы мен мәнін айқындау халықтың дүниетанымын жетік білу үшін де қажет. Сөзжасамдық екіншілік мағына жасалған соң, дайын нәтиже ретінде туынды сөзге айналады. Одан барып лексикалық мағынасы жасалады. Сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуының өзіндік жолдары мен тәсілдері бар.

Қорытындылап айтқанда, лексика-семантикалық тәсілдің тіліміздің сөздік құрамын байытуда маңызы зор. Өзге де сөзжасам тәсілдері сияқты лексика-семантикалық тәсілдің өзіндік орны, қызметі бар. Қазіргі таңда тілімізде аталмыш тәсіл арқылы жасалған жаңа атау, терминдердің қатары көбейіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Сов.энциклопедия, 1966. – 606 с.
- 2 Оралбай Н., К.Құрманәлиев. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. – Павлодар: Типография Сытина, 2011. – 348 б.
- 3 Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.
- 4 Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
- 5 Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері. – Алматы: Арыс, 2002. – 84 б.
- 6 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
- 7 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

8 Құрманбайұлы Ш.Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік – словарь, 2005. – 240 б.

Резюме

В статье рассматривается роль лексико-семантического способа в процессе словообразования.

Resume

The role of the lexico-semantic method in the process of word formation is considered in the article.

АНТРОПОЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР РЕАЛИСТИЧЕСКОГО РОМАНА

С.О. МУМИНОВ

кандидат педагогических наук,
доцент кафедры русской филологии и
мировой литературы,
КазНУ им. аль-Фараби,

Аннотация

Русский реалистический роман XIX века имеет ярко выраженный антропологический характер. Это выражается в том, что литературные персонажи наделены различными антропологическими признаками и образуют особую систему – художественную антропологию, которая является основой сюжета.

Ключевые слова: художественная антропология, художественная онтология, антропологический роман, антропологическая поэтика, Достоевский, Л. Толстой.

Главной особенностью реалистической романистики XIX в. является ее антропоцентризм. Русский реалистический роман имеет ярко выраженный антропологический характер. Это выражается в том, что литературные персонажи наделены различными антропологическими признаками и образуют особую систему – художественную антропологию. Расцвет антропологической литературы – романы Достоевского и Л. Толстого.

Творчеству этих великих писателей посвящена обширная научная литература. Обычно проводят различия между творчеством Достоевского и Толстого, и это правильно, когда речь идет о выявлении специфики их поэтик. Безусловно, между Толстым и Достоевским существуют глубокие различия, выявлению которых посвящена обширная научная литература.

Так, например, В. Днепров отмечает, что «Толстой завершил формирование эпического романа нового времени, Достоевский – формирование романа драматического» [1, с. 139]. М.М. Бахтин последовательно противопоставляет монологический роман Толстого полифоническому роману Достоевского. «Ни герой, ни идея, ни самый полифонический принцип построения целого не укладываются в жанровые и сюжетно-композиционные формы

биографического, социально-психологического, бытового и семейного романа, то есть в те формы, которые господствовали в современной Достоевскому литературе и разрабатывались такими его современниками, как Тургенев, Гончаров, Л. Толстой. По сравнению с ними творчество Достоевского явственно принадлежит к совершенно иному, чуждому им, жанровому типу» [2, с. 116]. Как известно, М.М. Бахтин определяет полифонический роман как произведение, в котором голоса героев, их точки зрения, сознания сосуществуют, образуя равноправное идеологическое многоголосие. В монологическом же романе, по мысли М.М. Бахтина, сфера героя представляет собой замкнутое явление. «Самосознание героя включено в недоступную ему изнутри твердую оправу определяющего и изображающего его авторского сознания и дано на твердом фоне внешнего мира» [2, с. 60].

Однако, учитывая специфику художественного мышления Достоевского и Толстого, нужно помнить и о том, что их многое сближает, и, прежде всего, антропоцентричность их романов. Этот аспект поэтики романов Достоевского и Толстого требует отдельного изучения.

Г.Б. Курляндская считает, что эти великие романисты «стремятся к выявлению единых общих законов, управляющих частной и общественной жизнью людей, обращаются к универсальным нравственным связям, которые раскрываются ими через взаимоотношения персонажей, осознающих свою духовную сущность» [3, с. 246].

С.Г. Бочаров также сближает творчество Достоевского и Толстого. «Преобразование, которое внесли в литературный характер Толстой и Достоевский, и заключалось в нарушении константной определенности типов» [4, с. 422].

Главный объект изображения в антропологическом романе – литературный персонаж. Антропоморфные персонажи доминируют в художественном мире романа XIX в. Классическая романистика выработала систему воссоздания образов подобного рода персонажей. А.И. Белецкий полагал, что Достоевский и Толстой создали сходные приемы изображения литературных персонажей. К этому выводу ученый пришел, сопоставив поэтику Гоголя, Гончарова, Достоевского и Толстого. «Как создатель типических фигур, Гоголь творит, подбирая к одной тематической черте создаваемого лица другие, ее подчеркивающие и усиливающие...». У Достоевского и Толстого, наоборот: «Вместо статического изображения лиц –

динамическое; вместо типических фигур – типы душевных переживаний ...» [5, с. 72].

Как видно, Достоевского и Л.Толстого сближают общие подходы к изображению художественной антропологии. Это обстоятельство мы попытаемся проанализировать в данной статье.

В антропологическом романе во главу угла поставлена целостность персонажей, которая образует их характеры. В антропологическом романе задействованы самые разнообразные приемы, использованные для позитивной и негативной характерологии. Контрастно выдержанная характерология необходима для манифестации приемлемых или, наоборот, для деструкции неприемлемых ценностей. «Литературные персонажи могут представлять не только «носителями» ценностных ориентаций, но и воплощениями, безусловно, отрицательных черт либо средоточием погрязшей, подавленной, несостоявшейся человечности», – отмечает В.Е. Хализев [6, с. 167]. Посредством этого принципа писатель в персонифицированной форме проводит свои философские и моральные представления.

Антропологический аспект олицетворяется всеми персонажами, которые объединяются в разветвленную систему. Доминирующие персонажи получили различные терминологические обозначения: главные, основные, первостепенные, центральные, а менее «занятые» – второстепенные, периферийные. Деление героев романа на главных и второстепенных необходимо для того, чтобы в наглядной форме актуализировать выношенные автором различного рода идеи. В условиях антропологического романа XIX в. с его большим количеством персонажей сразу несколько центральных героев персонифицируют авторские взгляды.

Может быть и так, что центральный герой выступает как носитель неприемлемых ценностей (Раскольников, Анна Каренина). В таком случае со стороны автора следует сюжетная санкция, своего рода «наказание» за неправильное поведение. В этом усматривается дидактическая направленность антропологического романа. В наглядной форме подвергаются осуждению и критике человеческие пороки и заблуждения.

Но есть и сугубо отрицательные герои, неизменные в своей недолжной осуществленности. Такие персонажи нужны для критики отклонения от нравственных идеалов. В антропологическом романе, в отличие от сатирических произведений, в которых критика неприемлемых ценностей носит жесткий и открытый характер, неприятие автором человеческих пороков и недостатков

имеет более скрытые, не столь демонстративные формы. Здесь вступает в действие закон конкуренции, состязания. «Соревнуются» герои положительные и отрицательные, причем победа с неизбежностью закона достается любимым героям писателя. Поражение любимого героя в антропологическом романе второй половины XIX в. редкость, наоборот, в финале часто обнаруживаются его возросшие духовные возможности.

В антропологическом романе большое значение имеет принцип многостороннего жизнеосуществления. Этот процесс проходят только положительные герои, которые наделяются различными формами определенности: эмоциональной, поведенческой, мировоззренческой, речевой, морально-нравственной. Таким образом, любимые герои получают всестороннюю антропологическую привлекательность. Напомним, что ни один из любимых героев Толстого и Достоевского не имеет отталкивающей внешности. Их внешняя привлекательность является частью комплекса приемлемых и должных качеств.

Другой важный принцип антропологического романа – изображение становления положительного персонажа. Обретение должных свойств и качеств происходит постепенно. Антропологический роман рассматривает действительность как становление, как историю. Эта концепция обусловила наличие в художественном мире антропологического романа биографии персонажа. Положительные герои переживают проблемные этапы эволюции. Кризисы, конфликты, их мучительное преодоление – таковы формы обретения положительными героями новых, как правило, более совершенных мировоззренческих представлений.

Персонажное мышление авторов антропологического романа имеет векторную направленность. Это находит выражение в том, что вся система литературных персонажей служит для воплощения идеалов автора, его представлений об идеальном человеке. Положительной характерологии свойственна последовательность. Вера Толстого и Достоевского в человека столь велика, что они «заставляют» своих положительных персонажей пройти по всем этапам жизнеосуществления. Писатели тщательно рисуют все биологические и психологические этапы становления основных персонажей (детство, юность, зрелые годы, а также их духовно-нравственную биографию). Если же нет развернутого показа становления героев, то в движении сюжета содержатся указания и сведения, имеющие отношение к внутренним переменам, происходящим с основными персонажами.

Другая черта положительной характерологии выражается в том, что центральные герои демонстрируют огромную волю к обретению должных форм поведенческой, мировоззренческой и нравственной осуществленности. На этом пути они показывают сильную волю и стремление к истине. Антропологический роман утверждает идею обретения подлинной человечности героическими усилиями.

Апология энергичного жизнеосуществления – характерная примета антропологического романа. Причем в нем представлена не только индивидуальная многоаспектная осуществленность в ее привлекательных формах, но и предлагается концепция влияния идеальных представлений на других действующих лиц. Это находит выражение в том, что эстафету после смерти одного из основных героев может подхватить его сын или духовный преемник. Например, очевидно, что Николенька Болконский повторит и продолжит духовные поиски своего отца. У Достоевского продолжателем дела Зосимы стал Алеша Карамазов.

Детские образы – органичная часть системы литературных персонажей. В антропологическом романе широко представлены образы детей. Художественная задача привлечения образов детей заключается в том, что они свидетельствуют о полноте жизнеосуществления. Любимых героев Толстого, например, невозможно представить без детей, без семьи. А Достоевский проверяет своих основных героев через их отношение к детям. Как правило, его любимые герои выдерживают это испытание. Богатство внутреннего мира героев Достоевского выявляется в их любви к детям.

Как видно, в реалистическом романе XIX в. основные персонажи обладают и смысловой, и художественно-эстетической, и эмоциональной, и поведенческой целостностью, а главное, они представлены в своей привлекательной антропологической данности.

Надо отметить, что стремление авторов классического романа, в том числе Л.Толстого и Достоевского, воссоздать многостороннюю антропологическую осуществленность персонажей распространяется и на портретные описания, с помощью которых нарисованы правдоподобные образы. Необходимо отметить, что антропологический роман, основанный на стремлении воссоздать природу человека в виде антропоморфных персонажей, тяготеет к имитативной эстетике.

Имитативное начало романов Толстого и Достоевского находит свое выражение и в характере художественного пространства и

художественного времени. Художественное пространство необходимо для создания внешнего фона, на котором разворачивается сюжетное движение. Внешний фон играет информирующую роль. Сообщается о времени действия, которое происходит в пространстве. Без глобальных хронотопов национальных миров невозможно достоверно и правдоподобно нарисовать жизнь персонажей, внутренний мир которых обусловлен ритмами художественного пространства.

В антропологическом романе наблюдается пафосное освещение глобального хронотопа России. Толстой и Достоевский наделяют его положительными характеристиками. Для них это художественное пространство является источником, питающим формирование у основных героев идеальных представлений о миропорядке.

Мир русской природы помогает героям антропологического романа избавиться от сомнений, страхов и ложных установок. Внешний мир содержит в себе красоту, истину и правду. Глобальные хронотопы страны и природы подчинены антропологическим характерологическим задачам. В диалоге с природой показаны только положительные герои, чем подчеркивается их богатый внутренний мир. Отрицательные герои отлучены от природы, что дополнительно акцентирует их черствость и ограниченность.

Сопричастность героев к событиям, имеющим непосредственное отношение к хронотопу страны, положительно их характеризует, открывая богатство их внутреннего мира. Толстой и Достоевский изображают глобальный хронотоп России как источник должного мироощущения, как пространство, которое ожидает в будущем необычайный расцвет, взлет. Особенно присущи эсхатологические ожидания романистике Достоевского. Писатель горячо и искренне верил, что Россия явит миру новые формы истинной духовности, идеального миропорядка.

В этой связи уместно сказать, что природа, являющаяся «лицом» и душой хронотопа России, в антропологической романной традиции получает развернутые и с любовью выполненные пейзажные изображения. Это свидетельствует о том, что творцы антропологического романа с благодарностью принимают существующие визуальные приметы и формы внешней реальности. Благодарное принятие мира как творения Бога постулируется христианством. Следовательно, художественные принципы благоговейного изображения природы и мира обусловлены нахождением великих писателей в сфере христианского мировосприятия.

Различные подходы писателей-реалистов к изображению хронотопов цивилизации обусловлены разнокачественностью

пространственных образов. Так, образ Петербурга в романах Достоевского в целом осмыслен негативно. Писатель отрицательно относится к этому городу. Подобное отношение к столице империи объяснимо его реалистическими установками. Достоевский всегда стремился показывать жизнь людей с позиции правды и достоверности. Отрицательно осмысленный образ Петербурга вполне отвечает принципу реалистической обрисовки. Убогие жилища нищих персонажей, тяжелая жизнь в каменном сыром городе вписывались в логику хронотопа Петербурга. Таким образом, хронотоп Петербурга привлечен для решения задач достижения пространственной достоверности.

В романах Толстого разнокачественные фрагменты представлены в рамках хронотопа сельской местности. Усадьба Левина нарисована с максимальной теплотой и любовью как источник истинной формы жизнеосуществления, а поместье Вронского представляет собой негативно осмысленное художественное пространство, отражающее его неприглядный внутренний мир.

Художественное время также играет большую роль в романах Достоевского и Л.Толстого. В антропологическом романе наиболее значимый временной интервал – художественное время, которое имеет непосредственное отношение к персонажной сфере.

Биографическое время ключевых героев имеет векторную направленность. Эволюция любимых героев завершается обретением истинного мировосприятия. Личное же время отрицательных персонажей часто имеет «застывший» характер. Эти герои не способны на саморазвитие. Биографическое время тесно соотнесено с образом вечности. Например, герои Достоевского постоянно обращаются к ценностям христианства. Цитаты из Библии, библейские образы и мотивы, религиозные сюжеты и символы – это приметы образа вечности. С их помощью осуществляется тесная связь положительных героев Достоевского с духовной памятью человечества.

Биографическое время любимых толстовских героев также соотносится с образом вечности. Достаточно напомнить об эпиграфе к роману «Анна Каренина». Помимо религиозной традиции, герои Толстого черпают духовные силы и в природе. Необходимо отметить, что биографическое время любимых героев авторов антропологического романа имеет развернутый, детализированный характер.

Итак, художественное время привлечено в основном для решения антропологических задач. Можно утверждать, что художественное время, изображенное в романах Достоевского и Толстого, – это время по сути своей антропологическое.

Решению собственно антропологических задач посвящена и проблематика романа XIX в. Антропологический роман интенсивно ищет ответы на вопрос о том, в чем заключается предназначение человека.

Прежде всего для авторов антропологического романа человек – это существо, стремящееся к поиску вечных духовных и нравственных ценностей. «Внутренний» человек, погруженный в рефлекссию относительно своего предназначения в мире, – вот главная сфера внимания романистов-антропологов. Человек есть деятельное существо. Эта мысль также свойственна антропологической романистике.

Апология духовного человека нашла отражение в том, что в антропологическом романе (Достоевский и Л. Толстой не исключение) преобладают пафосность, назидательность и учительность. Этот тип романа обладает значительной воздействующей силой, источник которой – этически ориентированная система литературных персонажей, выражающая четкие морально-дидактические установки автора.

В связи с этим правомерно рассматривать русский антропологический роман как одну из форм идеократии. Кроме того, русский антропологический роман обосновывает мораль и право Отца. Отец – воплощение мужского начала в семье, государстве, народе. Антропологический роман активно утверждал мужественность, религиозный, поведенческий, мировоззренческий авторитет Отца. Большинство положительных персонажей русской классической литературы явно стремились достичь идентификации с Отцом.

С учетом вышесказанного возможно утверждать, что русский антропологический роман имел патрологическую направленность, что дополнительно характеризует его гендерно-антропологический характер.

Список литературы

1 Днепров В. Поэтическая динамика романа // Днепров В. Идеи времени и формы времени. – Л.: Сов. писатель, 1980. – С. 134 – 188.

2 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – 4-е изд. – М.: Сов. Россия, 1979. – 320 с.

3 Курляндская Г.Б. Нравственный идеал героев Л. Н. Толстого и Ф. М. Достоевского. – М.: Просвещение, 1988. – 256 с.

4 Бочаров С.Г. Характеры и обстоятельства // Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Образ, метод, характер. М.: Изд – во АН СССР, 1962. – С. 312 – 451.

5 Белецкий А.И. Создание лиц // Белецкий А. И. В мастерской художника слова. – М.: Высшая школа, 1989. – С. 56 – 74.

6 Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1999. – 398с.

Түйін

XIX ғасырдағы орыстың реалистикалық романы айқын антропологиялық сипатқа ие. Бұл әдеби кейіпкерлер әртүрлі антропологиялық белгілермен ерекшеленіп, ерекше жүйені – сюжеттің негізі болатын көркем антропологияны құрайтындығынан көрінеді.

Resume

The Russian realistic novel of the XIXth century has a distinct anthropological character. This is reflected in the fact that literary characters are endowed with different physical features and form a special system of artistic anthropology, which is the basis of the plot.

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»
ПОВЕСІНДЕГІ ПЕЙЗАЖДЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ
СИПАТЫ**

Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Еуразия гуманитарлық
институтының доценті

Л.Ж. МҰСАЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің доценті

Аннотация

Мақалада шығармадағы пейзаж суреттемелерінің орыс тіліне аударудағы ерекшеліктер М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің негізінде талданады. Шығарма түпнұсқасымен аударма нұсқаны салыстыра, салғастыра қарастыру арқылы ұлттық ерекшеліктердің бейнеленуіне, авторлық көзқарастың сақталуына назар аударылады. Аударма барысында қолданылған қосу, алу, қысқарту әдістерінің себептері анықталынады.

Түйін сөздер: тәржіма, повесть, пейзаж, ұлттық сипат, реалий, психология, параллелизм, концепция, сюжет.

Табиғат пен адам арақатынасын үйлесімділікте, үндестікте пайымдау – жазушының шығармашылық өнерінің ғана емес, философиясының ой-тұғыры. Мәселен, «Қараш-Қараш оқиғасының» көркемдік жүйесінде адам өмірі тұтасымен және толықтай айналадағы табиғи ортамен тығыз бірлікте суреттеледі. Яғни, М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің көркемдік әлемінде пейзаждың атқаратын қызметі өте зор.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы пейзаждық суреттемелердің орыс тіліне түпнұсқаға сай аударылуының мынадай мәдени-танымдық қызметтері бар.

Біріншіден, пейзаждық суреттемелердің орыс тіліне тәржімалануы қазақ жеріндегі бай, көркем табиғатты өзге ұлт өкілінің көз алдына тосады, тосын бейне тудырып, жаңа қабылдау түйсігінің пайда болуына әкеледі.

Екіншіден, түпнұсқадағы көркем ойды бұзбай-жармай, тұтастай жеткізуді мақсат тұтқан аудармашы оны өзге тілге тең деңгейлі етіп жеткізу үшін тілдің бар құнарын сүзгіден өткізіп, талғап-таңдайды.

Бұл аудармашының қырағылық қасиетінің жетілуіне, дамуына жол ашпақ. Қысқасы, табиғат көркін екінші тілге сол халықтың талабына сай, тіпті таңғаларлықтай деңгейде жеткізу сол шығарманы оқитын адамға да, сол шығарманы аударушының өзіне де екі жақты пайда әкелмек. Демек, ғалым, профессор С. Абдрахманов айтқандай, «Өркениет пен өркениеттің, халық пен халықтың танысуы, табысуы адамның адаммен танысуы, табысуы сияқты. Олар бір-бірімен танысуы үшін бір-бірінен ортақ белгілер табуы керек, ал сол таныстық ұзағынан болуы үшін олар бір-бірінен өзінен таппайтын нәрселерді де табуы керек» [1, 8 б.].

Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін туындының аударма нұсқасымен салыстырып талдау арқылы ондағы ұлттық ерекшеліктердің бейнеленуіне, авторлық көзқарастың берілуіне назар аударып көрейік. Түпнұсқада Рысқұлдың аң аулап жүргеніндегі тау келбеті төмендегідей түрде беріледі:

«Алдында үлкен құздың арғы беті гана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайып, тереңдеп барады; ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте ешнәрсе көрінбейді.

Буалдыр күңгірт күздің кәзіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай. Бұғады да ақырын гана қыбырлайды. Дәл ернеуге жақындап келді. Бір тастың иығына жабыса бұғып, баспалап қарады. Бұрын талай замандар шығып, үйге талшық қылмақ болып көп іздегенде, ату жерге анықтап кез келе қоймайтын арқардың бүгін орайы келердей. Дәл тамағының астындағы бір жеке шошақ басында үш арқар секиіп тұр екен. Бұлар арғы беттен бірдемеден үркіп қашып келген тәрізді. Еліріп, көз-құлағын сол жаққа қарай қадап, қарауылдап тұр. Бірі құлжа, екеуі ешкі» [2, 29 б.].

Аудармашы Пантиелев осы көріністі былай аударарды:

«На той стороне котловины, на дикой крутизне, - никого. Все мертво, ничто не шелохнется, не шевельнется. Безглазая немая пустыня... Сколько раз Бахтыгул бесплодно рыскал здесь, ползал, исцарапанный, изодранный каменными когтями, и рад был, что возвращался целым, невредимым! Теперь он не мог уйти с пустыми руками. Ныне его доля – камень и тот переупрямить.

Небо угрюмо и серо, как камни вокруг, и сам Бахтыгул, в сером заплатанном халате, с бескровным серым лицом, худощавый и костистый, похож на камень. Сняв со спины кремневку, он, подобно

ящерице, неслышно, неприметно стал красться по гребню котловины. Горы, горы! Подайте хоть вы милостыню бедняку!»

Тәржімашының қалам қуаты түпнұсқадағы еркін пішіп, кең көсілген құнарлы, көркем суреттерді бір-ақ қамтып, метамәтіндегі үш сөйлеммен берілген тұтас ойды бір ғана сөйлеммен беруді жөн көрген. Салыстырып көрсек, бірінші сөйлем теңдестіріле берілсе, екінші сөйлемдегі көрініс орысшасында жоқ, үшінші сөйлем «никого» деген болымсыздық есімдігі арқылы келте қайырылған. «Үлкен құздың» «котловина» болып аударылуы орыс тіліндегі оронимдердің ішінен сәтті таңдалғаны деп бағалаймыз. Бұл, бір жағынан, орыс халқының санасында қалыптасқан «ғаламның тілдік бейнесінің» талаптарына да жауап беріп тұр. Географиялық терминдердің бірі болып саналатын «котловина» сөзі орыс халқында мұхит, теңіз шұңғымаларының атауы ретінде де қолданылады.

Құзға қатысты берілген суреттемедегі автордың екінші кезектегі бейнелеуіне назар аударсақ, қазақшасында Бактығұлдың бұл жерден мылтығының қарауылына аң ілікпей, олжасыз, құр қол ғана қайтып жүргенін сыдыртып айтып кетсе, орысшасында оның психологиялық жағдайы жанама түрде қосылып беріледі: ***«и рад был, что возвращался целым, невредимым!»***. Сонымен қатар осы ерекшелік аудармада автордың көңіл-күйімен, авторлық «Менімен» қатар көрініс тапқан: ***«Подайте хоть вы милостыню бедняку!»***.

М. Әуезов психологиялық параллелизмнің ең бір ұтымды тұстарын прозалық шығармада аса бір биік үлгіде пайдаланады. Жалпы, Әуезовтің қаламгерлігіне тән болып келетін, оның палитрасындағы белсенді түстердің бірі – сұр түс. «Қараш-Қараш оқиғасынан» басқа шығармаларында да жазушы осы түсті әдейі таңдап алады. Бұл – кейіпкер психологиясын табиғат реңкімен салыстыра берудің ең бір тиімді тәсілі екендігі сөзсіз. Әрі оның бұл айрықша қасиетінен ұлы ұстазы Абай қалыптастырған жемісті дәстүрді аңғарамыз. Мәселен, Абайдың да қазақ кедейіне, шаруасына аса бір жайсыз тиетін көңілсіз күзді дәл беру үшін *сұр түспен* бояғанын оның осы мезгілге арнаған өлеңі арқылы түйсінуге болады. Ал жазушының бұл дара стильдік жетістігін тәржімашы нәрін бұзбай, келбетін кетірмей, жеткізе алды ма екен? Аударма нұсқадан бағамдайтын болсақ, оның да автордың айтпақ болған ойын қапысыз ұғып, сұр тас пен сұр аспанның арасына кейіпкерді тоғытып жібергендей әсер қалдырады.

Сөйтіп бұл жерде Мұхтар Әуезов табиғат пен адам арасындағы байланысты, түсіністікті негізгі идея етіп көрсетеді.

Қандай шығарма болмасын, идеяны таныту үшін жазушы шығармадағы суреттелетін өмір құбылысын, күрес-тартыстарды образ арқылы оқушылардың көз алдына елестете, ой сезіміне әсер ете отырып,

оларды (оқушыларды) өзі меңзеген бағытқа жетектейді. Бұл пікірдің осындағы пейзаждық суреттемеге де қатысы бар.

Аудармашы аңшының нысанасына іліккен арқарды орысшасында төмендегідей түрде береді: *«Прямо под Бахтыгулом на длинном волнистом скате словно повисли в серокаменном прозрачном тумане три великоленных архара – косматый круторогий козел и его короткохвостые, острокопытые жены»* [3, 101 б.].

Осында арқардың орыс тіліндегі баламасы болмағандықтан, оны басқа тілдердегі қолданылуы аясы шектеулі реалий сөздердің қатарына жатқызатынымыз анық. Бұл сонымен қатар ұлттық менталитеттің де бөлек бітімін таныта кетеді, яғни қазақ аңшылары тауға шығып, арқар атып қайтса, оны үлкен бір мәртебе, дәреже санайтын болған, жалпы, арқар ату жері таулы болып келетін қазақ халқынан шыққан аңшылар үшін жиі кездесетін жағдай. Ал орыс халқының аңшылық тұрмысында арқар ату туралы мәліметтер кездеспейді. Бір ескеретін нәрсе, арқар ешкіге емес, қойға жақын келетін аң. Ал тауда жүретін ешкі таутеке деп аталатыны мәлім. Өз тарапымыздан аудармашының арқарды ешкі деп түсіндіруінен гөрі басқаша жеткізгені дұрыс болар еді деген ой айтамыз.

Повестегі назар салуға тұрарлық тағы бір сюжет – Бақтығұлдың қашып жүрген кезіндегі Талғар суынан өтіп кетуге әрекет етіп тұрған сәті. Бұл жерде автор да, аудармашы да сарқырап ағып жатқан судың келбетін дәл бере білген. Түпнұсқада:

«Алыстан «мен мұндалап» азынап сатыр-сұтырымен сайды жаңғырықтап ағатын Талғар қасына келгенде, барлық асу суық түсімен жанды шошытады. Биік таудың өр кеудесінен қадімдік қалың мұз ақ қарынан шығып, жартасты құздарды жарып, ылдига қарай ағатын. Сол жолда шапшып құтырып, кейде бүктеліп тулап, ойнақ салып кетеді. Жайын суық қайрат иесі көк долы судан Бақтығұл көзін ала алмай, жартасты жағалап келе жатты. Жаздыгүні бұл су бұдан да күшті, бұдан да мол болып, аққұла болып ағады. Кәзір де күз болған соң, шарасы кеміңкіреген сияқты» [2, 62 б.].

«Издалека слышен хрипучий и гулкий голос белогривого потока. А вблизи ого ледяное кипение устрашает. Диким холодом, неумной мощью веет от зеленой воды, сплетенной в стермительные струи, - неволью отступаешь от берега, и все же не оторвать от воды глаз! Кажется, что множество удавов, извиваясь, вспухая толстыми горбами, свились здесь в неразрывным объятии и душат друг друга, изрыгая клубящиеся гребешки снежно-белой пены. Кажется, что не волны, а тысячи одичавших животных с оглушительным топотом в паническом ужасе несутся по руслу потока, и спины их громоздятся друг на друга» [2, 135 б.].

Талғар тауындағы таудан құлап ағып жатқан судың жан шошырлық, долы кейпін суреттеген кезде жазушы қазақтың мол әдеби сөздік қорын барынша пайдаланған. Орысша нұсқасында аудармашы асау суды *«белогривый поток»* - *«ақ жалды толқын»* деп барынша сәтті жеткізе білген. Сонымен бірге мұзды судың «қайнап жатуы» да қарама-қарсы көріністі берудің, яғни оксюморон тәсілінің табысты шыққан түрі. Бұл жерде аудармашы да өзінің барын салып, тәржімашылдық күшін ірікпей қолданған. Және пейзаждық суреттемені көрсету үшін келтірілген үзіндідегі соңғы сөйлем кейіптеудің жарқын үлгісі болып қызмет ете алады. Демек, адамның психологиялық жай-күйінің тілдік құралдар арқылы суреттелуі оның процессуалдық қырын басты назарға алса, жансыз заттардың жан бітіріле бейнеленуі адамның, табиғат, құбылыстың бір сәттік сезімдік суреттерін (қимылды) детальдап, неғұрлым айқын бейнелеуін көрсетеді.

Жан-жақтан жау қыспаққа алып, шарасыз күйде қалған Бақтығұлға пана болар жалғыз сүйеніші тағы да – асу бермес асқар таулар мен асау ағысты өзендер. Оны мына эпизодтан көруімізге болады: *«Жаулық пен қатер құшағында қаусырмалап қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлануға уақыт қалған жоқ, жалғыз үміті: не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады – әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындай не өлу, не құтылу сияқты бір-ақ қана түйіннің үстінде келді де, құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың тасқынына қойып кетті.»*

«Жау қолынан өлгеннен табиғаттың құрбаны болған мың есе артық» деп түйген Бақтығұл Талғарға қойып кетеді. Осы сәттегі кейіпкердің жан күйзелісін аудармада былай суреттеген:

«Спрятаться негде. Пробиться напролом? Не выйдем. С ним церемониться не станут. Пристрелят на всякий случай, чтобы не упустить... Впереди уже трое, сзади шестеро-семеро – никогда считать. Долгий свист прорезал грохот Талгара. Осталось одна дорога, одна надежда...»

Аударманың әсері түпнұсқадағыдай терең емес, стильдік бояу да аз. *«Өткел беріп құтқаратын, не өзі жұтып құтқаратын»* асау Талғардың сипаты аудармада көрінбейді.

Келтірілген үзінділер негізінде түпнұсқадағы пейзаждың аудармада берілуінің сәтті шыққан тұстары да, ұлттық бояуы мен сипаты әлсіреген тұстары да бар деп ой қорытуға болады. Жалпы, пейзаждың М. Әуезов әлемінде алатын орны ерекше екенін білеміз. Жазушы өзінің көркемдік концепциясын, шеберлігін табиғат суреттеріне сыйғыза біледі. Демек тәржімашы да пейзаждың осы ерекшелігін сақтап, табиғат көріністерін,

психологиялық параллелизмді беру кезінде түпнұсқа мәтіннің мәні мен сәнін мұқият зерделеуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Абдрахманов С. Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы. – Алматы, 2007. – 321 б.
- 2 Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы, Жазушы, 2008. – 220 б.
- 3 Ауэзов М. Выстрел на перевале. – Алматы, Жазушы, 2012. – 180 с.

Резюме

В статье рассмотрена характеристика перевода на русский язык пейзажа в повести М.Ауэзова «Қараш-қараш оқиғасы».

В статье «Қараш-қараш оқиғасы». Путем сопоставления оригинала произведения с вариантом перевода, обращается внимание на передачу национальных особенностей, перевод реалий, сохранение авторского взгляда. На конкретных примерах раскрываются детали добавления, изъятия, сокращений в переводимом тексте.

Resume

In the article the characteristics of the translation into Russian of the landscape in the novel by M. Auezov "Karash-Qarash okyiasy" is considered. Comparing the original work with the version of the translation, the comparison draws attention to the transfer of national features, translation of realities, preservation of the author's view. The examples show the reasons for adding, reducing, applied during the translation.

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Н.Б. МАНСҰРОВ

филология ғылымдарының кандидаты,
Еуразия ұлттық университетінің доценті

Аннотация

Мақала белгілі қаламгер Зейнолла Сәнік шығармаларында қолданыс тапқан кірме сөздердің мағыналық сипатын айқындауға бағытталған. Ұсынылған материалдар кірме сөздердің тілдік әрі тарихи тұрғыда қалыптасып, шығармалардан орын алу деректері бойынша сараланған. Ал құрылымдық және тұлғалық жағынан ерекшеленуі салыстырмалы түрде талданған. Мақала авторы сөздерді талдау барысында әрқайсысын термин ретінде қарап, сыр-сипатын анықтап, түпкі мазмұны мен кіріккен тіл қолданысындағы жалпыхалықтық ұғымын басшылыққа алған. Мұндай ізденістер өз кезегінде кез келген қаламгердің шығармаларында кездесетін кірме сөздердің қажеттілігі мен табиғатын тануда септігін тигізеді.

Түйін сөздер: кірме сөз, шығыс тілі, сөздің мағынасы, тілдік ерекшеліктер.

Зейнолла Сәнік – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер. Ол жалпы жұртқа тек қана қаламгер ретінде танымал болған жоқ, қазақ үшін күрескен тұлғалы азамат әрі тарихи дәстүрді жалғастырушы, көнені тани білетін тарихшы ретінде танылған. Оның қаламынан туындаған «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай», «Демежан батыр», «Тұғырыл хан», «Қайрақбай», «Басбай», «Сергелдең» атты романдары мен тарихи эсселері бүгінде оқырмандарға етене таныс. Аталған туындылар өзінің оқырмандары мен ғалымдар тарапынан тиісті бағасын алып үлгерген. Нәтижесінде біршама еңбектері жоғары дәрежелі мемлекеттік сыйлықтарды иеленген.

Тарихи романдар мен эсселер өткен заманнан сыр шертетін шығармалар болғандықтан ондағы сөз орамдарын сол заманға сай орайластыра білгендігі қаламгердің көп мәселеден хабардар екендігінің айғағы. Себебі тарих өткен өмірдің айнасы болса, тарихи туындылар сол айнаның сырын ашқан бейнесі.

Зейнолла Сәнік шығармаларында көптеген сөз орамдар, бейнелеу тіркестер, жергілікті лексикалық бірліктер мен кірме сөздердің

қолданыстары кең орын алған. Соның бірі ретінде оның қазақ сөз өнерінде күні бүгінге дейін жалғасып келетін мынадай сөз орамдарын ұтымды пайдаланғандығын көреміз: «*ханның басын хан алар шауып тұрып, қардың басын қар алар жауып тұрып*», «*жердің түбін шым бекітеді, елдің түбін қыз бекітеді*», «*бітер істің басына, жақсы келер қасына*», «*билік айту оңай, біліп айту қиын*» т.б.

Туындылардағы бейнелі тіркестер қаламгердің айтар ойын жеткізуде тілдік ерекшеліктердің бір көрінісі ретінде танылады. Ал заманына орай саудамен араласқан бай-бағландардың аралас тілдегі қолданысы мынадай:

- Наяты тұғыра айтады, - деп сөз қосты бағанадан бері жарылып кете жаздап әрең отырған Мырауыт бай, - біз жер талап қылмаймыз, пақат сауда қыладыған кішік иол керек. Емілдің суына қайық салсақ, саудамыз бек рауан болар еді («Басбай» 38-бет).

Бұл – қаламгердің сөз саптауындағы төл сөздердің кірме сөздермен араласқан қазақша мен татаршаға ұқсас бір үлгісі. Алайда мұндай сөйлемдер оқиға желісіне сәйкес үйлесімін тапқан. Бір қарағанда шұбарланған тілге ұқсас болғанымен барлығы түсінікті сөздерден құралған. Тағы бірер мысал:

- Ей, игитлер, сілер ішіні иман ахуетке апармаңдар, - деп Әмірсан бай басын шайқады.

- Біз һаммамыз мұсылман, бір құдайдың иолыны тұтсақ, иншалла, инақ өтіп кетеміз, - деп Ешен қазіреті де бүйірінің солай бұрылатынын білдіріп тастады («Басбай» 39-бет).

Келтірілген сөйлемдерде бірнеше кірме сөздер бар. Бірақ қаламгер бұл сөздердің қазақша нұсқасын, яғни жалпыхалыққа түсінікті болған үлгісін де қажетіне жаратқандығын көреміз. Қараңыз: «Демежан *шейіт* болғанда оның досы Диханбайдың жоқтауы жоғарыда айтқанымыздың куәсіндей сезіледі» («Демежан батыр» 107-бет) немесе «Басқа үшін емес, *шейіт* болған Демежанның аруағы үшін бір баламды қидым» («Демежан батыр» 151-бет) деген сөйлемдерде шығыстық *шейіт* сөзі қолданылса, ондағы мағынаға сәйкес тілдік айналымдағы *дүниеден өту, дүние салу* ұғымындағы тіркестер де сәтті келтірілген:

- Әкең қасқыр еді, - дейтін шешем, ешкімге есесін жібермейтін, ойына алған дүниелер көп еді, сол бір арман-тілегіне жете алмай, жастай *дүние салды* («Демежан батыр» 154-бет).

1935 жылы әкең *дүниеден өткен* кезде әлдебіреулердің үйінде отырып: «Үһ, менің күнім енді туғандай болды-ау!» - деп жері кеңгендей пиғыл танытуы оның іште жүрген жалынын сыртқа шығарғандығын аңғартса керек («Демежан батыр» 154-бет).

Жалпы, *дүние* сөзі тілімізде *әлем*, *жер жүзі* ұғымынан ауыспалы заттық *дүние*, *мүлік* мағынасында кең қолданылады. Өмір мен тіршілік үшін маңызды болған қажеттілікті Зейнолла Сәнік дұрыс ұғынып, әр сөздің бар мағынасын сәтті әрі тиімді пайдаланған. Мысалы: «Ей, балам, адамға *дүние* жолдас емес, адам жолдас, үлкен кісі сұраған екен, көңілін қалдырмаңдар, беріңдер!» - деп қолма-қол алдырып беріпті («Демежан батыр», 155-бет).

Бұл да қаламгердің тарихи кезеңдерді және заманына орай саяси ұстанымдар мен әлеуметтік мәселелерді жете түсіне білгендігінің сипаты. Дегенмен ол өз туындыларында әлеуметтік мәселелерге қоса діни ұстанымдарды да назардан тыс қалдырмаған, оларды өз заманына лайықты пайдалана білген. Мұндай ұстаным әр заманның саяси өмірде болып жатқан өзгерістерін дәл әрі жан-жақты тамаша бейнелей білген көсем сөз шеберіне ғана тән болса керек.

Міне осындай көсем сөз шеберінің шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер әлі толық қарастырылмаған. Өйткені ондағы сөз орамдар, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, қала берді лексикалық қор арнайы сөз етуді қажет етеді. Егер біз оның сөздік қорын тереңірек саралауды қолға алсақ, онда көптеген дүниеге көз жеткіземіз. Бұл тек қана Зейнолла Сәнік қолданысындағы лексикалық қордың көрінісі емес, ол арғы беттегі қазақ қауымының, сол өңірдегі жергілікті диаспораның тілдік қолданысы мен лексикалық құрамының, бейнелі де образды сөз орамдардың көрінісі.

Зейнолла Сәнік шығармаларының тілі қазақша болғанымен оның құрамынан орын алған кірме сөздердің мазмұны ерекше. Бұл біріншіден, тілдік шеберлігін танытса, екіншіден, аталған тілдерді түсіне білгендігін айғақтайды. Айталық, оның қолданысындағы *скамья*, *решетка*, *пеи*, *генерал* т.б. орыс сөздері болса, *Алла*, *бата*, *иман*, *молла* т.б. шығыс тілдеріне тән сөздер. Демек, қаламгер орыс хәм шығыс тілдерінің (араб, парсы) сөздер жиынтығын барынша еркін пайдаланған. Соның бірі ретінде *әулие* сөзін айтуға болады. Әулие араб тілінен енген кірме сөз.

Әулие *ولِي* (*уәлишун*) сөзінің көпше түрі *اولياء* (*әулия*) *ар. зат. көп. түр.* 1. Жақын, туған. 2. Қамқор, таза, (діни тұрғыда тақуа адам), тапқыр мағыналарын береді [1, 452].

Бұл сөздің тіліміздегі қолданысы кісінің жеке қасиетіне орай ұғымда келеді. Әулие *ар. зат.* 1. Діни ұғымда адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті» киелі кісі. 2. Қасиетті, әулие, көріпкел. 3. *ауыс*. Ең қадірлі, таңдаулы, керемет. 4. Алланың ерекше назарындағы, сүйікті құлынан бірі болған адам [2, 14].

Оның шығармадағы көрінісі мынадай: Біздің елдегі Көкше *әулие* және Салиха-Сәменге қатысты аңыз Тарбағатайдағы Мамырбек төренің ауылынан тараған деген сөз бар (Тұғырыл хан 203-бет).

Зейнолла Сәнік шығармаларында кірме сөздер біршама болғанымен тілі аралас не шұбар деп айтуға келмейді. Салыстыра қарағанда тіл тазалығын ерекше атау керек. Дегенмен, сөз еткен діни терминдердің өзі біршама болғанымен барлығы мазмұнға сай, мағыналық жағынан үйлесім тапқан. Мысалы:

... ол Демежанның өлімінен кейін мұның бәрінен түңіледі, жоламағаным мәнсәп болсын дегендей, осы бір паледен біржола құтылып, өз ауылынан мешіт салдырып, соған имам болып, сопылық жолын тұтынады да сол жолмен о дүниеге аттанады.

Келтірілген сөйлемде біршама кірме сөз бар. Олардың барлығы жалпыхалыққа түсінікті ұғымда ұсынылған. Мұндағы *сопы* сөзі суффа – дәруіштер киетін киім, жүн сөзінен шыққан мағынасына орай емес, оның жалпыхалық ұғымындағы тақуалықпен байланысқан «Алланы тану жайлы ілім» ретінде берілген.

Кірме сөздердің мұндай мағыналық ауыспалы қолданысы жайлы белгілі ғалым Л.З. Рустемов өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» деген еңбегінде жан-жақты талдау жасап, олардың семантикалық сипатын, этимологиясын, фонетикалық, грамматикалық өзгерістерін айтып өткен. Оның айтуынша, шығыс тілдерінен сөздердің ауысуы кезінде мағыналық жағынан өзгеріске ұшырайды. Соның бірі түп негізде аз мағынаға ие болған кей сөздер қазақ тіліне енгенде мағыналары кеңейеді [3, 56].

Расында, Зейнолла Сәнік шығармаларында діни сөздердің қолданысы кеңінен орын алғандығы байқалады. Оның қаламынан шыққан әруақ, ислам, дін, шапағат, шаһит, мырза, пенде, күнә, медресе т.б. сөздер осыны растайды. Сөз жоқ, тарихи жырлардың лексикалық құрамы көп ретте, араб, парсы сөздерінің үлесінде болатындығы жиі айтылады. Өйткені шығармаларға арқау болған кезеңдер түркі тілдерінің тарихында ислам дінімен байланысты қаралады. Басты себеп сөйлеу мен жазу дағдыларының араб, парсы тілдерінде болғандығы. Егер Зейнолла Сәнік шығармалары өткен ХІХ ғасыр мен оның алдындағы мерзімдерді арқау еткенін негізге алсақ, онда ол мезгілде жазудың арабша нұсқасы болғандығы ойға оралады. Оған қоса арғы беттегі қазақ бауырлардың күні бүгінге дейін араб жазуын қолданылып келетінін ескерсек, мұндай сөздердің орын алуы да заңды болмақ. Тіпті кейде олардың түп нұсқаға жақын жазылуына да себепші болатыны аңғарылады. Сондықтан болса керек қаламгердің қасиетті Құран Кәрім аяттарын түп нұсқаға жақындатып жазатындығы.

Әрине, ол кезеңдерде барша жұрттың дін исламнан хабардар кезі. Оқудың түрі мен жазу арабша болған соң өзгені сөз етуде оңай бола қоймасы анық. Мысалы, Зейнолла Сәнік «Басбай» шығармасында келетін ақын Әсеттің Құран аяттары мен шариғат үкімдерін қазақтың қара өлеңі жолына салып, мақамын сақтап, дін насихатын нақышына келтіріп шырқағанда жамағаттың, тіпті сол дінді уағыздап жүрген молдалардың да таңырқамасына амалы қалмаған жолдарын қаламгер тамаша келтірген. Әсет ақынның:

Алланың он сегіз мың ғаламында,
Аятта аты мәшһүр қаламында.
Өтініп мұқтаж болмас махәлық жоқ,
Пері, жын, айәханнас тамамында...
Лаулакамма халакатәл аплак деп,
Бір соның ғалам болдық сабабында.
Інжіл, Таурат, Забур мен Калам Шәріп,
Төрт кітап осылай дер жауабында.
Қазылар жаза берсе ризамын,
Ағаттық, қате болса жауабымда... («Басбай» 46-бет)

Осы өлең жолдарындағы Алла, ғалам, аят, мәшһүр, мұқтаж, пері, жын, тамам, кітап, жауаб, қазы, жаза, риза, қате сөздері жалпыхалыққа түсінікті болса, «лаулакамма халакатәл аплак» тіркесі түпнұсқада болғандықтан түсініксіз болуы мүмкін. Махәлық – мақлұқ, айәханнас – айуһәннәс (барша адам баласы), сабабы – себебі ұғымының бұрмаланған түрі.

Әр сөздің қолданысы әртүрлі болуы заманына орай қалыптасуы мүмкін. Мақлұқтың – махәлық және айуһәннәстің – айәханнас болуы айтылуына байланысты. Дыбыстардың алмасуы көп ретте сөздің мағынасына әсері болмайтыны жайлы мамандар тарапынан айтылып келеді.

Ал себеб сөзінің сабаб болуы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке айтылуынан. Тілдік қолданыста дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке қолданылуы өңірлік тілдік ерекшеліктерде жиі кездеседі. Өйткені қазақ тіліндегі араб кірме сөздерінің жуанды-жіңішкелі нұсқаларының таралу шегі де бірдей емес. Өзбек, тәжік тілдерінің тікелей ықпалы болатын оңтүстік говорларда жіңішке варианттар орнықса, қазақ әдеби тілі мен өзге говорларда жуан варианттар сақталған. Бұл да қатып қалған қағида емес. Қазақ тіліндегі залым-зәлім, маусым-мәусім варианттарының жіңішке сыңары оңтүстіктен тыс Жайық бойына дейін таралған деген пікірлер осыны растайды [4, 35].

Келтірілген мысалдардағы түсініксіз болған «лаулакамма халакатәл аплак» (дүниеде менен басқа жаратушы бар ма?) сөздері жазу арқылы

келгендігін ұғыну керек. Мұндай жағдайда сөздер қалай жазылса солай қалыбын сақтап қалады. Бұдан әрі қарай ақынның шарифаттың өзін қазақы өлеңмен өрбітуі қаламгердің дәл сол үлгіде беруі, оның сауаттылығының бір көрінісі:

...Иман айт, намаз оқы, ораза ұста,
Алалдап закатгасын байлар малын.
Күш жеткен адамға қажы парыз,
Есігін барып ашу Байтулланың.
Бұл айқын бес парызы Исламның,
Санаты атқаратын мұсылманның,
Түзетер қате болса айтқанымда,
Бас болған хазырет Ешен он бір ғалым.. («Басбай» 47-бет)

Бұл өлең жолдарында да сөздердің жуан және жіңішке үлгілерінің алмасып келуі орын алған. Зекет сөзі закат болып, хазірет-хазырет болып келуі де сөздердің үндестік заңына бағынбайтындығын аңғартады. Сондай-ақ діни сауаттылықтың орны басым екендігі көрінеді. Өйткені діни сауаты бар адамдар түп нұсқасын сақтап жазуға тырысады. Сондықтан бірі біліп екіншісі білмей ұқсатып жазғанда осындай бірнеше үлгідегі нұсқалардың қалыптасуы көрініс табады. Бұл жөнінде Б.Қалиұлы шындығында, кірме сөздер тілімізде түрлі формада еркін жайғасты және біз де оларды еркіне жібердік. Себебі арабша білетіндер арабша тұлғасын сақтап жазды. Орысша оқығандар олардың орысша порымын сақтауға тырысты. Ал қазақша оқығандар ол сөздердің үшінші түрін шығарды. Сөйтіп тілімізде көп нұсқалы сөздер пайда болды деген [5, 4].

Міне осыларды саралай келе Зейнолла Сәнік шығармаларынан көрініс тапқан кірме сөздердің бірнеше нұсқасын көруге болады. Бұл сөздер жалпы алғанда, барша қаламгерге тән екендігі белгілі. Дегенмен біз сөз еткен қаламгердің шығармаларындағы қолданысын екі бағытта қарастыруға болады. Бірінші, қазақтың жалпыхалықтық тіліне әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен кірме сөздер, яғни тілімізде ертеректе қоныстанған нұсқалар. Бұлардың біршамасы өз сөздеріміздей болып сіңісіп кеткен. Сол себепті қаламгер оларды шығармаларында қажетіне жаратып, тиісті орындарда ұтымды пайдаланған. Екінші бір тобы, сол кезеңде жалпыхалықтық тілде көп қолданыла бермейтін жазба тіл арқылы енген сөздер. Мұндай сөздер аса көп болмағанымен аз да болса кездеседі.

Түйіндей келе, Зейнолла Сәнік шығармаларының лексикалық құрамындағы кірме сөздердің басым бөлігі қазақшаланғандығын атау керек. Себебі сөздердің табиғаты осыны меңзейді. Мұндай қолданыстар қаламгердің тақырыптарымен де байланысты. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші, шығармалардың мазмұны мен сарыны өткен ХІХ ғасырдағы, кейде алдыңғы дәуірлердегі оқиғалар желісіне құрылғандығы.

Ал келесі бірі, арғы беттегі қандастарымыздың араб жазуын еркін пайдалана білетіндігі. Бұл да өз кезегінде араб, парсы сөздеріне тиісінше жағдай жасаған. Өйткені діни сауаттылық та кірме сөздер енуінің бір жолы.

Бір сөзбен айтқанда, белгілі қаламгердің шығармалары тақырыптық тұрғыда сұранысқа ие, өткен өмірдің қилы тарихынан сыр шертетін құнды еңбектер. Оның көтерген мәселелері де өзекті. Ал шығармаларының тілі жалпыға түсінікті, ой желісімен үйлесім тапқан. Бейнелеу үлгілері де өзіндік шеберлікті дәріптейтін тілдік тәсілдер арқылы берілген. Мұндай шебер көркемделген шығармалардағы кірме сөздердің алатын орны да ерекше. Бастысы, олар қаламгердің айтар ойына сәйкес қазақ тілінің дыбыстық өзгерістер негізінде қолданыс тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. II томник. 2 том. – Ташкент: «Камалак», 1994. – 484 с.
- 2 Мансұров Н.Б. Қазақ тіліндегі діни терминдер сөздігі. – Астана, 2013. – 100 бет. 14 б.
- 3 Рустемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
- 4 Раева Г.М. Түркі тілдеріндегі жуанды түбірлердің жінішке түбірлерге айналуы. – Алматы: Эверо, 2004. – 168 б.
- 5 Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. – Алматы, 1994. – 172 б.

Резюме

В статье рассматриваются заимствованные слова в произведениях известного писателя Зейноллы Саника. Данные слова анализируются в книгах автора с точки зрения их терминологического использования в собственном и общепрофессиональном употреблении в историческом и лингвистическом аспектах.

Resume

The article deals with borrowed words in the works of the famous writer Zeynoll Sanik. Borrowed words are analyzed from the point of view of their use in the works, as well as property and personality, which were formed in historical and linguistic aspects.

**ПАВЛОДАР ЕРТИС ӨҢІРІ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Ғ.Қ. РЕЗУАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

В.А. ШНАЙДЕР

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Инновациялық Еуразия университеті

Аннотация

Бұл мақалада авторлар Павлодар Ертіс өңірінен шыққан қаламгерлер, атап айтсақ, С. Торайғыров, И. Байзақов, М. Әлімбаевтың шығармаларында кездесетін орыс тілінен енген сөздердің қазақ тіліне ену тарихы жайлы айтып, лексика-семантикалық сипатын ашқан. Авторлар ақын-жазушылардың қолданысындағы орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерді екі тәсілге жіктеп, нақты мысалдармен дәйектеген.

Түйін сөздер: орыс тілінен енген сөздер, лексика, сөздік құрам, бөгде сөз, мәдениет, тарих, зерттелу, қазақ тіл білімі

Қай-қай тілдің де лексикасындағы бөгде сөздердің өзіндік ену тарихы бар. Бір тілден екінші бір тілге сөз ену үрдісі тарихпен, географиямен байланысты болады. Мәселен, Иса Байзақов шығармаларында қолданылған орыс сөздері ақын өмір сүрген қоғам келбетін танытады. Ақын кірме тіл элементтерін жаңа дүние жаңалықтарымен байланысты қолданған. Мәселен, «Жұмыскер еңбегіне сенетұғын» өлеңінде:

Салдырған құла түзге Түрксибті,

Жетуге жолы жақын алысының.

Немесе:

Өсірген шаруамызды колхоз, совхоз,

Еңбекпен ұйымдасқан неше мың жүз.

Комбайн, тракторды ат қып мініп,

Тетігін техниканың меңгердік біз.

Өлең жолдарындағы *колхоз, совхоз, комбайн, трактор, техника, Түрксиб* сөздері – ұлт мәдениетіне еніп жатқан қоғамдық өзгерістерді танытар мәдени бірліктер. Ақынның желдірмелеріндегі:

*Нормасын екі-үш есе орындатып,
Рапорт Сталинге берді талай.*

Немесе:

*Бесжылдыққа, даярлыққа ұлы дабыл қағылды,
Қарағанды қара алтыным дариядай ағылды,
Сәулеттеніп, сағымданған заводым,*

Көмір жинап, еңбек қайнап – алтын шырақ жағылды – дегендерінен кеңес жылдарындағы қоғам көрінісі танылады. Кірме сөздер тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер екені белгілі. Кірме сөздер қай тілдің болсын лексикасын байытар өнімді тәсілдердің бірі болып саналады. Қазір кезде лексикалық қорында кірме сөздер жоқ тіл жоқ деп батыл айтуымызға болады. Дүние жүзіндегі барлық халықтар бір-бірімен сөз алмасады және сөз алмасу құбылысы екі жақты болып табылады. Келтірілген мысалдарда ерекшеленген сөздерді шартты түрде орыс сөздері деп алғанымызбен, олардың барлығы бірдей орыс сөздері емес. Мәселен, *комбайн, трактор* сөздерінің түп негізі – ағылшын сөздері болса, *колхоз, совхоз* – орыс сөздері. Бұлар – дүние жүзіндегі көптеген елдерге тараған интернационалдық терминдер. Орыс тілінде де интернационалдық терминдер мол. В.И. Даль өзінің «Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне» 1820-1850 жылдар арасында орыс тіліне енген 750 сөзді кіргізген екен. Халықаралық терминдердің енуі сол жылдармен тоқталып қалған жоқ, кейінгі ғасырларда да қоғамдық өзгерістер мен техниканың дамуына байланысты кірме сөздер толқыны толастамай енуде. Ал кейінгі жылдарда ғаламдану үрдісімен, интернет желісімен байланысты бір тілден екінші бір тілге еніп жатқан сөздердің саны тіптен де көбеюде. Олар жалғыз бір тілдің аясында шектелмей, көптеген тілдерге ортақ кең шеңберде қолданылады. Мәселен, *менеджмент, маркетинг, экономика, интернет* т.б. Дүние жүзіндегі тіл атаулының сөздік қорын байытуға үлкен үлес қосқан тілдер бар. Бұндай тілдердің қатарында грек, латын тілдерін атауымызға болады. Оны тіліміздің лексикасындағы көптеген терминдердің түп төркініне этимологиялық талдау жасау арқылы анықтауға болады. Кейіннен бұл тілдердің орнын ағылшын, орыс тілдері басты. Кезіндегі одақтас елдердің тілдеріне халықаралық терминдердің көптеп енуіне тікелей себепші болған – орыс тілі.

Ғылыми еңбектерде қазақ тіл біліміне бұрындары орыс тілінен ауысқан кірме сөздерді екі кезеңге бөлініп қарастырады: қазан төңкерісіне дейінгі кезең және қазан төңкерісінен кейінгі кезең [1]. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі сөздер қазақ тіліне ауызекі түрде ауысса, қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде ауысқан сөздер, негізінен, баспасөз арқылы енген. Кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген шығармаларда

советизмдердің және басқа да орыс сөздерінің қолданылуы жиі кездесетін жайт.

Біз өз мақаламызға арқау етіп алып отырған қаламгерлердің бірі – Иса Байзақов ұлт тілінің тұнық болуына аса сақтықпен қараған. Сол себепті де орыс сөздерін шығармаларында мейлінше аз пайдаланған. Дегенмен, кез келген қаламгер – өзі өмір сүрген қоғамның перзенті. Шығармаларында өз қоғамының кескін-кейпін бейнелейді. Сондықтан ақын өлеңдерінде кеңес өкіметі жылдарында әдеби тіл нормасы ретінде қалыптасқан сөздердің қолданылуы заңдылық. Яғни, көркем сөз дүниесіне ұлт мәдениетіндегі барлық өзгеріс өз ізін салып отырады. Ақын шығармаларында кездесетін орыс сөздері қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынас, өндіріске қатысты жағдайларды, қазақ өміріндегі болып жатқан өзгерістерді, шынайы дүниенің тілдік бейнесін беруде қолданылған. Қаламгер шығармаларын талдай отырып, Иса Байзақов тіліндегі кірме сөздердің өзге мәдениеттен хабар берер тілдік деректер сипатында болғанын аңғарамыз.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының қолданысында орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерді екі тәсілмен беруді жөн көрдік:

1. **Дыбысталу түрін негізінен сақтап қолданылған орыс тілінен енген сөздер.** Олардың ішінде көбіне ғылым мен техниканың дамуымен бірге қалыптасқан жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер кездеседі. Оған бір ғана Мұзафар Әлімбаевтың «Ақмаңдайлым» атты өлеңдер жинағынан біршама мол мысал келтіруге болады. Қаламгер қолданған ол сөздердің барлығы дерлік біршама уақыт (еліміз КСРО құрамында болған жылдары, 1994 жылға дейін) орыс тіліндегідей дыбысталып күнделікті қолданылып келсе, бүгінде айтылым нормасына сай сәл өзгеріспен тілімізде жұмсалып келе жатқан сөздер. Мысалы: *поезд, вагон, перрон, семафор, купе, вокзал*. Мәселен,

*Көзінде жас, қыз **перроннан** кеткен жоқ,*

***Поезд** әлі **семафордан** өткен жоқ;*

*Абыр-дабыр **купе** іші қарбалас*

Ақын тілінде *шофер*, «*Москвич*», *агроном*, *мотор* деген де сөздер ұшырасады. (Мәселен, *Агроном* ауылдық Асықты жолдың шетінде; Бір мезетте белестен Көрінді көкшіл «Москвич»; Жымиды шофер: - Кел отыр! Мотор қайта от алды). Немесе: *студент*, *курс*. (- Қалыңдық қайда? – *Студент*. *КазГУ*-де соңғы *курста*), *завод*, *пропуск*, *бюро*, *матрос* (*Заводта*, *пропуск бюросында* Бір қыз бар сүйкімді өзі сыйласуға. Тұрады бір *матрос* «сіз», «біз» десіп, Телміріп терезеге күнде осында). *Асфальт* (*Асфальт* төсеп Қордайдың асуына, Жақындаттым жолдардың қашығын

да), *медаль* (Бір медальдің екеуміз екі жағы екенбіз), *фильм* (Фильм болып үнемі түсімізге кіреді) және тағы басқа сөздер.

2. **Қазақ орфоэпиясы заңдылығына бағынып, өзгеріске түсіп қаламгерлер шығармаларында қолданылған орыс тілінен енген сөздер:** *бөшке* (бочка), *директір* (директор), *пенжәк* (пиджак), *тілипон* (телефон), *нешір* (вечер), *топли* (туфли), *пәлке* (палка), *гәләш* (калоши), *дәкүмент//дәкүмент* (документы), *кәзит* (газета), *пәлитон* (фельетон) т.б. Мәселен, Сусыз бөшке жол алар деген накыл (С.Торайғыров).

Айтылым заңдылығына сай өзгеріске түсіп қолданылған сөздер көбінесе кейіпкер тілінде келеді.

Өзге тілден енген сөздердің басым көпшілігі өз мағыналарын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайтындығы белгілі. Дегенмен, кейбір қаламгерлерде орыс тілінен енген сөздердің кейбіреулерінің құбылып, өз мағынасын өзгерткенін немесе кейбіреулерінің ауыс мағынада қолданылғанын көреміз.

Ғалым Р. Сыздық: «Кейіпкер тілін зерделеу барысында ондағы ауызекі сөйлеу элементтерінің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің оны алуы, кірме сөздердің, оның ішінде макоронизм деп аталатын бөгде тілдік элементтердің көрінуі деген сияқты жайттарға тоқталу керек. Жазушы бұларды әр алуан көркемдік стильдік мақсатта жұмсайды... Дәрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макоронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі», - дейді [2, 41]. Ғалым айтып көрсеткендей, жазушылар тілінде макоронизмдер ретінде осы іспеттес кірме сөздер, атап айтқанда, орыс тілінен енген сөздер ара-тұра кездеседі. Мысалы: *порым*, *пәлке*, *ышпана* т.б. Бұл макоронизмдердің кейбірі антропоэзектік бағыттағы тілді сол тілде сөйлеушінің жан-дүниесі мен тұрмыс-тіршілігіне әлеуметтік деңгейіндегі зерттеулерге сәйкес стильдік мақсатта кейіпкердің мінез-құлқын, білім, мәдениет дәрежесін көрсетсе, орыс тілінен енген сөздердің басым көпшілігі (*тілипон*, *трәктір*, *дүкімент*, *директір* т.б.) уақыт шындығын көрсететін күнделікті өмірде қолданыла беретін реалийлер, яғни белгілі бір кезеңдегі зат, құбылыс, іс-әрекетті танытатын тілдік қолданыстар болып табылады. Қаламгерлер шығармаларындағы макоронизмдердің т.б. қолданысын сөйлеушінің немесе социумның (кейіпкердің) тіл мәдениетін көрсететін айшықтау құралдары деп білеміз.

Оған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасынан мысалдар келтірсек: *Учредительный собраниеде өтпек ойы*, *Солайша ептеп-ептеп бір амал ғып* немесе *Елдегі комитетте члендікте Бір кедей жоқ, не себеп байлар тегіс*. Сондай-ақ: *Комитетке жыртықызса запискені*, *Кім алар дейді құлағын түбінен кесіп* немесе *Ойламауға*

болмайды бұл қазақты, *Подлотке* істемейді деп судай кешіп. Осы сияқты: *Жиіркенбей үстінен әкеп жабар жала*, *Телеграмды* жаудырап бара сала. *Ақша істеді деп біреуді донос* қылып, *Жүргені анық дәлел осы араға*. Ақын келесі бір өлең жолдарында: «*Планы жоқ тоқтаудан және ұялып, Талай жерде қызартып ұят қылған. Сөйлегенде «затем» деп тұрып алып, «Затемге» бір сөз қоспай мысы құрыған*», - десе, енді бірде: «*Исходящий*», «*Входящий*» әдемі жазу, *Кәмілдіктен саналар ол байғұсқа және бірде: «Әйтпесе «повторение» жарамайды, Рекең сызып тастар қайран тісін. Жастар оны таниды «не как юрист», Таниды «как мелочный канцелярист», Обломовтың бірінің «типі» жақын*», - деп біршама орыс сөздерін қолданған. Келтірілген мысалдарда қолданылған орыс сөздері әдеби тіл нормасы ретінде қазақ тіліне енбеген. Бұл сөздердің қазақ тілінде баламасы бар. Ақын оларды стильдік мақсатқа сай қолданылады. Автор «оқыған қазақ» пен «қара қазақтың» образын ашу үшін әдеби тілге енбеген орыс сөздерін қолданған. Сонымен қатар олар сол стильдік мақсатты нақты аша білген. Бұл белгілі бір дәрежеде автордың образ сомдау шеберлігін танытады.

Осымен байланысты орыс тілінен енген сөздерді кейіпкер тілінде өзгертіп, ия өзгертпей қолдану – кейіпкердің білімін, білігін, ішкі жандүниесін көрсететін әлеуметтік мәні бар дәйектік фактор. Демек, оны стильдік мәні бар қолданыс деп сипаттауға болады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларында қолданылған орыс сөздерін семантикалық тұрғыдан лексиколог-ғалым Ә.Болғанбаевтың жіктемесіне салып мынадай тақырыптық топтарға бөлуге болады.

а) Тұрмыстық лексика, яки тұрмыс қажетіне қатысты сөздер:

Тарсылдат маңайында *стол* болса, *Жұрт* десін есіл ерде қайрат сонша; Оларға *пальто* әперіп, *галаш* салып, *Ісің* түзу болса да ол шытынса (С.Т.).

ә) Қоғамдық құбылыс және әкімшілік басқару ісіне қатысты сөздер.

Өзі *юрист*, жас жігіт жаңа талап, *Шықпайды* деуге бола ма мұнан өнер; *Ығын-шығын* қырғыннан өз *уезін*, *Қалды* ғой ақылменен аман алып; *Жақыптан* биік мақсат үмітті едік, *Түкте* жоқ, *партия* ғой бар жұмысы, *Райымжанмен* екеуі бірге жүріп, *Съезде* салған жоқ па жұртқа бүлік; *Бұрынғы болыстардан* айрықсызын, *Көңіліміз* суыды ғой сонда біліп; *Тегінде делегаттар* елден барған, *Бәрі* де ел билеген қасқырлардан; *Жуандардан* жасалған *комитеттер*, *Былайша* халық көзін байлады деп; *Думадан* бір орындық жылытпақшы, *Сайланып* бір *депутат* болып барып; *Пайдасын чиновниктер* байлар көрер; *Соғыс* болса, жауғандай көктен алтын, *Капиталист*, байларға әдейі арнап; «*Күн не?*» десе

«пристав», «уезд» дедік, «Жер» не – десе – «болыстық» демеп пе едік?; Қайынын *комитетке* сайлаймын деп, Көрсетіп халыққа өзін үлкен жан ғып (С.Торайғыров).

Шаттықпен күтіп тұрған *Комсомолда*, Өкініп мойып қалды барлығы да. Табамыз, келед(і) қонақ, саспаңдар деп, *Партия* қайрат берді барлығына; Тізіліп *командирлер* қатар тұрған, Алдында *политбюро* қатарынан (И.Байзақов).

б) Ғылым мен мәдениетке қатысты сөздер.

Газет пен журналдарда жайым толып, Бірі күн, бірі атымды ай қылатын; *Роман* деуге болады мұның өзі, *Фельетон* тәртібінше әрбір сөзі; Байлықпен медресе, *школ* салсам, Нашарларды оқытып, алғыс алсам; Сен, міне *доктор* болдың терең оқып, Нашарға пайда етуге осы жайда; Атақты *чиновниктің* баласынан, Аз көрдім *стипендия* артылғанын. Бұлай болса сондағы үйретуші, Сорысқан боп табылар кедей қанын. Пайда етуге *агроном* болсаң тағы, Бұл ісің кедейге сор, байдың бағы, Құр сенің ғылымыңмен түзеле ме, Саймансыз кедейлердің шаруа жағы! Томдағы *инженерлік* сабағында, Жетеді бір жылдан соң тамамына (С.Торайғыров).

Марина бізден бөлек алыс қалды, Ол іздеп *экипажды* қалай табар? Арада осылайша үш күн өтті, *Летчиктер* іздеуде жүр осы бетті; Дауысы *самолеттің* естіледі, Таудағы қонғандарға ақырын жайлап (И.Байзақов).

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер.

Мысалы Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында: *участок, план, колония, землемер, хутор, аренда, десятина, склад, загон* т. б. сөздер кездеседі.

Сонымен, Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы жоғарыда келтірілген русизмдердің кездесуі бірінші жағынан, замана талабына сай әдеби тіліміздің орыс тілі элементтерімен толыға түсіп, сөздік құрамның даму эволюциясына әсер еткен кезеңдер белгісінің көрінісі болса, екінші жағынан, қаламгерлер қолданысында олар өзгеріп, түрленіп, мағыналық, дыбыстық жағынан құбылып, көріктеу құралдары ретінде де, кейіпкердің тілі ретінде де стильдік, функционалдық қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 264 б.
- 2 Сыздық Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1984.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 4 Мыңжанұлы Н. Кірме сөздер. – Алматы, 1983.
- 5 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 469 б.
- 6 Дмитриев Н.К. «К определению терминов «заимствование» и «заимствованное слово» // Развитие лексики русского языка. – Москва: «Наука», 1965. – 134 с.
- 7 Орыс тіліндегі түркі сөздерінің сөздігі. – Алматы, 1993. – 369 б.

8 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.

9 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 144 б.

Резюме

Статья посвящена заимствованным русским словам в произведениях писателей и поэтов Павлодарского Прииртышья, в частности, С. Торайгырова, И. Байзакова, М. Алимбаева. Автор раскрывает историю заимствования русских и иностранных языковых элементов, посредством русского языка, их лексико-семантическую характеристику, подразделяет на две подгруппы, приводит достаточное количество примеров.

Resume

The article is dedicated to the borrowed Russian words in the works of writers and poets of Pavlodar Priirtyshje, in particular S. Toraighyrov, and I. Bayzakov, M. Alimbaev. The authors expose the history of borrowing of the Russian and foreign lingual elements, adopted by means of the Russian language, their lexico-semantic characteristics, divided into two subgroups and give a sufficient amount of examples.

**ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ ҰҒЫМЫН
ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ
АЙҚЫНДАУ**

Г.Т. СЫРЛЫБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің қауымдастырылған проф. (доцент) м.а.

Аннотация

Мақалада психолінгвистикалық тәжірибе арқылы қарама-қарсылықты айқындау жолдарын ұсынған ғалымдардың пікірлері талданып, психологиядағы жағымды-жағымсыз әрекет қарама-қарсы ұғымдардың туындауына негіз болатындығы талданды, тілдік тұжырымдар айтылды.

Түйін сөздер: психолінгвистика, антоним, полярлық, эмоция, контекст, қарама-қарсылық.

Қарама-қарсылық тілдік қана категория емес, ол ғылымның философия, логика, психология сияқты салаларын да қамтиды. Өмірде болатын түрлі қарама-қайшылықтар адамдардың логикалық-танымдық және психологиялық ерекшеліктеріне әсер етеді. Антонимдерді де психолінгвистикалық аспектіде анықтауға болады. Бұл тұста тікелей психологиядағы қарама-қарсылықтың ара-жігін ашып көрсету қажеттілігі туады.

Қарама-қарсылық психологияда да көрініс тауып, «полярлық» термині арқылы түсіндіріліп жүр. Адам сезімдері, сапасы тіпті жай белгілері жағынан әр алуан, қарама-қарсы болып келеді.

Психолог ғалымдар Қ. Жарықбаев, Сәбит Бап-Баба, Ф.Н. Гонаболин, С.Н. Кахиани еңбектерінде психологиядағы сезімге қатысты қарама-қарсылық немесе сапалық полярлықтар туралы мәселелер кеңінен қамтылған. Аталған мәселеге қатысты психолог В.Н. Гонаболиннің тұжырымы мынадай: «Сезім ерекшеліктерінің бірі – оның полярлығында, яғни бір-біріне қарама-қарсылығында. Мысалы, шаттық сезім үшін мұң, сүйсінуге – күйзелу, сүйіспеншілікке – көре алмаушылық, қорқынышқа – өжеттік, жауынгерлік полярлық сезім болады» [1, 101 б.].


«Жақсы мен жаман, қуаныш пен қайғы, күлкі мен жылау, қарғыс пен алғыс, рахат пен азап, ащы мен тұщы сияқты түсініктер объективтік дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғатына салыстыра баға беруден

туғандығы анық», – [2, 108 б.] дей келе тілші М. Оразов та, адам эмоциясы, сезімі субъективті қасиетке ие екендігін айтқан. Шындығында да, екі адам бір жағымды объект туралы бірі – жағымды, екіншісі – жағымсыз ой айтуы да мүмкін. Мұнда да қарама-қарсылық туындары анық.

Яғни, психологияда қарама-қарсылық сезімге қатысты айтылады. Сезімді жағымды және жағымсыз деп екіге бөлуге болады. Адам өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста бола отырып әртүрлі психологиялық күйді бастан өткереді. Мәселен, адамның қорқыныш сезімі кейде жауынгерлік әсерді, өзін қорғау үшін белсенді әрекетке дайындалуды көздейді немесе қорқыныш дүркірей қашуға да және батыл шабуылға да бастайды. Кейде адам сезіміне қатысты қуану мен ренжу, шаттану мен мұңаю, күлу мен жылау, сүйсіну мен жиіркену сияқты жағымды-жағымсыз қасиеттері қатар бір мезгілде адам басынан өтуі мүмкін. Осы сияқты адамның жағымды-жағымсыз сезімдері психологияда актив және пассив түрде өтілетіндігі дәлелденген.

Адам қуанғанда, толқығанда (шығармашылық жұмыс үстінде) ерекше өрлеуді сезінеді, оның сезімі мұнда актив. Сезімнің активтігі психологияда стеникалық (гректің *stenos* – қуат, күш шақыру) жағдай деп аталады. Керісінше сезімнің енжарлығы оны астеникалық (*asthenika* гректің қуатсыз, әлсіз) жағдайға апарып, адамның іс-әрекетін, қайрат-жігерін бәсеңдетеді [1, 102 б.].

Дәл осы сияқты адам сезімі мен жағдайының бәсең және күшті түрде қарама-қарсы келуінің төмендегідей полярлы түрін атап көрсетуге болады:



Бұл айтылған тұжырымдар психологиядағы тікелей қарама-қарсы қою (сезімдегі полярлық) ерекшеліктеріне қатысты ойдың бастамасы ғана еді. Осы сияқты психологиялық ой-пікірлерге сүйене отырып ғалымдар қарама-қарсы жұптарды (антонимдерді) психолингвистикалық аспектіде анықтауды қолға алып, ғылыми тұжырымдар жасайды.

Антонимдердің аталған бағыттағы көрінісі А.А. Брудный, Э.И. Родичева, В.А. Маслова, И.Л. Медведева сияқты зерттеушілердің еңбектері мен ғылыми мақалаларында қамтылған. Ғалымдар психологиялық тұрғыда тәжірибе арқылы қарама-қарсы қойылатын ұғымдарды анықтауды мақсат етеді.


Мәселен, А.А. Брудный «мұз» (лёд) сөзіне қандай ұғым қарама-қарсы келетіндігін тәжірибеге сүйеніп анықтайды. Нәтижесінде мынадай жауаптарға қол жеткізеді:

- 1) мұз ↔ су (Мұз–қатты зат, су–сұйық. Сол себептен, екеуі қарама-қарсы);
- 2) мұз ↔ от (Мұз өте суық зат болғандықтан, қарама-қарсы ұғым – от);
- 3) мұз ↔ жалын (Мұзды жалын жойып жібере алатындықтан екеуі қарама-қарсы);
- 4) мұз ↔ қайнаған су (Қайнаған су – ыстық, сұйық зат, ал мұз – қатты, суық зат);
- 5) мұз ↔ бу (Бу – өте жеңіл су түріне жатады да, ал мұз – керісінше салмағы бар қатты зат);
- 6) мұз ↔ құм (Құм – үгілгіш, ал мұз – сынғыш зат);
- 7) мұз ↔ ыстық (Ыстық мұзға қарама-қарсы ұғым);
- 8) мұз ↔ еру (Еру – мұздың жойылуы, сондықтан екі ұғым қарама-қарсы) [3, 23 б.].

А.А. Брудный жүргізген тәжірибе нәтижесінде, адамдардың ассоциациялы ойлауы негізінде қалыптасқан жауаптары арқылы «мұздың» заттық, сапалық, символдық яғни өзіндік қасиеттері қалыптасқанын аңғарамыз. Ғалымның тұжырымы бойынша, қарама-қарсылықтың психологиялық негізде туындау барысында тілдің семантикалық субстанциясына ұжымның баға беру деңгейін де анықтауға болады. Қоғамдағы әр адамның өзіндік пікірі бар. Сол себептен де, берілген сөзге қарама-қарсы қандай (сөз) ұғым болуы керек деген сауалдың түрлі жауабы анықталуы заңды құбылыс. Жоғарыда айтылған жауаптардың барлығы «мұздың» әртүрлі сөзге қарама-қарсы келетіндігін көрсетеді. Бұл тұста да нақты қарама-қарсылықты (антонимдікті) ажыратуда нақтылық жоқ. Өйткені, психоллингвистикалық тұрғыдан антонимдікті анықтауда олардың тілдік белгілері (ерекшеліктері) ескерілмейді.

А.А. Брудный ғылымда қарама-қарсы қоюды тәжірибе арқылы анықтауға болатынын дәлелдеп берді. Бұл психоллингвистикадағы жаңа бағыттың бастамасы ғана болды. Кейін келе ғалымдар осы бағытты ары қарай толықтырып, өрбітіп бұдан да зор нәтижелерге қол жеткізді.

Мысалы, А.А. Маслова стимул (ынталандыру) сөзі арқылы қарама-қарсы ұғым қалай қалыптасқандығын анықтайды. Бұл процесс тәжірибеде мынадай сызба арқылы жүзеге асады:




Сурет 1– Қарама-қарсылықты психолингвистикалық тәжірибеде анықтау

Антонимдерді психолингвистикалық бағытта анықтай келе В.А. Маслова мынадай қорытынды жасайды: «Психологиядағы ассоциативті мағына – мағынаның бір түріне жатады. Мұндай мағына берілген стимул сөзге ассоциациялық ойлау негізінде берілген жауап арқылы қалыптасады. Антонимдік жұптарды психолингвистикалық тәжірибе негізінде анықтауда әрбір ассоциат сөз өз ассоциация шеңберінде екінші ассоциация шеңберіндегі сөз мағыналарымен қарама-қарсы болып келсе, бұндай жұптарды антонимдер деп атауға болады» [4, 11 б.].

В.А. Маслованың ойын төмендегідей мысал арқылы нақтырақ түсіндіре аламыз:





Сурет 2 – Қарама-қарсылықты анықтау шеңбері

Келтірілген сызбада негізгі антонимдер – *ыстық-суық*. Осы антонимдік жұптардың әрқайсысына қатысты өз шеңберінде жедел түрде ассоциациялық ойлау арқылы санамызда түрлі ұғымдар қалыптасады. Мысалы, *ыстық* деген сөзді айтқанда адам ойына бірден *терлеу*, *балқыту*, *қайнату* деген ұғымдар келеді. Екінші сөзге де осындай қасиет тән. *Суық* дегенде бірден *қату*, *тоңу*, *суыту* сөздерін айтамыз. Нәтижесінде, антонимдік жұптардың әрқайсысы құраған ассоциация шеңберіндегі сөздер де бір-біріне қарама-қарсы келіп тұр: *терлеу – тоңу*, *балқу – қату*, *қайнау – суу*.

Қарама-қарсы ұғымдарды психолінгвистикада тәжірибеге сүйене отырып қарастырған зерттеушілердің бірі И.Л. Медведева болатын. Өз тәжірибесінде И.Л. Медведева ағылшын ғалымы Дж. Дизаның мынадай тұжырымын басшылыққа алады: «Сөз арасындағы контрастың өзара байланысы жоғары дәрежедегі ассоциациямен толықтырылады және антонимдердің мағынасы екі жұптың бір-біріне қатысы жағынан анықталады. Мұндай антоним сөздер тек сапалық ұғымдардан ғана жасалады» [5, 79 б.].

Осы бағыттағы пікірге сүйенген И.Л. Медведева өз тәжірибесінде жұп сөз ретінде тек «заңды қалыптасқан» (сөздікте берілген антоним) антонимдерді ұсынады. Сондай-ақ өзіндік қасиеттері о бастан қарама-қарсы келетін екі түрлі сөздерді қарама-қарсылықты анықтауда қолданған. Бұл зерттеушінің тәжірибесінің жаңа қыры болып табылады. Мысалы:



Сурет 3–Қарама-қарсылықты жұп сөздер арқылы анықтау (жедел түрде қалыптасқан қарама-қарсы сөз)

Зерттеушінің әдісінің тиімділігі мысалда келтірілгендей *күн мен түн* т.б. жұп сөздерді келтіре отырып, жылдам түрде адам санасында қалыптасқан қарама-қарсы жұптарды анықтау. Оның нәтижесі барысында зерттеуші түрлі жауаптарға қол жеткізеді. Бұл тәжірибе негізінде: әр коммуникацияны жүзеге асыратын сөздің айналасын қарама-қарсы ұғымдар қоршап тұрады, әрбір адам өмір сүру тәжірибесінде салыстыру қажеттілігін неғұрлым басынан көбірек өткерсе, соғұрлым оның санасында түрлі (сөздерді) ұғымдарды қарама-қарсы қоя білу жедел түрде қалыптасады деген сияқты қорытындылар жасалған болатын. Осы тұста И.Л. Медведеваның пікіріне қосылуға болады, өйткені дүниені тану барысында, өмір сүру тәжірибесі мен жас ерекшеліктеріне қатысты да адам санасының деңгейін байқаймыз. Сол себептен де, әр адамның жауабы қарама-қарсы ұғымдарды анықтауда түрліше болып немесе жауаптарының дұрыс, не бұрыс болуы заңды құбылыс.

Психолингвистер қарама-қарсы ұғымдарды анықтау барысында тілдегі лексикалық антонимдер теориясының негізін жасаған ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми ой-тұжырымдарын басшылыққа алып отырған.

Осы тұрғыда: «Контекст арқылы емес, адамның ассоциациялық ойлауы негізінде антонимдік жұптарды анықтау, көбінесе олардың қарама-қарсы мәнді сөздерді қолданатындығы негізінде іске асады», – [6, 56 б.] деген тұжырымды лингвист Л.А. Введенская айтқан болатын. Ал Л.А. Новиков: «Тілді тасымалдаушылардың барлығы интуиция арқылы «тұру-жату» (стоять-лежать) сөздерінің антоним болмайтындығын біле бермейді. Өйткені, аталған жұптар өзара қарама-қарсы бағытты білдірмейді. Егер «түрегелу-жату» (вставать-ложиться) жұптарын алсақ, мұнда қарама-қарсы векторлық бағытты көруге болады. Бұлар – нақты антонимдер», – [7, 11 б.] деп психолингвистикалық тұрғыда антонимдерді анықтауда осы секілді кемшіліктердің болатындығын баса айтқан болатын.

Демек, психолингвистикалық тәжірибе арқылы қарсы мәндегі сөздерді анықтауда жауап берушілердің барлығы тілдік заңдылықтарға, сөз мағынасына тереңірек зер сала қарамайтындығын байқауға болады. Сол себептен де, кейбір кезде стимул (тірек) сөздің қарама-қарсы жағы дұрыс берілмей, антонимі нақты анықталмай қалады.

Психолингвистика – адамның сөйлеу әрекетін лингвистикалық және психологиялық аспектіде қарастыратын ғылым саласы [8, 16 б.].

Соңғы жылдары көркем мәтінді психолингвистикалық аспектіде зерттеу де қарастырылды. Осы ретте Р.Тұрдалиева: «Көркем мәтін – психолингвистика саласының өзегі әрі көзі. Бұл тіл мен психологияның өзара байланысын танытады. Көркем мәтіндегі психологизм мен тілдік психологияны өзара байланыстырушы жүйеден көркем мәтіннің психолингвистикалық парадигмасы қалыптасады. Ол психологиялық органы, соған сай эмоциялық, психологиялық көңіл-күйді тіл арқылы тануға негіз болады. Адам табиғатындағы эгоистік күш, бақылаусыз болатын психологиялық процестер психолингвистикалық парадигма аясында танылады. Адамның жан-дүниесіндегі әрбір сезімдік құбылыс, тіпті қас қағым сәтте бұрқ еткен қуаныш, ашу, ызаның тууына да әсер ететін фактор тіл болып табылады. Тіл адам санасында үздіксіз жүріп жатқан ойлау процесінің қорытындысы есебінде көркем мәтіннің психолингвистикалық сипатын танытады», - деген пікір білдіреді [9, 52 б.].

Қорыта келе, психология ғылымында сезімге қатысты полярлықтар туралы ой-пікірлер қарама-қарсы ұғымдарды психолингвистикалық тәжірибеге сүйене отырып анықтауға бастама болғанына көз жеткіздік. Жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай келе, тілдегі сөздерді қарама-қарсы қоюды анықтау негізінде адамның өмірлік тәжірибесі мен оның объективті дүниені тану заңдылықтарын игеруі басты рөл атқарады. Адам санасында бір-бірі арқылы анықталатын жұп болып қалыптасқан ұғымдар жүйесі орын алады деген ой түюге болады. Біздіңше, түрлі заттар мен құбылыстарды қарама-қарсы қоюда біз абстрактілі ұғымдарды басшылыққа алмай, көбінесе өмір сүру тәжірибемізде санамызда қалыптасып қалған қарама-қарсы ұғымдарды жиі қолданамыз. Мәселен, *амандасу* десек бірден ойымызға *қоштасу* деген қарама-қарсы сөз келеді. Немесе *қарсы алу* десек ойымызда бірден *шығарып салу* сияқты қарсы ұғым қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Гоноболин В.Н. Психология. – Алматы, 1976. – 237 б.
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.
- 3 Брудный А.А. Значение слова и психология противопоставлений // Семантическая структура слова. – Москва, 1971. – С. 19-27.

4 Маслова В.А. Принцип противопоставления и его реализация в семантике языка: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Москва, 1981. – 19 с.

5 Медведева И.Л. Опыт психолингвистического исследования антонимии // Психолингвистические исследования в области лексики и фонетики: Межвуз. тематический сборник. – Калинин, 1981. – С. 61- 81.

6 Введенская Л.А. Словарь антонимов русского языка. – Ростов на-Дону, 1971. – 167 с.

7 Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. – Москва, 1978. – 245 с.

8 Глухов В.П. Основы психолингвистики. – Москва, 2008. – 351 с.

9 Тұрдалиева Р. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2009. -123 б.

Резюме

В статье анализируются мнения ученых об определении противоположностей методом психолингвистического эксперимента, а также автором исследуются вопросы о возникновении противоположных понятий в психологии.

Resume

The author of the article analyzes the opinions of scientists regarding the definition of opposites by the method of psycholinguistic experiment, and also the author studies the emergence of opposing concepts in psychology.

Ж. ДӘДЕБАЕВ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ӘДЕБИ СЫН

Қ.Ө. ТАМАБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Т.Б. НҰРБЕКОВ

магистр
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Аннотация

Мақалада белгілі әдебиеттанушы ғалым, сыншы Ж. Дәдебаевтың жалпы әдеби даму мен жекелеген сөз зергерлерінің шығармашылығына қатысты көзқарастарының әдеби-рухани маңызы теориялық тұрғыда талданады. Сыншы болудың өзіндік қиындықтарын еңсерген, тәуелсіз ел әдебиетін дамытуға сүбелі үлес қосып келе жатқан ғалым еңбектерінің бүгінгі руханияттағы орнына баға беріліп, ұлттық құндылықтарымызды рухани жаңғыртудағы маңызы пайымдалады.

Түйін сөздер: сыншы, әдеби процесс, ұлттық мұрат, жазушы, ақын, әдеби толғаныстар.

Рухани мәдениеттің ең елеулі саласы – әдебиетте халықтың сан ғасырлар бойғы рухани ұлы мұраттарын мазмұндайтын көркемдік құндылықтар жинақталған. Ол әр дәуірдің сипатына сай түрленіп, жаңғырып отырады. “Әрбір қаламгер өз дәуірінің үні” десек, талант дәрежесі мен қалам қарымы арқылы сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасымен дараланатын қаламгерлер арқылы толысып, марқаяды. Ал, оларды ой елегінен өткізіп, әрбір суреткердің әдебиеттегі өзіндік қолтаңбасын айқындау, демек, жақсыны көріп, жарқын жол ашу мен бұрыс кеткен тұстарына қатысты суреткерге бағыт-бағдар беру – сыншының міндеті. Ал, сыншы болу екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен ерлік. Ол үшін үлкен талантпен қатар, ерекше қабілет, терең білім қажет. Әдебиеттің әр дәуірдегі даму ерекшелігін де айқындап, өмір айнасына айналуының да негізгі тұтқасы – сыншылар.

Бүгінгі күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіздігімізді орнықтыру, нығайту мақсатында жүзеге асырып жатқан қыруар іс-шаралары да, мемлекетімізді әлем мойындайтын, жер жүзі танитын деңгейге көтерсем деген арман-мұраты да рухани мәдениетімізді жаңғыртып, дамыту мақсатымен үндесіп жатқанын айтуымыз керек. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздік байрағы көгімізде желбіреп тұр. Осы

тұрғыдан алғанда, әдебиет атты киелі өнерді бар жан-тәнімен беріле сүйіп, терең рухани ойлар түйінделген көптеген ғылыми еңбектердің авторы, әдебиеттанушы ғалым, сыншы Ж. Дәдебаевтың туған әдебиетінің дамуы мен руханиятты терең зерделеудегі үлесі зор.

Ж. Дәдебаев – М. Әуезов творчествосын зерттеуші ғалым. Ол заңғар жазушы қаламынан туындаған әдеби шығармалардың қай-қайсысының да ұлттық сипатының тереңдігіне, ондағы өмірлік материалдардың байлығына тоқтала келіп, оларды: «тарихи, этнографиялық, әдеби және халық ауыз әдебиетінің материалдары» деп бөліп қарастырады. Ұлы жазушының «...қазір Абайдың балалық және жастық шағы жайындағы роман тәмәм болған соң да, сол кітапқа кірмей қалған материалым мейлінше көп екендігін көрдім. Соған иек арта отырып, қаһарманымның өмір жолының сол кезеңі жайында тағы бір кітап жазуға болар еді» [1, 62-63 бб.], - деген пікірін келтіре отырып, «көркем шығарма жазу оңай емесі рас. Көркем шығарма жазу бір басқа да, сол шығармаға қажетті өмір шындықтарын іздеу, жинау бір басқа. Өмір шындығына негізделмеген шығармада шынайылық болмайды. Шынайылығы жоқ шығармада ұлттық идея да болмайды. Сондықтан да, М.Әуезов болашақта жазатын шығармасының тақырыбын тапқан соң, оған негіз болатын шындық құбылыстарды талмай іздеп, жалықпай жинаумен шұғылданған. Жазушы еңбегінің қаншалықты ауыр, қиын тіпті қияметі мол еңбек екенін ғұлама қаламгер осылай ұғады және өзгелерді де осылай ұғынуға міндеттейді» [2, 120 б.], - деп үлкен суреткердің өзіндік ерекшелігін даралайды. Жазушының «Абай жолын» жазуға қажетті материалдарын суреткерлік нысананы дәл белгілеу үшін бағыт, идея, проблематика мәселелері тұрғысында жинақтап, «Абай, елдің Абай бастаған өсер өркендері арқылы көрінетін жаңа мен Құнанбай, Оразбай бастаған ескі арасындағы күрес; қазақ даласы мен орыс мәдениетінің жарығы; Абай образының демократиялық өсуі; өзі таптан шығып, езілген елмен табысуы; әйел басының бостандығы үшін күрес», - деп топтастырғандағы мақсатының нәтижелі болғандығына тоқталады. М. Әуезовтің жинақтаған өмірлік материалдардың молдығымен қатар, оның саралап пайдаланудағы жазушылық меженің айқын болғандығын айтып береді.

Ж. Дәдебаев М. Әуезовтің ұлы суреткерлік дарынын тек «Абай жолы» роман-эпопеясы хақында емес, оның ертеректе жазған «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» және «Қорғансыздың күні», «Жетім», т.б. туындылары негізінде дәлелдеп, сол шығармалардың көркемдік-танымдық маңызын, ұлттық сипатын жан-жақты саралап айқындайды. М. Әуезовтің аталған шығармаларының суреттілігі мен образдылығын талдау арқылы ұлттық мазмұнының тереңдігін қысқа мысалдармен түйіндейді. Әсіресе, Ұзақ, Жәмеңке, т.б. іс-әрекеттерін, шешендіктің

үлгісіндей болған сөздерін келтіре отырып, ұлттық мұрат жолындағы ел бірлігінің көріністерін берудегі жазушы шеберлігін ғылыми сипатта талдап, сыншылық көзқарастарын білдіреді. Жазушының ұлт өміріндегі аса маңызды, халық тағдырындағы өмірлік мәні зор тарихи шындықты шебер бейнелеудегі сүбелі ізденістерін даралап беріп, өзіндік бағасын береді. Ең бастысы, М. Әуезовтің тарихи шығармаларды жазуда шынайы өмір шындығына молырақ жүгінгендігін нақты мұрағат деректерінің де дәлелдейтінін көрсетіп: «М. Әуезов өз шығармасында Қарқара маңындағы босқан елдің қанды қырғынға ұшыраған халін тарихтың дәл өзінде болғандай күйде емес, одан едәуір сыпайы, белгілі дәрежеде жеңілдетіп суреттейді. Әйтсе де, аз, басы бірікпеген ел ретінде мемлекеттік, саяси, әскери салалардың бәрінде де дәрменсіз, мүсәпір күйдегі бодан халықтың қатыгез, озбыр, жауыз күштің шеңгелінде жазықсыз да жайрап қала беретінін жазушы суреткерлік асқан шеберлікпен бейнелеп көрсетеді. Қызыл бөрік болысы қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі суреттерін де автор мұрағат деректерімен толық сәйкес суреттейді» [2, 124 б.], -деп аса жоғары бағалайды. Ең бастысы, ұлттық әдебиетіміздің алтын қазынасына баланған, кезінде аса жоғары бағаланған, бүгінде де тақырыптық-идеялық, көркемдік құндылығы асқақтай түскен «Қилы заман» повесіндегі кейіпкерлер жүйесін жаңаша пайыммен талдап, жазушының ұлт тарихында үлкен маңызға ие тарихи шындықты суреттеу арқылы М.Әуезов тарихи тақырыпта повесть жазудың үлкен үйрену мектебін қалыптастырды. Бұған «Қараш-Қарашты» қоссақ, шын мәнінде «М.Әуезовтің сөз қозғап, ой толғау үлгісінен бастап, әлемдік мәселелерді көркемдікпен шешу тәсілдеріне дейінгі аралықтағы тәжірибесі мен өнегесін үйрену – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қай буыны, қандай өкілдері үшін де әрі қиын, әрі жемісті, ізгілікті міндет» [3, 5 б.], - деген Ж.Дәдебаев пікірінің айна-қатесіз айтылғандығын мойындаймыз.

Ж. Дәдебаевтың әдебиеттанушы ғалым ретіндегі өзгеше қырын танытатын заманымыздың ірі суреткері М.Әуезов еңбектеріне қатысты екендігін жоғарыда айтып өттік. «Мұхтар Омарханұлы Әуезов – үздік талант иесі, ұлы жазушы. Ол халқының ақыл-ойын қозғаған маңызы жоғары шындық құбылыстарды суреттеді, елдің игі қасиеттеріне дақ түсірмейтін кінәратсыз суреткерлік биік мұрат-тұрғы қалыптастырды, ақыл мен сезімді, қайрат пен жігерді қатар ұстай отырып, қазақ әдебиетінің терең тағылымын танытты. Енді, міне, ұлы суреткердің өз тұлғасы мен шығармашылық мұрасы тұтаса келіп, заманымыздың ақыл-парасатын айтарлықтай асқақтатып отыр. М. Әуезов – халықтың қилы тарихы мен тағдырының жыршысы. Жазушы өз шығармаларына ел тағдыры мен тарихында ерекше орын алған ірі оқиғаларды арқау етті,

халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениетінің, сондай-ақ, осы заманғы рухани өмірінің күмбезін көкке өрлетті» [3,5-6 бб.], - деп өте тағылымды, әрі шығармашылығын терең қамтыған өнегелі пікірін білдіреді.

«Ойы тұнық, сөзі асыл» деп бағалаған Дулат Бабатайұлының уақыт атты әділ сыншы талаптарынан мүдірмей өтіп, жақұттай жарық шашқан асыл қасиеттер мен ұлттық идеяларды насихаттап, жетілдірудегі биік тұлғасын зерделейді. Өз жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілік сезімдері мен жат жұрттардың басқыншыларына деген ызалы кегі терең суреттелетін «Еспембет», «Ақтан жас» поэмаларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктерін жете талдайды. Дулаттың зар заман өкілі ретінде өзгелерден даралығын айқындап, ел тәуелсіздігі мен шапқыншылық жорықтардағы халық ахуалының тіпті қиын болғандығын аз сөзбен ғана шегелеп, батырлардың ерлігін ардақтаудағы шебер сөз қолданыстарын айқындайды. «Ақынның ойы – тұнық, сөзі – асыл. Айтар ойын тұндырып, сөйлер сөзін саралап, асылдан талғау оңай емес. Ойда ұлт ұлықтағандай тереңдік болғанда ғана оның тұнығына бойлап, толғануға болады. Сөздің асылын саралап, салтанатын асырған сәулеттісін тани алғанда ғана оны дұрыс талғауға болады» [2,100 б.], - дей келіп, Дулат Бабатайұлы секілді асқар биіктен басталып, жарық көзден таралған жыр дүлдүлінің мұрасы келер ұрпақ үшін ең асыл қазына болып қалатынын тұжырымдайды.

Сонымен қатар, Ж. Дәдебаев қазақ халқының тірі тарихына балаған Майкөт Сандыбайұлының қазақ ақындық өнерінің тарихындағы рөлін айтыстағы өнегесі мен жыршылық талантының аса жоғары бағалайды. Өзіне дейінгі Майкөт ақын шығармашылығын зерттеген М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмаилов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді. Мәселен, М. Жолдасбековтің «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты монографиялық еңбегіндегі «Майкөт – қырғыз-қазаққа даңқы тегіс жайылған ХІХ ғасырдың ірі айтыс ақыны әрі асқан жырау. «Алпамыс» қиссасын Майкөттен асырып жырлаған қазақта ақын болған жоқ» [4,83-84 бб.], - деген пікірін нақты мысалдармен одан ары дәлелдей түседі. Әсіресе, Майкөттің «Көрұғлы», «Шаһнама», «Қамбар батыр», «Өтеген батыр», «Лұқман хакім» дастандарын жырлаудағы ерекшелігін, айрықша қуатын Құлмамбет, Сүйінбай, Мәделіқожа сынды ақындармен, сондай-ақ, Есенаман, Арыстанбектей қырғыз ақындарымен айтыстарын талдай келіп, ақын өнеріне әділ баға береді. М. Сандыбайұлының өміріне қатысты түрліше мәліметтерді жинақтай отырып, ел аузынан алынған тарихи әңгімелермен түйіндеп, жүйелейді. Әсіресе, Ә. Диваевтың әдебиет үлгілерін жинақтап, зерттеудегі еңбегінің айрықша маңызға ие екендігін атап айтып, Майкөт ақын шығармашылығының жан-жақты

зерделенуіндегі өте құнды мәліметтер мен тамаша ойларының ақынның өзімен бірге жүрген кезде жазғандықтан өте құнды екендігіне тоқталады. Ж. Дәдебаев сонымен қатар, Майкөт ақын шығармашылығындағы эпикалық сарындардың ерекше қуатын, көркемдік пайым-парасатының кең құлаштығын, шынайылық дәрежесін нақты мысалдармен дәйектейді. Ә. Марғұланның «М. Сандыбайұлы шығармашылығында қазақ халқының мыңдаған жылдар бойындағы тарихы өзгеше көрініс тапқан және аса ірі эпик ақын», Ә. Диваевтың «Ол – қазақ халқының тірі тарихы» деген ғылыми бағасының өте дәл айтылғандығына тоқталады. Ақын шығармаларының тілі мен стилін, бейнелеу құралдарды қолданудағы шеберлігін Майкөттің жырлаған нұсқасын өзгелермен салыстыра отырып, шын мәніндегі тарихи шындықтың көркемдік шешімге ұласу заңдылықтарының шын шеберлігіне таңданып, өзгелерді тамсандырады. М. Сандыбайұлының ақындық қуатының дараланып, шығармашылығында өмір туралы толғаныстардың пәлсапалық терең мазмұнға ие болуының себебін зерттеуші оның ауыз әдебиетінің үлгілерін жырлап қана қоймай, өзінше дамытқандығынан деп түйеді. Майкөт жырлаған «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Өтеген батыр» секілді дастандардағы өмір, дүние, өтпелілік, опасыздық пен адамгершілік ой-сарындар ақынның «Жетісу саңлақтарымен сәлемдесу», «Жиырма жастан жүзге дейін», «Жетісу игі жақсыларымен жүздесу», т.б. өлеңдерінде одан ары тереңдетіліп, нақышты кестеленгендігін айтады. Мәселен, «Тоқтыны тәңірі асыраған бөрі жемес», «Қонбайды ерге дәулет қызыр шалмай», «Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан», «Қас қылған жолдасына жігіт оңбас», «Жігіттің қырсық шалса кетер жайы», т.б. мақалдарды ақынның орынды қолданып, өмір жайлы шынайы мазмұнды ажарлы айтудағы шығармашылық даралығына тоқталып, өзгеше стилін талдайды:

Ішіп-жеп, бір-бірінді сыйласып өт,

Бұл дүние бәрі жалған нансаң маған, немесе:

Билеген дүние жүзін хан Сүлеймен,

Қалған жоқ бұл жалғаннан опа тауып, - деп келетін жолдарының таза философияға құрылғандығын Ж. Дәдебаев нақты атап айтып өтеді. Ж. Дәдебаев бұл мақаласында тарихты терең зерделеген көсемсөздің шебері екендігін көрсетеді. М. Сандыбайұлының шығармашылық тұлғасын талдай отырып, түйіндеген ой-пікірлерінен қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихында орны бөлек саңлақтардың өмірі мен шығармашылығы жайлы жан-жақты мағлұмат жинақтағандығын, асыл қазынамызға баланған – эпикалық жырлар мен айтыс өнері хақында да өзіндік бағыт, көзқарас қалыптастырған зерделі зерттеуші екендігін бағамдауға болады.

Сөз өнері – ұлт өмірі мен өнегесінің, ақыл-ойы мен барлық абырой-ожданы, мінез-құлық болмысының көрнекті көрінісі ретінде ардақты және аяулы. Тек ұлтының жанын ұғып, шын жанашыры бола алатын өнер иелерінің талант төрі мен шабыт шыңын бағындырып жататындығы ақиқат. Өнер атаулының ішінде «күрделі һәм киелі» деп саналатын сөз өнерін шын абыройын асқақтатып жүрген тұлғаларды талдау арқылы Ж.Дәдебаев та өзінің өнер құдіретін дәл топшылай білетін алғырлығын, әрбір зерттеу объектісі бойынша терең білімін, жан-жақты ізденіс адамы екендігін толық таныта біледі. Мәселен, өнердегі асқар Алатауымыз деп санап, аты да, даңқы да өшпейтін ұлы тұлғалар қатарында ерекше атайтын К. Әзірбаевты тарих тереңі мен замана көкжиегінен қанша алшақтаса да, ұрпақ санасынан мәңгі өшпейтін, өмірі мен өнегесінің ұрпақтар жалғастығында руханияттың асыл өзегі болып қала беретін бірегей тұлға деп таниды, танытады. К. Әзірбаевтың ақындық, әншілік, сазгерлік талантының жарқырай танылауындағы игі әсерлерді ашып көрсетіп, саралайды. Әрбір адамзат баласына да қай салада жүрмесін ірі табыстар мен шеберлік биігіне көтерілуі үшін талап, еңбек, тәжірибе керектігін ұлы Абай да жырлап өткен. Осыған үн қоса отырып, тәңір берген сыйды бағалап, ерекше дарындылықпен дамытудағы К. Әзірбаевқа ерекше әсер еткен қазақ халқының дәстүрлі ақындық айтыс өнері, сал-серілер мектебі, бұған қоса, халықтың ақындық айтыс өнерінің айрықша ықпалы болғандығын атап көрсетеді. Кенен ақынның терең ойы мен телегей сезімі «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ойжайлау», «Бұлбұлға», «Базар-Назар» секілді шығармаларын, түрліше айтыстарын, жырлаған дастандары мен күйлері арқылы паш етіліп тұрғандығын баян етеді. Тақырып пен идеяға көрік беріп, мән-мазмұнды өзгеше леппен, жасындай жарқылмен жырлаудағы ақынның даралығына тамсана келіп: «К. Әзірбаев шығармашылығының біздің заманымыз үшін бағалылығы мен баяндылығы ондағы мазмұн мен пішіннің, сөз бен саздың, ырғақ пен әуеннің Абай айтқан тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісіммен жарасып жатуында. Мұндай жарастыққа өмірден көргені көп, түйгені мол, өмірбаяны бай суреткер ғана жете алса керек. Кенен Әзірбаевтың шығармашылығының ішкі байлығы мен сыртқы сұлулығының жарастығы оның ақындық, азаматтық өмірбаянының байлығына, ақындық, азаматтық тегінің тереңдігі мен кемелділігіне негізделген» [2,144 б.], - деп тұжырымдайды.

Қорыта келгенде, өмірде көргені мен түйгені мол, дүниетанымы бай, эстетикалық тұрғысы биік қаламгерді болмасын, белгілі бір нақты мәселе төңірегінде ой өрбіте отырып, жасаған сыншы пайымдауларын талдамасын, шығармашылықтың қыр-сырын жетік аңдап, сұңғыла саналылықпен саралай білген Ж. Дәдебаев – тек әдебиеттанушы ғалым

ғана емес, сыншы деген күрделі міндеттің қиын міндеттерінің үдесінен шыға білді. Ең бастысы, шығармашылық адамы үшін уақыттан асқан қымбат нәрсе жоқ деп түйіндей отырып, асыл уақытын тек ұлттық әдебиеттің кең қанаттанып, дамуы үшін шын тұлғалардың суреткерлік қабілеті мен шеберлігін шынайы талдап, таныту жолында күрделі ізденіс жолында болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1979. – 424 б.
- 2 Дәдебаев Ж. Тақырып және идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 207 б.
- 3 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 311 б.
- 4 Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1992. – 320 б.

Резюме

В статье анализируются взгляды Ж. Дәдебаева, их значимость в развитии литературы и литературной критики. Рассматриваются размышления ученого об особенностях творчества акынов М. Сандыбайулы, Д. Бабатайулы, К. Азербайева, конкретно обосновывается важность теоретических исследований ученого в развитии духовной жизни народа.

Resume

The authors of the article analyze the views of Zh. Dadebayev, their significance in the development of literature. And also, the scientist's critical thinking of creativity and human characteristics of M. Sandybayuly, D. Babatayuly, K. Azerbayev are researched and the importance of Zh. Dadebaev's research in the development of the spiritual life of the people is substantiated concretely.

**Ш.Қ. СӘТБАЕВАНЫҢ «ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ФИЛОЛОГ»
ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

А.Е. АЛИМБАЕВ

Қазақ және орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы
Еуразия гуманитарлық институты

Г.А. СЕЙСЕМБАЙ

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Аннотация

Мақалада академик Ш.Қ. Сәтбаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» монографиясы нысанаға алынып, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың филологиялық көзқарастары қарастырылды.

Түйін сөздер: Ш.Ш. Уәлиханов, Ш.Қ. Сәтбаева, тіл білімі, әдебиеттану, рапсодия, речитатив, жыр, аңыз.

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева 1930 жылдың 25-шілдесінде қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қаныш Сәтбаев атындағы ауылда дүниеге келген. Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Халық ағарту ісінің озаты. 1965 жылдан Қазақстан ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ғылыми зерттеу еңбектері әдебиет тарихына, салыстырмалы әдебиеттану (компаративистика) мен әдебиеттер байланысын зерттеуге арналған. Ш.Сәтбаеваның еңбектерінде әлемдік сюжеттер, интермәтіндер, көркем аударма, әдеби сапарнама секілді компаративизм мәселелері қамтылған. Ол «Орта Азия және Қазақстан әдебиетінің тарихы» (1961) басылымында қазақ әдебиеті бөлімін әзірлеуге қатысты, «Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланысы» (1970), «Әдебиеттер достығы» (1986) жинақтары мен «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-томын шығаруға белсене қатысты. «XIX-XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Қазақ әдебиеті мен Шығыс» (1982) т.б. монографиялары жарық көрді. Зерттеушінің ғылыми мұрасынан қазақ елі жайлы жазылған шетел қаламгерлерінің деректерін кездестіруге болады, оған К. Клермонт (Байронның сүйіктісі) атынан жарық көрген неміс ақыны Г. Гамбстың «Владимир және Зара атты романтик поэмасы» (1836)

жатады. Ш. Сәтбаеваның монографиялық еңбектерінде қазақ даласында болған П. Карпани, В. Рубрик, М. Поло, т.б. саяхатшылардың қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі жайлы жазбаларынан деректер келтірілген. «Қазақ әдебиеті» методикалық оқу құралының, орыс бөлімі студенттеріне арналған «Қазақ әдебиеті» (1979) оқулығының авторларының бірі. Ш. Уәлиханов шығармалары жайлы зерттеулер үшін Қазақстан ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығын алды [1].

Шоқантанушы ғалымдардың қатарында Ш. Сәтбаеваны айтсақ қателеспейтініміз анық. Бұл мақалада ғалымның «Шоқан Уәлиханов – филолог» атты монографиясы зерделемекпіз. Бұл еңбекте аса көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ Шоқан Уәлихановтың сан қырлы бай мұрасындағы филологияға қатысты еңбектері жан-жақты зерттеліп, ғылыми талдаулар жасалған.

Еңбек алты тараудан тұрады. Олар:

1. Шоқан Уәлихановтың қазақ әдебиеті туралы еңбектері.
2. Қарғыз әдебиеті – зерттеу нысанасы.
3. Шығыс әдебиетінің кейбір шығармалары туралы ғылыми пікірлер.
4. Шоқан және орыс әдебиеті
5. Ш.Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі антикалық әдебиеттің көркемдік бейнелері.
6. Батыс-еуропалық ойшылдар мен жазушыларға ықылас-ілітипат.

Ғалым еңбегін *«Ш. Уәлиханов қоғамдық ғылымдардың басқа салаларымен қатар филологияға да зор үлес қосты. Оның әдебиет пен тіл туралы алғаш байсалды зерттеу жүргізіп ой-тұжырымдар айтуы, бұл саладағы қызметі мен еңбектері қазақ филологиясының қалыптасуы мен дамуы тарихына қосқан бағалы мұра болып саналады»*, – деп бастайды [2.19].

Қазақ ғылымы сахнасындағы тұңғыш ғалымдардың қатарында тарихшы, этнограф, археолог, әлеуметтанушы, филолог – Ш. Уәлиханов, қазақ сахарасында «филология» деген сөзді алғаш және ғылыми еңбектерінде бірнеше рет қолданған.

Профессор Ш. Сәтбаева, ғалым филологиядағы терминдердің барлығын дерлік алғаш рет өз еңбектерінде қолданған деп жазады. Оны біз мына жолдардан көре аламыз, *«Ш. Уәлиханов – қазақ халқының әдебиетін, тілін терең зерттеп, кең талдау жасап, тарихи өмірмен байланыстылығын, идеялық-көркемдік қасиеттерін ашқан, жанрларына анықтама берген тұңғыш филолог ғалым. Оның «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде», «Тәңірі», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихынан», «Жоңғария очерктері», «Қазақ шежіресі»,*

«Қазақтарда шамандықтың қалдығы», «Хан жарлықтары» атты кітабын оқығанда» «Жамиғ ат-тауарихтан», «Тарихи – Рашидиден», «ХҮІІІ ғасырдың батырлары жайындағы тарихи аңыздар», «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары» деп аталатын зерттеулері, мақалалары ғалымның филолог ретіндегі биік ой тұжырымдарын, терең білімдарлығын, халқының көркем сөз қазынасын, тілін ерекше сүйгендігін және басқа халықтар рухани қорынан еш кем түспейтін қадір-қасиеттерін жоғары бағалағандығын танытады [2.22].

Ғалым халқымыздың бай халық ауыз әдебиетін хатқа түсіріп, оны жинақ қылып шығарумен қатар жүйелі түрде филологиялық талдаулар мен зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ш. Уәлиханов қазақ аңыздары, ертегілері, өлеңдері, эпостық жырлары мен тарихи жырлардан мол мәліметтер жинап, оларды алғаш рет зерттеген. Профессор бұл еңбегінде ғалымның қазақ жырларын қалай жинақтағанын, олардың мән-мағынасын терең зерделегенін толықтай ақпарат береді. Ш. Сәтбаева қазақ хандығы тұсындағы жыраулар жайлы алғаш сөз қозғап, олар туралы құнды дерек қалдырған Ш. Уәлиханов екенін атап өтеді. Осы ретте Ш. Уәлихановтың «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» еңбегі қазақ филология тарихында ерекше орын алады. Бұл еңбекте әдебиет тарихы мен теориясының негізгі (өлең түрлері, буын өлшемдері т.б.) мәселелер қамтылған.

«Халық поэзиясының байырғы жанры – жырдың ерекше сыр-сипаттары, мазмұны, айтылу түрлері, жыршылар туралы ғылыми пікір-тұжырымдар бар. Ш. Уәлиханов жыр жанрының қазақта өте дамығаны туралы айта келіп, оның ішкі сыр-сипатына назар аударады. «Жыр дегеніміз рапсодия. Ал жырламақ деген етістік тақпақтап айту дегенді білдіреді. Барлық далалық жырлар қобыздың сүйемелдеуінде тақпақтап айтылады. Негізінен жырлардың мазмұны бұрында өткен белгілі халық батырларының өмірі мен қаһармандық іс-әрекеттері болып келеді [3.165]» - деп жазды. Мұнда жырдың екпінді әуенді тақпаққа ұқсас музыканың бір түрі – рапсодияға тән речитативтік сипаты мәнерлі, эмоциялық әрі еркін ырғаққа негізделетіні, сол сияқты жырдың негізгі мазмұны – қаһармандық, ерлік көрсеткен батырлар өмірі екені дәл ашылған. Бұл – қазақтың халық поэзиясында жыр негізінен шумаққа бөлінбей шұбыртпалы еркін ұйқаспен айтылатыны, әр жолы жеті-сегіз буын болып келетін силлабикалық өлең түрі, төгілме сазды екені, көбіне домбыраға не қобызға қосып орындалатыны, жыр мазмұны ерлікті баяндау, батырлар образы болып келетіні туралы пікір-тұжырымдар. Қызық жырында рапсодияға речитативке тән сипаттар барын, жыр деген сөздің мағынасы кеңдігін, негізгі мазмұнын айту арқылы да ғалым орыстың ойлы қауымының алдында көркем сөз табиғатының көпке

белгілі жалпы заңдылықтарына, сипаттарына өзінің ұлт сөз өнерінің де қатысы барын, өгей еместігін ақтара танытқан еді [2.43]» - дейді Ш. Сәтбаева.

Рапсодия (грек. Rhapsodia — ән айту немесе эпик. поэманы әндетіп тақпақ түрінде айту) – халық жырлары тақырыптарында жазылған музыкалық шығарма. Ол халық әуендері (ән мен би) негізінде, вокалдық немесе аспаптық формада орындалады [4].

Речитатив (итал. recitativo, reci-tate - тақпақтап айту немесе дауыстап оқу) – вокалдық музыканың әуенді тақпаққа ұқсас бір түрі. Речитатив сөйлеген кездегі бірде көтеріп, бірде баяулатып айтатын мәнерлі эмоциялық дауыс ырғағына негізделеді. Речитативтік мелодия өз алдына дербес музыкалық форма тудырмайды; ол мәтіннің синтаксистік бөлшектенуіне бағындырылған еркін ырғақта орындалады. Речитативтіктің негізгі үлгісі халықтың эпикалық, музыкалық-поэзиялық шығармаларын айтатын әнші-жыршылардың орындаушылық дәстүріне жақын келеді; оның мелодиялық құрылысы да эпикалық шығармалардың музыкалық әуеніне ұқсайды [4].

Ш. Уәлихановтың тіл мен әдебиет жайлы зерттеулерінде әдеби мұраны қоғамның басқа да салаларының дамуымен, көрініс-тәжірибелерімен салыстыра, байланыста қарауы бүгінгі филологиялық зерттеулерде маңызды болып отыр. Ш. Уәлиханов – филологиялық терминдерге назар аударып, жүйелеп, олардың мазмұнын анықтап, философиямен, этнографиямен байланыста зерттеудің мән-маңызын айтқан тұңғыш ғалым.

Профессор Ш. Сәтбаева ғалымның филологиялық зерттеулеріне төмендегідей баға береді: *«Ш. Уәлиханов ғылыми еңбектерінің көпшілігі қазақ халқының тарихына, дүниетанымына, қоғамдық ой-пікіріне, әдет-ғұрыптарына, әдебиетіне арналған. Қазақ әдебиетіне арналған көптеген еңбектері де ғалымның зерттеушілік деңгейінің биіктігін, асқан білімдарлығын, нағыз қалыптасқан, толысқан филолог болғанын айғағы. Ғалымның қазақ әдебиеті мен тілі туралы еңбектері оның әлеуметтік, қоғамдық ой-пікір деңгейінің биіктігіне, демократиялық көзқарастарының орнықтылығына, өткен мұраға сын көзімен қарағандығына, озық идеялылығына байланысты еді»* [2.64]

Ғалым тек қазақ тілі мен әдебиетін зерттеп қана қоймай көрші туысқан қырғыз ұлтының әдебиеті мен тарихын зерттеп, олардың жыр-аңыздарын қағазға түсірген. Сонымен қатар шығыс пен батысты, антика дәуірінің мол әдеби мұраларын зерделеп, оларға ғылыми тұрғыдан баға берген ғұлама. Бұл ретте ғалым ғалымға былайша баға береді: *«Ш. Уәлихановтың көп қырлы, терең мазмұнды, әр салалы мол бай қазынасының бір бөлігі, қыры – оның антикалық мәдениет пен әдебиетке*

шығармашылық қатынасы, көркемдік үлгілерін пайдалануы, ғылым қажетіне жаратуы. Қазақ халқының даму тарихына алғашқы рет Ш. Уәлиханов арқылы антикалық мәдениет пен әдебиет қазақтардың да рухани ғылыми және әдеби өміріне келіп, орнығып, сіңіп, дала сахарасының қажеттерін, мұқтаждарын, мүдделерін өтеуге қызмет етті» [2.138].

Ш. Уәлиханов еңбектерінде кездесетін филологиялық зерттеулердің сыр-сипаты әр алуан. Ғалым зерттеулерінде әдебиет пен тіл туралы тұщымды ойлар, жаңашыл тұжырымдар жасайды.

Академик Ш.Қ. Сәтбаева Ш. Уәлиханов зерттеген қазақ халқының жыр-аңыздары, олардың ауыздан-ауызға тарап бүгінгі күнге жеткені жайлы: «Тарихи тұрғыдан алып қарағанда қазақ халқының рухы тамаша. Неге десеңіз: біріншіден, ерлердің ісін ардақтаған ежелгі жырлардың бәрі де бізге түгелдей өзгеріссіз жетіп отыр; екіншіден, әр дәуірде өмір сүрген импровизаторлар өз кезеңінің елеулі оқиғаларын әсем бейнелеп, мәңгілік тұтас салт-дәстүр, мақал-мәтелдермен бірігіп, халықтың тарихи, рухани өмірінің өткені жайында маңызды деректер береді.

Қазақтардың ежелгі жырлары, ескі аңыздары сол күйінде өзгеріссіз сақтауы таңғаларлық, ал сол жырлардың осыншама жалпақ, шалғай даланың барлық түкпірінде бірдей, бір кітаптың көшірмесіндей сөзбе-сөз жырлануы тіпті гажап! Осыншама керемет дәлдікке сенер-сенбесіңізді де білмейсің, бірақ бұл күмәні жоқ әрі мүлтіксіз шындық [2.13].

Ш.Қ. Сәтбаеваның Шоқантану ғылымына қосқан үлесі зор. Академик Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасына кең, әрі жан-жақты талдау жасап, оны әдебиеттанудың барлық саласын қатысты ой жазғандарын аталмыш монографияда кеңінен жазады. «Ұлы тұлғадан әр заман адамдары, әр буын, әр ұрпақ тамаша қадір-қасиеттер алады, рухани өсе түседі. Ш. Уәлиханов мұралары қалтқысыз шыншылдықтың, халқына, Отанға адал қызмет етудің үлгісі, тағылымы», - деп Ш.Қ. Сәтбаева айтқандай, Тәуелсіздік заманында өмір сүріп жатқан біздер үшін Шоқан – ғылым жолында жүрген адам үшін темірқазықтай жолсерік. Ғалым Ш. Сәтбаеваның ғылыми мұрасы – бүгінгі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында баға жетпес байлық, мол мұра. Сол асыл мұраны заманауи көзқараста зерделеу – бүгінгі филология ғылымының міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 <http://map.pavlodarlibrary.kz>
- 2 Ш.Қ. Сәтбаева Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.
- 3 Ш. Уәлиханов Таңдамалы. – Алматы, - 1985. – 124 б.
- 4 <https://kk.wikipedia.org>

Резюме

В статье рассматривается жизнь и творчество академика Ш.К. Сатпаевой и ее научная монография «Уалиханов-филолог», в которой раскрываются филологические взгляды Шокана Уалиханова и его вклад в развитие лингвистической и литературоведческой терминологии.

Resume

The authors of the article consider the life and creative works the of Academician Sh. K. Satpayev. There are examined the linguistic attitudes in linguistics of literary terms on the basis of the monograph by Sh. K. Satpayev "Sh. Valikhanov as a philologist".

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

Д.А. АЛКЕБАЕВА

филология ғылымдарының докторы, профессоры
қазақ тіл білімі кафедрасының
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
филология және әлем тілдері факультеті

М.М. МАЛИК

филология және әлем тілдері факультетінің
3 курс докторанты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Аннотация

Мақалада қазақ ұлттық әдеби тілінің әлеуметтік желілердегі көрінісі қарастырылады. Қазақ ұлттық әдеби тіліне қатысты ғалымдар пікірі, әлеуметтік желілердегі стильдік, орфографиялық, пунктуациялық, т.б. кателер мысалға алынған. Желілердегі ақпараттың берілуіне байланысты сол ақпаратты қабылдаушы адамдардың сөз саптауы, қолдануы жасы, жынысы, әлеуметтік-саяси көзқарасынан анық байқалады. Бұдан біздің байқағанымыз тілдің қазіргі қолдану деңгейі, қалпы өзгеріске түсіп отыр. Әлеуметтік желілердегі сөз, тіл тазалығы қазақ ұлттық әдеби тілінен алшақтап бара жатқандығы туралы ақпарат береді.

Түйін сөздер: қазақ ұлттық әдеби тілі, әлеуметтік желі, стиль, норма, пікір қалдырушылар, коммуникат.

Қазақ ұлттық әдеби тілі – қазақ ұлтының тарихи, қоғамдық, саяси, мәдени, т.б. өмірінің сан-саласында көркем әдебиет, БАҚ, білім беру жүйесі мен ғылым салалары мен іс қағаздарында қолданатын тілі. Қазақ әдеби тілінің тарихы, міндеттеріне қатысты қазақ, орыс ғалымдарының зерттеу еңбектері әр алуан. Әдеби тілге қатысты пікір айтқан ғалымдар: І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Қ. Өмірәлиев, С. Исаев, Ә. Ибатов, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов, Ғ. Қалиев, Е. Жұбанов, С. Хасанова, т.б. зерттеушілер. Орыс ғалымдары: В.В. Виноградов, А.И. Ефимов, В.Л. Левин, А.И. Горшков, Р.А. Будагов, Ф.П. Филин, т.б. Әдеби тілдің анықтамасы, сипаты туралы тілші ғалымдар тарапынан айтылып жүрген пікірлерге толығырақ тоқталайық. С. Аманжолов: «Әдеби тіл дегеніміз көркем әдебиеттің тілі ғана емес, ол – ғылымның барлық саласын қамтитын, халыққа өнер-білім беретін,

тәлім-тәрбие үйрететін баспасөздің тілі» десе [1, 4 б.], Ғ. Мұсабаев: «Әдеби тіл – ғылыми, техникалық, көркем әдебиет нұсқаларының тілі, мектеп, театр, радио, баспасөз жеке мемлекет мекемелерінде қолданылатын тіл енетінін және әдеби тілдің нормаланған, жалпыға бірдей түсінікті болуы шарт» [2, 48 б.], Т. Қордабаев: «Әдеби тіл дегеніміз – жазу тілі. Жазу тілінсіз әдеби тіл болмайды. Бірақ жазба болған жердің бәрінде бірдей әдеби тіл бола бермейді. Сол сияқты, кез келген жазба нұсқалар да әдеби тіл материалы, әдеби тіл үлгісі бола алмайды. Өйткені әдеби тіл тілдік материалдарды стилистикалық ыңғайға, жанрға қарай саналы түрде іріктеп, екшеп, сұрыптап, өңдеп, қырнап, белгілі бір нормаға келтіріп қолдану арқылы жасалады» [3, 68-69 б.], М. Томанов, С. Исаев, Ә. Ибатов «Әдеби тіл болудың үлкен белгісі – оның құрылымы мен қағидалары сол тілде сөйлеушілерге түгел түсінікті ортақ болып келуі» [4, 54-55 б.], Қ. Жұбанов: «Жазба әдеби тіл көпке ортақ, бұқаралық болуы тиіс, оның негізі әрбір ұлттың сөйлеу практикасына сәйкестелуі қажет» деп санаса [5, 96-97 б.], ал А.Салқынбай: «Әдеби тіл – орныққан тұрақты нормалары бар баршаға бірдей түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан, жалпы халықтық тілдің екшеленген, сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түрі» [6, 34 б.] деп жүйелі анықтама берді. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың әдеби тілге қатысты пікірлерін қорытындыласақ, әдеби тіл – жалпы халықтық тілдің қалыптасқан нормаға түскен нұсқасы екені дау тудырмайды. Бастапқы кезде зерттеушілер әдеби тілді жазба тілдің баламасы ретінде түсініп, сөйлеу тіліне қарама-қарсы құбылыс деп тұжырымдаған. Әдеби тіл туралы мұндай түсінікке әдетте жазба тілі негіз болды. Зерттеушілердің кейбіреулері тілдің әдебилігін оның жалпы қоғам мүшелеріне ортақ болу қасиетінен іздеді. Әдеби тілдің жұртшылықтың бәріне бірдей ортақ болу оны диалект, жаргон, сленг, т.б. ерекшеліктерден өзгешелеп тұрады. Әдеби тіл барлық стильдердің талаптарына сәйкес болу керектігін тілші ғалымдар айтып өткен.

Әлеуметтік желі – қоғам өмірінің айнасы, жаһандық дамудың қарым-қатынас құралы. Алысты, жақынды саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы барлық ақпаратты жұртшылық назарына ұсынатын, ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке жеткізетін ғылыми-теориялық, практикалық құрал.

Терминге қатысты анықтамаларға тоқталсақ. «Әлеумет – ел-жұрт, көпшілік қауым, қоғам, мемлекет» яғни әлеумет-қоғамдық топ, ұйым, дүйім жұрт, бұқара екені белгілі [7, 87 б.]. «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» әлеуметтік желі (ағыл. Social network – қарым-қатынастың тұлғааралық бағыттарының жиынтығы (В.И.Карасик);

қарым-қатынас жасайтын әлеуметтік топ (отбасылық – туыстық әлеует, көршілік, т.б.) [8, 43 б.]. Яғни қоғам тілінің әлеуметтік желіде сөйлеу актісі, қарым-қатынас орнатудың өзіндік белгілері мен мақсаттарының жиынтығы екенін байқауымызға болады.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілердің көптеп таралуы мен талдануы (пікір қалдырушылар) қазақ әдеби тілінің нормаларына сай емес екені белгілі. Желілердегі ақпараттың берілуіне байланысты сол ақпаратты қабылдаушы адамдардың сөз саптауы, қолдануы жасы, жынысы, әлеуметтік-саяси көзқарасынан анық байқалады. Бұдан біздің байқағанымыз тілдің қазіргі қолдану деңгейі, қалпы өзгеріске түсіп отыр. Әлеуметтік желіні көп пайдаланытындардың желілерде бір-біріне жазған хабарламалары, адамдар арасындағы диалогке құрылған мәтіндердің құрылымы, берілу, жазылу жүйесі өз алдына бір төбе болып отыр. Жастардың сөздік қорында әдеби тілмен сөйлемейтін адамға түсініксіз сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер, бейвербалды амалдар (смайлик, тыныс белгілер, сурет кескіндемелер, т.б.) көп. Олар сленг сөздерін ауызекі тілде ғана қолданбай, әлеуметтік желілерге де енгізіп жатыр. Жастардың жазбаша «жаңа тіл \ әлеуметтік тіл» мен әлеуметтік желі постарында қаптап жүрген кесел тәріздес. Әлеуметтік желіде кездесетін мысалдар қоғам тілінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қоса сөз сөйлеу, ойын жеткізудің, әрі тыңдаушысына әсер етуінің көрсеткіші болып отыр. Мысалы «facebook», «vk» и «twitter», «imo», «instagfam», «whatsapp», т.б. желілердегі афиша, постер, жаңалықтар, пікірлердегі мысалдар қазақ әдеби тіліне қойылатын талаптарға сай емес және стильдік, орфографиялық, пунктуациялық, т.б. қателер жиі ұшырасады. Бұған дәлел ретінде [Берік Нұрболат](#) деген азаматтың «facebook» парақшасындағы дін мәселесіне қатысты жазған пікірі қызу талқыға түсіп, пікір қалдырушылар арасындағы диалогтық байланыс арта түсті. Бір күннің ішінде 74 пікір жазылғаны белгілі. Мысалы: *«Айтуын орынды. Кезінде, бұдан 100 жыл бұрын, Ислам динин устанған казахтар мен орта Азия халықтарын, динсиз большевиктер оларды басымашылар деп кырды. Осы мәселени халык билмейди. Ал, казырде Ислам динин барынша Куран мен суннамен устанған шешен, дагыстан ,карачай ,татар тагы баска халықтардын жигиттерин шовинист кафир орыстың арнаулы кызмети ваххабистер,салафиттер деп кудалауда. Осы динсиз орыска ерген казах арнаулы кызметиде осы динсиздикти кайталауда. Егер ким болсада, карапайым халыкка кауып тондирсе сол жерде атсын. Тек шындық болсын. Ал, бирак отирик, Исламнан хабары жок халыкты бир бирине айдастырып кажети жок. Себеби туби отирик ашылады. Сондықтан мен халык шындыкты билсин деймин».* Осы пікірге келесі коммуникат мынадай пікір қалдырыпты: *«Ей сен есин дурыс адамсың ба?»*

Анау катыннын созинен соң, оны мусылман деп отырсынба? Сен осы мәселени дүние дүзіндегі мусылмандарға жибер. Сен тағыда айтамын мусылман мен кафирди айыра алмайсың»... [9]. Пікір қалдырған коммуникаттардың жазбаша диалогтық қарым-қатынас кезінде тіліміздегі орфографиялық ережелер жүйесін сақтамай, сөздерді айтылуы бойынша немесе төл графемаларды (ң, і, қ, ұ, ғ, ө, ү) орыс графикасындағы таңбалармен алмастырып таңбалау үрдісіне бой алдырғаны көрініп тұр. Келесі мысал Бибігүл Дәулетбекқызы «ГУГУША, ЕН, ГУГУША...» атты жазбасы. Автордың парақшадағы жазбасына жалпы саны 249 адам ұнайды, қолдаймын, лүпіл басса, 38 қолданушы өзіндік пікір жазып осы тақырып аясында диалогтық байланыс орнатты. Пікір қалдырушы: *«Халық емес шешетін адам тағдырын бари бир Алланын колында халықтың алдында емес кудаидын алдында ар адам есебин беред ешким билмиди кимнин алдында не кутип турғанын бир аллах биледи* [10]. Желіні қолданушы төл графемаларды (қ, і, ғ, ә, ң, ұ, ү) орыс графикасындағы таңбалармен алмастырып таңбалау үрдісіне бой алдырған. Бұл мысалдардаға қарап, коммуникаттардың желіде жазбаша қарым-қатынас жасауда орфографиялық ережелерді білместіктен не әдейі бұра тартып (ереже сақтауға ерінуі де мүмкін, себебі виртуалды кеңістіктегі қатынас бейресми қатынас болып табылады) жоғарыдағыдай қателіктерге жол беріп жүргенін бағамдаймыз [11]. Сөйлемдердегі стильдік (логикалық, т.б.) қателер өз алдына бір төбе болып отыр. Коммуникаттар арасындағы кейбір пікірлер (комментарий) жеке бір адамның (субъекті) басын ортаға салып талдап, дауыс жинап, жақтау немесе қарсы келу мақсатындағы мәтіндердің ахуалы төмен деңгейде екені мәлім болып отыр. Мұндай мысалдарды әртүрлі желілерден көптеп келтіре беруге болады. Әлеуметтік желілердегі қазақ ұлттық әдеби тілінің бүгінгі ахуалын осындай мысалдардан байқауға болады. Желілердегі сауаттылық мәселелеріне бейжай қарау ертеңгі күні ұлттық тілге орасан зор қауіп тудыратыны айтпаса да түсінікті. Уақыт өте келе желі арқылы өзгеріске ұшыраған өскелең ұрпақ санасымен ұлттық тіл мәдениетінің нормалары бұзылып, жаппай жаргон, арго, дисфемизмдермен ластануы мүмкін. Әлеуметтік желідегі тілдік норманы бұзып қарым-қатынас жасау тілдесушілердің тілдік санасындағы орфографияны (дұрыс жазу заңдылығы) бұзып, орфоэпияның (оқылым) орнығуына ықпал етеді. Сондықтан желілерді қолданушы бүгіннен бастап өз сөзіне назар аударып, сауаттылық және сөз этикеті (сөз мәдениеті) мәселелерін естен шығармауы тиіс. Кез келген қарым-қатынас адамның өзі үшін емес, қоғам үшін жасалатынын еске алсақ, ойын сауатты, әрі мәдениетті жеткізу ең алдымен сөйлеушінің (жеткізушінің), пікір қалдырушының қоғамға деген

қатынасын, жеке басының әдептілігі, саяси, мәдени жағы оның ұлттық тіл алдындағы жауапкершілігін білдіреді.

Әлеуметтік желілердегі сөз, тіл тазалығы қазақ ұлттық әдеби тілінен алшақтап бара жатыр. Мәселен, сөздерді қысқартып жазу, орыс сөздерін араластыра жазу, асығыстықтан туған қателіктер, жаргон сөздер, сленгтер мен диалектілерді айтуға болады. Стилистикалық қателер, сөздердің дұрыс қолданылмауы, тұрпайы сөздер де қолданылып жатады. Желідегі адамның жазбасы арқылы сол адам туралы толық ақпарат беріп отырғанын аңғармайтын, ескермейтін адамдар көптеп кездеседі.

Әлеуметтік желілерде қазақ ұлттық әдеби тіл нормасының талаптарын бұзатын орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық, графикалық, грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық, т.б. қателіктер күн сайын көбейіп жатыр. Аталған қателер коммуникаттардың сөйлеу дағдысы әртүрлі себептерге байланысты ықшамдалуы, сөздік қорының аздығы, өзіне тән кемшіліктер (мәдени, рухани, т.б.), тілге селқос қарауы деп пайымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 С.Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі. – Алматы, 1949 ж. 4-б.
- 2 Ғ.Мұсабаев. Қазақ әдеби тілін дамытатын эпопея Қазақтың тұңғыш эпопеясы. Алматы, 1957 ж. 48-б.
- 3 Т.Қордабаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, «Рауан», 1991 ж. 68-69 б.
- 4 Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. – Алматы, «Ғылым», 1987 ж. 54-55 б.
- 5 Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, «Ғылым», 1990 ж. 96-97 б.
- 6 А.Салқынбай, Е.абақан. Тіл әлемі. – Алматы, «Қазақ университеті», 2009ж. 34 б.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк Пресс, 2008. – 87 б., 399 б., 679 б., 883 б.
- 8 Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Аканова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – 43 б., 126 б., 191 б.
- 9 <https://www.facebook.com/search/top/?q=%D1%81%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%82%D1%82%D0%B5%D1%80>
- 10 <https://www.facebook.com/search/top/?q=%D0%91%D0%B8%D0%B1%D1%96%D0%B3%D2%AF%D0%BB%20%D0%94%D3%99%D1%83%D0%BB%D0%B5%D1%82%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D2%9B%D1%8B%D0%B7%D1%8B%20%D0%B3%D1%83%D0%B3%D1%83%D1%88%D0%B0>
- 11 Әлеуметтік желілердегі тіл мәдениетінің сақталу мәселелері// baq.kz/.
- 12 С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, «Мектеп», 1973 ж.

Резюме

В этой статье показано проявление казахского литературного языка в социальной сети. Показан пример мнения ученого о казахском литературном языке, стилистике, орфографии, пунктуации в социальных сетях. В связи с передачей информации в сетях показано, что люди принимают информацию, применение слов, возраст, пол, социально-политическую точку зрения. Здесь мы видим уровень нашего языка в приложении и его изменения. Есть информация о речи в социальной сети, выразительность которой далека от казахского литературного языка.

Resume

In this article manifestation of the Kazakh national literary language in social network. Is shown there was given anexample example of the scientist's opinion about the Kazakh national literary language, stylistic, spelling, punctuation errors in social networks. In connection with the transfer of information in the networks, people's acceptance of information, application of words, age, sex, socio-political point of view are described. Here we see the level of our language in application and its changes. There is information about social network speech. The expressiveness of the literary language is far from the Kazakh national literary language.

ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Қ. М. БАЙТАНАСОВА

филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Қ. Р. ШЫМБЕРГЕНОВА

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Аннотация

Мақалада публицистика жанрының жалпы шығу тарихы сөз етіліп, публицистика ұғымының нақты анықтамалары берілген. Публицистиканың басқа салалармен ара-қатынасына назар аударылып, олармен байланысы жайлы зерттеліп талқыланды. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзіндегі публицистикалық шығармалардың басты ерекшеліктеріне назар аударылды.

Түйін сөздер: публицистика, көркем әдебиет, ғылыми-публицистикалық мақала, проблемалық мақала, тарихи-танымдық очерк, жолсапар очеркі, көсем сөз.

Қазіргі дамыған публицистика бірден пайда бола қойған жоқ. Публицистиканың тууының өзі көне дәуірлердегі адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуынан бастау алады. Сонау ерте замандарда адамдар арасында ақпараттық қажеттілік пайда болды. Бір адам екінші адамға, бір адамдардың тобы екінші адамдар тобына өз ойларын жеткізгісі келді. Бұл алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тілдің пайда болуымен тікелей байланысты еді. Сөйтіп адамдар санасындағы идеялар, көзқарастар мен ойлар тіл арқылы басқаларға таралып, іс жүзіне аса бастады. Адамзат қоғамында қарым-қатынас құралы тілдің пайда болуы публицистикаға дейінгі алғашқы құбылыстардың бірі еді.

Көрудің, естудің және сөйлеудің қосылуы негізінде адамдардың қоршаған орта туралы қоғамдық пікір, көзқарастары қалыптаса бастады. Мемлекеттің пайда болуымен бірге қоғамдық өмір де күрделене түсті де, түрлі саяси құрылымдар мен кәсіби саясаткерлер тарих сахнасынан орын алды. Дәл осы кезде қоғамдық ақпаратты таратуда қалың бұқараның ішінен өзінің көсемдігімен, ақыл-ой, парасаттылығымен окшауланып, суырылып шыққан шешендер белсенді рөл атқарды. Еуропада шешендік өнер бірте-бірте саяси пікірталастарға ұласты да, ол сөз сайыстары кейінірек парламенттік мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды. Қазіргі «парламент» сөзінің түп-төркіні, француз тілінен аударғанда «parler», «сөйлеу», деген мағынаны білдіреді. Сонымен, шешендік өнердің пайда

болуы публицистикаға негіз болған екінші бір құбылыс болып саналады. Халқымыздың ақындары, батырлары, хандары мен билері, ақсақалдары мен әулиелері тауып айтқан асыл сөздің маржандары – ұрпақтан ұрпаққа көшіп отыратын баға жетпес зор байлық. Бүгінгі қазақ публицистикасының бір бастау бұлағы сол халық даналығында жатыр.

Көсемсөздің шығу тарихына үңілетін болсақ, бұл латынның «publicus» – қоғамдық деген сөзінен шыққан. Бір сөзбен айтқанда, публицистика сөзінің этимологиясы «қоғамдық» деген сөзге тікелей қатысты. Публицистика дегеніміз – өмір айнасы, журналистиканың биік шыңы, заман тарихы, дәуір тынысы, өмір шежіресі. Публицистика – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы өзекті, өмірде болып жатқан өткір мәселелерді қозғайтын саласы. Публицистика белгілі бір уақытты сол дәуірдің саясатымен, философиялық тұрғыда қарастырылатын көзқарастарымен байланыстырады. Көсемсөз халықтың рухын көтеретін ұшқыр да уытты көркем тілмен жазылады, көпшілікті игі іске шақырады, бір мақсатқа жұмылдырады.

Публицистика – ақиқат өмірдің суреті, оның негізгі арқауы – шындық. Публицистикалық шығармада өмірлік деректер мен құбылыстардың бәрі де бірдей талғаусыз алынбайды, белгілі бір мақсатқа қызмет ететін айғақ-деректер ғана кәдеге жарайды. Қай заман публицистикасы болсын өмір құбылыстары мен оқиғаларын сол дәуірдің әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды.

Публицистика дәуірдің талабына ілесе, замана ағымымен жарыса отырып дамиды. Әр дәуірдің әдеби нұсқалары – мұның айқын дәлелі. Публицистика жанрларының пайда болуы Қазақстанда жарық көре бастаған алғашқы қазақ газеттерімен тығыз байланысты. Баспасөз жанрларының қалыптасу үрдісі ұзақ жылдарға созылды. Нәтижесінде газет публицистикасының тұрақты пішініне айналып, деректерді қолданудың сан қилы мүмкіндіктерін беретін жанр ретінде танылып отыр.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде берді. А.Байтұрсынов публицистиканы көсем сөз деген қазақ сөзімен байланыстырды. «Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады» [1,196]. Шын мәнінде публицистика әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеріп, көпшілікке сол кезеңдегі басты

міндеттерді аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып береді. Ол қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен ұштастыра отырып баяндайды. Публицистика дегеніміз – заман тарихы, дәуір танысы, өмір шежіресі. Шежіре болғанда да күнделікті тіршіліктің рухани бейнесі, жанды көрінісі. Публицистика – бұл бәрінен де бұрын шығармашылық процесс. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» публицистикаға біршама жинақы анықтама берілген: «Көсем сөз – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы. Көсем сөздің мақсаты – нақтылы саяси, экономикалық, әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтере отырып, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға ықпал ету. Көсем сөздің осы мақсатқа орай қалыптасқан өзгеше стилі болады, оған айтыс рухы, сендіру, иландыру, ұйытуға бағытталған тәсілдер тән, көсем сөздің озық үлгілерінен шешендік сөздердің ізі айқындалатыны да содан.

Көсем сөз – мерзімді баспасөз бетіндегі көптеген жанрларға бірдей қатысты ұғым. Сондықтан көсемсөзшілер (публицистер) айтпақ ойы, оны жеткізу ыңғайына қарай кейде памфлет, кейде эссе, мақала, ашық хат, кейде фельетон жазып, жариялайды [2, 240].

Нағыз публицистикада әлеуметтік-тәрбиелік ықпал жасаудың орасан зор күші бар, өйткені ол оқырманға, көрерменге, тыңдаушыға дұрыс бағыт сілтейді. Адамдардың ақыл-ойы мен сөздеріне әсер етудегі маңызды рөлді де атқарады. Публицистикалық құбылыстарға ғылыми тұрғыдан баға беру, дәлелдеудің айқындығы, өткірлік, барынша ықпал етуге ұмтылушылық тән.

Публицистиканың көркем әдебиеттен өзіндік өзгешеліктері бар. Ең алдымен, публицистика шығармашылықтың публицистикалық түріне, ал көркем әдебиет – шығармашылықтың көркем түріне жатады.

Екіншіден, «көркем әдеби шығармалар (әңгіме, хикая, роман) міндетті түрде сюжетке құрылады, портреттер ойдан шығарылады. Типтендіру, образ жасау, публицистиканың көркем жанрларына ғана тән болып келеді. Оның өзінде де очерк пен фельетон авторлары өздерінің кейіпкерлерімен міндетті түрде кездесіп, олардың портреті, мінез-құлықтары туралы біраз мағлұмат алады. Сөйтіп, әдеби шығарма көркем шындыққа негізделіп жазылса, публицистік шығармалар өмірдің нақтылы шындығына сүйеніп жазылады». Яғни, көркем әдебиетте шарттылық басым болса, публицистика нақтылыққа негізделеді.

Үшіншіден, көркем әдебиеттің өзіне ғана тән жанрлар жүйесі болатыны сияқты, публицистиканың өзіне ғана тиесілі бай жанрлар палитрасы бар.

Төртіншіден, көркем шығармада жазушы өзінің негізгі идеясын, идеалын оқиға желісі, адам образы, характерлер қақтығысы, картиналар

мен эпизодтар арқылы береді. Автордың оқырманға ұсынар идеясы оқиға дамуы, образдың өсу жолдары арқылы ашылып отырады. Ал публицист өз ойын оқырманға тікелей ұсынады. Публицистика автордан терең ой мен білімділікті, тіл шеберлігін, өршіл пафосты, логика тереңдігін талап етеді. Ол оқырманмен ашық сөйлеседі, қоғамдық маңызы бар оймен сөйлейді.

Бесіншіден, көркем әдебиетте жазушы көлемді шығармалар жазу үшін бүкіл ғұмырын сарп етуі мүмкін. Ал публицистикада белгілі бір уақыт шеңберінде айтылмаған ой көрінуі мүмкін. Сондықтан да көркем әдебиет бірнеше жылдар оқиғасын, тұтас бір дәуірді қамтыса, публицистика күнделікті өмір ағысына ілесіп отыруы керек.

Профессор Э.Г.Багиров: «Природу телевидения составляет не только то, что отличает его от кино, радио и печати, но и то, что их объединяет, что отличает их от традиционных средств информации» [3, 43], - дегеніндей, публицистика табиғатын оның көркем әдебиеттен айырмашылықтары ғана емес, ұқсастықтары да құрайды.

Публицистика мен көркем әдебиеттің екеуі де сөз өнерінің салалары. Екеуінің де құралы – сөз. Осы тұрғыдан келгенде, публицистика мен көркем әдебиеттің ұқсастық жағы болады, олар бір-бірімен органикалық тығыз байланысады.

Орыс сыншысы В.Г.Белинский көркем әдебиет пен публицистиканы өнер ретінде қарап, олардың бір-біріне тым жақын екендігін айта келіп: «... что здесь нет, четко определенной пограничной линии, так она является скорее воображаемой, чем действительной, и на нее не покажешь пальцем, как на государство на карте...” [4, 55],- деген. Шын мәнінде көркем әдебиет пен публицистика үшін поэтикалық стилистика арсеналдары – эпитеттер метафорлар, теңеулер, гиперболалар, литоталар және троптар мен фигуралардың палитралық барлық түрлері, сатира мен юморлық, пафостық құралдар өте қажет. Бұл көркемдік бейнелеу құралдарынсыз сөз өнерінің эмоционалдық нәрі әлсіреп, атқаратын функциялық дәрежесі төмендеген болар еді.

Қазақ баспасөзінің тарихын тұңғыш зерттеуші, профессор Х.Н. Бекхожин өз еңбегінде қазақ публицистикасының негізін салушылар ретінде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев есімдерін атайды.

Шоқан Уәлиханов өзінің публицистикалық мақалалары мен очерктерінде өзі өмір сүрген тұстағы қоғамдық маңызы зор мәселелерді қозғады.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ жазба публицистикасының атасы, ағартушы-қаламгер. «Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әртүрлі білім беретін

энциклопедияның рөлін атқарды» [5, 263], - деп жазды профессор Х.Бекхожин. Ыбырай өзінің 1862 жылғы бір хатында: «Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық. Бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуда болып отыр», - деп жазды. Дәл осы ойлар оның көп публицистикалық шығармаларының алтын арқауы болды. Оның алғашқы мақалалары «Оренбургский листок» газетінде басылды.

Батыс және Шығыс мәдениетінің қайнарынан қанып ішкен ғұлама Абай шығармалары да - қазақтың жазба публицистикасының көрнекті үлгілері болды. Абай өлеңдерінде сол заманның ащы шындығы, қоғам көрінісі, дала қазақтарының бүкіл тұрмыс-тіршілігі көрініс табады. «Стилі мен идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың қарасөздері – нағыз публицистикалық шығарма», - деп айқын көрсетеді профессор Х.Бекхожин.

Тәуелсіз Қазақстан публицистикасындағы демократия мен жариялылықтың нәтижесінде тарихтағы көптеген ақтаңдақтардың беті ашыла бастады. Ұлт тағдыры, ұлттық сананың қалыптасуы сияқты өзекті мәселелерге баспасөз бетінен орын беріле бастады. Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті. Бұл әсіресе 90-ыншы жылдардағы қазақ баспасөзінен, онда жарық көрген публицистикалық шығармалардан айқын көрінді. Осы кезеңде қазақ публицистикасының дамуында жаңа бір дәуір басталды. Ол — азат ойдың, еркін сөздің дәуірі еді. Публицистика қоғамдық маңызды мәселелерді көтергенде ғана, оның әсер-ықпалы зор болатындығы белгілі.

90-ыншы жылдардағы қазақ баспасөзінде көрініс тапқан негізгі тақырыптар: 1) тәуелсіздік; 2) Қазақстан аумағының тұтастығы; 3) тіл саясаты; 4) егемендік; 5) қазақтар туралы; 6) қоғамды жаңғырту жолдары; 7) қазақтардың тарихи атамекеніне оралу мәселесі.

Бұл жаңа дәуірдегі жанрлық, түрлік өзгешеліктерге назар аударсақ, әсіресе сыни корреспонденция, корреспонденция-толғаныс, ғылыми-публицистикалық мақала, проблемалық мақала, полемикалық мақала, тарихи-танымдық очерк, сұхбат, шолу, хат, есеп, жолсапар очеркі жанрларындағы шығармалар кездеседі. Дербес және бір тектес заметкалар мол басылды. Мұның өзі шет елдік жеңіл ақпараттық баспасөзге еліктеуден, әрі күнделікті оқиғалар туралы тез хабарлаудан туған қажеттілік еді. Памфлет, баспасөзге шолу сияқты жанрлар мүлдем көрінбей кетті. Ал репортаж, фельетон, рецензия жанрларында жазылған публицистикалық шығармалар сирек кездеседі. Бас мақала жанрының

орнына оның «Редактор бағанасы», «Серкесөз» «Ойтүрткі» сияқты жаңғырған түрлері пайда болды. Сұхбаттың қолданылу аясы кеңейді. Жаңа пішіндер пайда болды. Көп жарияланымдар сұхбаттың монолог, диалог, сұхбат-пікір, сұхбат-толғаныс, баспасөз конференциясы, брифинг, жедел сұрау салу (блиц-опрос), контрвью (қарсы интервью) түрлерінде берілетін болды. Бұрынғы кеңестік дәуірдегі мақтау мен марапатқа құрылатын портреттік очерктер мүлдем жарияланбайтын болды. Оның орнына шағын суреттемелер берілді.

90-ыншы жылдар публицистикасында «синкретизм» аясы кеңейді. Кейбір жарияланымдарды жаңа бір жанрға жатқызып даралау, өзгешелеу мүмкіндігі болмай қалды. Оның есесіне бір публицистикалық шығарманың бойынан сұхбат пен репортаждың, корреспонденция мен мақаланың, тағы басқа бірнеше жанрлардың белгісін табуға болады. «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әртүрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді... Жанрлық дамудың өзі – жанды процесс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады...», - деген академик З.Қабдолов тұжырымы белгілі. 90-ыншы жылдар публицистикасындағы тағы бір ерекшелік шығармадағы ішкі полемика (қақпайласу, қайымдасу). Мәселен мақала авторы оқырманның сауалдары мен қарсылықтарына ыңғайластырып, ішкі полемиканы туғызады. Бұл теоретиктердің айтып жүрген «Публицистикалық, мәтіннің ішкі монологтік диалогтандырылуы» болып табылады. Дәл осы ерекшелік тәуелсіздік дәуіріндегі публицистер шығармашылығында жиі кездесіп отырады. Тәуелсіздік жылдары баспасөзіндегі бұл сипаттар Ш. Мұртаза, К. Смайылов, Ө. Жәнібеков, Ә. Кекілбай т.б. публицистикалық шығармалары жатады.

90-ыншы жылдар публицистикасының басты өзгешелігі – бұрын жазуға, айтуға болмайтын мәселелерге еркін қалам тербелді. Бұл жаңа басталған дәуірде қазақ публицистикасы, әсіресе, тақырыптық және проблемалық тұрғыдан байыды. Соған сай мазмұндық жағынан да публицистиканың өмірді шынайы қамту ауқымының аясы кеңейді. Ақын-жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың публицистикаға қалам тартуы бұрынғыдан да жиіледі. Сөйтіп ел тәуелсіздігімен бірге, мәселенің мәнісін тез ашатын, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қосатын публицистика заманы туды. Бұл қазақ публицистикасының даму жолындағы жаңа дәуір еді.

Түйіндей келгенде, қазақ публицистикасы алғаш рет кең ауқымды тұтас зерттеу нысанына айналды. Публицистика табиғаты көркем әдебиетпен, журналистикамен байланыста ашылды. Ұлттық публицистиканың пайда болуының уақыттық шегі тереңдетілді.

Сонымен, публицистика – белгілі бір уақыт пен кеңістікті қамтитын заман шежіресі, дәуір үні. Өткен кезеңдерде қандай қоғамдық-саяси ахуал болғандығын, халық жағдайын, әлеуметтік өзгерістер мен шаруашылық бағыттарын сол уақыттан қалған ауызекі мұралар және баспасөз бетінде жазылып, жарияланған публицистика арқылы бүгін біле аламыз. Ал бүгінгі болып жатқан оқиғалар публицистиканың алтын арқауы арқылы оқырман жадына жол тартады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Оқулық. – Алматы: Жалын, 1991. – 194 б.
- 2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/ Құрастырушылар: Ахметов З., Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.
- 3 Беневолевская Т.А. О языке и стиле газетного очерка. – М.: – МГУ,1973. – 43 б.
- 4 Вакуров В. Стилистика газетных жанров. – М.: Высшая школа, 1978. - 147 б.
- 5 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1964. – 263 б.

Резюме

В данной статье говорится об истории развития, жанра публицистики, а также даются четкие определения понятия публицистики. Основное внимание уделяется взаимосвязи публицистики с другими сферами общественной жизни. В то же время особо выделяется жанровые своеобразие публицистики казахской прессы периода независимости.

Resume

The authors of the article dwell upon the history of the genre of publicism and give specific definitions of the concept of publicism. The main attention was paid to the interrelation between publicism and other spheres of social life as well as their relationship with publicism. At the same time, special attention was paid to the main features of publicistic works in the Kazakh press during the years of independence.

**ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БАСЫМ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТКІЗУДІҢ АКСИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ТӘСІЛДЕРІ**

Ш.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

С.Б. ҚУАНДЫКОВА

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Аннотация

Мақалада жыраулар поэзиясында кездесетін құндылық бағдарлы ұғымдар жинақталған. Құндылық ұғымдарын беруде қолданылатын тілдік құралдар талданған. Бағалаудың түрлері мен әдіс-тәсілдері арқылы құндылық мәнді ұғымдарды беру жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: жаһандану, рухани болмыс, қазақ әдеби тілі, жыраулар поэзиясы, құндылық, жеке және топтық бағалау, оң және теріс бағалау.

Жаһандану дәуірінде адамзат баласының рухани құндылықтарға деген қажеттілігі өсіп келеді. Білім мен ғылымның жемісі мол болғанымен, адам жанын рухани байыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Құндылық проблемасын ұлт философиясы тұрғысынан қарастырған Т. Бөрібаев бұл жөнінде: «Рухани болмысымызды ұлттық философиялық тұрғыдан зерделей отырып, халқымыздың құндылық бағдарын және рухани талғамы мен таңдауларын қалыптастыру қажеттігі нақты жолға қойылуы тиіс. Әсіресе мынау ғаламдастыру алдында базистік құндылықтарымызды менталитет өзегіне айналдырудың маңызы зор», - дей келіп, базистік құндылықтар қатарына ар-намысты жоғары ұстау, ата-ананы, үлкенді сыйлау, табиғатқа бас ию, қонақжайлық, еңбекқорлық, еркіндік, имандылық, дәстүршілдік, қанағаттық, ұлтжандылық, патриоттық сезімді, ерлік пен отансүйгіштікті қалыптастыру т.б. жатқызады [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі және ертеңгі күнгі құндылықтарды анықтау үшін қазақ әдеби тілінің өткен кезеңдеріндегі мәтіндер бойынша құндылық бағдарлы ұғымдарды айқындап алуды жөн санадық. Қазақ әдеби тілінің тарихын дәуірлеуге байланысты академик Н.Т. Сауранбаев: «Қазақтың әдеби тілі революциядан бұрынғы дәуірлерде жасалып, белгілі бір жағдайда өмір

сүрген, бұл дәуір қазақ әдеби тілінің алғашқы адымы, нәрестелік дәуірі», - деп, қазақ әдеби тілін үш дәуірге бөледі:

1. XIX ғасырдың II-ші жартысына дейінгі дәуір.
2. XIX ғасырдың II-ші жартысынан XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі дәуір.
3. Советтік дәуір [2].

Ал М. Балақаев, Р. Сыздықова, Е. Жанпейсовтердің авторлығымен жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбекте авторлар әдеби тілдің екі түрі болатынын айта келіп, жалпы әдеби тілдің пайда болу мерзімі туралы былай дейді: «Қазақтың әдеби тілінің тарихын біз XIX ғасырдың екінші жартысынан емес, XIII ғасырдан бастаймыз. Өйткені, халық тілінің жазба әдебиет ыңғайында нормаға түсе бастаған шағы және бірді-екілі стильдік құбылыстардың көрініс бере бастаған кезі, дәлірек айтқанда, әдеби тіл белгілерінің айқындала бастаған мезгілі – осы XIII ғасырдан басталады» [3].

Осы мақалада қазақ әдеби тілінің дамуының алғашқы кезеңі – жыраулар поэзиясында кездесетін құндылықтарға талдау жасалды.

Ш. Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан қайғы өлең-толғауларында **хандық үкіметті нығайту, елдің бірлігін, қорғаныс қабілетін арттыру** қажетін насихаттайды. Тарих тұрғысынан қыста қыстауды, жазда жайлауды жайлаған еркіндік сүйгіш көшпенді қазақ үшін **атамекен, ата жұрт** киелі құндылық екендігі белгілі.

Асан қайғы хандық дәуірдегі өзінің көзімен көрген оқиғаларды шындық тұрғысынан бағалаған. Өзінің құт мекенінен, ата-қонысынан ұзап кетуді қаламаған. Ол Жәнібек пен Керей хандардың Моғолстанға қоныс аударуына қарсы болған, құптамаған. Елін, қонысын қимаған Асан Қайғы Жәнібек көшін тоқтатпаққа талаптанады.

*Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске!* [4].

Асан Қайғыға қазақ халқының Есен-Бұға хан еліне беттеп көшкен ұзақ сапар көші мәнсіз көрініп, «Нәлет біздің жүріске!» деп баға берген. Осы тіркестегі «нәлет» немесе «нағылет» сөзі уақыты өтісімен «лағынет» сөзінің өзгерген түрі. Лағынет дегеніміз – Алланың мейірімінен тыс қалу, рақымынан құр қалу деген мағынаны білдіреді. Лағынет – жек көретін адамға, жауына айтылатын жаман тілек, қарғыс [4]. Атамекенді тастап

кеткен өзіне, өз еліне нәлет айтқан Асан қайғының атамекенге берген бағасының жоғары екендігін көрсетеді.

Асан қайғының толғауларында **ата-мекеніне** деген сүйіспеншілігін, ата-қонысынан қимастықпен қоштасуын мына жыр жолдарынан да аңғаруға болады:

*...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын.
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
немесе:
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң, тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың.
Ойылдан елді көшірдің [4].*

Қазақ елінің ежелгі **ата-жұрттарын** мәңгілік мақтангерлікпен, масаттанумен жырлаған Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы:

*Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
...Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
...Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт, [4]-* деген жолдарынан ерекше байқалады.

Қазтуған «ағала ордам қонған жұрт», «қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт», «жанға сақтау болған жұрт», «қайран менің Еділім» деп әсірелеулі бейнелеулер – атамекеннің қаншалықты құнды екендігін көрсетеді.

*...Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған... [4].*

Қазтуғанның толғауларынан табиғатты аялау қасиетті іс екендігін оның өзін қоршаған, әлі бүлінбеген әсем табиғатты таза, кіршіксіз сәби көңілмен суреттеулерінен аңғаруға болады. Табиғатпен етене бірлікте өмір сүрген көшпенді халық үшін **табиғат байлығы** аса маңызды құндылық

болды. Қазтуғанның ХҮ ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы руларымен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өткендігін айғақтайтын дерекке сәйкес жыр жолдарында атамекеннің берекелі табиғатының оны мекендеуші адамдарға байлық, бақыт әкелетінін жырлаған.

Доспамбет жырауда ұрыс майданында болғанын, ұрысқа тікелей араласқанын суреттейтін жыр жолдары мол.

*... Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шанышылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес [4]!*

- деген жолдардан батырлық танытып, ел үшін, жер үшін қан майданда мерт болу – «өкінбес» ерлік екендігін байқаймыз.

Жыраулар поэзиясында атамекенді сүю, ардақтау арқылы ұрпақтарды отаншылдық, патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Мысалы, Доспамбеттегі осындай жыр жолдарының **қаһармандық** ықпалы байқалады.

*Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен,
Толғамалы ала балта қолға алып
Топ бастадым өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым өкінбен,

*Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен...[4].
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр [4].*

Марғасқа жыраудың елге, жерге деген адалдықты қадір тұтатындығы, сатқындықты, **алауыздықты** жақтырмайтындығы

*Ей, Қатағанның ханы Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын [4],-*

- жолдардан анық байқалады. Жырау қазақ халқының **бейбіт өмірді, бірлік пен ынтымақты** өмірлік маңызды құндылық деп есептейді.

От тілді, өжет, аса талантты ақын Марғасқаның Тұрсын ханға «хан емессің қасқырсың», «қас албасты басқырсың», «ажалы жеткен пақырсың!» деп тайсалмай бетке айтуынан жек көру аңғарылады.

Ел мүддесін ойлаған даңқы жыраулардың бірі – Ақтамберді:

Дұшпаннан көрген қорлығым,

Сары су болды жүрекке.

Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке,

Жауға қарай аттандым,

Жеткіз деп құдай тілекке [4].! – деп жырлайды.

Ақтамберді қырықтан асқан шағында ел тізгінін ұстаған Әз-Тәуке хан дүниеден қайтады. Тәуке хан дүниеден қайтқан соң қазақ сұлтандарының арасындағы ежелгі алауыздық, бақастық ашық жаулыққа айналады, үш жүздің жігі ыдырайды. Осы қолайлы сәтті тиімді пайдаланған жоңғарлар қазақтарды аяусыз соққының астына алады. Ауыр соғыс жылдарында осы тарихи оқиғаның бел ортасында жүрген Ақтамберді **атамекенді** жан аямай қорғауға шақырды.

Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып,

Қол төңкерер ме екеміз.

Жалаулы найза жанға алып,

Жау қашырар ма екеміз!

Уа, Алатаудай Ақшадан

Асып тудың, Бөгембай,

Болмашыдай анадан

Болат тудың, Бөгембай!»

Қалақайлап дулатқан

Қалмақты алдың, Бөгембай [4].!

Үмбетей жырау Қанжығалы Бөгембайдың батырлығын жоғары бағалайды. Үмбетей жырау елдің өзекті мәселесін көтеріп, жауды ойсырата жеңген **батырлардың ерлігін** дәріптейді.

Бұқар жырау өзінің шығармаларында қазақ қауымы үшін мәні зор құндылықтарды көтереді. Бұлардың ең бастысы – **ел бірлігін ту ету**, ішкі, сыртқы жаулардың қандайымен болса да бітіспес күреске үндеу [5].

Шеп салған жерін бұздырып,

Ұрысты қатты қыздырып,

...Жәбірлеген қалмаққа,

Тырнағын қатты батырды [4].

Келтірілген мысалдарда құндылық бағдарлы ұғымдардар қажеттілік деңгейіне қарай оң және теріс бағалауларға ие болған. Бағалаулар

контекстік мағынасына қарай тура немесе ауыспалы мәнде, бағалаушылардың сандық-сапалық көрсеткішіне қарай жеке және топтық мәнде берілген.

кесте 1

	Жеке бағалау		Топтық бағалау	
	тура мәнде	ауыспалы мәнде	тура мәнде	ауыспалы мәнде
Оң бағалау	Ту құйрығы бір тұтам, Тұлпар міндім өкінбен. Туған айдай нұрланып, Дулыға кидім өкінбен... Бетегелі Сарыарқаның бойында Соғысып өлген өкінбес! (Доспамбет жырау) [4].	Уа, Алатаудай Ақшадан Асып тудың, Бөгембай... (Үмбетей жырау) [4].	Жебелей жебе жүгірген Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма, Жағаласса жыртылмас, Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,... (Шалкиіз жырау) [4].	Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай, Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған... (Қазтуған жырау) [4].
	Балаларыма өсиет: Қылмаңыздар кепиет, Бірлігіңнен айрылма, Бірлікте бар қасиет... (Ақтамберді жырау) [4].	Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пен аюдай, Өрлігімді сұрасаң, Жылқыдығы асау тайындай, Зорлығымды сұрасаң, Бекіре менен жайындай,...(Жиёмбет жырау) [4].	Арудан асқан жар бар ма, Жылқыдан асқан мал бар ма, Биенің сүті сары бал – Қымыздан асқан дәм бар ма! (Ақтамберді жырау) [4].	Жапалақ ұшпас жасыл тау, <i>Жақсылардың</i> өзі өлсе де <i>сөзі сау</i> ... (Шалкиіз жырау) [4].
Терісбағалау	Жаманның жамандығы сол болар, Сөйлесе дәйім бетін қара етер; Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң, Сол жаман сырын сақламай, <i>Әрдайым дұшпаныңа әр ісіңді қор етер.</i> (Шалкиіз жырау) [4].	Жаманға жақыным деп сөз айтпа, Күндердің күні болғанда Сол жаман өз басына <i>айғақ-ты.</i> (Шалкиіз жырау) [4].	Нәлет біздің жүріске, Еділ менен Жайықтың, Бірін жазға жайласаң, Бірін қысқа қыстасаң, Ал қолыңды маларсың,.. (Асан қайғы) [4].	Алтау болар, бес болар, Ішінде абаданы бір болар, Абаданынан айырылса, Олардың һәр біреуі һәрбір итке <i>жем болар.</i> (Шалкиіз жырау) [4].
	Баласы өсіп	Сөйлегенде сөзі	Ей, Қатаған хан	Ей, Қатаған хан

жетпесе, Сөзі көпке өтпесе, Жал-құйрықсыз жалғыздар Олай-бұлай боп кетсе, Әжесі сорлы қор болар (Марғасқа жырау) [4].	аузына сыймаған, Еріккенде қызыл тілін тыймаған Ғақбытлы сол жаман О-дағы бір <i>пәлеге</i> <i>жолызар</i> . (Шалкиіз жырау) [4].	Тұрсын! Кім арамды ант ұрсын. (Марғасқа жырау) [4].	Тұрсын, <i>...Алтын</i> <i>тақта жатсаң</i> <i>да,</i> <i>Ажсалы</i> <i>жеткен</i> <i>пақырсың...</i> (Марғасқа жырау) [4].
---	---	---	---

Қорытындылай келе, жыраулар поэзиясы отансүйгіштік, бірлік, ерлік сынды базистік құндылықтарға тұнып тұрғандығын айта аламыз. Әрбір жолында ненің жақсы, ненің жаман екендігін бірде астарлы түрде, бірде нақты бағалай отырып, жастарды, қоғамды ізгілікке, жақсылыққа үндейді. Жоғарыда аталған базистік құндылықтардан бөлек хандардың ел басқаруына, қарапайым халықтың адамдық қасиеттеріне, табиғат байлықтарына, батырлардың арғымақтарына, арулардың ақылына, ерлердің қару-жарақтарына қатысты жақсы не жаман, жоғары не төмен баға берген жолдарды көптеп кездестіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі, 2003. – №4. – 196. -20 б.
- 2 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы» (XV – XIX ғасырлар) – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 3 Жайлибаев М.Н. / Қазақ әдеби тілі тарихының мәселелері / Вестник КАСУ №2 2005. - 124-б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 650-б.
- 6 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998 ж. 4-том

Резюме

В статье рассмотрены способы языковых методов, употребляемые для передачи ценностных понятий, виды оценки и примеры к ним.

Resume

The authors of the article examined of language methods used for the transfer of valuable concepts, types of evaluation and examples to them.

ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО ДИСКУРСА В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Ж.Е. БЕКЖАНОВА

доктор PhD, и.о. доцента кафедры
иностранной филологии,
Евразийский национальный университет
имени Л.Н.Гумилева

Е.Б. ИБРАГИМОВ

магистрант специальности «Иностранная филология»,
Евразийский национальный университет
имени Л.Н.Гумилева

Аннотация

В статье рассмотрены дискурс, влияние религий на язык и религиозный дискурс в контексте художественной литературы. Также даны определения религиозному дискурсу как виду институционального дискурса. Приведен краткий пример использования религиозного дискурса на материале художественной поэмы как образец применения религиозного дискурса за пределами основного института.

Ключевые слова: религия и язык, религиозный дискурс, институциональный дискурс, религиозный посыл в текстах

Религия есть феномен, с которым сталкивался почти каждый. Она является основоположником многих других институтов. Религия – одна из форм общественного сознания; совокупность духовных представлений, основывающихся на вере в сверхъестественные силы и существа (божеств, духов), которые являются предметом поклонения [1]. Несмотря на то, что процесс секуляризации в современных социумах усиливается, религия не утратила свою значимость. Религия сопровождает человека с самого начала и влияет почти на все сферы жизни – культуру, историю, быт, политику, образование и язык.

Религия играет немаловажную роль в процессе формирования языка, придавая языку более яркий окрас, делая его богаче, добавляя в него новые выражения, обороты речи и изречения. Примером может послужить часто употребляемое в английской речи выражение «Jesus» или «JesusChrist!», которое описывает соответствующее эмоциональное положение, как реакция на определенное действие или ситуацию. Причиной возникновения этого выражения является религия, которую

придерживались и придерживаются носители соответствующего языка. Если предположить, что религия не существовала или носители языка придерживались другой веры, то в лексиконе носителей соответствующего языка не было бы и этого выражения. Следовательно, изучая религиозный дискурс, мы можем глубже понять характеристики и историю языка, что делает ее актуальной темой.

Религиозный дискурс – это особый вид институционального дискурса, который имеет своей целью обращение внимания аудитории к религии и концепту Бога [2: с. 187-188]. То есть, это актовые и речевые процессы, которые применяются в религиозной сфере.

Что такое дискурс? Согласно лингвистическому энциклопедическому словарю, (от франц. Discours – речь) – связанный текст в совокупности с экстралингвистическими – прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте; речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания (когнитивных процессах). Дискурс – это речь, «погружённая в жизнь» [3]. Этот термин является многозначным и применяется во многих сферах гуманитарных наук, в том числе и в лингвистике. Точного определения этого термина не существует.

Ключевыми признаками дискурса считаются:

- существование устной (речь) и письменной (текст) форм реализации;
- ситуативная и культурно – социальная обусловленность;
- связь с когнитивными процессами;
- интерактивность (социально значимое взаимодействие членов социума) [4: с. 10].

В описании дискурса Т.А. ван Дейк и В. Кинч выделяют лингвистический и когнитивный аспекты как наиболее важные. По их мнению, концепция дискурса зависит не только от грамматики текста и прагматики дискурса, но и вовлекает в дискурсивный анализ такие социальные аспекты, как отношение и установки коммуникантов, их этническую принадлежность и статус [5, с. 154].

С позиции социолингвистики дискурс можно разделить на два основных типа: персональный и институциональный. Первый представляет общение хорошо знакомых коммуникантов, второй – общение представителей социальных групп. Статусно-ориентированный дискурс является институциональным общением, т.е. речевым взаимодействием представителей социальных групп или институтов друг с другом, с людьми, реализующими свои статусно – ролевые

возможности в рамках сложившихся общественных институтов, число которых определяется потребностями общества на конкретном этапе его развития [6, с. 234-239]. Следовательно, религиозный дискурс относится к институциональному типу дискурса.

В качестве основного института религиозного дискурса, в зависимости от вида религии, выступает церковь, храм, синагога или мечеть соответственно. Но это не опровергает факт, что религиозный дискурс может применяться и за пределами основного института. И в зависимости от места применения и особенностей общего положения статуса коммуникантов дискурс может меняться по форме.

Одним из основных компонентов религиозного дискурса является ритуал. Во всех вероисповеданиях все религиозные акты и речи проводятся под жесткими рамками ритуалов и несут в себе определенную цель. Они могут быть вербальными и невербальными. Эти действия могут применяться в определенной последовательности или синхронно. К вербальной части ритуала относятся молитва, чтение священных текстов, поучения и т.д. К невербальной части относятся определенные жесты и действия, совершаемые во время молитвы, обряда, поклонения и т.д.

Участники религиозного дискурса являются представителями религиозных институтов (священнослужители) и верующие. Однако такое разделение является условным. Более того, группу «верующие» следует разделить на два типа. Первый: истинные верующие – это приверженцы религии, соблюдающие все ее каноны и живущие по ее законам, части и намеренно посещающие храмы во имя служения всевышней силе, но при этом не являющиеся священнослужителями. Ко второй группе относятся участники, не связывающие свою жизнь с религией, но относящие себя в той или иной степени к определенной вере в силу этнической принадлежности или иных условий. Они в принципе реже становятся участниками религиозного дискурса, более того, участие может оказаться случайным, вынужденным и неосознанным [2, с.189].

В герменевтике религиозному дискурсу придают нетривиальную значимость, так как он играет важную роль в толковании священных писаний. В работе с текстами художественных произведений нужно обращать особое внимание на дискурс.

Дискурс реально существует не в виде своей «грамматики» и своего «лексикона», как просто язык. Дискурс существует прежде всего, и главным образом, в текстах, но таких, за которыми всегда встает особая грамматика, особый лексикон, особые правила словоупотребления и синтаксиса, особая семантика, в конечном счете - особый мир [7: с. 44].

Изучение религиозного дискурса также весьма значимо на материале художественных и исторических текстов. Для примера можно

рассмотреть «Божественную комедию», поэму, написанную Данте Алигьери в первой половине XIV века. В поэме идет идеальное воссоздание концепта о вере того времени и весь спектр соответствующей лексики, коммуникативных ситуаций, которые интересны для изучения. Поэма не несет в себе характерную для священных писаний догму, а скорее взгляд автора на верования того времени. Каждый стих пропитан посылками на религиозную тему.

Уникальность поэмы заключается в том, что поэму можно рассматривать как текст в целом или же изучить глубже и выделить от основного текста диалоги между персонажами, которые сами по себе несут особую значимость и содержат религиозный дискурс. Основными коммуникантами в поэме выступают главный герой и его проводник. По пути протагонисты встречают других персонажей и вступают с ними в короткие диалоги, контент которых тоже имеет религиозный дискурс. Сам автор выступает в роли главного героя и рассказчика. Даже в отрывках, которые преподносятся как речь автора, прослеживается скрытый религиозный смысл:

*«Не помню сам, как я вошел туда,
Настолько сон меня опутал ложью,
Когда я сбился с верного следа»*

(Божественная комедия, Ад, часть 1, стих 10)

Если провести небольшой анализ на вышеуказанный отрывок, то можно легко найти скрытый контент. В первой строчке автор намекает на грехи, совершенные им неосознанно, и посему оказался в данном положении. На второй строке следует самооправдание, которое обвиняет в этом искушение. И в конце автор говорит о том, что это и сбilo его с правильной дороги. То есть, автор повествует читателю, что совершил неосознанный грех и путем оправдания подсказывает неправильность его действий. Это дает отсылку на правильный образ жизни правоверного христианина. Если к этому прибавить время и место проживания автора, то результат дает возможность предположить какое влияние оказала религия на общество того времени, какие были ценности и что воздействовало на когницию автора.

Исходя из этого, можно точно подчеркнуть ключевые признаки религиозного дискурса. В качестве письменной формы реализации выступает сам текст. Ситуативная и культурно - социальная обусловленность определяется местом и временем действия, происходящего в поэме. К когнитивному процессу можно отнести личные взгляды и представления автора о преисподней. А взаимодействие главного героя с другими персонажами можно

рассмотреть как интерактивность. Также, к интерактивности условно можно отнести связь между автором, который выступает в роли рассказчика и читателем, который выступает в роли реципиента.

Исследование религиозного дискурса на материале художественной литературы значительно меняет и его изначальную характеристику. Если данный вид дискурса обозначен как институциональный и статусно-ориентированный, то в рамках художественных текстов он часто выходит и за пределы данного разграничения, выражаясь и в личностно-ориентированном общении героев. В рамках художественных произведений дискурс расширяет свои горизонты, охватывая все типы потенциальных участников, всевозможные коммуникативные ситуации и хронотоп (церковь, межличностные беседы, разговор рассказчика с самим собой и обращение к читателям), темы и т.д.

Несмотря на то, что религия – древнейшая тема, охватывающая весь период существования письменности и в силу того, что в рамках религии поднимаются вечные духовно-нравственные ценности человека, актуальность темы высока и на сегодняшний день. Перспектива выделения религиозного дискурса как «живого» текста в динамике, а в особенности анализ таких текстов в художественной литературе, контрастное исследование современных, древних религиозных текстов/дискурсов, а также материалов средневековья, имеют возможность выхода на интересные научные результаты, выходящие за рамки чистой филологии, раскрывающие возможности для междисциплинарных открытий (филология и философия, филология и история, филология и теология и т.д.). В современной литературе имеется достаточное количество элементов религиозного дискурса, которым не придается значение. Между тем, прагматический потенциал этих элементов является ключевым.

Изучение религиозного дискурса в эпоху антропоцентризма приобретает новый оттенок, так как будучи центральным звеном исследований, человек – реализатор, участник данного дискурса, объект воздействия данного дискурса и в то же время предмет обсуждения в данном виде дискурса. В этой связи, религиозный тип коммуникации имеет возможность быть рассмотренным с совершенно иных ракурсов, сквозь призму новых веяний современных филологических исследований. Несмотря на многочисленные труды по вопросам религиозного дискурса, это направление все еще таит в себе много вопросов, которые требуют ответов. Широкомасштабные изучения религиозного дискурса и полученные в итоге результаты могут быть очень полезны в продвижении изучения других родственных отраслей.

Список литературы

- 1 Толковый словарь русского языка (<https://www.vedu.ru/expdic/29962/>)
- 2 Бижкенова А.Е., Дуйсекова К.К., Булатбаева К.Н., Сабитова Л.С., Жуманбекова Н.З., Калиева А.К., Жумабекова К.Б. Современные направления лингвистической науки. – Астана, 2017. – 360 с.
- 3 Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. (<http://tapemark.narod.ru/les/136g.html>)
- 4 Бекжанова Ж.Е. Молодежный дискурс: сущность, функции, форматы. – М: Флинта, Наука, 2017. – 277 с.
- 5 ван Дейк Т., Кинч В. Стратегии понимания связного текста // Новое в зарубежной лингвистике. Когнитивные аспекты языка. – Вып №23. – 1988. – С. 153-211.
- 6 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – 2-е изд. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
- 7 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип причинности // Язык и наука конца XX века: Сб. ст. / Под ред. Ю.С. Степанова. – М.: РГГУ, 1995. – С. 40-48 с.

Түйін

Мақалада діни дискурс институционалдық дискурстың түрі және оның негізгі институттан тыс көркем мәтіннің контентінде көріну формасы қарастырылады.

Resume

The authors of the article consider religious discourse as a kind of institutional discourse and a form of its manifestation in the content of literary text outside the main institution.

**Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ТҰРАҚТЫ
ТІРКЕСТЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ**

Ж.С. ТАЛАСПАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты, профессор
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті,

А.Б. ЕРСАИНОВА

магистрант
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Аннотация

Мақала жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармалары тіліндегі фразеологизмдердің стильдік қызметін анықтауға арналған. Жазушының «Жеңілген Есрафил», «Ананың анасы» әңгімелері сондай-ақ, «Ұлпан» романындағы фразеологизмдерге талдау жүргізіліп, мағыналары ашылды. Фразеологизмдердің мағыналық топтарының яғни, соматикалық, эмотивті және этнографиялық түрлерінің қолданылу ерекшелігі айқындалды. Фразеологизм жайлы ғылыми тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс тапты. Фразеологиялық тіркестер ойды бейнелі жеткізу жағынан жазушы шығармалары тілінің мол қабатын құрайды.

Түйін сөздер: тұрақты тіркес, соматикалық фразеологизм, лексика-семантикалық қабат, номинативтік мағына, эмоционалдық күй, рухани қазына, стильдік мақсат.

Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған лексика-семантикалық, көріктеу тәсілдеріне зер саламыз. Ғ. Мүсірепов тіліндегі тұрақты тіркестер қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Тіліміздегі тұрақты тіркестер ғасырдан ғасырға жалғасып келеді және олардың тілімізде алар орны ерекше. Әдетте, адамдар өз сезімдерін ерекше білдіруде, эмоционалдық күйін танытуда, оқиғаны қоюлата жеткізуде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтіруде тұрақты тіркестерге жиі жүгінеді. Тұрақты тіркестерді оқып танымайынша, құрамындағы сөздердің мағынасына үңілмейінше, тіл ерекшелігі мен мәнін толық түсіну мүмкін емес. Кез келген халықтың рухани қазынасы болып табылатын даяр тіркестерден халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, тарихы, салты мен дәстүрі, әдебиеті мен өнері, мінезі мен ұлттық болмысы танылып тұрады.

Фразеологизмдер – өз табиғатында экспрессиялық-эмоциялық әсері айрықша, халықтық даналыққа суарылған өткір тілдік құралдар. Ал жазушының көркем тіл кестесіне түскенде олардың мәні сөзді нанымды да өтімді, бейнелі жеткізумен тіпті ерекшелене түседі. Сол себепті «фразеологизмдер – сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады» [1,85 б.].

Бұл туралы Х. Қожахметова: «Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді таңдап қарастыру – автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдерінің бояу өрнегін айқындау болып табылады. Фразеологизмдердің стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осы қасиеттеріне орай фразеологизмдер белгілі бір баяндауға, не сөйленген сөзге стильдік әр береді. Қалыптасқан бұл тұрақты тіркестердің көркем әдебиет тілінде атқаратын қызметі алуан түрлі. Бұлар шығарманың идеясын беруде, образ, характер жасауда, кейіпкерлердің «өзін-өзі әшкерелеу» сияқты тілдік тәсіл болып келеді. Осылар арқылы қоғам өмірінің сан құбылыстарын, табиғат көрінісін бейнелі түрде бағалай, суреттей беруге болады» [2, 53 б.]. Ал ғалым М. Серғалиев: «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құрал. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», - [3, 264 б.] дейді.

Әрбір қаламгердің өзіндік стильдік өрнектері, өздері сүйіп қолданатын тәсілдері, жазу машығы болады. Қаламгер сонысымен дара, сонысымен ерекше, сонысымен өзгеше.

Ғ. Мүсірепов – өзіндік қолтаңбасы қалыптасып орныққан, әдеби тілді байытуда шығармашылық сара жолы айқындалған, өзгеше шығармашылық үйрену мектебі боларлықтай жазушы. Қаламгер өзі өмір сүрген кезеңдегі әртүрлі қоғамдық құбылыстар, өзгерістерді шығармаларына өзек ете, дәуір тынысына құлақ түріп отырған. Сондықтан да кез келген шығармасынан қоғам үні айқын аңғарылады. Жазушы тілдің лексика-семантикалық қабаттарының мағыналық қырларын айқындайды, стильдік қызметін арттыра отырып, ұтымды пайдаланады. Шығарманың тілдік бейнелілігін танытуда фразеологизмдердің озық үлгісін көрсете алған шебер жазушы.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыру барысында олардың мәтіндегі қолданысына зер саламыз.

«Жеңілген Есрафил» әңгімесінде: Ақмола мен Қарталының *ит өлген жер* арасы [4, 118 б.]. Осы мысалды Ақмола мен Қарталының арасы

өте алыс десе де болар еді, бірақ алғашқы сөйлемдегідей әсері болмасы анық.

Қазақ ұлтының итке деген танымдық көзқарасы, ит психологиясын бүге-шүгесіне дейін білетіндігін және оны ақиқат бағалай алатындығын дәлелдейді. Қазақ тілінде «алыс, ұзақ жер» мағынасында *ит арқасы қиянда, ит өлген жер* және т.б. фраземалармен береді. Жалпы халықтық танымда «ит» семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты [1, 48 б.]. «*Ит өлген жер арасы*» тіркесі сөйлемге ерекше ритм, әуезділік үстеп тұр. Сонымен қатар жазушының бұл әңгімесінде «*ит өлген жер*» тұрақты тіркесіне қарама-қарсы «*таяқ тастам*» деген фразеологизмін де кездестіруге болады.

Қаламгердің «Ананың анасы» атты әңгімесінде де фразеологизмдер молынан жұмсаған. Мысалы: *Аққан жұлдыз* ба дерсің, *көзді ашып-жұмғаниша* келіп, араласып та кетеді [4, 161 б.]. Бұл сөйлемде жазушы фразеологизмдерді қолданудың басқаша тәсілін пайдаланады. «*Аққан жұлдыздай араласып та кетеді*» десек көпті көрген көне жылқышының өте жылдам, тез қосылғанын, араласқанын білеміз. «*Көзді ашып-жұмғаниша араласты*» десек араласушы адамның жылдамдығынан хабардар боламыз. Ал, «*аққан жұлдыздай, көзді ашып-жұмғаниша араласуы*» ерекше әсерлі, экспрессивтік өңі айқын, бояуы қанық.

Тұрақты тіркестерді жазушы өз туындыларында белгілі бір көркемдік нақыш беру қызметінде жұмсайды. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айту үшін, фразалық тіркестер де тілде орасан зор қызмет атқаратыны белгілі. Кейіпкерлердің шаттық, қуаныш сезімдерін беруде, кейіпкердің ішкі сезімдерін айқындау, кейіпкерге портрет жасап, мінездеме беруде, бейнелілікті күшейту мақсатында тұрақты тіркестер зор рөл атқарады. Қаламгер қолданған фразеологиялық тіркестер, әдетте, сол мәтінге үйлесімділік беріп, нанымды пайдаланылады.

«Ананың анасы» әңгімесінде елді шауып, жазықсыз жас қызды зорлап алып бара жатқан батырды қыз анасының сөзбен тоқтатып, жеңгені, сөйтіп, оның қызын жау қолынан азат етуі баяндалған. Жүрегін жарып шыққан қызының тағдырына шырылдап арашашы бола білген абзал ананың өжеттігі айтылады. Мысалы, Өмірінде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті сонда: - Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Бірақ, жер жүзінде күндік пен құлдық жоқ ел бар дегенді естігенім жоқ еді, сондықтан өзіме еріңдер: *қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыға шоқтырмайын!* – дейді [4,162 б.]. «*Қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыға шоқтырмайын*» тұрақты тіркесі ғалым І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» еш жәбір жапа көрсеттірмеді, қиянат жасатпады, қорғаштады [5, 408 б.] деген мағынаны білдіреді.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында да тұрақты тіркестерді молынан кездестіреміз. Мысалы: Бұл күнге дейін ешкім *бетіне қарсы келіп көрмеген*, ерке өскен Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен-ау! [6, 43 б.]. Келтірілген мысалда «*бетіне қарсы келіп көрмеген*» тұрақты тіркесі арқылы Ұлпанның бала кезден еркін өскендігін аңғаруға болады. Ұлпанды алып қашуға келген жігіттерден Есней мен Мүсіреп көмектесіп, ендігі кезекте Еснейдің нұсқауымен Мүсіреп оны жұбата бастады: - Қарағым Ұлпанжан, *басыңа түскен бір бәледен құтылдың* [6, 44 б.]. Мұндағы «*басыңа түскен бір бәледен құтылдың*» фразеологизмі зор азап, ауыртпалықтан құтылдың деген мағынада қолданылып тұр.

Тіл байлығын ұштауда, мәнерлі де бейнелі тіркестермен сөйлеуде фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат береді. Ұлпанның өжет екендігін, қажет кезде ұтымды жауап бере білетін қайсарлығын мына үзіндіден байқаймыз.

Еснейдің құдалық жөніндегі қатал да кесімді тілегін алып келген Мүсірепке Ұлпанның айтатын сөзі: «...Ағаңның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз», - демеп пе еді ол?. Есней таба алмай жүрген жұмбағын Ұлпан өзі айтуға *бел байлады* [6, 69 б.]. «*Бел байлады*» тұрақты тіркестің мағынасы тәуекел етті деген мағынада жұмсалып тұрғандығы анық.

Ұлпан – сол кездегі өмірдің жаңалығын түсіне қабылдап, болашағын дұрыс аңғара білген қайраткер. Елді отырықшылыққа бастайды. Жұртқа қыстау салғызады, егін ектіреді. Тынбастан үй ішінің күйкі жұмысымен айналысқандығын да байқауға болады. Мысалы: - Есней-ау, - деді Ұлпан тұра беріп, - Есней-ау, неше күннен бері мен осы үйдің *отынымен кіріп, күлімен шығып*, қара жұмысында жүрмін ғой! [6,168 б.]. Ұлпан еңбекқорлығы осындай ауыл өміріндегі күнкөріс мәселелерімен де шектеліп қалмай, ірі-ірі әлеуметтік мәселелерге дейін көтеріледі.

Жазушы романда жесір әйелдердің психологиялық сезім күйін, уайымға түсіп, қайғы азабын көп көргендерін «*қайғы жұтып*» тұрақты тіркесі арқылы береді. Мысалы: Ері өліп, жесір қалып, *қайғы жұтып* отырған әйелге ағайындық жәрдем ете отырудың орнына, оның мал-мүлкімен бірге өзін де иемденіп алар күнді күтеміз [6,187 б.].

Қаламгер тұрақты тіркестерді автор сөзінде де, кейіпкер сөзінде де, қисынын тауып, орынды пайдалана білген. Мұндай тіркестер жазушы шығармаларында әртүрлі стильдік мақсаттарға орай орын табады. Олар кейіпкер бейнесін жасауда, портретін беруде, сондай-ақ қаһарманның басындағы психологиялық жай-күйді аңғартуда сәтті қолданылған.

Тілімізде салт-дәстүрге байланысты қолданылатын фразеологизмдер ішіндегі қыз ұзатуға қатысты пайдаланылатын тұрақты тіркестердің ауқымдылығын, олардың көркем шығармада қолданылуын атап өтуімізге болады. І. Кеңесбаевтың авторлығымен жарыққа шыққан «Фразеологиялық сөздікте» салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің берілу жолдары көрсетілген. Фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан сөз тіркестерін қамтиды. Қазақ тілі неше қилы тұрақты тіркеске өте бай, соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты фразеологизмдер де молынан қамтылған.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер кеңінен қолданылған және мәтіндегі олардың қызметі айрықшаланып берілген. Солардың бір қатарына тоқталар болсақ, Артықбайға *құда түсіп* қайт [6, 54 б.]. Содан кейін өзінің Есеней жіберген елшілігін «*қызды айттырғалы*» келгенін айтты [6, 64 б.]. Мәтіндегі *құда түсу*, *қыз айттыру* сынды фразалар – ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан, жарасымды дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі не жақын туыстары қызы бар үйге құда түсетін болған. Яғни, романда Есеней Мүсірепті Артықбайдың қызы Ұлпанға құда түсуге жіберген. Ал қыз айттыру салты – әр ата-ананың өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластыру, өзінің теңін іздеу мақсатында жасалады. Анасын көріп, қызын ал деген қағиданы қатаң ұстайды, яғни болашақ құдасын орынды жерден, жақсы таныс, аталы, іргелі ауылдардан қарайды. Лайықты деген адамдарына әдейі барып балаларының болашағы туралы әңгіме құрайды, өздерінің құда болу ниетін білдіретін мәнді де сәнді дәстүр. Сонымен қатар романда *сұр бойдақ* деген тұрақты тіркеске мысал келтірер болсақ, - Мен де өзіңдей *сұр бойдақ*. Сен қатыны жоқ *сұр бойдақ*, мен қатыным болса да он жылдан бері *сұр бойдақпын* [6, 54 б.]. І. Кеңесбаевтың еңбегінде «*сұр бойдақ*» тұрақты тіркестің мағынасы көбіне ұзақ уақыт үйленбеген жігітке айтылады [5,641 б.]; деп көрсетілген. Қаламгердің «Ұлпан» романында «*үлкен үй*» тіркесі пайдаланылған. *Үлкен үй* – үлкен ата, кәрі әже отырған үйге қатысты айтылады. Қазақта кейде оны «шаңырақ» сөзімен де жеткізеді. Осы тұрақты тіркестің романда көрініс табуын Есеней мен Ұлпанның диалогынан байқауға болады:

- Сіз мені қай үйіңізге кіргізбексіз? – деді.
- Отау үйге кірем десең отау бар. Үлкен үйге кірем десең *үлкен үй* бар. Қалағаның болсын.
- Жоқ, маған оңаша отау – ойнақ үй керек емес. Мен *үлкен үйге* кіремін де төрінде отырамын [6, 69 б.]. Келтірілген мысалдағы «*үлкен үй*» тұрақты тіркестің мағынасы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» бәйбіше отырған үйді де «үлкен үй» деп атаған [5, 739 б.]. Келтірілген мысалдарымыздың негізінде, қазақ халқының салт-дәстүріне

байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзіндік орны, маңыздылығы бар екеніне көз жеткіздік.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларында соматикалық фразеологизмдер де мол жұмсалған. Сөздік жасаушы ғалымдардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30%-ын соматикалық тіркестер құрайды.

I. Кеңесбаев сөздігінде 630-дан аса соматикалық фраземалар тіркелген.

Фразеологиялық қордың басым көпшілігі болып саналатын анатомиялық атаулар мен дене мүшелері арқылы жасалған фраземалардың саны түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде аз емес. Соматикалық атаулар арқылы жасалған фраземалар көне түркі ескерткіштерінде де көптеп саналады [7, 69-70 б.]. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында: Артықбай батырдың үйіне келген қонақтарға Ұлпанның тура қарамай, көзімен амандасуы «*көз қиығын тастап*» фраземасы арқылы көрсетіледі. Мысалы, Қыз да бұлардың әрқайсысына *көз қиығын серпе тастап*, көзімен ғана амандасты [6, 36 б.] Шығармадан жұмсалған «*көз қиығын тастау*» тұрақты тіркесінің мағынасы – адамның бетіне тіктеп қарамай, қырындап, көзінің қиығымен қарау деген мағынада жұмсалады. Жазушы бұл тұста сөздің астарын, қазақ әйелінің психологиясын терең білетін ұшқыр ойын байқатқан. Бұл жерде тек «көзімен ғана амандасты» десе де болар еді, алайда «*көз қиығын серпе тастап*» деуінде өзіндік бір сурет, мінез, мағына жатыр.

Ұлпанның тоқал болып босағада отырып қалмайтынын, өзінің бағасын білетін даналығын шығарманың өн бойынан аңғаруға болады: Әлде мені бәйбішесінің сарқытын күтіп, *көзін сүзіп* отыратын күндікке көнер дей ме екен? Осындағы «*көзін сүзіп*» фразеологизмі *дәме етті* деген мағынаны білдіреді. Көз сүзіп отыратын күндікке көне алмайтынын да сезген Есней өзінің бүкіл өмірін сарп етіп жеткен еснейлігін оп-оңай Ұлпанға бере салды.

Романда *қабәқ* сөзімен жасалған тұрақты тіркестердің бірқатарына тоқталар болсақ: - Е, тәңірі деген, келінге көңілім толып кетті де, бірде болмаса бірде *қабәгын шытып* жүрмесін дегенім де [6, 171 б.]. ... Шығармадан алынған мысалдардағы, «*қабәқ*» сөзінің негізгі номинативтік мағынасы, адамның көңіл-күйін білдірсе, аталған мысалдағы *қабәқ шытып* соматикалық фразеологизмнің мағынасы *жақтырмаған кейіп білдірмесін* деген мағынасында жұмсалған. Сонымен қатар романда «*қабәқ шытпай*» деген тұрақты тіркесті де кездестіруге болады. Мысалы, Мүсіріпке «өзі тауып әперген» келінінің жасық болмай, ашық болғанына, *қабәқ шытпай* күлімдеп жүретініне қуанады [4, 172 б.].

Қаламгер кейіпкерлерінің көңіл-күйін, мінез-әрекеттерін суреттеуде осы сияқты тіркестерді беруде асқан шеберлік танытады.

Ғ.Мүсірепов ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір, шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стильдік мақсатпен ұтымды қолданған. Жалпы қаламгер шығармаларында фразеологизмдер кейіпкер тілінде де, автор сөзі ретінде де жиі жұмсалып, оқиғаның өрбіп, шиеленісіп немесе тарқатылуына, образдардың сомдалуына зор қызмет атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы, 2005. – 166 б.
- 2 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы, 1972. – 53 б.
- 3 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. – 264 б.
- 4 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар: үш томдық. 1- том. Повестер мен әңгімелер. Құраст.: Нарымбетов Ә. – Алматы, 1980. – 544 б.
- 5 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, 2007. – 800 б.
- 6 Мүсірепов Ғ. Ұлпан. Роман. – Алматы, 2003. – 264 б.
- 7 Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы, 2009. – 292 б.

Резюме

Статья посвящена выявлению стилистической функции фразеологизмов в произведениях писателя Габита Мусрепова. Выявлена особенность применения определенных групп фразеологизмов, а именно, соматических, эмотивных и этнографических разновидностей. Рассмотрены научные концепции, результаты исследований о фразеологизмах.

Resume

The article is devoted to the identification of the stylistic function of phraseological units in the works of the writer Gabit Musrepov. The peculiarities of application of certain sets of phraseological units have been identified, namely of somatic, emotive and ethnographic types. Scientific conceptions and findings of the research on phraseological units have been considered.

ТІЛДІК АРЕАЛДАРДЫҢ ТАРАЛУЫ МЕН ПАЙДА БОЛУ ФАКТОРЛАРЫ

Л. Ә. ИБРАЙМОВА

филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің қауым.профессор м.а.

Д. САПАРОВА

2-курс магистранты
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің

Аннотация

Мақалада тілдік ареалдардың таралуы мен пайда болу себептері талданып, оның негізгі факторлары көрсетіледі. Ол тілдердің түрлі себептермен, субстратты-суперстратты байланыстары, тілдік-географиялық орналасулары т.б. арқылы анықталады.

Түйін сөздер: ареал, тілдер, тілдік қатынас, тілдік-географиялық кеңістік.

Мемлекет ұлттан, сол ұлттың тілінен және территориясынан қаланады. Ұлттар арасындағы (мемлекет аралық) тығыз байланыстардың әсерінен түрлі тілдік құбылыстар пайда болады. Екі немесе одан да көп тілдің бір мезгілде қолданылуы сол ұлттың тіліне әсер етпей қоймайды.

Тілдегі диалектологиялық ерекшеліктер мен тіларалық қатынастардан болған тілдік элементтерге қарап, олардың ареалдық сипатын анықтауға болады. Мысалы, Қазақстанға шекаралас өзбек, орыс, қырғыз, қытай елдерінің шекараға жақын аймақтардағы тілдегі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, ішінара синтаксистік әсерін жатқызамыз. Кез келген тілдің қолданыс аясы тарылып, жойылуы немесе кеңейіп, басқа территорияларға «жайылуы» мүмкін.

Бір мемлекетте тұрып, бірнеше диалектімен және әдеби тілде сөйлейтін халықтар өте көп. Ол – Қытай, Норвегия және т.б. елдер.

Үндіевропа тілдер тобы герман тілдері тармағының скандинавия тілдері жанұясына жататын норвег тілінің тарихи қалыптасуы өз ішінде әлі күнге дейін даулы. Норвегияның XIV ғасырдағы экономикалық құлдырауы себебінен саяси үстемдігінен айырылады. 1319 жылы Швециямен, 1380 жылы Даниямен унияға (екі немесе бірнеше мемлекеттің бірігуі) кіреді. XV ғасырда дат тілі норвег тілін жайлап

ығыстыра бастайды. Сол кездегі Абсалон Педерссен Бейер (1528-1575) және Педер Клауссен Фриис (1545-1614) деген бірқатар жазушылар дат тілінде жазған. Сөйтіп XVI ғасырда толықтай норвег жазба тілі қалыптасады. Әдеби және ресми тілі дат тілі болады. Ал ауызекі сөйлеу тілі жағынан өте қиындық туған. Ауылдық жерлер норвег диалектісінде сөйлесе, қалада норвег фонетикасын сақтаған, лексикасы мен морфологиясы әжептәуір өзгерген норвег синтаксисін сақтаған аралас говор болды. Бұл норвег-дат аралас говоры бірқалыпты болмай, географиялық, әлеуметтік жікке бөліну байқалып тұрды [1, 52 б.].

1814 жылы Норвегия саяси дербестігін алды. Тек Швециямен жасалған уния қалады. Содан бастап XIX ғасырдың басына дейін әдеби тілді «норвегтендіру» күресі жүрді. Селолық (ауылдық) говорға негізделген норвег әдеби тілін жазу идеясы туды. Оны жүзеге асырған өз бетінше білім алған филолог, ақын Ивар Осен болды. Ол өзі селодан шыққандықтан, селода туып-өскен адам ғана жүзеге асыра алады деп, ол мақсатын жүзеге асырады [1, 55 б.] Ивар Осен ойлап тапқан Landsmaal сөзі «село тілі, халық тілі, селолық говор» деген мағынада қолданылып, әдеби тіл нормасы ретінде бекітілді. Ұзақ уақыт дат тілінің Норвегияда дамуы нәтижесінде риксмол тілі қалыптасқан. XX ғасырдың басына дейін Норвегияда ресми тіл ретінде риксмол мен лансмол қатар жүрді. Риксмолды қолдаушылар оның артында ұзақ уақыттық мәдени дәстүрдің тұрғанын, атақты жазушылар мен ақындар барын, ал лансмол жасанды және мәдени дамымаған, крестьяндардың арасынан шыққандығын айтады. Лансмолды жақтаушылар «норвегтендірілгенімен» риксмол норвег халқына жат, дат тілі деген. 1929 жылы екеуі де жаңа атқа ие болады. Риксмол «букмол» (bokmål- «кітаби тіл»), лансмол – «жаңанорвегтік» (nynorsk). Осылайша халықтың біразы букмолмен жазып, «жаңанорвегше» сөйлеп, мектепте екі тіл бірдей оқытылып, оқулықтар да бірдей шығарылады.

Соңғы деректер бойынша норвегтіктердің 85-90% букмолша, жаңанорвегше селолық жерлерде, негізінен Вестландта басымдау сөйлейді.

Солтүстік Батыс Қытайдың Ганьсу және Шэньси провинцияларынан ығыстырылған 11 мың шамасындағы дұңған елі XIX ғасырдың соңғы жартысында Орта Азия мен Қазақстанға келіп орналасқан. Орыстар оларды қытайлық мұсылмандар деп атаса, олар өздерін «лохуйхуй» деген. Бірақ түркі халықтарының атағаны бойынша дұңған болып қалыптасып кетті. Дұңған тілінің негізінде Ганьсу мен Шэньси провинцияларына тән қытай говорлары бар. Сондықтан оларды фонетикалық, грамматикалық салыстыруға болады [1, 71 б.]. Дұңған тілінде түркі тілінің сөздері де өте көп. Октябрь революциясынан кейін орыс тілі де сөздік қорына енген.

Кейінгі ауызекі сөйлеу тілі үнемі толығып, өзгеру үстінде болып келеді. Оған әсер етуші факторлар – қостілділік пен көптілділік. Дұңған тілінің осы заманғы ареалдары – қазақтар мен қырғыздар, өзбектер мен орыстар, кәрістер мен татарлардың арасы. Осы тілдер фонетикалық, лексикалық жағынан болсын, дұңған тіліне әсер етуде. Мысалы, нон (нан), машхурда, машкичири (маштан жасалған тамақ), чапан (шапан), бешбармак (бешбармақ), майли (мейлі, мақұл) – қазақ тілінен, холодильник, спутник, костюм, туфли, борщ, индюк, помидор, вино, квас, морс, пластинка, газет, журнал, эстрада, балет, зарядка, ток – орыс тілінен, пончи (кір жуғанда қолданылатын ұратын таяқ) – корей тілінен. Дұңған тіліндегі тамақ ішуге үстелдің аласасы *чжозы*, биігі *го чжо* деп аталады. Дәл осы сөздер ұйғыр тілінде де бар. «Жозы» деген атауды Алматы облысының Ұйғыр ауданында тұратын жергілікті қазақтар да қолданады. Осы сияқты тілдік қатынастардан туындаған мәселелердің ғылымда қалыптасқан өзіндік терминдік атаулары бар.

Тілдік қатынастың бір белгісі – субстрат (лат. Sub – төмен және stratum – қабат). Белгілі бір тілдік-географиялық кеңістіктегі бөгде тілден қалған және нақты тілдің ішкі даму заңдылығына жат тілдік жүйе жиынтығын субстрат деп атайды. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» субстрат ұғымы былай делінеді: «екі тілдің тоғысуы кезінде жеңген тілдің құрамында сақталып қалған жеңілген тілдің іздері. Субстрат жергілікті байырғы тұрғындардың келімсектермен этникалық араласуы нәтижесінде қостілділік арқылы туған тілдік ықпалды білдіреді. Субстратты тудыратын тіл жеңілген тілге туыс болуы да, туыс болмауы да мүмкін. Субстрат тіл жүйесінің барлық деңгейінде кездеседі» [2, 315 б.].

Ареалдық зерттеулер тілдік субстраттар ықпалының пайда болуына байланысты маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Тілдік субстраттардың ықпалын толық дәлелдеу үшін зерттеудің белгілі шарттары қаншалықты сақталғанына байланысты болады (тілдік субстраттардың ықпалы түрлі тілдік салаларда байқалады). Тілдік субстрат территорияның бір жақ бөлігінен жоғалып, басқа бір бөлігінде болатын болса, олардың белгілерін анықтау айтарлықтай жеңілдейді. Мысалы, чуваш тілі үшін субстрат тіл – марий тілі. Соның есебінен қазіргі Чувашияда марий топонимикасы мен гидронимикасы және чуваш пен марий тілдеріне тән бірқатар құбылыстар бар [3, 89 б.].

Бір тілдің екінші тілге әсер етуі кезінде біреуі екіншісін түгелдей өзгеріске ұшыратып жіберетін де жағдай болады. Сонымен бірге жоғалатын тіл «жеңген» тілге кейбір іздерін қалдырып кетуі мүмкін. Мысалы, француз тілінің кейбір ерекшеліктері (тіл алды еріндік

фонемалардың болуы) галл тілінің (кельт тобы) субстраты ретінде түсініледі.

Көптеген тілдік құбылыстарды түсіндіруде географиялық факторлар аса маңызды орынға ие. Тілдер таралатын географиялық ортаның түрлері қалыптасып келе жатқан тілдер немесе диалектілердің арасындағы генетикалық байланыстарының сипатына айтарлықтай әсер етеді. Шекаралармен (теңіздер мен таулар) анық белгіленген географиялық орта тілдер арасында да нақты шекараларды қалыптастырады. Керісінше шекаралары айқын емес (жазықтар мен жағалаулар) географиялық ортада диалектілік байланыс пайда болады. Ондайда көршілес тілдер бір-бірін жақсы түсінеді. Географиялық факторлар тілдік өзгерістердің болуында шешуші рөл атқарады. Айталық, үндіевропа жанұясы бойынша туысқандарымен салыстырғанда литва тілінің грамматикасының сақталуын бірнеше ғасыр бойы олардың басқа тілдермен байланыс жасауды шектеген, географиялық оқшауланған аймақта тұрғандығымен түсіндіріледі. Бір жағынан тілдік жаңалықтар географиялық жағдайлардан да болуы мүмкін. Мысалы, түркі тобынан шыққан гагауз тілі қоршаған тілдердің (славян, роман) әсерінен түркі тіліндегі «бастауыш – толықтауыш – баяндауыш» болатын сөздердің орын тәртібінен өзгешеленіп, «бастауыш – баяндауыш – толықтауыш» болған [3, 86]. Бұл пікірді А.С.Аманжоловтың «тюркский порядок слов в предложении под влиянием славянских языков нарушился, а относительная свобода порядка слов, широкое употребление инверсии в гагаузском языке используется как стилистический прием [4, 224 б.] деген көзқарасын негізге отырып, Н.Г. Шаймердинова да «синтаксисінде түрік тіліне қарағанда сөйлемдегі сөздердің еркін орын тәртібі» бар екендігін растайды [5, 155 б.]. Ғалым гагауздардың әртүрлі мемлекеттерде өмір сүретінін, Қазақстанда да гагауздардың бар екендігін тілге тиек етіп, «фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейдегі ерекшеліктер қазақстандық гагауздардың сөйлеу тіліне де тән» екендігін айтады [5, 156 б.].


Тілдік қатынастың енді бір белгісі – суперстрат (лат.super – үстінде және stratum – қабат). Бұл – келімсек этникалық топ тілінен енген, жергілікті халық тіліне жат тіл жүйесінің элементтері. «Суперстрат ұғымын антоним ретінде В.фон Вартбург енгізген. Субстрат сияқты суперстрат тілдің ең алдымен фонетикасы мен грамматикасында, аз дәрежеде лексикасында кездеседі. Тілдік ықпалдың бұл екі түрін ауысқан кірме элементтерден айыру қиын. Субстрат ұғымына қарағанда суперстрат тіл білімінде сирек қолданылады» [2, 315 б.]. Тілдік қатынастың тағы бір белгісі – адстрат (лат.ad – жанында және stratum – қабат). Нақты кеңістікте халықтардың ұзақ уақыт өзара байланысқа түсуі

арқылы бірінің тілінің екіншісінің тіліне әсері нәтижесінде пайда болған тілдік жүйе жиынтығын адстрат деп атайды.

Ежелден-ақ тілдердің бір-біріне ықпал еткендігі белгілі. Дәл қазіргі уақытта тілдік жанұялардың өзара әсері қатты байқалады. Ол әсіресе көрші отырған елдердің территориялық шектесуі себебінен болып отыр. Мысалы, Қазақстанға өзбек тілі мен орыс тілінің әсері басым. Өзбек тілі тек оңтүстік аймақтарда болса, орыс тілі солтүстік шығысқа ғана емес, бүтін тілге қатты әсер етуде. Ауызекі тілдегі сөздердің айтылуындағы екпіннің түсірілуі өзгешеленгені анық білінеді.

Белгілі бір ұлттың өз мекені мен тілі болмаса, онда ол ұлт түбінде жоғалуға айналады. Ал өз территориясы мен тілі бар ұлт оны өркендетуге тырысатын анық. Солай болғанда С.Арутюновтың тұжырымдағанындай «ұлт болсын, тіл болсын ареал ретінде санала отырып, я кездейсоқ, я болмаса аз немесе көбірек жиілікте таралатын белгілі бір территориямен байланысты. Өте сирек жағдайда тілдің ареалынан ұлттың ареалы кеңірек болатынын немесе тілдің ареалы ұлттың территориясынан кең болатындығын кездестіруге болады. Сонымен қатар қазіргі уақыттағы этникалық үдерістер үшін ұлттар мен тілдердің ареалы, ареалдардың үшінші түрі – мемлекетпен өзара әрекеті маңызды мәнге ие» [6].

Тілдердің өз шекарасынан асуы – ол халықтың санының өсуімен байланысты. Қазіргі уақытта Европа халықтарының саны азайып, тағы бір 50 жылдан кейін тұрғылықты халықтардың орнын басқа халық басуы мүмкін деген қауіп бар. Европа мемлекеттерінде сырттан көшіп келген арабтар мен түріктердің бала туу саны жоғары екен де, жергілікті халықтар азаю үстінде. Мына түсініктеме сызба-суретке қарап көріңіз.



1-сурет – Халық санының азаю үдерісі

Суретке қарап, мынандай болжам жасасақ болады: төрт француз ата-анадан екі бала, екеуден біреу ғана туылады. Халықтың санының азаю жолын осыдан-ақ біле беруге болады. Тілдің сөйлеушісі көп болса, мәртебесі мен қажеттілігі де артады. Сөйлеушісі жоқ болса, ол тіл түбінде жойылады.

Зерттеушілер ареалдарды әр түрлі жіктейді. Н.С. Шарафутдинова кіші ареалдар мен үлкен ареалдарға бөлуге болатынын айтады. Американдық лингвист Дж. Николе созылыңқы (spread) және тұйықталған (residual) аймақтар деп бөледі. Созылыңқы аймақтар салыстырмалы түрде алғанда аздаған генетикалық сипатта жазық далада орналасады. Тұйықталған аймақтар географиялық шектескен ареалдарда (таулармен, мұхиттармен т.б. шектескен) пайда болып, генетикалық жоғары деңгейлілігімен айрықшаланады. Шарафутдинова созылыңқы аймаққа Евразия даласын, тұйықталған аймаққа Кавказды жатқызады [3, 85б.]. Осы ұғымды ұсынған Р. Аустерлиц тілдік жанұялардың Евразияға қарағанда Америкада едәуір көптігін байқаған. Мысалы, генетикалық тығыздығы жағынан Жаңа Гвинеяда ең көп көрсеткіш белгіленген.

Дж. Николенің пікірі бойынша ареалдардың генетикалық тығыздығы ол – көлем бірлігімен есептегендегі белгілі бір аумақтағы жанұялардың саны. Тау, су сияқты бөгеттер кішігірім тілдік топтардың пайда болуына ықпал етеді екен. Егер Дж Николенің болжамын дұрыс түсінер болсақ, неғұрлым халықтар тығыз орналасса, соғұрлым тілдік өзгерістер мен жаңа диалектілердің пайда болуы мүмкін. Егер кең далада, халықтардың аз мөлшерде өмір сүретін жерлерінде тілдік өзгерістерге ұшырау ықтималдылығы төмен болады. Географиялық факторлардың белгілі бір тілге екінші тілдің ықпалынсыз, таза сақталуына арқау болады. Демек, шалғайдағы аралдар, биік тау, теңіздердің ортасындағы елдің тілінде айтарлықтай диалектілік, говорлық өзгешелік болмайды.

Тілдік ареалдардың таралу шекарасы мәдени-этнографиялық құндылықтардың таралуымен де анықталады. Көрші отырған халықтардың мәдениеті, салт-дәстүрі араласа келе тілдік құбылыстардың туындауына арқау болады. Мәдени ықпал шекаралас елдердің барлық территориясын қамтымай, тек шеткі аймақтарда ғана орын алады. Егер қатар өмір сүрген халықтар генетикалық жағынан туыс болса, тілдік және мәдени байланысы да басым келеді. Халықтары тығыз орналасқан географиялық аймақтардағы тілдер өзгеріске бейім.

Қазіргі уақытта тілдерді ақпарат құралдары арқылы тарату басым. Әсіресе ғаламтор желілері арқылы тілдердің қолданылу аясы кеңеюде.

Тіл атаулының бәрі грамматикалық-лексикалық жүйесі өзгеріске ұшырап, бір сөздері көнеріп, қолданыстан шығып жатса, екінші бір сөздер қарқынды қолданыста болады. Тілдік қарым-қатынас

қажеттілігінен адамның өзі ойлап тапқан тілдері де аса көп. Олар түрлі мақсатта және түрлі сипатта дүниеге келеді. Біреулері ойдан, қиялдан туса, біреулері қолданыста бар тілдерден «жұлмалап» алынып жасалады. Әлемдегі жасанды тілдерді қызметі мен қолданысына қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

- Математикалық, кибернетикалық символдар тілі (HTML тілі т.б.);
- Тілдік қатынастарға арналып жасалған жоспарлы тілдер (идо, воляпюк, эсперанто, лансмол т.б.);
- Белгілі бір шеңберде ғана қолданылатын жасырын тілдер (түрмеде қамаудағылардың тілі);
- Интернет желісі арқылы байланыс жасауға арналған тілдер (логлан, ложбан, токи пона);
- Қиял-ғажайып кинофильмдердің тіліне арналып жасалған жасанды тілдер (ағылшын филологы Дж. Р.Р. Толкин жасаған, «Сақиналар әміршісі» фильмінің тілі – квенья, лингвист Марк Окрандтың «Жұлдызды жол» фильміне арнайы жасаған клингон тілі);
- Денсаулығында ақауы бар адамдардың тілі (жест тілі).

Ақпараттық-технологияның дамыған заманында тілдердің өзгеріске ұшырауы географиялық факторлардан да басым түсуде. Бір күндері осы аталған жасанды тілдердің кейбірі бір халықтың ана тіліне айналып кетуі әбден мүмкін. Атап айтар болсақ, Африка құрлығында суахили тілі бірнеше мемлекеттің ресми тілі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер


- 1 Ареальные исследования в языкознании и этнографии (язык и этнос). Сб. науч. трудов. Отв редактор Н.И.Толстой. – Ленинград, 1983. 250 с.
- 2 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. - 440 с.
- 3 Шарафутдинова, Н. С. Лингвистическая типология и языковые ареалы : учебное пособие - Ульяновск : УлГТУ, 2009. – 128 с.
- 4 Аманжолов А.С. Опыт изучения тюркских языков. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 с.
- 5 Н.Г. Шаймердинова. История, язык, культура гагаузов в республике казахстан // Қазақ білім академиясының баяндамалары № 1, 2017
- 6 Арутюнов С. Этнические процессы и язык // общественные науки. 1986. – С.147

Резюме

В статье анализируются причины распространения и возникновения языковых ареалов, указываются их основные факторы, которые определяются посредством различных причин: субстратно-суперстратных связей, географического местоположения и т.д.

Resume

The authors of the article analyze the reasons for the spread and occurrence of linguistic areas, their main factors are indicated. This is determined by various causes, substrate-superstratum links, geographical location, etc.



УДК 343.43

РИМСКОЕ ПРАВО ПРИ УЯСНЕНИИ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

А.Ш. АККУЛЕВ

кандидат юридических наук, доцент кафедры
государственно-правовых дисциплин,
Евразийский гуманитарный институт

Е.А. МАЗОВ

заместитель директора
Центра современного права

Аннотация

Статья посвящена исследованию вопросов влияния римского права на определение правовой природы, понятия «юридического лица». На основе анализа научной литературы, точек зрения различных ученых – правоведов авторы рассматривают отдельные вопросы, связанные с влиянием римского права на определение и уяснение правовой природы «юридического лица».

Ключевые слова: римское право, юридическое лицо, корпорации, частно-публичное право, физические лица, правоотношения.

Правовая природа, понятие и история происхождения юридического лица (корпорации, нравственного лица, морального лица, мистического лица, фиктивного лица, фингированного лица [1, с.2], [2, с.1]), как субъекта предпринимательской деятельности и гражданского оборота, в правоведении во все времена были одним из самых сложных вопросов права, и остается дискуссионным по настоящее время. В этой связи полагаем, что исследование наследия римского права в данном вопросе позволит подойти правильно к пониманию правовой сущности юридического лица.

Известно, что в римском праве существовала достаточно стройная система прав личности, и правовое положение индивидов в Древнем

Риме было регламентировано самым детальным образом [3, с.59]. Вместе с тем существовала правовая система прав различных совокупностей (сегодня именуемое нами – «юридическое лицо»), но не было его четкого определения. Как указывают авторы, говорить о подробной разработке института юридических лиц римскими юристами не приходится, причем и сам термин «юридическое лицо» не был им известен [3, с.59].

Применительно к государству в публичном праве использовалось понятие союза, иначе «корпорации» и приравнивала их к лицам в имущественном обороте. Д.Д. Гримм отмечал – «римские юристы не выработали цельной теории юридических лиц; у них не сложилось даже определенного термина для обозначения того, что мы называем юридическим лицом» [4, с.82]. По всей видимости это связано с тем, что римляне при разрешении теоретических задач, в особенности определения юридических понятий, считали такой прием для юриспруденции вообще опасным (*omnis defenito in jure civili periculosa est*), давали им лишь второстепенное значение в праве [5, с. V].

Аналогичную мысль высказали и советские романисты – «не было в римском праве и термина «юридическое лицо». Далее они пишут, что «тем не менее, нельзя не признать, что основная мысль о юридическом лице, как прием юридической техники для введения в оборот имущественной массы, так или иначе обособленной от имущества физических лиц, была выражена римским правом отчетливо» [6, с.95].

Современные исследователи приходят к таким же выводам в своих работах – «и хотя римские юристы не разработали понятия юридического лица, но было дано его основное практическое выражение: выработаны понятие правоспособности, не зависимой от лица физического, понятие дееспособности, и основные типы юридических лиц, которые получили в дальнейшем свою разработку в юриспруденции (корпорации и учреждения)» [7, с.11].

Подтверждением существования таких отношений можно найти в Памятниках Римского права. Примером могут послужить высказывания римских юристов. Так, в Титуле VIII. О делении вещей и свойствах их (*De divisione rerum et qualitate*) Гай указывает «Вещи, которые являются вещами человеческого права, суть или публичные, или частные. Те, которые являются публичными, не считаются находящимися в чьем-либо имуществе, но считаются вещами, принадлежащими самой совокупности (*universitas*); частные же вещи – это те, которые принадлежат отдельным лицам» [8, с.174].

В Законах XII таблиц юрист Марциан высказал мысль, что «принадлежат совокупности, а не отдельным лицам, например, находящиеся в общинах (*civitates*) театры, стадионы и т. п. и если что-либо другое из принадлежащего общине является общим. Поэтому общий раб, принадлежащий общине, не считается принадлежащим отдельным лицам по долям, но принадлежит совокупности» [8, с.175]. Ульпиан писал – «Кто отпущен на свободу каким-либо союзом (*corpus*), или коллегией (*collegia*), или общиной, тот может вызывать в суд отдельных лиц (входящих в состав союза, коллегии или общины); ибо он не является вольноотпущенником этих лиц; но он должен иметь почтение к государству, и если он хочет вести дело против государства [или объединения *universitas*], то он должен испросить у претора разрешение, хотя бы он намеревался вызвать в суд управляющего, ими назначенного...» [8, с.190], далее он указывает – «Если должностные лица муниципии или какая-либо совокупность назначают представителя (*actor*) для предъявления иска, то не следует говорить, что это нужно рассматривать как сделанное несколькими лицами: ибо он выступает в интересах общины (*res publica*) или в интересах совокупности, а не в интересах отдельных лиц» [8, с.211]

Как отмечает Суворов Н.С. – «деление лиц на две категории: физических и юридических (или, как они иначе еще назывались и называются, моральных, мистических, фиктивных, фингированных), составляющее неизбежную принадлежность всех современных систем частного права, явилось не в римской, а в позднейшей юриспруденции. Однако ни римская юридическая жизнь не могла обойтись без признания особого рода субъектов гражданского права, не совпадающих с естественными лицами, ни римская юридическая наука не могла игнорировать действительного существования таких субъектов. Для обозначения их римские юристы обыкновенно пользовались выражением: «*PERSONAE fungī vice*», или «*PRIVATORUM haberi loco*», желая этим сказать, что нечто, не будучи естественным человеческим лицом, *persona*, функционирует в гражданской жизни вместо такового лица, обсуживается как таковое лицо» [2, с.1].

Одним из важнейших средств для удовлетворения самых разнообразных потребностей, по мнению Гримм Д.Д., служат союзные образования всевозможных типов. И, далее развивая свою мысль, Гримм Д.Д. указывает, что союзные образования могут быть изучены с различных точек зрения: с точки зрения чисто исторической, культурно-исторической, экономической, юридической. В последнем отношении

нужно различать союзные образования публичного и частного характера. К первым относятся, например, государство, городские и сельские общины, цехи и сословия. Ко вторым – многое множество союзных образований, преследующих коммерческие, научные, любительские и т. п. цели, а также союзы семейного типа. Гражданское право изучает все эти союзные образования преимущественно с точки зрения имущественно-правового положения их. С этой точки зрения еще римское право выработало два существенно различные типа союзных образований: товарищества, с одной стороны, и так называемые юридические лица, с другой. Различие между теми и другими заключается в том, что простое товарищество есть такой союз, за которым признается значение только в сфере внутренних отношений между самими товарищами, но не по отношению к третьим лицам. Последние имеют дело всегда только с отдельными товарищами, а не с товариществом как целым [4, с. 80].

Происхождение юридических лиц объясняется чисто жизненными потребностями. Сама жизнь выставляет цели, которые посредством также служат отдельным людям. Но которые однако выходят за индивидуальные потребности и жизненные интересы отдельных людей. Достижение этих целей требует известных внешних средств, имущества [1, с.2-3].

Как указывает видный итальянский исследователь Санфилиппо Чезаре – «Естественный субъект права – физическое лицо. Однако, как уже говорилось, наряду с личностью человека правопорядок признает личность, т. е. качество субъекта права, также и за абстрактными сущностями, называемыми юридическими лицами. Потребность в том, чтобы появилось юридическое лицо, может возникнуть в связи с двумя типами явлений: подпадающих под понятие «компания» (т. е. совокупность лиц, объединившихся для достижения общей цели) и подпадающих под понятие «фонд» (т. е. совокупность имущества, объединенного постоянным предназначением одной цели)» [11, с.47-48].

Как известно, римское право знало разделение только на публичное и частное право. В первом Титуле первой книги Дигеста «О правосудии и праве» указывается «Изучение права распадается на две части: публичное и частное» [9, с.101]. Относительно корпорации (юридического лица), то они играли решающую роль в области публичного права. Союзами (корпорациями) признавались в различные периоды римского права: государство как таковое (все еще именуемое *populus Romanus*) считалось корпорацией, но ее права и

обязанности регулировались не судебным, а административным путем [10, с.210], государственная казна (*aerarium populi romani*), императорская казна (*fiscus*).

В области частного права были: городские общины-муниципии (*municipii*), частные объединения (*universitas*). Частными объединениями признавались: объединения лиц по профессиональному признаку, религиозные объединения (*collegia sodalicia*), общества для совершения похоронных обрядов и т.д. Все они «имели право владеть собственностью и заключать договоры, получать дары и наследство, быть субъектом и объектом предъявления исков и в целом осуществлять правовые действия через представителей» [10, с.210].

В частно-правовых отношениях юридические лица не занимали ведущего положения в общественных отношениях, «они хотя и появляются уже в то время, но играют еще второстепенную роль. Это обстоятельство отражается и на степени урегулированности правового положения тех и других субъектов» [3, с.59], в ту эпоху вся сила римского права направлена на защиту собственности. Как пишет Дювернуа Н.Л. – «весь строй римского гражданского быта существеннейшим образом определяется началом личности и вместе с этим особенности правоотношений каждого гражданина» [12, с.269]. Возникновение корпорации в публичном и частном времени позволяет нам говорить о универсальности созданной юридической конструкции. «Неполнота и непоследовательность конструирования института юридического лица в Древнем Риме объясняются вполне определенными социально-экономическими причинами – в ту историческую эпоху они играли неизмеримо меньшую роль нежели индивидуальные субъекты. Поэтому не им, а индивидуальным субъектам как центральной фигуре древнего общества и было уделено главное внимание в нормах и доктрине римского частного права» [3, с.62].

Правовые идеи римских юристов, в дальнейшем положенные в основу «юридического лица», в частном праве развивались в двух параллельных направлениях, это товарищества и корпорации. Оба эти института были нормативно оформлены и регламентированы. Так, товарищество, как пишет Соколовский П.Е. – «*societas*» представляется первоначально тесным семейственным союзом наследников одного общего наследователя – отца семейства сохраняющих свою связь, свое семейное общежитие и после смерти главы. Это так называемые *Fraternum consortium* представляется, по его мнению, первичное основание всякого товарищества» [13, с.4]. Андрианов В.А. высказывает аналогичную мысль –

«исторически договор товарищества произошел от соглашения между братьями после смерти их отца не разделять имущество и продолжить вести общее хозяйство. Основой для его появления стала семейная или наследованная общность имущества» [14, с. 132].

Товарищество представляло из себя организованность посредством права, договора товарищества (*societas*) двух и более лиц на основе объединения личного имущества для достижения определенной дозволенной цели [15, с.215]. «С юридической точки зрения древнеримские товарищества – двусторонний договор об объединении имущества, принадлежащего на праве общей собственности товарищам, для достижения общей хозяйственной цели» [14, с.140].

«Хотя, затем, многия черты сходства с корпорацией имеют также и товарищества – *societas*, так как и товарищество, подобно корпорации, представляет собой соединение нескольких лиц для достижения какой-либо дозволенной цели, но, несмотря на это, римские юристы, по объяснению Барона, не признавали товарищество за юридическое лицо, вследствие того, что товариществу присущи и такие признаки, которые существенным образом отличают его от корпорации, как, напр., следующие: во-1-х, цель товарищества не может быть вечной, так как оно подлежит прекращению в случае смерти одного из товарищей; во-2-х, в нем недопустима перемена членов, как в корпорации; в-3-х, в имуществе товарищества имеют определенные доли все члены товарищества, которые сами являются кредиторами и должниками по сделкам товарищества, чего в корпорации не бывает, и в-4-х, товарищество не имеет, подобно корпорации, устава, вследствие чего все юридические сделки товарищества могут быть совершаемы только по единогласному решению всех товарищей, а не по воле большинства членов, как в корпорации, в тех случаях, когда уставом ее не определены иначе полномочия ее органов на совершение сделок от ее имени (§ 35)» [16, с. 198].

Кратко можно перечислить различия между *collegium*(корпорации) и товариществом (*societas*). Выход одного из участников товарищества привел к его ликвидации. Если же оставшиеся члены продолжали осуществлять свою деятельность, это расценивалось как молчаливое заключение нового договора товарищества с другим составом. В случае же с *universitas* выход кого-либо члена на деятельность организации никакого влияния (в юридическом плане) не оказывал. Аналогичная ситуация складывалась и при вступлении новых членов. Что касается ответственности участников договора, то «участники товарищества несли солидарную ответственность за небрежность любого товарища, то есть принимали на себя риск

ведения хозяйственной деятельности в рамках товарищества» [14, с.140]. И важное для нас – товарищество не признавалось «юридическим лицом» как для его участников, так и в отношении к третьим лицам.

По мнению Андрианова В.А. – «Подводя итог характеристике развития торговых товариществ и обществ, можно сделать следующий вывод. Необходимость концентрации капитала, объединения усилий вызвала к жизни товарищеские объединения, юридической формой которых является договор товарищества. С другой стороны, расширение товарно-денежного производства привело к появлению юридического лица, что дало возможность участвовать в гражданском обороте. Эти две тенденции существовали изолированно» [14, с.140].

Эти две правовые идеи, существовавшие в некотором роде изолировано друг от друга, возникнув в древнем Риме, как правовые конструкции, позволяют заниматься предпринимательской деятельностью, без риска потерять все свое имущество и, по сути, является субъективным элементом разделения быденной, бытовой деятельности от предпринимательской деятельности физического лица. При данной правовой конструкции «предприниматель» рисковал не всем своим имуществом, а лишь той его частью, которая включена в «уставный фонд юридического лица». Такое гениальное изобретение позволило увеличить торговый оборот и как следствие, безусловно, послужило прогрессу человечества. Вот, что об этом говорил казахстанский цивилист Ю.Г. Басин – «учредители юридического лица имеют возможность ограничить свой предпринимательский риск суммами, какие они считают для себя допустимыми» [17, с.3].

В заключение можно сделать следующие выводы:

– у древнеримских юристов существовало определенное представление о юридической личности, но сам институт юридического лица не получил широкого развития в частно-правовых отношениях в силу неразвитости экономических отношений в обществе;

– древнеримские юристы различали личность и юридическую личность, которая, в свою очередь, применялась как в публичном, так и в частном праве;

– категория юридического лица (корпорации) введена в оборот для того, чтобы подчеркнуть личный характер образования, которое не является человеческим индивидом, и оттенить особенности юридической личности коллективного образования (союза) по сравнению с другим субъектом права – человеческой личностью.

Список литературы

- 1 Из курса лекций по римскому праву. Юридические лица. Условия. Д. И. Азаревич. стр.1-84 // Временник Демидовского лицея. Книга 28. Ярославль. В типографиях: Губернского Правления, Земской Управы и Г.Фальк в Ярославле. 1882. – 490 с.
- 2 Суворов Н.С. Об юридических лицах по римскому праву. – М.: Печатня А.И. Снегиревой, Осторженка, Савеловский пер., Соб. д. 1900. – 362 с.
- 3 Иоффе О.С., Мусин В.А. Основы римского гражданского права. – Ленинград: Из-во Ленинградского ун-та. –1975. –156 с.
- 4 Гримм Д.Д. Лекции по догме римского права. – М.: Зерцало, 2003 г. (воспроизводится по пятому изданию С. – Петербург, 1916 г.), 2003. – 496 с.
- 5 Герваген Л.Л. Развитие учения о юридическом лице. С.-Петербург: Типография И.Н. Скороходова (Надеждинская, 39). 1888. – 104 с.
- 6 Римское частное право: Учебник / Под ред. проф. И.Б. Новицкого и проф. И.С. Перетерского. М.: Юриспруденция, 2000. 448 с.
- 7 Стукалова Ю.В. Юридические лица как субъекты предпринимательской деятельности в России XIX – начала XX века: историко-правовое развитие и теоретическое осмысление. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Воронеж. 2007. – 25с.
- 8 Памятники римского права: Законы 12 таблиц. Институции Гая. Дигесты Юстиниана. - М.: Зерцало, 1997. - 608 с.
- 9 Перетерский И.С. Дигесты Юстиниана.1956
- 10 Берман Г.Дж. Западная традиция права: эпоха формирования / Пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Изд-во МГУ: Издательская группа ИНФРА М – НОРМА, 1998. – 624 с.
- 11 Санфилиппо Чезаре Курс римского частного права: Перевод с итальянского. Учебник / Подред. Д.В. Дождева. М.: Издательство БЕК, 2002. – 400 с.
- 12 Дювернуа Н.Л. Чтение по гражданскому праву. Том первая. Введение и Общая часть. Выпуск II. Лица. Вещи. Издание IV. СПб., Типография М.М.Стасюлевича, Вас. Остр., 5, лин., 28. 1902. – с. 959
- 13 Соколовский П.Е. Договор товарищества по римскому гражданскому праву. Киев. 1893. – 228 с.
- 14 Андрианов В.А. Торговые товарищества, возникновение и развитие. // Журнал российского права, 2001, № 10 – С.132-143
- 15 Барон Ю. Система римского гражданского права. Вып. 3. СПб., 1910. С. 215.
- 16 Анненков К. Система русского гражданского права. Том I. С.-Петербург: Типография М. М. Стасюлевича, Вас. Остр., & л., 28. 1894 – 597 с.
- 17 Басин Ю.Г. Юридические лица по гражданскому законодательству Республики Казахстан. Понятие и общая характеристика: Учеб. пособие. Изд. 2-е, испр. и доп. – Алматы: ВШП «Әділет», 2000. – 174 с.

Түйін

Мақала рим құқығының құқықтық табиғатын, «занды тұлға» ұғымын анықтауға әсер ету мәселелерін зерттеуге арналған. Ғылыми әдебиеттерді талдау және түрлі құқықтанушы ғалымдардың тұжырымдамалары негізінде, авторлар рим құқығы әсерінің «занды тұлға» құқықтық табиғатын анықтау және айқындаумен байланысты жекелеген мәселелерді қарастырады.

Resume

The article is devoted to the study of the influence of the Roman law on the definition of legal nature, the concept of a "legal entity". Based on the analysis of scientific literature, the points of view of various legal scholars, the authors consider certain issues related to the influence of the Roman law on the definition and clarification of the legal nature of the "legal entity".